


5423-2
476

АБАЙ

ЖУРНАЛЫНЫң
КИТАПХАНАСЫ
A
МАНАТ



ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ
ПАТШАСЫ





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КЛУБ АБАЯ
ABAЙ INTERNATIONAL CLUB

**«АМАНАТ» журналы кітапханасының
редакциялық кеңесі**

**Роллан Сейсенбаев
(Қазақстан) –
Бас редактор –
Кеңес басшысы**


**Әбіш Кекілбаев
(Қазақстан)
Анатолий Ким
(Ресей)
Аятолла Хьюбш
(Германия)
Валентин Распутин
(Ресей)
Владимир Берязев
(Ресей)
Иманғали Тасмағамбетов
(Қазақстан)
Клара Серікбаева
(Қазақстан)
Кэндзабуро Оэ
(Жапония)
Леон Робель
(Франция)
Мырзатай Жолдасбеков
(Қазақстан)
Мұрат Әуезов
(Қазақстан)
Мұхтар Құл-Мұхаммет
(Қазақстан)
Олжас Сүлейменов
(Қазақстан)
Пентти Холоппа
(Финляндия)
Ричард МакКейн
(Ұлыбритания)
Равиль Бухаров
(Ұлыбритания)
Синтара Исихара
(Жапония)
Тимур Зульфикаров
(Тәжікстан)
Шыңғыс Айтматов
(Кыргызстан)**

Қазақстан Республикасының
10 жылдығына арналады

АБАЙ
(Ибраһим Құнанбаев)

ӨЛЕҢ — СӨЗДІҢ
ПАТШАСЫ

ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ БІР ТОМДЫҚ ЖИНАФЫ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ
ЖИДЕБАЙ • 2006

«АМАНАТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ КИТАПХАНАСЫ

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері,
тариҳы, фәлсафасы, білімі һәм діні

XIX ФАСЫР ПОЭЗИЯСЫ

ББК 84 КАЗ 7-1
Қ 76

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат
министрлігінің жоспарына сәйкес шығарылып отыр

Қосымша білім берудің оқу құралы ретінде
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі ұсынған

Жобаның авторы, шығармаларды басылымға
дайындал көркемдеген Роллан Сейсенбаев

Құрастырушысы, редакторы: Клара Серікбаева

Көркемдеуші, беттеуші: Айтолқын Сейдахмет

Алғысөз: Мұхтар Әуезов

Соңғы сөз: Роллан Сейсенбаев

Кітапта Қазақстанның айтулы суретшілері: С. Айтбаев, Н. Хлудов, Т. Тоғысбаев, З. Түспірова, М. Қасымбеков, Ә. Қастеев, А. Бергер, М. Кенбаев, В. Третьяков, К. Ческидов, Б. Урманче, Л. Леонтьев, Г. Чернецов, М. Қисамединов, В. Тропинин, Клюндер, Н. Кругильников, А. Мартова, Т. Ордабеков, Қ. Қожықов, Ә. Ысмағылов, А. Ненашев, К. Барапов, В. Григорьев, И. Исабаев, А. Гурьев, Н. Гаев, Б. Пак, А. Рахманов, К. Шаяхметов, М. Алин, Ю. Мингазитинов, Е. Сидоркин, Н. Кругильников, Ш. Ниязбеков, М. Әлиақпаров, Н. Нұрмұхаммедовтың суреттері пайдаланылған.

© Абай. Өлең — сөздің патшасы. 2006.

© Халықаралық Абай клубы. 2006.

К 4702250202
00(05)-04

ISBN 9965-611-32-7

КИТАП — ЕҢ САБЫРЛЫ ҰСТАЗ

Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі — бейбітшілікті, екіншісі — руханиятты, үшіншісі — табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл Әлемнің болашағы байлаулы.

Бола ма, жоқ па деген Адамзат тіршілігіне бағытталған Гамлет құмәні: егер біз оған мән беріп, құлақ аспасақ, адамзат алдында мәңгі шешілмес сұрақ болып қалатыны сөзсіз. Техникалық даму әлемде құлашын кеңге жайды, осыған орай адам да табиғатты құл қылуға барын салуда. Ұлы бабаларымыз қолдан соққан әлемдік мәдениет пен ойдың көзсіз мұхитын менгеруде біздер олқы түсіп жатырмыз. Өкінішке орай, әлем халықтары бастарына төнген қатерді аңғаруда мешеулік танытуда. Интеллектуалдық және идеологиялық көзсіздік қоғамда болып жатқан ақиқаттаналыстасып, адамды апат жолына — моральдық, адамгершілік, рухани дағдарысқа белшесінен батырды. Үшінші мыңжылдық біздің ортақ үйіміз — Жер—бесігімізде төтенше өзгертулер енгізуі талап етеді.

Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен Кітап — мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылады.

Кітап — адамзат баласына ағарту һәм білім сыйлай береді.

Кітап беттерінде адамзат тіршілігінің сан қылышының сақталған.

Кітап — уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының әлемісі.

Адамзат кітапқа өзінің қасиетті сезімі мен жан жылуын сеніп тапсырған.

Кітап біздің алға жылжымызда, катаклизмдардан арылуымызда, адам-чөршіліктің биік шыңына көтерілуде өлшеусіз ақыл қосады.

Кітап — ең сабырлы үстаз.

Тек кітап қана қайырымдылық пен айуандықтың, ақиқат пен жалғанның да жігін айнитпай танып білуге үйретеді.

Халықаралық Абай клубының «AMANAT» журналы жанынан шығып жатқан 200 томдық Кітапхана Қазақстанның тәуелсіздігінің 10 жылдық торқалы тойына лайық тарту.

Отанымыздың болашағы — жастарға аманат қылыш — Кітап қал-шырамыз.

Мен Абай клубының адамгершілік әрекетін қолдаймын. Қазақтың көрнекті жазушысы Роллан Сейсенбаевтың «AMANAT» журналы мен 200 томдық Кітапхана шығарудағы ұлағатты бастамасына шын жүргіммен қуанатынымды білдіргім келеді. Отанымыздың рухы мен чәдениеті үшін барын салған жазушыны Қазақстанның ұлтжанды, нағыз патриоттары қолдайтынына сенімім зор.

Жаңа басылымға ойшыл да, рахымды оқырман тілеймін.


«AMANAT» журналының 200 томдық Кітапханасы — Элем халықтары әдебиетінің, өнерінің, тарихының, философиясының алғашқы томдары — дүниеге келуі тілге тиек етер, шын қуанар, үміт артар үлкен әлеуметтік құбылыс.

Кітапты аялайық, құрметтейік, кітапқа адал болайық!

Нұрсұлтан Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті

14 наурыз, 2001 жыл Астана



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Жүргегімнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма.

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Дағаны торлаған нағандық түнегіне ол шам-шырақтай сәуле төкті және таңы атып, құні шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті.

Иә, өзі өмір кешкен және өлең жазған ғасыр үшін Абай жұмбақ болды. Ал ол біз үшін жұмбақ па?

Біз Абайды қазір қараңғы жұмбақ ретінде емес, қазақ әдебиетінің шам-шырағы ретінде қабылдаймыз. Біз үшін Абай өткен күннің ғана ақыны емес, халықтың алға қарай қажырлы ұмтылуында ақын онымен бірге болды — ал мұндай ақын өлмек емес, өйткені оның шығармаларына уақыт шек қоя алмайды.

Қазақ халқы бір кезде адамның өмірін мүшелмен санаған. Ал поэзияның аңызы болған қайнары Әбіл-хаяттан мәңгі сусын татқан жыршы үшін мүшел ғасырлармен өлшенеді. Өзінің еңбегін жете бағаламаған және аз түсінген замандастарын артқа тастанап, Абай дәл бүгінгідей, біздің қасымызда тұр.

Халқының күресі мен азабын, тағдырын өз үлесіне аяған ақынның есімін біздің әділетті халқымыз аса қастерлейді.

Өзінің көптеген тұстастарының айтуына қараганда, Абай өлеңді өте ерте, он екі жасынан бастап шығарған. Оның бұл кезеңде шығар-

шының көпшілігі бізге жеткен жоқ. Абайдың жас кезіндегі өлеңдері кейбіреулері және бірқатары ұмытылған, болмаса жоғалып шығармаларының аттары ғана сақталған. Мысалы, сүйікті қызыңға арналған өлеңдерінің тек бастапқы жолдары ғана белгілі, Абайдың ақын қызы Қуандықпен айтысының ауызша мазмұны ақталған. Қазақстанда ол кезде жазу-сзызу нашар дамығандықтан Абайдың жас кездегі өлеңдерін сақтаған, оның өмір тарихын айтын, тұстастары жазған мемуарлар, хаттар, жазбалар жоқ. 1 тап өкілдерінің ақынға деген қатынасының да салқыны бұған аз жоқ. Егер халық поэзияны қастерлеп, ақын атын жоғары бағаласа, йлары; «Құдайға шүкір, біздің рудан бір де ақын, бір де бақсың жоқ» деп құпінетін. Поэзияға осындағы көзқарастың әсерімен өзінің көптеген өлеңдерін жас достарының атынан таратқан.

Жиырма сегіз жасқа келгенде Абай әкесінен біржола ажырасады. іді тағдырын өзі белгілеп алғатын болады.

Оның жаңа достары, негізінен, кедей рулардан шыққан талапты әр, ақындар, жыршылар және орыс интеллигенциясының таңдаулы ері болады. Есейген, мәдениеті өскен Абай орыстың классикалық үеті мен Шығыстың халық творчествосын оқи бастайды.

Отыз бес жасқа келгенде ғана Абай творчествоға қайта оралады. қ бұл кезеңде де Абай өз өлеңдерін жас достарының атынан тараған. Тек 1886 жылы, қырық жастан асқан соң «Жаз» деген атақты ді жазғаннан кейін ғана Абай шығармаларына өз атын қояды.

Отыз жасқа келгенде Абай феодалдық-рулық ортадан біржола іеді. Ол патша үкіметі тұтандырып отырған рулық тартыстың халықшын өте ауыр соғатынын анық көреді.

Нагыз ақын, әрі патриот Абай халыққа оның неге қасірет шегеті-түсіндіруге тырысты. Өзінің, өлеңдерінде ол феодалдық-рулық әп төстеушілерді аяусыз әшкерелейді және халықты өнер-білімге ырады.

Абай орыстың жер ауып келген жетпісінші-сексенінші жылдарда-жеволюционерлерімен танысады. Олар — революцияшыл интеллигияның өкілдері, Чернышевскийдің жолын қуушылар еді. Солардың Е.П. Михаэлис-Шелгуновтың жақын досы, белсенді қызметтесі ған.

Михаэлис те, сондай-ақ Семейге кейінірек жер ауып келген оның дәлестері де жас адамдар болатын. Абайдың олармен таныстырылышпей үлкен достыққа айналады. Орыс достары Абайдың өз бетімен жаңа ауына ерекше назар аударып, зор көмек көрсетеді. Олар Абайдан ақ тақының тарихы, поэзиясы, әдет-ғұрпы және искусствоны жайын-

да көп мәлімет алады, өздеріне бейтаныс өлкенің табиғи-географиялық, экономикалық жағдайларын, тұрмысын зерттейді. Мешеу қалған қызырдағы өлкеге орыс мәдениетін тұңғыш таратушылар да, халықтың өмірі мен тұрмысын өзгертудің, оны агартудың жақтаушылары да солар болды. Біз Михаэлистің көптеген еңбектерін және Леонтьевтің «Обычное право у киргизов» деген қолемді зерттеуін білеміз. Орыстың демократиялық интеллигенциясының бұл өкілдері халықты агартуды қариямға қарсы құрестің маңызды құралы деп санады. Абай сияқты адамдарды орыс әдебиеті классиктерінің және орыс мәдениетінің басқа да алдыңғы қатарлы өкілдерінің мұрасымен таныстыру — олар үшін, әрине маңызды міндеп болды.

Абайдың бұл достары орыстың ұлы жазушылары мен алдыңғы қатарлы саяси-әлеуметтік қайраткерлерінің еңбектері мен ойларында бейнеленген орыс халқы туралы шындықты қазақ өлкесінің қалың еңбекші бұқарасына жеткізуге тырысты. XIX ғасырдағы азаттық идеяларға толы орыстың классикалық әдебиетінің асқан гуманизмі мен терең революцияшылдығы, оның қаризмге қарсы өшпенділігі, оның езілген бұқараны қорғап көтерген өшпес дауысы Сібірде де, Қазақстанда да қоғамдық ойды өмірге оятты, тәрбиеледі.

Ал, Абай болса қазақ халқының ғасырлар бойғы қараңғылықтан құтылатын бірден-бір дұрыс жолы — орыс және қазақ мәдениетінің жақындаудасында деп білді. Ұлы ақын-агартушы халықтардың туысқандығы мен достығы идеяларын жақтаушы болды. Өзінің өлеңдерінде ол қазақ халқына орыс халқын патша отаршылдарынан айыра білуді көрсетуге тырысты.

Тура тілді кісіні дейміз орыс,
Жириеніп, жылмандақты демес бұрыс.
Жылпылдақтап айрылып, сенісе алмай
Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс.
Сенімі жоқ серменде сырды бұзды,
Анық таза көрмейміз — досымызды.
Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ,
Жүрегінде жатады өкпе сызы.
Дос асықтың болмайды бөтендігі
Қосылған босаспайды жүрек жігі.

Орыс халқының рухани мәдениетінің нағыз бағалылықтарын тауып, таныған шақта Абайдың ой өрісі мейлінше көңеїеді. Абай Пушкин мен Лермонтовтың, Крыловтың, Салтыков-Щедрин мен

Лев Толстойдың құштар ардақтаушысы болады. 1886 жылдан бастап ол Крылов, Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне аударады.

Абай тек қана ақын емес, сонымен бірге музыкант, қазақтың халық музыкасын терең білген, жете бағалаған адам болды. Ол бірқатар мелодиялар шығарды. Ақынның мелодиялары, негізінен, оның қазақ поэзиясына жаңаңың енгізген өлеңдеріне («Сегізаяқ», «Алтыаяқ» т. б.) арналған еді. Ол өзінің «Евгений Онегиннің» жасаған үзінді аудармаларына да осында мелодиялар шығарған. 1887—89 жылдарда Пушкин есімі және оның геройлары Онегин мен Татьянаның есімдері сол әндермен бірге бүкіл далаға кең тарағы, қазақ халқы үшін қазақ ақындары мен қазақ эпикалық поэмаларының геройларындаи сүйікті жақын болып кетті.

Сексенінші жылдардың аяқ кезінде ақын, ойшыл, музыкант Абай халық жақсы билетін әрі аса қадыр тұтатын кісі болады. Оған тіпті алыс жерлерден ақындар, музыканттар, жыршылар келеді. Данқты Біржан, соқыр ақын Ажар, Қуандық, Сара және басқалар оның өлеңдерін бүкіл кең далаға таратады.

Мұқа, Ақылбай, Қекітай, Мағауия сияқты жас талаптар, ақындар, жыршылар Абайдың төңірегіне топталады. Олардың кейбіреулері Абайдан үлгі алып, өздігінен білімін көтереді, орыс әдебиетін оқып үйренеді, тарихи, романтикалық және салт поэмаларын жазады.

Абайдың маңына тек қазақтарға емес, шығыс халықтарының құғынға ұшыраған (көбіне татар жастары), азат ойлы адамдары да келеді. Сібірдегі жер аударылудан өз еліне қашып бара жатқан кавказдықтар Абай ауылымда айлас жатып қонақ болады. Абайдың ауылы бірте-бірте Шығыстың прогресшіл ойдағы, алдыңғы қатарлы адамдары келетін орталыққа айналады.

Абайдың таланттын бағалаушылардың саны жыл сайын молая береді. Тек Абайдың өз өлеңдерін ғана емес, сонымен бірге достарының да шығармаларын ел ішінде көшіріп алып, жаттап, әнге қосып айтады. Батыс және орыс жазушыларының Абай оқыған романдарының мазмұнын тыңдаушы — ертекшілер ауызша түрде бүкіл далаға таратады. Орыс халқының ұлы Петр туралы ертегісі, Лермонтовтың поэмалары, Лессаждың «Хромой бес», тіпті Дюманың «Үш мушкетер», «Генрих Наварский» сияқты шығармалары (соңғыларын Абай орысша аудармасынан оқыған), шығыстың «Шаһнама», «Ләйлі — Мәжнүн», «Көроғлы» сияқты поэмалары далаға осылайша келген.

Абай өзінің балаларын орыс мектебінде оқытады. Әбдірахман де-ген баласы Петербургтағы Михайлов артиллерия училищесін бітірген.

Ал Ақылбай, Мағауия сияқты балалары әкесінің жолын қуып, ақын болады. Ақылбай «Дағыстан» атты сюжеттік романтикалық поэма жазады. Мағауия шығармаларының ішіндегі ең тәуірі — Абайдың ақыл-кеңесімен жазылған, құлдың қожасы плантатормен күресін суреттейтін «Медғат—Қасым» поэмасы (Поэманың оқиғасы Нілдің жағасында болған).

Абайдың және оның достарының ақындық, ағартушылық және әлеуметтік қызметі феодалдық ауылдың ескілігіне, рушыл даугерлерге, халықты қанауышыларға және соларға сүйенген царизмге қарсы бағытталады.

Абайдың еңбектері, оның әлеуметтік қызметі және үстем тапқа өшпендейтілігі, царизмнің сенімді жалдаптары дала феодалдарының ызасын келтірді. Олар білімді, қайсар ақын ту еткен идеяларға және ақынның өзіне қарсы лас, зұлымдық тартыс жүргізді. Абайдың бұл жаулары чиновниктермен, билеуші таптың интеллигентиясымен бірлесе отырып қимыллады.

Абай, царизм үшін қауіпті адам қатарында, далалық өлкенің генерал-губернаторына дейін жетеді. Шындықтың батыл жаршисы, әлеуметтік тәртіптің өшкөрелеушісі болған ақынды приставтар, урядніктер, болыстар үнемі аңдуға алады.

Бірақ ақынның жаулары халықтың Абайға деген сүйіспен-шілігінен қаймықты, сондықтан олар ақынға қарсы ашық, қимыл жасай алмады. Олар тартыстың не бір опасыз түрлөрін пайдаланды. Ру басыларының бірі, Абайдың қас жауы — Оразбай өз маңына даланың Абайға қарсы азулыларының барлығын топтайды. Олар ақынның достарын қудалады, ал Абайдың үстінен губернаторға, уезд бастықтарына, патша соттарына айыптау арыздар, домалақ хаттар жолдады, ақынның өз басын «ақ патшаның жауы», «бұлікшіл», «әкелер мен ата-бабалардың әдет-ғұрпын, салт-жоралғысын бұзушы» деп кінелады. Осындаған арыздардың салдарынан бірде Абайдың ауылына Семей қаласы полицмейстерінің өзі жанына жандармдар отрядын ертіп келіп тінту жасайды. Ал, 1897 жылды билеушілердің көрінеу-көзге демеуімен феодалдар Абайға қарсы опасыз қастандық жасайды.

Семейдің губернаторы да Абайға талай рет көрін тікті. Біра ақынның өз халқы арасындағы беделінен қаймығып, ол Абайды же ауып келген достарынан айырумен, олардың тығыз байланысын ұзумен ғана шектелді.

Абайды халықтан бөліп алуға болмайтын еді. Тіпті алыстағ уезддерден көптеген адамдар Абайды іздең келіп, ақыл-кеңес сұрайтын Ру арасындағы үлкен-үлкен дау-тартыстарда ел ең әділ би Абайды

ұқіміне, соның төрелгіне құлақ асатын. Мысалы, Қектүма, Қара мола, Балқыбек съездерінде Абай әділетті ұқім айтып, қалың халық бұқарасының мұддесін қорғайды.

Абайдың әлеуметтік қызметі мен ақындық шығармалары дала жастарының арасында, әсіресе, белгілі болды. Қөптеген жиындарда, ойын-тойда, қыз ұзатып, келін түсіргендеге жыршылар мен ақындар Абай өлеңін айтатын. Абайдың өз ауылының қыздары ұзатылғанда өздерінің жасауларының ішінде Абайдың өлеңдері мен поэмаларының, нақыл съездерінің қолжазба жинақтарын ала кететін болған. Мысалы, Әсия, Үәсила, Рахила сияқты және басқа да қыздардың соңдай қолжазба жинақтары осы күнге дейін сақталған.

Даланың атқамінерлері мен байлары Абайдың даңқы халық арасына кең тарағанын көре алмай, ақынды және оның достарын құғынға ұшыратқанын жоғарыда айттық. Олар Абайдың жақындарын, тіпті ағасы Тәкежанды да ақынға қарсы жауықтырады, өсек-аяң, өтірік-жаламен достарын Абайдан алыстатады, сөйтіп ақын жүргегін терең жаралайды.

Өшпендейлік пен қастандықтың осындай түнек ауырлығында жүрген Абайға орыстың алдыңғы қатарлы қофамдық, халықтық-демократиялық ой-пікірінің таңдаулы дәстүрлеріне тәрбиеленген, өз ісінің болашақ мұрагері, талантты баласы Әбдірахманның өлімі аса ауыр қайғы болып тиеді. Петербургте оқып жүрген кезінде-ақ туберкулезге шалдыққан Әбдірахман Верный қаласында дала артиллериясының поручигі болып, аз уақыт қана қызмет істейді. Ол 1895 жылы, 27 жасында қайтыс болады. Оның өліміне арнап Абай қөптеген әсерлі өлеңдер шығарады. Бұл өлеңдерде ол өзінің баласынан ғана емес, сонымен бірге үміткер досынан, мұрагерінен айрылған әкенің, халық бақыты үшін құрекердің қайғысын білдіреді.

Топас, дөрекі жауаларының құғынға ұшыраған, ауыр тартыс қалжыратқан Абай ауыр өлімнің қайғысынан серпіліп болмай-ақ тағдыр оны тағы да қатты соққылайды: Абайдың екінші баласы, талантты ақын Мағауия қайтыс болады.

Осындай бақытсыздық қатты жаншып, еңсесі түскен Абай өзінің қайғы-қасіретінен бой жаза алмайды. Мағауия өлгеннен кейін қырық құн өткен соң, алпыс жасқа қарағанда, өзінің туған даласында ақын қайтыс болады.

Абайдың сүйегі Шыңғыс тауының бауырындағы өзінің Жидебай деген қыстағының жанына қойылады.

Абайдың өлеңдер мен поэмалардан, аудармалар мен ғақдиялардан тұратын әдеби мұрасы үлкен-үлкен екі том болып басылды. Ақынның көп жылдар бойындағы ойлары мен толғаныстарының, ізгі

жаны тебіренуінің аса бір қымбатты нәтижесінде үл еңбектері енді, тарихи тұрағыдан қараганда, қазақ, халқының рухани мәдениетінің жиынтығы сияқты болып көрініп отыр. Туган халқының өткендең ауызша, жазбаша ескерткіштерде сақталған ақындық мұрасына терең бойлаған Абай сол мәлдір бұлақтан құнарлы нәр алып, өз поэзиясын молықтыра білді. Қазақ халқына ол кезде жете таныс бола қоймаған тәжік, азербайжан, өзбек сияқты шығыс халықтарының классикалық поэзиясы да Абай поэзиясына прогресші ықпал жасады. Бірақ қазақ мәдениетінің келешекте өркендеуінің кепілі, оның тарихи дамуы жолында сенімді жолбасшысы болған орыс мәдениетіне (ол арқылы бүкіл европалық мәдениетке), ең алдымен, оған дейін қазақ халқына мұлде белгісіз орыстың ұлы классиктері қалдырган мұрага Абайдың үміт артуы орасан маңызы бар факты еді. Ерекше дарынды, кемел ойлы Абай, жаңа мәдениетті ақыл сарабынан өткізе, өз бойына сіңіре білді. Осындағ асыл қазынаны қабылдаудан суретші Абайдың өзіндік айқын ерекшелігі өсіп, көркейе берді.

Абай, қазақ халқы әлі менгеріп жетпеген мәдениеттерге бой ұрғанда, жаңа көркемдік суреттеу құралдарымен ғана молыққан жоқ, рухани дүниесін жаңа идеялармен де байытты. Өзінің идеялық және творчестволық байлығының асылына келгенде, Пушкин сияқты, Абай да қалың жұртқа ортақ, сонымен бірге анық ұлттық, халықтық ақын.

Абайдың сексенінші жылдардан өлеңдерінің көпшілігі қазақ қоғамының тағдырына арналды. Сонымен қатар, ақын халқының бүкіл рухани қатынасын терең көркемдік-сыншылдықпен қайта қарап, өзінің ақындық жаңа программысын ұсынды.

Үл шығармаларында Абай қалың бұқараға жақын келеді. Алайда оның поэзиясының халық творчествосынан зор айырмасы барын дәл осы тұста айқын көреміз. Абай бірде-бір өлең жолында халық, творчествосының қалыптасқан дәстүрлі сөз жүйесі мен ақындық ой бітімін қаз-қалпында ала салмайды. Абай ауыз әдебиетіндегі сөздерді де, образ жүйесін де, стиль тәсілдерін тереңдетіп, жаңа ой, сезімдер мен толықтырады, оның өлеңдерінде өзгеше бір идеялар мен жан сезімдері жүреді. Ең алдымен, үл шығармалардан ақынның ескілік әдет, билеуші феодалдардың азғындық мінездері, қарандырылыш, дау-жанжал жайлаган еңбекші бұқара мұқтаждық пен жоқшылықта өмір сүрген сол кездегі қазақ ауылының қоғамдық қалпына бітіспес көзқарасы айқын көрінеді. Абайдың, көптеген өлеңдерінде («Қартайдық, қайғы ойладық», «Қалың елім, қазағым, қайран жұрттым», «Құлембайға», «Көжекбайға», тағы басқалар) надандық, дәүкестік, парақорлық, арамтамақтық, қазақ халқын билеп-төстеушілердің рухани бишаралығы

өлтіре сыналады. Семьяға, ата-анаға, жас ұрпақты тәрбиелеуге, әсіресе, әйелге жаңа көзқарас қазақ әдебиетінің тарихында тұнғыш рет соншама айқындықпен, соншама моральдық терендікпен айтылады.

Шығыс әйелдерінің халық поэмалары мен тұмымыс-салт жырларында суреттегін қайғылы, бақытсыз халі Абай творчествосында жаңа мағынаға ие болады. Өз поэзиясында Абай әйелдің, жан-жүйесін көрсетеді, ал бұл жөнінде бұрынғы поэмалар мен жырларда аз айтылатын да, әйелдің қасіретті тағдырына сырттай ғана баса көнділ бөлінетін. Абай сүйген адамын өзі қалаган әйелдің махаббаты қаншалықты жан тебірентерлік, кіршікіз, таза, терең болатын, оның қыыншылықпен қолы жеткен бақыты үшін құресте қажырлы, берік екенін көрсетеді. Абай қазақ әйелін, ананы — семьяның тірекі ретінде жырлайды, оның жанқиярлығын, даналығын, шын көнілмен берілген достыққа беріктігін, оның адаптацияның тұтастығын мадақтайты. Қалыңмалға, көп қатын алушылыққа, әйелдің құндікке ұстаушылыққа жан-тәнімен қарсы шыға отырып, ақын өлеңдерінде әйелдің қоғамда тең праволы болуы үшін құрседі.

Абай бұрынғы ауылдың ғасырлар бойғы ескіліктерін, енжарлық пен жалқаулықты қатты түйреумен бірге, ақылды бар, бойында күші бар адамға қажетті қасиет ретінде еңбекті սүюшілікті жырлайды.

Ол өзіне дейінгі дидактикалық, уағыз поэзияның канондарын бұзды. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең — сөздің патшасы, сез сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» атты өлеңдеріндегі өзінің ақындық программасында Бұқар жырау, Шортанбай, Дулаттарды қatal сынап, олардың поэзиясын ешбір ойлы сезі жоқ «құрап-жамау» деп атайды. Абай оларды жас ұрпаққа рухани азық бермей, халықтың қоғамды қайта құру құреспіне зиянын тигізгені үшін өткен, құлдық заманды жырлап, дәрітегені үшін айыптайды. Абай жаңа поэзияның биік мақсаты, міндеті — халыққа қызмет ету, адамды қайта тәрбиелейтін және қоғамды қайта құруға көмегі тиетін жаңалыққа шақыру деп біледі. Халықтың еңбек етіп, өз правосы үшін құресуі ғана дала кедейіне тәуелсіздік әпереді, білімге, аянбай оқуға ұмтылу ғана жас ұрпақтың қолын жақсы өмірге жеткізеді.

Оқуға шақыруды Абай жалаң уағызben айтпады. Абайдың бүкіл поэзиясы, оның жаңа лебізді, орамды өлеңінің, өмірлік қуатқа толы образдарының күші қазақ қоғамын ескірген идеялар мен сезімдер шенберінен шығарды, ауыл еңбекшілерінің ортасынан шыққан адамдардың басын қатырған мұсылман медреселерінің схоластикасы мен балдыр-батпақтарын аяусыз шенеді.

Жаңа туып келе жатқан ең бір көртартпа діни-саяси ағым

панисламизм мен пантүркизмге Абай сол жылдардың өзінде-ақ дұраға бере білген еді, бұл ағымды қазақ молдалары, қожалары, да феодалдары жанын сала қолдайтын. Бұл бағытқа қарсы, Абай өз халы мәдени прогресске орыс халқының ұлы мәдениетін үйрену арқы жететінін насиҳаттап, өзі де соны жүзеге асырды — бұл ретте өмірінің ақырына дейін дәйекті, табанды болды. Ол панисламизм м пантүркизмді шығыс халықтарының ғасырлар бойғы оқшаулығы м мешеуілгін тапжылтпай, нығайта түсетін топас фанатизм деп есептеді.

Ұлтының және діни нағымдарының өзгешелігіне қарамаста барлық халықтардың бейбіт, тату тұруына негізделген ағарту ісі үш нағыз жалынды құрескер Абайдың көзқарастары мейлінше кең, ә батыл, еркін болды. Әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық мәселелер езілген бұқараның тұрғысынан қараган ойлы, дана художник Абай - қазіргі күнде өзінің «ғажайып» жамылғысынан айрылышып, халықараль империализмге жалданған, буржуазияшыл-көртартпалық ұлтшылды мәнін әшкере еткен панисламистік және пантүристік идеяларды залалды әсерін сол кездің өзінде-ақ алдын-ала көре білді.

Орысша аудармалар арқылы Абай Гете мен Байронды, Бать Европаның басқа да классиктерін білді, орысша аудармалар арқыл ол ежелгі замандардағы әдебиетпен де танысты. Ақынның достарының айтуы бойынша, Абай Батыс философиясымен де қызықсынған көрнеді (мысалы, Спиноза мен Спенсерді оқығаны, Дарвин жайын сұрағынан мәлім).

Қазақ әдебиетінің өркендеуі үшін Абайдың аудармашылық жұмысының зор маңызы болды, бірақ оның орыс әдебиетімен байланыс мұннымен ғана тамамдалмайды. Бұл мәдениет пен көркемдік дәстүрлерді аса күшті ықпалын Абайдың өз творчествосынан іздеу керек. Мысалы Пушкинді, Абай басқа орыс классиктерінен гөрі сиректеу аударған. Сола бола тұрса да, оның орыс ақынымен байланысы өз творчествосында әр терең, әрі айқын көрінеді. Оның лирикалық ойға шомуларында, табига суретін реалистікпен беруінде, махабbat иесі әйелдің жүрегін тере түсінуінде, әлеуметтік сарындардың адамгершілік үнінде Пушкиннің көптеген сипат белгілері бар.

Бұқіл дүние жүзінің алдыңғы қатарлы ақындық мәдениетінің маңызды элементтерін қамтыған Абай шығармалары қазақ әдебиетін оның бұқіл мәдениетін ғасырлық оқшаулану, мешеуілк қалпынан шығарып, жоғары тарихи сатыға көтерді. Абайдың халықтығы мынада: о. өз халқының рухани көзі болып, алысты көре білді, халық үшін ойлап халық үшін сезіне жүріп, оның тарихи келешегін көрсетіп берді.


Қорыта келе айтарымыз, Абайдың өмірі мен творчествосын зертте:

проблемасы негұрлым кең, принципиалды, жан-жақты талқыланса, оның мұрасын зерттеу нәтижелері солғұрлым келісті, елеулі бола бермек.

Поэзияда, музыкада, қоғамдық-а заттық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді. Ол өз халқының тарихында тау шынарындай биік тұр. Ол қазақ халқының ғасырлар бойғы мәдениетінің таңдаулы нәрін алды және бұл қазынаны орыстың және Батыс Еуропа мәдениетінің иғі әсерімен молықтырды.

Қазақтың жаңа мәдениетінің негізін салушы, қазақтың классикалық поэзиясының шүғылалы шыңы — Абайдың мәңгі өшпес даңқының ең асқақ айғағы, міне, осында.

Мұхтар ӘУЕЗОВ



ӨЛЕНДЕР

K

ансонарда бүркітші шығады аңға
Тастан тұлқі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас — бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен ұшсам тұлқі өрлең құтылар деп,
Қандықөз¹ қайқаң қағып шықса аспанға,
Көре тұра қалады қашқан тұлқі
Құтылмасын білген соң құр қашқанға,
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.
Қызық көрер, көңілді болса аңшылар.
Шабар жерін қарамай жығылғанға,
Қырық пышақпен қыржыңдап тұрган тұлқі,
О дағы осал жау емес қыран паңға.
Сегіз наїза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға
Қанат, қүйрық суылдап, ысқырады,
Көктен қыран сорғалап қүйылғанда.
Жарқ-жүрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға.

Қандықөз — бүркіт.

Біреуі — көк, біреуі — жер тағысы,
 Адам үшін батысып қызыл қанға.
 Қар — аппақ, бұркіт — қара, тұлкі — қызыл,
 Үқсайды хасса² сұла шомылғанға.
 Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
 О да бұлк-бұлк етпей ме сыйпанғанда,
 Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
 Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.
 Қүйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,
 Және үқсар тар төсекте жолғасқанға.
 Арт жағынан жаурыны бұлкілдейді,
 Қыран бүктеп астына дәл басқанда.
 Құсы да иесіне қоразданаар,
 Алпыс екі айлалы тұлкі алғанда.
 «Үйірімен үш тоғыз» деп жымыңдалап,
 Жасы ұлкені жанына байланғанда.
 Сілке киіп тымақты, насыбайды
 Бір атасың қөңілің жайлланғанда.
 Таудан жиде тергендей ала берсе,
 Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.
 Кекіректе жамандық еш ниет жоқ,
 Аң болады кеңесің құс салғанда.
 Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
 Бір қызық ісім екен сүм жалғанда.
 Кекірегі сезімді, қөңілі ойлыға
 Бәрі де анық тұрмай ма ойланғанда.

Үқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,
 Суретін көре алмассың, көп бақпасаң.
 Қөлеңкесі түседі көкейінде,
 Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.
 Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
 Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң.

² Хасса, қас (арабша) — кемелге жеткен сұлулық.

* * *

Қақтаған ақ күмістей кең мәндайлы,
 Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
 Жіңішке қара қасы сывып қойған,
 Бір жаңа үқсатамын туған айды.
 Мәндайдан тура түскен қырлы мұрын,
 Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
 Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
 Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
 Сейлесе, сөзі әдепті, әм мағыналы,
 Құлкісі бейне бұлбұл құс сайдайды.
 Жұп-жұмыр, ақ торғындаі мойыны бар,
 Үлбіреген тамағын күн шалмайды.
 Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,
 Екі алма кеудесінде қисаймайды.
 Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
 Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды.
 Етіндей жас баланың білегі бар,
 Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы.
 Қолаң қара шашы бар жібек талды
 Торғындаі толқын ұрып көз таңдайды.

Қандай қыздада ләззат бар жан татпаған?
 Сұлуы бұл заманның тек жатпаған.
 Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,
 Алмасы өкпе болар қол батпаған.
 Бұлардың кейбірінің мінездері —

Еш нәрсе көрмегенсіп бұртақтаған.
 Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,
 Орынсыз адамдармен жыртақтаған.
 Әуелде сұлу жайы бізге мәлім,
 Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған.
 Кей жігіт мақтан үшін қылыш қылмай,
 Бойына майдалықпен сыр сақтаған.
 Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
 Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған.
 Орынды іске жүріп, ой таппаған,
 Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.
 Қасиетті болмайды ондай жігіт
 Эншейін құр бекерге бұлғақтаған.



* * *

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң тұспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл маҳрүм¹ қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы — бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.
Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.
Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

¹Мәденим — бос, құр, бос қалу, құр қалу.

* * *

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!
 Саяламай, сай таппай,
 Не күн туды басыңа
 Құні-тұні жай таппай?
 Сен жайыңа жүргенмен,
 Қызы өле ме бай таппай?
 Тұн кезгенің мақұл ма,
 Жан-жагыңа жалтақтай?
 Өлемін деп жүрмісің,
 Мұнан басқа жан таппай?

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім?
 Сабыр түбі — сары алтын.
 Сабыр қылсаң, жайыңды
 Білер ме екен бекзатым?
 Көңіл аулап, сөз айтар
 Арадағы тілхатым,
 Ағын судай екпіндеп,
 Лайы жоқ суатым,
 Ауру да емес, сау да емес,
 Құрыды әл-қуатым.

Сап, сап көңілім, сап, көңілім!
 Сана қылма бекерге.
 Сан қылғанмен пайда жоқ,
 Дүние даяр өтерге,

Ажал даир жетерге.
 Қош, қыз алсын қойнына,
 Бейнет көрмей, дәulet жоқ.
 Әлі барып кетерге,
 Оныменен бойыңа
 Иман, дәulet бітер ме?
 Адалды сатсаң арамға,
 Құдай қабыл етер ме?
 Қыз сүйеді мені деп,
 Оған көніл көтерме!

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!
 Сарқа берме санасын.
 Бәрін өзің білсең де,
 Әлі-ақ өзің танаңың.
 Өртегесің, жанаңың.
 Өз-өзіңнен бейнетке
 Өз басыңды саласың.
 Қай мезгілде тойғыздың
 Аюдайын ағасын,
 Қатыны мен қалашын?
 Қарсақ жортпас қара адыр,
 Қарамай неге шабасың?
 Сонда тәуір бола ма,
 Ұстап ап біреу сабасын?
 Киімінді тонасын,
 Елге де күлкі боласың.

Сап, сап көңілім, сап, көңілім!
 Сағынышқа сарғайма!
 Жай жүрсөң де қыз қумай,
 Сені біреу қарғай ма?
 Қыз іздесең, қалың бер,
 Мұным ақыл болмай ма?
 Көріп алсаң көріктіні,
 Таңдап алсаң тектіні,
 Сонда да көніл толмай ма?

* * *

Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек,
 Ашуың — ашыған у, ойың — кермек.
 Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,
 Кім көнілді көтеріп, болады ермек?

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,
 Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
 Басқан із, көрген қызың артта қалмақ,
 Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Ер ісі — ақылға ермек, бойды жеңбек,
 Өнерсіздің қылышы өле көрмек.
 Шыға ойламай, шығандап қылыш қылмай,
 Еріншек ездігінен көпке көнбек.

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
 Үрлыш, құлыш қылым деп қағар көлбек.
 Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
 Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

Адамзат тірілікті дәулет білмек,
 Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.
 Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,
 Не қорлық құр қылжанмен күн өткізбек?

Наданға арам — ақылды құлаққа ілмек,
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.
Рас сөздің кім білер қасиетін,
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.

Қызыл арай¹, ақ күміс, алтын бергек
Қызықты ертегіне көтерілмек.
Ақсақалдың, әкенің, білімдінің,
Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені — көппен дүрмек.

Алашқа іші жау боп, сырты құлмек,
Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек.
Бір-екі жолы болған кісі көрсө,
Құдай сүйіп жаратқан осы демек.

Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек.

Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.
Арамдықпен бар ма еken жаннан аспақ,
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт мәңгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.

¹Арай (парсыша) — көркем, әдемі.

* * *

Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман,
 Шошимын кейінгі жас балалардан.
 Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,
 Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман.

Бай алады кезінде көп берем деп,
 Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.
 Би мен болыс алады құшін сатып,
 Мен қазақтан кегінді әперем деп.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп,
 Елубасы шар салып¹ леп берем деп.
 Жалаңқая жат мінез жау алады,
 Бермей жүрсөң, мен сені жек көрем деп.

Дос алады бермесең бұлт берем деп,
 Жауыңда қосылуға сырт берем деп,
 Бұзылған соң мен оңай табылмаспын,
 Не қылышпен оңайлықпен ырық берем деп.

Сұм-сұрқия — сұмдықпен еп берем деп,
 Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп.

¹ Елу үйдің атынан сайланған елубасылар кішкене тасты (шарды) екі үялды жәшіккесалу арқылы болысты сайлаута дауыстарын беретін болған. Оны жүрт сол кездеги «шар салу» деп атаған.

Жұз қарага екі жұз аларман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.

Ел жиып, мал сойыңыз ет берем деп,
Ет берсем, сен мендік бол деп берем деп.
Қара қарға сықылды шуласар жүрт,
Кім көп берсе, мен соған серт берем деп.

Бұзыларда ойламас бет көрем деп,
Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп.
Қабаған итше өшігіп шыға келер,
Мен қапсам, бір жерінді бөксерем деп.

Орыс айтты өзіңде ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп.
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп.

Жүрт жүр гой арамдықты еп көрем деп.
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.
Бар ма еken жай жүрген жан қанағатпен,
Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?

Атаны бала аңдиды, ағаны — іні,
Ит қорлық немене еken сүйткен күні?
Арын сатқан мал үшін антүрғаның
Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.

Алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Аямай бірін-бірі жүр гой аңдып.
Мал мен бақтың кеселі үя бұзар,
Паруардигәр жаратқан несін жан қып!

Ант ішіп күнде берген жаны құрысын,
Арын сатып тіленген малы құрысын.

Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен құлыш сауған заңы құрысын.
Бір атқа жұз құбылған жүзі қүйгір,
Өз үйінде шертиген паңы құрысын.

* * *

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап,
Жүрт жүр гой қүйкентай мен қарға сақтап.
Қыран шықса қияға, жібереді
Олар да екі құсын екі жақтап.
Қарқылдаپ қарға қалмас арт жағынан,
Қүйкентайы үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Құні бойы шабады бос салақтап.
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстапаса,
Қуанар иелері сонда ыржақтап.
Не таптық мұныменен деген жан жоқ,
Тұні бойы күңкілдер құсын мақтап,
Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,
Қайран ел осынымен жүр далақтап.

* * *

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым
 Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
 Жақсы менен жаманды айырмадың,
 Бірі қан, бірі май бол енді екі ұртың.
 Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
 Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
 Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
 Аузымен орақ орган өңкей қыртың.
 Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
 Күндіз күлкің бұзылды, түнде — үйқың.
 Қорсекызар келеді байлауы жоқ.
 Бір күн тыртың етеді, бір күн — бұртың.
 Бас-басына би болған өңкей қиқым,
 Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
 Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
 Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
 Оның да алған жоқ па құдай құлқын?
 Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
 Сапырылды байлығың, бақсан жылқың.
 Баста ми, қолда малға талас қылған,
 Күш сыйнасқан күндестік бұзды-ау шырқын.
 Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,
 Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?
 Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,

Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.
Ұғындыrap кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?



* * *

Байлар жүр жиған малын қорғалатып,
Өз жүзін, онын беріп, алар сатып,
Онын алып, тоқсаннан дәме қылышп,
Бұл жүртты қойған жоқ па құдай атып?
Барып келсе Ертістің сүйн татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Елді алышп, Еділді алыш есіреді,
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.
Әрі-бері айналса аты арықтап,
Шығынға белшесінен әбден батып.
Сүм-сүркия, қу, білгіш атанбаққа
Құдай құмар қылыпты қалжыратып.
Қорғаласа, қорықты деп қоймаған соң,
Шаптырады қалаға бай да аңдатып.
Құшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,
Қолға түсер сілесі әбден қатып.
Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

* * *

Көңілім қайтты достан да, дүшпанинан да,
 Алдамаған кім қалды тірі жанда?
 Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
 Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
 Ол тұрмас бастан жыға¹ қисайғанда.
 Мұнан менің қай жерім аяулы деп,
 Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі — ұрлық-қарлық,
 Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
 Осы күнде осы елде дәнeme жоқ
 Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
 Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.
 Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,
 Ызменен ыржнып күле алмай жүр.

Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,
 Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.

¹ Жыға — батырлардың дұлығасының төбесіне қадап қоятын зат. Ақын ~~а~~ басынан бағы таюды, басына іс түсуді бейнелеп айтқан.

Ел аулақта күш айтқан, топта таңған,
Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,
Ел азды деп надандар мұңдаймай жүр.
Ала жылан, аш бақа күпілдектер,
Кісі екен деп ұлкеннен ұялмай жүр.

Бектікте біреу бекіп тұра алмай жүр.
О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр.
Қарсылық қунде қылған телі-тентек,
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.

Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі,
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

Жетілтіп жаз жайлайға қона алмай жүр,
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.
Қыс қыстауың — қып-қызыл ол бір пәле,
Оралып ешбір шаруа оналмай жүр.

Жасы кіші ұлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр.
Сәлем — борыш, сөз — құлық болғаннан соң.
Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?

* * *

**Адасқаның алды — жөн, арты — соқпақ,
Оларға жөн — арамның сөзін үқпақ.
Қас маңғаз, малға бөккен кісімсініп,
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.**

**Бір аршопкен¹ шапаиы сондай шап-шақ,
Мүшесінен буынып, басады, алшақ.
Қас алдына жымырып келтірем деп,
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ.**

**Жаздығуні ақ бөркі бүктелмейді-ақ
Қолында бір сабау бар, о дағы аппақ.
Керегеге сабауды шашып қойып,
Бөркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ.**

**Қу шалбар құлығына болған айғақ,
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ.
Ұстаудағы кісідей мезгілі бар,
Күні бойы шешініп, бір т...-ақ.**

**Тірі жанға құрбы боп жап-жасында-ақ,
Қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ.
Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,
Қас кермек, мойын бүрмақ, қоразданбақ.**

¹ Аршопке — аршын деген сөзден алынған, өлшем мағынасында.

Осындаң сидаң жігіт елде мол-ақ,
 Бәрі де шаруага келеді олақ.
 Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
 Бар өнері — қу борбай, сымпыс шолақ.

Олардың жоқ ойында малын бақпақ,
 Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ.
 Жалғыз атын терлетіп, ел қыдышып,
 Сәлемдеспей, алыстан ыржан қақпақ.



* * *

Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық,
 Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
 Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
 Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық.

Бар ойы — өлең айтып, ән салалық,
 Біреуді қалжың қылып қолға алалық.
 Қызды ауылға қырындап үйір болса —
 Көңіліне зор қуаныш бір бадалық¹.

Демендер өнбес іске жұбаналық,
 Ақыл тапсақ, мал тапсақ, куаналық.
 Қызды сүйсеп, бірді-ақ сүй, таңдал тауып,
 Көрсе қызар, күнде асық — диуаналық.

Жастықта бір құлгениң — бір қаралық,
 Құлкі бақсан бір көрер бишарагалық.
 Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
 Ең болмаса еңбекпен мал табалық.

Той болса, тон киелік, жұр, баралық,
 Бірімізді біріміз аударалық.

¹ Бада (парсыша) — мақтанушылық.

**Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,
Құлкіні онша қүйлеп, шуламалық.**

Уайым — ер қорғаны, есі барлық,
Қыныны бұл дүниенің — қолы тарлық.
«Еңе-еңеге» елірме, бозбалалар,
Бұл бес күндік бір майдан ер сыйнарлық.

Салынба, қылсаң дағы сан құмарлық,
Алдыңда уайым көп шошынарлық;
Жарлылық, жалынышты жалтаң көздік,
Сүйкімі, икемі жоқ шалдуарлық.

Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,
Оған да мезгіл болар тоқталарлық.
Ұрлық қылар, тентіреп тамақ асырап,
Болмаған соң жұмыс қып мал табарлық.

Басында әке айтпаса ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық,
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,
Үзілмес үмітпенен бос қуардық.
Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп
Жүрмесін деп, аз ғана сөз шығардық.

* * *

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
 Екі тұрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
 Арзан, жалған құлмейтін, шын құлерлік
 Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
 Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
 Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
 Абайлар әрбір сөзді өз халынша.

Шын көңілмен сүйсө екен, кімді сүйсө,
 Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсө.
 Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар,
 Оңғақ пұлдаій былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалага — талаптылық,
 Эр тұрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
 Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
 Сыртқа пысық келеді, көзге сыйнық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
 Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
 Құншілдікісіз тату бол шын көңілмен,
 Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсөң басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.
Бірінді бірің гиззет¹ құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық — бір ұлken іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңдан бір ауыз сөз айтып күлмес.

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсан, салдаурлық қадір қоймас.
Ер жігіт таңдал тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшіннің бәрі бір бәс.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсекұзыар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!

Көп жүрмес женсікқойлық, әлі-ақ тозар,
Жаңғырар женсіккүмар, жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көніл қайтар,
Қылт еткізбес қылышты тамырышы озар.

Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бұлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көндіне бір жанын пида қылыш,
Білместігің бар болса, қылар сабыр.

Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қанышық.
Бетім барда бетіме кім шыдар деп,
Кімі пандау келеді, кімі — тантық.

Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.

¹ Гиззат (арабша) — қадір, сый.

Салақ, олақ, ойнашы, керім-кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек.

Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Коржаң сұық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, риаз² үстіндегі үй.

Жоқ болса қатыныңың жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі.
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сызданбасын қабақпен имендіріп.
Ері сүйген кісіні о да сүйіп,
Қызмет қылсын көнілі таза жүріп.

Құрбыңың тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Қатыныңда болмасын оның көзі.

Кей құрбы бұгін тату, ертең бату,
Тілеуі, жақындығы — бәрі сату.
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнимас қайран тату!

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,
Еңбекпен терін сатып түзден жимас.
Меліш³ сауда сықылды құлқі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас.

² Риаз (арабша) — гүлбақша мағынасында.

³ Меліш (орысша) — мелочь, ұсақ-түнек.

Асық ұтыс сықылды алыс-беріс —
 Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс.
 Бірі көйтке⁴ таласып, бірі арам қып,
 Төбелескен, дауласқан жанжал-керіс.

Жас бала әуел тату бола қалар,
 Ата-анадан жақын боп, ертіп алар.
 Бірін бірі құшақтап шуылдасып,
 Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса үйге таман,
 Ата-анасы бүркүлдар онан жаман.
 Татулығы құрысын ойыны мен,
 Дәл соларға үқсайды мына заман.

Жаман тату қазады өзіңе ор,
 Оған сенсенд, бір күні боларсың қор.
 Ары бар, ұтты бар ұлкенге сен,
 Өзі зордың болады ығы да зор.

Қазақтың қайсысының бар санасы?
 Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
 Пысықтықтың белгісі — арыз беру,
 Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы.

асық ойынында қарыз алу. Ұтылыш қалса, кейт ойыннан қуылады.

* * *

Патша құдай, сыйындым,
 Тура баста өзіңе.
 Жау жағадан алғанда
 Жан көрінбес көзіме.
 Арғын, Найман жиылса,
 Таңырқаған сөзіме.
 Қайран сөзім қор болды,
 Тобықтының езіне.
 Самородный¹ сары алтын,
 Саудасыз берсең алмайды
 Саудыраған жезіне.
 Саудырсыз сары қамқаны,
 Садаға кеткір сұрайды
 Самарқаның бөзіне.
 Кеселді түйін шешілсе,
 Кердең мойын кесілсе,
 Келмей кетпес кезіне.
 О да — құдай пендесі,
 Тұспей кетер деймісің,
 Тәңірінің құрган теziне?

¹ Самородный (орысша) — таза, қоспасыз деген мағынада.

* * *

Базарға, қарап тұрсам, әркім барап,
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу — маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу үқпас бұл сөзді, біреу үғар,
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.
Сөзді үғар осы күнде кісі бар ма?
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ,
Біреуден біреу алыш, елге тарарап.
Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, үқсан жарап.
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

* * *

Фылым таппай мақтанба,
 Орын таппай баптанба,
 Құмарланып шаттанба,
 Ойнап босқа күлуге.
 Бес нәрседен қашық бол,
 Бес нәрсеге асық бол,
 Адам болам десеніз.
 Тілеуің, өмірің алдында,
 Оған қайғы жесеніз.
 Өсек, өтірік, мақтаншақ,
 Еріншек, бекер мал шашпақ—
 Бес дүшпаның, білсеңіз.
 Талап, еңбек, терең ой,
 Қанағат, рақым, ойлап қой —
 Бес асыл іс, көнсеніз.
 Жамандық көрсөң нәфрәтлі¹,
 Суытып көңіл тыйсаныз.
 Жақсылық көрсөң ғибрәтлі²,
 Оны ойға жисаныз.
 Галым болмай немене,
 Балалықты қисаныз?
 Болмасаң да ұқсанап бақ,
 Бір галымды көрсөңіз.

¹ Нәфрәтлі (арабша) — жиіркенішті.

² Ғибрәтлі (арабша) — ұлғілі, өнегелі.

Ондақ болмақ қайда деп,
 Айтпа ғылым сүйсөңіз.
 Сізге ғылым кім берер,
 Жанбай жатып сөнсөңіз?
 Дүние де өзі, мал да өзі,
 Ғылымға көңіл берсөңіз.
 Білгендердің сөзіне
 Махаббатпен ерсөңіз.
 Ақыл сенбей сенбеніз,
 Бір іске кез келсөңіз.
 Ақсақал айтты, бай айтты,
 Кім болса, мейлі, сол айтты—
 Ақылменен жеңсөңіз—
 Надандарға бой берме,
 Шын сөзбенен өлсөңіз.
 Аят, хадис емес қой,
 Құпір³ болдың демес қой,
 Қанша қарсы келсөңіз.
 Қөп орында көріне айтпа,
 Біздің сөзге ерсөңіз.

Мұны жазған кісінің
 Атын білме, сөзін біл!
 Осы жалған дүниеден
 Шешен де өткен не бұлбұл.
 Қосем де өткен не дұлдул.
 Сөз мәнісін білсөңіз,
 Ақыл — мизан⁴, өлшеу қыл.
 Егер қисық көрінсе,
 Мейлің таста, мейлің күл.
 Егер тұзу көрінсе,
 Ойлап-ойлап, құлаққа іл.
 Ақымақ көп, ақылды аз,
 Деме көптің сөзі пұл.
 Жақынның сөзі тәтті деп,
 Жақынным айтты дей көрме.
 Надандықпен кім айтса,

³ Құпір (арабша) — діннен шығу.

⁴ Мизан (арабша) — таразы.

Ондай түпсіз сөзге ерме.
 Сізге айтамын, хаупім — бұл.
 Өзің үшін үйренсең,
 Жамандықтан жиренсең,
 Ашыларсың жылма-жыл.
 Біреу үшін үйренсең,
 Біреу білмес, сен білсең,
 Білгеніңнің бәрі — тұл.
 Сөзіне қарай сөз алма.
 Шын сөз қайсы біле алмай,
 Эр нәрседен құр қалма.
 Мұны жазған білген құл—
 Ғұламаң Дауани¹,
 Солай депті ол шыншыл.
 Сөзін оқы және ойла,
 Тез үйреніп, тез жойма,
 Жас уақытта көңіл — гұл.



¹Ғұламаң Дауани — Шығыс ғалымы

* * *

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
 Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
 Ауыз омыртқа шығыңқы, майды жалды,
 Ой желке, үнірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
 Қабырғалы, жотасы болса күшті.
 Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
 Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
 Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
 Жерсөғарлық, сіңірлі, аяғы тік,
 Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
 Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
 Құлте құйрық, қыл тұбі әлді келіп,
 Көтендігі сығыңқы, аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
 Өзі санды, дөнгелек келсе көтті.
 Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
 Арты талтақ, ұмасы ұлпершекті.

Шілдерлігі жуандау, бота тірсек,
 Бейне жел, тынышты, екпінді, мініп жұрсек.
 Екі көзін тәңкөріп, қабыргалап,
 Белдеуде тыныш тұрса, байладап көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жұрсе көсем,
 Иек қағып, еліріп басса әсем.
 Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
 Разы емен осындаіт мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
 Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
 Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
 Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

ЖАЗ

Жаздыгүн шілде болғанда,
 Көкорай шалғын, бәйшешек,
 Ұзарып өсіп толғанда;
 Құрқіреп жатқан өзенге,
 Көшіп ауыл қонғанда;
 Шұрқырап жатқан жылқының
 Шалғыннан жоны қылтылдап,
 Ат, айғырлар, биелер
 Бүйірі шығып, ыңқылдап,
 Суда тұрып шыбындалап,
 Құйрығымен шылпылдап,
 Арасында құлыш-тай
 Айнала шауып бұлтылдап.
 Жоғары-төмен үйрек, қаз
 Ұшып тұрса сымпылдап.
 Қызы-келіншек үй тігер,
 Бұрала басып былқылдап,
 Ақ білегін сыбанып,
 Эзілдесіп сыңқылдап.
 Мал ішінен айналып,
 Көңілі жақсы жайланаңып,
 Бай да келер ауылға,
 Аяңшылы жылпылдап;
 Сабадан қымыз құйдырып,
 Ортасына қойдырып,
 Жасы үлкендер бір бөлек
 Кеңесіп, құліп сывлқылдап.
 Жалшы алдаған жас бала,

Жағалайды шешесін
 Ет әпер деп қыңқылдалап.
 Қөлеңке қылып басына,
 Кілем төсеп астына,
 Салтанатты байлардың
 Самаурыны бүркышылдалап.
 Білімділер сөз айтса,
 Бәйгі атындай аңқылдалап,
 Өзгелер басын изейді,
 Әрине деп мақұлдалап.
 Ақ көйлекті, таяқты
 Ақсақал шығар бір шеттен
 Малыңды әрі қайтар деп,
 Малшыларға қаңқылдалап.
 Бай байғұсым десін деп,
 Шақырып қымыз берсін деп,
 Жарамсақсып, жалпылдалап.
 Шапандарын белсенген,
 Асау мініп теңселген
 Жылқышылар кеп тұрса,
 Таңертеңнен салпылдалап.
 Мылтық атқан, құс салған
 Жас бозбала бір бөлек
 Су жағалап құтыңдалап.
 Қайырып салған көк құсы
 Көтеріле бергенде,
 Қаз сыптыра жарқышылдалап.
 Откен күннің бәрі ұмыт,
 Қолдан келер қайрат жоқ,
 Бағанағы байғұс шал
 Ауылда тұрып құледі,
 Қошемет қылып қарқышылдалап.

* * *

Интернатта оқып жүр
 Талай қазақ баласы —
 Жаңа өспірім, көкөрім,
 Бейне қолдың саласы.
 Балам закон білді деп,
 Қуанар ата-анасы,
 Ойында жоқ олардың
 Шаригатқа шаласы.
 Орыс тілі, жазуы —
 Білсем деген таласы.
 Прошение¹ жазуға
 Тырысар, келсе шамасы.
 Үйнапсызға не керек
 Истің ақ пен қарасы?
 Нан таппаймыз демейді,
 Бұлінсе елдің арасы.
 Иждињатсыз², михнатсыз
 Табылмас ғылым сарасы.
 Аз білгенін көпсінсе,
 Көп қазаққа еспінсе,
 Кімге тиер панаы?
 Орыс теріс айтпайды,
 Жаман бол деп оларды.

¹ Прошение (орысша) — арыз, өтініш.

² Иждињат (арабша) — талап, жігер.

Қаны бұзық өзі ойлар
 Қу менен сүм боларды,
 Орыста қалар жаласы.
 Бұл іске кім виноват³.
 Я Семейдің қаласы,
 Я қазақтың аласы?
 Ойында жоқ бірінің
 Салтыков пен Толстой,
 Я тілмаш, я адвокат
 Болсам деген бәрінде ой,
 Концілінде жоқ санасы.
 Ақылы кімнің бар болса,
 Демес мұны тілі аңы.
 Айтыңызшы, болсаныз
 Здравомыслящий⁴,
 Ақыл айтпай ма ағасы?

Пайды ойлама, ар ойла,
 Талап қыл артық білуге.
 Артық ғылым кітапта,
 Ерінбей оқып көруге.
 Военный⁵ қызмет іздеме,
 Оқалы киім киүоге.
 Бос мақтанға салынып,
 Бекер көкірек керуге.
 Қызмет қылма оязға,
 Жанбай жатып сөнуге.
 Қалай сабыр қыласың,
 Жазықсыз күнде сөгуге?
 Өнерсіздің қылышы —
 Тура сөзін айта алмай,
 Қит етуге бата алмай,
 Қорлықпенен шіруге.
 Аз ақшаға жалданып,
 Өнбес іске алданып,
 Жол таба алмай жүргуге.

³ Виноват (орысша) — кінәлі, айыпты.

⁴ Здравомыслящий (орысша) — зерек, әр істі ақылмен ойлап шешетін адам.

⁵ Военный (орысша) — эскерн.

Алыс та болса іздең тап,
 Коренномыға⁶ кіруге,
 «Талапты ерге нұр жауар»,
 Жүріп өмір сұруге.
 Я байларға қызымет қыл,
 Ерінбей шауып желуге.
 Адал жүріп, адал тұр,
 Счетың⁷ тұра келуге.
 Жаныңда жақса, соңынан
 Жалқауланба еруге.
 Қисық болса, закон бар
 Судьяға беруге.
 Ол да оязной емес қой,
 Алуга теңдік сенуге.
 Я өз бетіңмен тәуекел,
 Занимайся прямотой⁸.
 Женіл көрме, бек керек
 Оған дағылым, оған да ой,
 Қалайынша қайдада енуге?

Коренномы (орысша) — ежелгі, негізгі, тұрақты. Бұл жерде істің ең орындысын деген мағынада.

Счет (орысша) — есеп.

Занимайся прямотой (орысша) — турашыл, батыл бол деген мағынада.

* * *

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,
 Откіздік бір нәрсеге болмай жетік.
 Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
 Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
 Көп надандар өзіне тартар бейім.
 Арылмас әдет болды күлкішілдік,
 Үржан-қылжаң ит мінез дегендейін.

Тура тілді кісіні дейміз орыс,
 Жириеніп, жылмаңдықты демес бұрыс.
 Жылпылдақтан айырылып, сенісе алмай,
 Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс.

Сенімі жоқ серменде¹ сырды бұзды,
 Анық таза көрмейміз досымызды.
 Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ,
 Жүрегінде жатады өкпе сызы.

Дос-асықтың болмайды бөтендігі,
 Қосылған босаспайды жүрек жігі.

¹ Серменде — сенділіп босқа жүрген адам. Негізі парсының шаһрбант — деген сезінен шыққан.

Біздің доспыш, асықпыш дегеніміз—
Жалғандықтан жасалған көніл жүгі.

Сенікен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдыым, жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көнілдің ашығында.

Құдай берген бұл достық — кәннің² бірі,
Мұңdasқанда қалмайды көніл кірі.
Қолдан достық жасап ем болар-болмас,
Итмұрындай наданның жыртты бірі.

Сол досты сая таппай іздейді жан,
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.
Жау жабылса бұзылмас жан көрмедім,
Артық жолдас таппадым татулықтан.

Кән (арабша) — кен, кеніш (рудник). Ауыспалы мағынада: мейірімділік бастауы, қайрымдылық, ізгілік; иегізгі мағынасында Құдайдың әпитеті.

* * *

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
 Қорсекызыар, жалмауыз,
 Сорлы қазақ сол үшін
 Алты бақан, ала ауыз.
 Өзін-өзі күндейді,
 Жақынын жалған міндейді,
 Ол — арсыздық белгісі.
 Ұятсынбай, ойланбай,
 Қой дегенге тіл алмай,
 Іс қылмай ма ол кісі?
 Бір-ақ секіріп шығам деп,
 Бір-ақ ырғып түсем деп,
 Мертігеді, жатады.
 Ұрлықпен мал табам деп,
 Егессе ауыл шабам деп,
 Сүйтіп құдай атады.
 Бұл нең десе біреуге,
 Жоқ нәрсені шатады.
 Құтылам деп ісінен,
 Бәрін көріп кісіден,
 Шығынға әбден батады.
 Бұл болмаса онысы,
 Аударылып қонысы,
 Алыстан дәм татады.
 Қызмет қылып мал таппай,
 Фылым оқып ой таппай,

Құр үйінде жатады.
 Ел қыдырып ас ішіп,
 Еркек арын сатады.
 Бала-шага, ұрғашы
 Үйде жаурап қатады.

Еңбегі жоқ, еркесіп,
 Бір шолақпен серкесіп,
 Пысық деген ант шықты.
 Бір сөз үшін жау болып,
 Бір күн үшін дос болып,
 Жүз құбылған салт шықты.
 Пысық кім деп сұрасаң —
 Қалаға шапса дем алмай,
 Өтірік арыз көп берсе,
 Көргендерден ұлмай.
 Сыбырдан басқа сыры жоқ,
 Шаруаға қыры жоқ,
 Өтірік, өсек мақтанға
 Ағып тұрса бейне су.
 Ат-шапаннан кем көрмес,
 Біреу атын қойса «қу».
 Қу нәпсісін тыя алмай,
 Атым шығып жүрсін деп,
 Берекеге қас болса,
 Желіктірген айтаққа
 Арақ ішпей мас болса
 Ел тыныш болса азады,
 Ерігіп өле жазады.
 Үйде отырса салбырап,
 Тұзге шықса албырап,
 Кісіні көрсө қылжаңдал,
 Қалжыншылсып ыржыңдал,
 Өз үйінде қипаңдал,
 Кісі үйінде күй таңдал.
 Ақылды бар кісіні
 Гайбаттайды, даттайды.
 Ауқаты бар тұғанды
 Қайырсыз ит деп жаттайды.

Мал мен бақтың дұшпаны,
 Кеселді пысық көбейді,
 Күшік иттей үріп жүр,
 Кісіден қеммін демейді.
 Қу тілменен құтыртып,
 Кетер бір күн отыртып,
 Қызмет қылған кісін
 Құрытуға таяйды.
 Қылып жүрген өнері:
 Харекеті — әрекет.
 Өзі оңбаған антүрган
 Кімге ойлайды берекет?
 Кімді ұялып аяйды?
 Расы жоқ сөзінің,
 Ырысы жоқ өзінің,
 Өңкей жалған мақтанмен
 Шынның бетін бояйды.
 Бұл сөзімде жалған жоқ,
 Айтылмай сөзім қалған жоқ,
 Абайланыз, байқаныз —
 Елдің жайы солай-ды.

* * *

Бөтен елде бар болса
 Ежеттесің, сыйласың,
 Сыбырлас, сырлас көп болған
 Көптен тату қимасың,
 Басыңа жұмыс түскен күн
 Татулықты бұрынғы
 Не қылыш ол ойласын?
 Ашып берер жауыңа
 Өзі көрген қоймасын.
 Желіккен жауга кез болса
 Араздығы сөз болса,
 «Бәрекелді батыр» деп,
 «Мықты боп бара жатыр» деп,
 Мақтап-мақтап қоздырар.
 Ескі досын көргенде,
 Есебі жоқ ант ішіп,
 Аруақ, құдай айтсып,
 Сыр алғалы айттым деп,
 Жауыңды алдаң қайттым деп,
 Құдайдан қорықпай, антүрган,
 Иман жүзін тоздырар.
 Келіп-кетіп көп жүріп,
 Мен досыңмын деп жүріп,
 Дұспандығын оздырар.
 Алдайды деп жауыңа,
 Ел тарттырмай баурыңа,

Көрінгенді азғырап.
 Кеселді болып бітеді
 Жақсыға біткен жақындар.
 Жау жағадан алған күн
 Өздері иттей тақымдар.
 Ўйде отырып ескенде,
 Бәрі шешен қақылдар.
 Аулаққа шығып біріне
 Бірі сөзін мақұлдар.
 Жау көп болса басында,
 Бірі қалмас қасында.
 Жетектесең, табандар.
 Даға шығып өзінді
 Жаудан бетер жамандар.
 Жалбарынып күн көріп,
 Жақынның сатып, жөн көріп,
 Қалтаң-құлтаң амалдар.
 Туысқанға кекшілі
 Жас баладан бетер-ді,
 Ойлау да жоқ, білу жоқ
 Келер менен кетерді.
 Жақынға еріп, мал салмай,
 Жауды көріп, жан салмай,
 Қайдан ғана біледі
 Ауыр менен жеңілдің
 Арасымен өтерді?
 Жолдас аз боп сасқанда,
 Эуел сонан есітесің
 «Ат үстінен көтерді».
 Ауыр жұмыс кез болса,
 Араздығы сөз болса,
 Араз кісі болғансып,
 Сылтау етер бекерді.
 Үйренбейді кісіден
 Кіржіңдеп жүріп кекер-ді.
 Оңалып егер алдыңыз,
 Эр жерден-ақ көбейер
 Ажарлыңыз, малдыңыз.
 Пәленшеші ұрам деп,

Түгеншени қырам деп,
 Таршылықта қайрандал,
 Кеңшілікті ойрандал,
 Көп батырға қалдыңыз.
 Егер тілін алмасаң,
 Бықсып шірір ішінен.
 Әркімде-ақ бар ғой туысқан,
 Қайсысы жауды қуысқан?
 Күн ашықта мойныңда,
 Арылмас міндеп болған соң,
 Әркімнің көңілі сұзысқан.
 Жақсыға біткен ағайын
 Өз үйінде кезексіз
 Шешен келер сартылдал.
 Біреу білер жер келсе,
 Сөз таба алмас қалтылдал.
 Қалжыңға келер шорқақтау,
 Жауға келер қорқақтау,
 Еркін жерде ызақор.
 Томырық келер тарқылдал.
 Әдеппенен тамылжып,
 Мінезі тәтті болмайды,
 Сасық пандай келеді,
 Қырт, мақтаншақ оңбайды,
 Кісімсініп жалпылдал.
 Біреуге өктем іс қылса,
 Өз күшім деп ойлады.
 Егер күші жүрмесе,
 Бағанағы жақсының
 Қылғаны деп қоймайды.
 Жат айбынар ісі жоқ,
 Жау айдынар күші жоқ,
 Өз еркіне жіберсен,
 Ешнәрсеге тоймайды.
 Қалжыңы — теріс, сөзі — ұрыс,
 Айтқан сөзге көнбейді.
 Өз тентегін көрмейді,
 Қазан бұзар бір қырыс.
 Сондай кесел туысқан

Қай жерінен болады
 Қөңілге медеу, ол тыныс?
 Жалығуды пәледен
 Жүрт ұмытты біржола.
 Шыныменен тамам ел
 Кете ме екен ит бола?
 Ішкеі мас, жеген тоқ,
 Уайым айтар біреу жоқ,
 Тым болмаса болмады
 «Бұлт ала, жер шола».
 Келелі кеңес жоғалды,
 Ел сыйырды қолға алды.
 Ел ішінде бітімші
 Түгел алып қайтпайды
 Сұрай келген бір малды.
 Ел жамаған билер жоқ,
 Ел қыдышып сандалды.
 Астыртын барып жолғасқан,
 Ақша беріп жалғасқан,
 Ақысын әрең сол алды.
 Орыс сыяз қылдырса,
 Болыс елін қармайды.
 Қу старшын, аш билер
 Аз жүрегін жалғайды.
 Орыссыз жерде топ болса,
 Шақырган кісі бармайды.
 Бітім қылышп бір кісі
 Адал малын алмайды.
 Қызығы кеткен ел бағып,
 Қисыны кеткен сөз бағып,
 Ендігі атқа мінгендер.
 Құнде ертеңге талмайды.
 Бас қосылса арысқа,
 Кім шабады намысқа?
 Жатқа қарар беті жоқ,
 Жалынбай тұрар к... жоқ,
 Ісі кетер шалысқа.
 Ел бұлігі Тобықты
 Қөп пысыққа молықты.

Малдының малын көре алмай,
 Борышын түгел бере алмай,
 Көрінгенге обықты.
 Қазақтың малын сапырып,
 Көп бәлеге шатылып,
 Кесепатқа жолықты.
 Өзінен шыққан жақсылар
 Түзей алмай зорықты.
 Бөтен елдің адамы,
 Тынбаған соң арамы,
 Көңілі әбден торықты.
 Саудагер қашты бұл елден,
 Несиесін жия алмай.
 Бұралқылар сандалды,
 Жуандарға сыя алмай.
 Сенімсіз болды алашқа,
 Барымтас-тын тыя алмай.
 Наиымы жоқ, анты бар,
 Ел иұсқасы кетті ғой,
 Елмін деген салты бар,
 Элі қүнге уайым
 Қылған жан жоқ, ұялмай.

* * *

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
 Қыннан қыстырыр ер данасы.
 Тілге женіл, жүрекке жылы тиіп,
 Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
 Ол — ақынның білімсіз бишарасы.
 Айтушы мен тындаушы көбі надан,
 Бұл жүрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят¹, хәдис² — сөздің басы,
 Қосарлы бәйітмысал³ келді арасы.
 Қисынымен қызықты болмаса сөз
 Неге айтсын пайғамбар мен оны Алласы.

Мешіттің құтпа⁴ оқыған ғұламасы,
 Мұнәжәт⁵ уалилердің⁶ зар наласы.
 Бір сөзін бір сөзінен қыстырыр,
 Әрбірі келгенінше өз шамасы.

¹ Аят (арабша) — құран сөзі.

² Хәдис (арабша) — Мұхаммед пайғамбардың сөзі.

³ Бәйіт (арабша) — өлең. «Бәйітмысал» — мысал өлең, ұлгі-өнеге өлең.

⁴ Құтпа, хотба (арабша) — уағыз оқу, сөйлеу магынасында.

⁵ Мұнәжәт, монежат (арабша) — Аллаға жалбарыну, мақтау сөз айту.

⁶ Уәли (арабша) — әулие, пайғамбар.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жүртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап,
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді соларды аңдал.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдал.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін құн өткізбек әңгімелеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жүрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,
Жіберсем, өкпелеме, көп жамандап.

Амалдап қарагайды талға жалғап,
 Әркім жүр алар жердің ебін қамдаң.
 Мақтан қуған, малқұмар нені ұға алсын,
 Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықпен үрлап-қарлап,
 Қусың десе, қуанып жүр алшаңдалап.
 Қақса-соқса бір пайда түсे ме деп,
 Елдің байын еліртіп «жау мұндалап».

Ыңсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап —
 Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
 Терең ой, терен ғылым іздемейді,
 Өтірік пен өсекті жүндей сабап.



* * *

Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол
 Қаза көрген жүрегі жарапы — ол.
 Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
 Зарланып неге салады ол?

Күйеу келтір, қыз ұзат, тоғынды қыл,
 Қызы таныстыр — қызыққа жүрт ыржанышыл.
 Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
 Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса, күзетер шілдехана,
 Олар да өлең айттар шулап жана.
 Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
 Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара.

Тұғанда дүние есігін ашады өлең,
 Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
 Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
 Ойлансаншы, бос қақпай елең-селең.

Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсың,
 Айтсаң да, ұддасынан¹ шыға алмайсың.

¹ ұға (арабша) — шек, шегі деген сөз. Бұл арада ауыспалы мағынада, яғни
 жеткіле жетер, жеткізу деген үгымда қолданылған.

Сен білмейді екен деп айтпасын ба,
Неге мұнша сіресіп құп алмайсың?

Өлең деген — әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?

Қарны тоқ хасса² надан ұқпас сөзді,
Сөзді ұғар көкірегі болса көзді.
Қадірін жақсы сөздің білер жаңға
Таппай айтпа оған да айттар кезді.

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?
Сүйсінерлік адамды құрмет қыл,
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ.

Шортанбай, Дулат пenen Бұқар жырау,
Өлеңі бірі — жамау, бірі — құрау.
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп түр-ay!

Мақсұтым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көнілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

² Хасса (арабша) — нағыз айқын.

КҮЗ

**Сұр бұлт түсі сұық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тоғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.**

**Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдаі,
Жастар құлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.**

**Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне іртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.**

**Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы¹ жүр, ол бір керуен.
Қай ауылды көрсөң де, жабырқанқы,
Құлқі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.**

**Кемпір-шал құржан қағып, бала бұрсең,
Көңілсіз қара сұық қырда жұрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең.**

**Шомшы — астық екпеген ел басқа елге түйемен барып астық алып қайтады,
тұма түйе бос барады да, шом артады.**

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаны.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрысын заңы.



* * *

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай —
 Қыстың басы бірі ерте, біреуі жәй.
 Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
 Ылқырмамен құзеуде отырағ бай.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
 Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
 Тоңған иін жылтытып, тонын илеп,
 Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

Жас балаға от та жоқ тұрған маздалап,
 Талтайып қақтана алмай, өле жаздал.
 Кемпір-шалы бар болса, қандай қыын.
 Бір жағынан қысқанда жел де азынап.

Кәрі қой ептеп соғған байдың үйі,
 Қай жерінде кедейдің тұрсын қүйі?
 Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
 О да қылған кедейге ұлкен сыйы.

Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,
 Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
 Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
 Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
 Бала шықса асынан үзіп-жұлып,
 Ық жағынан сол үйдің үзап кетпес,
 Үйген жүктің күн жағын орын қылыш.

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
 О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр.
 Асын жөндеп ішे алмай қысылады,
 Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр.

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
 Артық қайыр артықша қызметке орай.
 Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,
 Аңдыстырған екеуін құдайым-ай!

Алса да аяншақтау кедей сорлы,
 Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
 Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
 Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы.

ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
 Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
 Үсті-басы ақ қырау, тұсі суық,
 Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
 Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,
 Кәрі құдан — қыс келіп, әлек салды.
 Ұшпадай¹ бөркін киген оқшырайтып,
 Аязбенен қызыарып ажарланды.
 Бұлттай қасы жауып екі көзін,
 Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
 Борандай бүрк-сарқ етіп долданғанда,
 Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
 Әуес көріп жүгірген жас балалар,
 Беті-қолы домбырып, үсік шалды.
 Шидем мен тон қабаттап киген малшы
 Бет қарауға шыдамай теріс айналды.
 Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
 Титығы құруына аз-ақ қалды.
 Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр.
 Малшыларым, қор қылма итке малды.
 Соныға малды жайып, күзетіндер,
 Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
 Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
 Құр жібер мұна антүрган кәрі шалды.

¹ Ұшпа — бұлт, шоқ-шоқ болып жөндіген бұлт.

* * *

Желсіз түнде жарық, ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырган жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуга аулаққа?

Тайманда май тамылжып,
Бір суынып, бір ысып,
Дем ала алмай дамыл қып,
Елең қағып, бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі,
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?

* * *

Ішім өлген, сыртым сау,
 Көрінгенге деймін-ау.
 Бүгінгі дос — ертең жау,
 Мен не қылдым, япырмау?!

Өз үйінде өзендей
 Күркірейді, айтса дау.
 Кісі алдында кірбенде,
 Шабан, шардақ және шау.

Мұндай ма едің ана күн,
 Мұның қалай, батыр-ау?
 Үш күн арқаң босаса,
 Бола қалдың бас асаяу.

Жан қысылса, жайтаңдалап,
 Жанды еріткен жайдары-ау.
 Жан жай тапса, сен неге
 Жат мінезсің жабырқау?

Үрлық пенен құлыққа
 Байлағанда, кестің бау.
 Берерменде бесеусің,
 Аларманда және алтау.

Топ болғанда көресің
 Түрлі дауды жүз тарау.
 Аяғында сендейлер
 Көрмей жүр ме ханталау?

Қайта кірер есікті
Қатты серіппе, жарқын-ау!
Жетілсөң де, жетсөң де,
Көрек күні бір бар-ау.



ҚҮЛЕМБАЙҒА

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындал.
Түйеде қом, атта май
Қалмады елге тығындал.
Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдал.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындал.
Әлсіздің сөзін салғырсып,
Шала ұғамын қырындал.
Сыяз бар десе, жүргегім
Орнықпайды сұылдал.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр қүлемін жымындал.

Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз шықты, сыяз бар»,
«Ілау» деп, «үй» деп дікілдеп.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті лұпілдеп.
Тың тұяқ күнім, сүйтсе де,
Қарбаңдадым өкімдеп.
Старшын, биді жигыздым:
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,
«Ат жарамды, үй жақсы
Болсын, бәрің күтін» деп.
Қайраттанып халқыма

Сөз айтып жүрмін күпілдеп:
 «Құдай қосса, жұртымның
 Ақтармын осы жол сүтін» деп,
 Қайраттысып, қамқорсып,
 Сайманымды бүтінде.

Оңашада оязға
 Мақтамаймын елімді,
 Өз еліме айтамын:
 «Бергем жоқ, — деп, — белімді».
 Мақтанамын кісімсіп,
 Оязға сөзім сенімді.
 Көрсеттім деймін, ымдаймын
 Кәдік қылар жерімді.
 Сөз көбейді, ұлғайды,
 Мақтанның к... көрінді.
 Қазақты жеген қайратты «ер»
 Ұрынды да берінді.
 Эрлі-берлі тартысып,
 Ісі арамы жеңілді.
 Алқының күшті асаулар
 Ноқтаға басы керілді.
 Үлкен-кіші ақының
 Бәрі сөз бол терілді.
 Қайрауы жеткен қатты би
 Қайрылып нетсін көңілді.
 Өз малым деп қойған мал
 Иесіне берілді.
 Ақылы жандар қамалап,
 Кептірді сонда ерінді.
 Арғызшылар көбейді,
 Болыстың к... шөмейді,
 Қайтсін байғұс демейді,
 Бір кептірмей терімді.

Күн батқанша шабамын
 Эрлі-берлі далпылдал.
 Етек кеткен жайылып
 Ат к... жалпылдал.

Оязға жетсін деген боп,
 Боқтап жүрмін барқылдал.
 Кейбіреуге таяғым
 Тиіп те кетті бартылдал.
 Пысықтың көбі бұғып жүр,
 Беттесе алмай шаңқылдал.
 Ашылып омырау, күн ыстық,
 Қойын кетті алқылдал.
 Елі жәнді болыстар
 Мақтанып жүр тарқылдал.
 Құлкісі жақсы қарқылдал,
 Үні бөлек сартылдал.
 Сөйлесе кетсе бір жерде,
 Ағыны қатты аңқылдал.
 Оязға кірсе, өзгеден
 Мерейі үстем жарқылдал.
 Елің бұзық болған соң,
 Ояз жатыр шартылдал.
 Табаныңдан тозасың,
 Құр жүгіріп тарпылдал.

Антүрғанмын өзім де,
 Бір мінезбен өтпеймін.
 Момындық күшті екенін,
 Көрсем дағы күтпеймін.
 Сыяздан соң елімді
 Қысып алып кетпеймін.
 Әуелде к... бос кәпір,
 Мықтыға не қып беттеймін?
 Жуанды қойып, жуасты
 Біраз ғана шеттеймін.
 Ояз бардағы қылышты
 Ояз жоқта етпеймін.
 Кәкір-шүкір, көр-жерді
 Пайда көріп етпеймін.
 Мынау арам, тентек деп,
 Еш кісіні теппеймін.
 Өзімдік бол деп ел жиып,
 Құрастырып, септеймін.

Бұзақының бүлігін
«Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін.

Сүйегім жасық, буын бос,
Біраз ғана айлам бар.
Айлам құрсын, білемін —
Болыстықтың жолы тар.
Қайтіп көмек болады
Антүрган өңкей ұры-қар?
Көргенім әлгі, ойлаши,
Ұят, намыс, қалды ма ар?
Ендігі сайлау болғанда,
Түсе ме деп тағы шар,
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар.
Ақыл айтар тұғандар,
Бұл сөзімді ойландар.
Кәтелешке көбейді,
Сөгіс естіп, тозды ажар.
Мынау елді ұстарлық
Кісі емеспін, кел, құтқар!
Қолдан келмес қорлыққа
Неге boldым мұнша іңкәр?
Ел жайылды, жетпей ме
Оязға да бір хабар?
Тағы бүйтіп кеттің деп
Қозғау салар, қолға алар.
Қатты қысым қылған соң,
Басым сотқа айналар.
Кірлі болып тұскен соң,
Көрген күнім не болар?
Өзіне мәлім, тентектер
Өз бетімен не табар?
Қағаз берер, қарманар,
Аяғында сандалар.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тараиды.
Өтірік берген қағаздың

Алды-артына қарайды.
Өз қағазы өз көзін
Жоғалтуға жарайды.
Тауып алып жалғанын,
Қылмысында санайды.
Өзі залым закүншік
Танып алды талайды,
Көрмей тұрып құсамын
Темір көзді сарайды.

* * *

Біреуден біреу артылса,
 Өнер өлшеніп тартылса,
 Оқыған, білген — білген-ақ,
 Надан — надан-ақ сан қылса.

Оқыған білер әр сөзді,
 Надандай болмас ақ көзді.
 Надан жөндіге жөн келмей,
 Білер қайдағы шәргезді.

Надан қуанар, арсаңдар,
 Таңырқап тұра қалсаңдар.
 Татымды ештеме болмас,
 Адамсып босқа талтаңдар.

Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда,
 Ісі жоқ — теріс пе, оң ба?
 Тіленіп, телміріп ізденер,
 Тиын ба, яки бір сом ба?

Ит көрген ешкі көзденіп,
 Елерме жынды сөзденіп.
 Жасынан үлгісіз шіркін.
 Не қылсын өнер ізденіп.

Кісімсіп белгілі білгіш,
Біреуге сондай-ақ күлгіш.
Бұлықсып, бұлданып босқа,
Өзімшіл, оңбаған шерміш.

Кісіде бар болса талап,
Отырмас ол бойын балап,
Жүрер, әрқайдан ізденер,
Алар өз сүйгенін қалап.



* * *

Мәз болады болысың,
Арқага ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылышы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!

Күлмен қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға.
Таң қаламын қампайып,
Жоқты-барды шатқанға.

Үйі мәз боп, қой сойды
Сүйіншіге шапқанға.
Әуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға.

Еш нәрсе емес жұбанар
Ақыл көзбен баққанға.
Жас баладай қуанар,
Бір дәмдіні татқанға.

Көзі барлар ойының
Құлар к... ін ашқанға,
Қасиетін бойының
Бекер төгіп шашқанға.

Қуанарлық қызы емес
Жылтырауық таққанға.
Өзгелерді, біз емес,
Түсірмекші қақпанға.

Осы да есеп бола ма
Ар, абұйыр тапқанға?
Миың болса жолама
Бос желігіп шапқанға.

Бір бес надан, оңбассың,
Нансаң, онын қосқанға.
Жасық, жаман болмассың,
Жамандықтан қашқанға.

Ол «болдым-ақ» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елең қағып елбірер,
Елертіп көзді аспанға.

Жайы мәлім шошқаның,
Тұрткенинен жасқанба.
Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға.

Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанда?
Үйтіп асқан жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

* * *

Білімдіден шыққан сөз
 Талаптыға болсын кез.
 Нұрын, сырын көруге
 Көкірегінде болсын көз.

Жүргі — айна, көнілі — ояу,
 Сөз тыңдамас ол баяу.
 Өз өнері тұр таяу,
 Үқасын ба сөзді тез?

Әбілет басқан елерме
 Сөзге жуық келер ме?
 Тұзу сөзге сенер ме
 Түзелмесін білген ез?

«Айтшы-айтшылап» жалынар,
 Үқыш жансып шабынар.
 Үқпай жатып жалығар
 Үйқылы-ояу бойкүйез.

Жас баладай жеңсіккөй,
 Байлаулы емес ақыл, ой.
 Ойлағаны — айт пен той,
 Ыржан-қылжан ит мінез.

**Сұлу қыз бен я батыр
Болмаған соң, тәйірі алғыр,
Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл — арам без.**

**Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Үғар көңіл шын беріп,
Дерпті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез.**

**«Ой, тәңір-айшыл» кер есек,
Құлық, сұмдық не өсек,
Болмаған соң, бір есеп —
Мейілі қамқа, мейілі бөз.**



СЕПІЗ АЯҚ

**Алыстан сермен,
 Жүректен тербеп,
 Шымырлап бойға жайылған;
 Қиуадан шауып,
 Қисынын тауып,
 Тағыны жетіп қайырған —
 Толғауы тоқсан қызыл тіл,
 Сөйлеймін десен өзің біл.**

**Өткірдің жүзі,
 Кестенің бізі
 Өрнегін сендей сала алмас;
 Білгенге маржан,
 Білмеске арзан,
 Надандар бәнра¹ ала алмас.
 Қиналма бекер, тіл мен жақ,
 Қөнілсіз құлақ — ойға олақ.**

**Басында ми жоқ,
 Өзінде ой жоқ,
 Құлкішіл кердең наданның;
 Көп айтса көнді,
 Жүрт айтса болды —
 Эдеті надан адамның;
 Бойда қайрат, ойда көз
 Болмаған соң, айтпа сөз.**

¹ Бәнра (парсыша) — пайды, білімиен үлес.

**Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде;
«Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін»
Деп насихат бергенде;
Ұятсыз, арсыз салтынан,
Қалғып кетер артынан.**

**Аулаққа шықпай,
Сыбырлап бұқпай,
Мейірленбес еш сөзге;
Пайдасыз тақыл —
Байлаусыз ақыл,
Атадан бала ойы өзге;
Санаңыз, ойсыз, жарым ес,
Өз ойында ар емес.**

**Тасыса өсек,
Ысқыртса кесек —
Құмардан әбден шыққаны;
Күпілдек мақтан.
Табытын қаққан² —
Андығаны, баққаны;
Ыңсап, ұят, терең ой
Ойлаған жан жоқ, жауып қой.**

**Болмасын кекшіл,
Болсайши көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл;
Орынсыз ыржан,
Болымсыз қылжан
Бола ма дәulet, нәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.**

² Табытын қаққан — кісі өлімі сирең бастаса, мешіттің ашкөз, надан мәзендері мешіт қоймасында тұратын өлген адамды салып шығартын табытты таяқпен қағып, өлім шақыратын жаман әдеті болған. Ақын соны аудиспалы магынада қолданған.

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде;
Адал бол — бай тап,
Адам бол — мал тап,
Қуансаң қуан сол кеңде;
Бірінді, қазақ, бірің дос
Көрмесен, істің бәрі бос.

Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас;
Өтірік, үрлық,
Үкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылmas;
Ұятың, арың ояисын,
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын;
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың;
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой.

Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал
Деген кім бар сендерге?
Құлықты көргіш,
Сұмдықты білгіш
Табылар кісі жөндерге.
Үш-төрт жылғы әдетің
Өзіңе болар жендетің.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды;

Тарылды көкірек,
 Қысылды жүрек,
 Ағызды сығып жасымды;
 Сүйеніп құлкі тоқтыққа,
 Тартыпты өнер жоқтыққа.

Қайратым мәлім,
 Келмейді әлім,
 Мақсұт — алыс, өмір — шақ;
 Откен соң базар,
 Қайтқан соң ажар,
 Не болады құр қожақ?!

Кеш деп қайтар жол емес,
 Жол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,
 Жөн кісі сүмға,
 Элі жетер заман жоқ;
 Қадірлі басым,
 Қайрatty жасым
 Айғаймен кетті, амал жоқ;
 Болмасқа болып қара тер,
 Қорлықпен өткен қу өмір.

Сөзуар білгіш,
 Закүншік, көргіш,
 Атанбақ — мақсұт, мақтанбақ;
 Жасқанып, қорқып,
 Жорғалап, жортып,
 Именсе елің, баптанбақ;
 Қарғаганын жер қылмақ,
 Алқағанын зор қылмақ.

Хош, қорықты елің,
 Қорқытқан сенің
 Өнерің қайсы, айтып бер;
 Ел аңдып сені,
 Сен аңдып оны,
 Қылт еткізбей бағып көр;

Ойнашы қатын болса қар,
Аңдыған ерде қала ма ар?

Көмексіз көзің,
Бір жалғыз өзің
Баға алмай, басың сандалар;
Бауырыңа тартқан,
Сырыңды айтқан
Сырласың сырт айналар;
Ол қаны бұзық ұры-қар,
Қапысын тауып сені алар.

Басы-көзі қан боп,
Арқа-басы шаң боп,
Және тұрып жылпылдаپ;
Жығылып тұрып,
Буыны құрып,
Тағы қуып салпылдаپ —
Абүйыр қайдада, ар қайдада?
Әз басыңа не пайдада?

Ит ұрсе, бала
Таяғын ала,
Куады итпен кектесіп;
Ұрысқансып «ой» деп,
«Ұят» деп, «қой» деп,
Үлкендер тыяр; «тек» десіп.
Оны білсең, мұның не?
Мен де ұят іс қылдым де.

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос,
Талаптың дәмін татуға;
Білменеген соқыр,
Қайғысыз отыр,
Тамағы тойса жатуға;
Не ол емес, бұл емес,
Мениң де күнім — күн емес.

Фылымды іздең,
Дүниені көздең,
Екі жақка үңілдім;
Құлағын салмас,
Тілінді алмас
Көп наданнан түңілдім;
Екі кеме қүйрығын
Ұста, жетсін бүйрігың.

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық;
Естісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас — бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім үқсын;
Іште дерпт қалың,
Ауыздан жалын
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын;
Күйдірген соң шыдатпай,
Қоя ма екен жылатпай?

Мамықтан төсек,
Тастай боп кесек,
Жамбасқа батар, үйқы жоқ;
Сыбыр боп сөзі,
Мәз болып өзі,
Ойланар елдің сыйқы жоқ;
Баяғы құлық, бір алдау,
Қысылған жерде — жан жалдау.

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ;

Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ;
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым — тап шыным!



* * *

Сәулең болса кеуденде,
Мына сөзге көнділ бөл.
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.
Танымассың, көрмессің,
Қаптаған соң көзді шел.
Имансыздық намазда —
Қызылбастың¹ салған жол.
Көп шұылдақ не табар,
Билемесе бір кемел?
Берекелі болса ел —
Жағасы жайлай ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел.
Жан-жағынан күркіреп
Қүйип жатса ақсан сел,
Оның малы өзгеден
Өзгеше боп өсер тел.

Берекесі кеткен ел —
Суы ашыған батпақ көл.

Қызылбастар — қызылбашы (түрікше) — Иран жеріндегі көшпелі түріктерден ғұрылған, шах Исмаил бірінші мемлекетінің ең басты құші болады. Қызылбастар жеке жауынгерлерінің ерекшелік белгісі — он екі қызыл жолақты сәлде болған. Тарсы жұртын қызылбастар деп атау осыдан шыққан.

Құс қаңқылдап, жағалап,
 Сулай алмас жазғы төл.
 Оның сүйн ішкен мал
 Тышқақ тиіп, аспас бел.
 Көл деп оны кім жайлар,
 Суы құрсын, ол бір — шөл.

Единица² — жақсысы,
 Ерген елі бейне нөл.
 Единица нөлсіз-ақ,
 Θз басындық болар сол.
 Единица кеткенде,
 Не болады өңкей нөл?
 Берекеңді қашырма,
 Ел тыныш болса, жақсы сол.
 Рас сөзге таласып,
 Ақжем болма, жаным, кел!

² Единица (орысша) — бір; жалғыз, дара мағынасында.

* * *

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
 Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
 Көкірегі сезімді, тілі орамды,
 Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
 Бұл сөзді тасыр үқпас, талапты үтар,
 Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Тұзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
 Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
 Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
 Өскен соң мұндаі сөзді бұрын көрмей.
 Таң қаламын, алдыңғы айтқанды үқпай,
 Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Сөз айттым «Әзірет Әлі», «айданаарсыз»,
 Мұнда жоқ «алтын иек, сары-ала қыз».
 Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
 Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
 Әсіре қызыл емес деп, жиренбеніз,
 Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Батырдан барымташы туар даңғой,
 Қызыл да, қызықшыл да әуре жан гой.
 Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
 Елірмелі маскунем байқалған гой.

Бес-алты мисыз бәңгі¹ құлсे мәз боп,
Қинамай қызыл тілді кел, тілді ал, қой!

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.
Сәнқой, даңғой, ойнашы, керім-кербез,
Қанша қызық болады өзіңізге?



¹ Бәңгі (парсыша) — нашақор.

* * *

Әуелде бір сұық мұз — ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,
Бұл — қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Фылым сол үшеуінің жөнін білмек.

* * *

Фашықтық, құмарлықпен — ол екі жол,
 Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
 Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
 Мен не болсам болайын, сен аман бол.

Көңілімнің рақаты сен болған соң,
 Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.
 Бірге жақсан біреуге жақпаушы еді,
 Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!

Фашықтық келсе, жеңер бойыңды алып,
 Жүдетер безгек ауру сықылданып.
 Тұла бой тоңар, сұыр, үміт үзсе,
 Дәмеленсе өртенер қүйіп-жанып.

* * *

Қор болды жаным,
Сенсіз де менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым.
Тағдыр етсе Алла,
Не көрмейді пәндә?

Сайрай бер, тілім,
Сарғайған соң бұл дерттен.
Бүгілді белім,
Жар тайған соң әр серттен.
Қамырықты көңіл,
Қайтсе болар жеңіл?

Сағындым сені,
Көрмедім деп көп заман.
Адам деп мені,
Салмадың сен хат маған.
Жай таба алмай жүрек,
Жасыған соң сүйек.

Бұл қылған зарым
Барса жардың маңына,
Ол — қылған дәрім
Фашығымның жанына.
Оңалдырып ойды,
Тұзетпей ме бойды?

* * *

Сен мені не етесің?
 Мені тастап,
 Өнер бастап
 Жайыңа
 Және алдап,
 Арабап,
 Өз бетіңмен сен кетесің.
 Неге әуре етесің?
 Қосылыспай,
 Басылыспай,
 Байыңа
 Және жаттан
 Бай тап,
 Өмір бойы қор етесің.

Ет жүрек өртенді,
 От боп жанып,
 Жалын шалып
 Ішіме.
 Иттей қормын,
 Зармын,
 Сен үздің ғой бұл желкемді.
 Кім білер өртенді?
 Өлім айтпас,
 Келсе қайтпас кісіге.
 Бүгінгі күн

Бармын,
Жолдас еттің сен бөтенді.

Фашықтың — қының жол.
 Жетсең — жеттің.
 Жетпей өттің,
 Не болды?
 Арманда өмір
 Өтті,
 Ойлар ма екен бір мені сол?
 Салдырап аяқ-қол,
 Жетпей сертке,
 Ішім дертке
 Тез толды.
 Ажал уақыты
 Жетті,
 Мен өлейін, сен сау-ақ бол.

Шын жүрек — бір жүрек,
 Қайта толқып,
 Жолдан қорқып
 Айнымас.
 Шегінісіп
 Қайтпас,
 Өлсе бір сөзбен, не керек?
 Білесің, сен зерек,
 Мен пәндеңе,
 Болды деме,
 Кел, қарас.
 Ешкім сөгіс
 Айтпас,
 Рахым қылсаң, кел ертерек!

Шын ғашық мен саған!
 Кейіп жүрсем,
 Сені көрсем,
 Ләм-мим деп
 Бір сөз айттар
 Хал жоқ,
 Еріп кетер бой сол заман.

Ойыңды сен маған
Бір бөлмедің,
Тез келмедің,
Мені іздең.
Ішінде ыстық
Қан жоқ,
Тас бауыр жар, бол қош аман!

Жар, сенің көңілің тоқ,
Ақ етіңді,
Нұр бетіңді
Меншікті
Қылмаған соң
Алла,
Өзі сорлы етсе, амал жоқ.
Сен аттың женсіз оқ,
Тәңірі — қазы
Тас таразы,
Тентекті
Сұрамас деп
Қалма,
Серт бұзғанның, біл, орны — шоқ.

ЖІГІТ СӨЗІ

Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар — артылmas.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылmas.

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылmas.
Көрмесем де, көрсем де,
Көнілім сенен айрылmas.

Көзім жатқа қарамас,
Жат та маган жарамас.
Тар төсекте төсінді
Ііскер ме едім жалаңаш?

Иығымда сіздің шаш,
Айқаласып тай-талас,
Ләззат алсақ болмай ма,
Көз жұмулы, көніл мас?

Сізде сымбат, бізде ықылас,
Осы сөзім бәрі рас.

**Сіздей жардың жалғанда,
Қызығына жан тоймас.**

**Етің етке тигенде,
Демің тиіп сүйгенде,
Тән шымырлап, бой еріп,
Ішім оттай құйгенде.**

**Жүрек балқып игенде,
Ішкі сырды түйгенде,
Іздел табар сұңқармын,
Жаразтықты шүйгенде.**

**Қылышында жоқ оғат,
Қарап тойман жүз қабат.
Ыстық тартып барасың,
Бір сағаттан бір сағат.**

**Сіз — қырғауыл жез қанат,
Аш бетінді, бері қарат.
Жақындаі бер жуықтап,
Тамағыңнан аймалат!**

ҚЫЗ СӨЗІ

Қыстырып мақтайсыз,
Ойласаң не таппайсыз?
Бізде ерік жоқ, өзің біл,
Әлде неге бастайсыз.

Біз де әркімді байқаймыз,
Тап бергеннен тайқаймыз.
Сіздей асыл кез болса,
Қайтіп басты шайқаймыз?

Ақылыңа сөзің сай,
Сіз — жалын шоқ, біз — бір май.
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай.

Қабыл көрсөң, көңілім жай,
Тастап кетсөң, япырмай,
Ит қор адам болар ма,
Бұл жалғанда сорлыңдай?

Тілегімді бермесең,
Амалым не жерлесең?
Үйір қылма бойыңа,
Шыны жақсы көрмесең.

Қайғың болар шермен тең,
Қара көңілім жермен тең.

Сенсіз маған жат төсек
Болар бейне көрмен тең.

Сіз — бір сұңқар шаңбаз¹,
Жер жүзінен алған баж²
Біздей ғаріп есепсіз,
Есігіңде жүр мұқтаж.

Көңілің тұрса бізді алып,
Шыныменен қозғалып,
Біз — қыргауыл, сіз — түйғын,
Тояттай бер, кел де алып.

Тал жібектей оралып,
Гұл шыбықтай бұралып.
Салмағыңдан жаншылып,
Қалсын құмар бір қанып

Мұны жаzdым ойланып,
Ойда бардан толғанып.
Кірсе ішіңе оқи бер,
Бозбалалар, қолға алып.

Мұны оқыса кім танып,
Жүргіне от жанып,
Сөзді үғарлық жан тапса,
Айтса жарап ән салып.

Өлең жиған тырбанып,
Ән үйренген ырғалып.
Сорлы Қекбай қор болды-ау,
Осыншадан құр қалып.

¹ Шахбаз (парсыша) — қаршыға, лашын, сұңқар және ержүрек батыр мағынасында қолданылатын сөз.

² Баж (парсыша) — алым-салық. Бұл жерде тоят алу, тояттау деген ауыспалғынада қолданылған.

* * *

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласы аз қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындаі қыз некен-саяқ.
Піскен алма секілді тэтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.

Егер де қолың тисе білегіне,
Лұпілдеп қан соғады жүргегіңе.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,
Шымырлап бу енеді сүйегіңе.

* * *

**Қажымас дос халықта жоқ,
Айнымас серт қайда бар?
Алда көрген артта жоқ,
Мысқыл, өсек, айла бар.**

**Жақсылығың күнде ұмыт,
Бір жаңылсан, болды кек.
Пайдасынан бой сұыт,
Өзі тимей жүрсе тек.**

**Пайда, мақтан өзінен,
Артыла ма ант ұрып?
Жарыса өсек сөзінен,
Айта берсін шарқ ұрып.**

**Кімге достық көп еттім,
Тұбі болды бір кейіс.
Жақсы өмірім әуарә¹ еттің,
Жар таба алмай бір тегіс.**

**Жау қожандап бұртайып,
Дос құбылып, әуре етер.
Кімі тентек, кімде айып,
Тексере алмай өмір өтер.**

¹ Әуарә (парсыша) — сергелденгे салу.

Сыйласарлық тектінің,
Кім танымас нұсқасын?
Күнде өзімшіл ептінің,
Несін адам ұстасын...



* * *

Жастықтың оты, қайдасың,
 Жүректі тұртіп қозғамай?
 Фылымның біліп пайдасын,
 Дүниенің көркін болжамай?

Адамның тауып айласын,
 Кіслікті ойламай.
 Қаруын көңіл сыйласын,
 Қолға ол түспес бойламай.

Махаббат, қызық кім көрер,
 Оның да дәмін татпаса?
 Біржола басты кім берер,
 Жаныңда қайғы батпаса.

Аямай жанын дос ерер,
 Жолдастықты ақтаса.
 Алдыңа айдан кім келер,
 Ерінбей жүріп бақпаса.

Мал бақпақтық шаруа боп,
 Адал тауып асықпай.
 Құр айғаймен әуре боп,
 Өнердің жайын баса ұқпай.

Енді нені істейміз,
Бәрінен де бос қалдық?
«Ауызға келіп тұс» дейміз,
Қылыш жүріп құр салдық!



* * *

Жарқ етпес қара көнілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да,
Дүниеде, сірә, сендей маган жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына табылса да.

* * *

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да,
Оған да үкі, тұмар тағылса да.
Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,
Кім желігіп, қай шеттен қағынса да.

Құшік ит бөрі ала ма жабылса да?
Тәңірі сақтар, табандап тап ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап, арсыладайды,
Әр жерде-ақ керегеге таңылса да.

Құтырды көпті қойып азғанасы,
Арызшы орыс — олардың олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы.

* * *

Бай сейілді,
 Бір пейілді
 Елде жақсы қалмады.
 Елдегі ереккі,
 Босқа селтек
 Қағып, елін қармады.

Жөнді, жөнсіз,
 Сөз теңеусіз,
 Бас пен аяқ бір қисап.
 Ұрысса орыс,
 Елге болыс,
 Үйден үрген итке ұсан.

Өзі ұлыққа
 Қадірі жоққа
 Қарамай, өз халқына
 Сөз қайырмай,
 Жөнді айырмай,
 Жұртқа шабар талпына.

Танымадық,
 Жарымадық
 Жақсыға бір іргелі.
 Қолына алып,

**Пәле салып,
Аңдығаны өз елі.**

**Шашты барын,
Берді малын
Боларында жұртына.
Еміреніспес,
Енді піспес,
Ұқсамас еш сыртына.**

**Ер де жаман,
Ел де жаман —
Аңдығаны өз елі.
Елде — сыяз,
Ойда ояз,
Оңбай-ақ түр әр түрі.**

**Кетті бірлік,
Сөнді ерлік,
Енді кімге беттемек?
Елің — ала,
Отты шала,
Тайса аяғың, кім көмек?**

**Өтті өмірім,
Қайтты көңілім
Бұл дүниенің ісіне.
Жасы құрбы,
Жаны тұрғы,
Дос па деген кісіге.**

**Ел керексіп,
Сөзге емексіп,
Не болады мақтаның?
Пейілі шикі,
Ақылы күйкі,
Осы жұрт па тапқаның?**

* * *

Ем таба алмай,
 От жалындай,
 Толды қайғы кеудеге.
 Сырласа алмай,
 Сөз аша алмай
 Пендеге.

Босқа ұялып,
 Текке именіп
 Кімді көрсем, мен сонан,
 Бетті бастым,
 Тұра қаштым
 Жалма-жан.

Ұйқы, тамақ
 Қалды тым-ақ
 Керегі жоқ іс болып,
 Жай жатпағым,
 Тыныш таппағым
 Күш болып.

Жас жүрегім
 Жанды менің,
 Жай таба алмай, япрыым!
 Өзің онда

Жақсы жолға

Ақырын.

Жас теректің
Жапырағы
Жамырайды, соқса жел.
Тұсті мойын,
Толды қойын
Ақты сел.

Мен паң едім,
Бейқам едім,
Еш нәрседен қайғысыз.
Тез дерттендім,
Кейде өртендім,
Кейде мұз.



* * *

Келдік талай жерге енді,
 Кіруге-ақ қалдық көрге енді.
 Қызыл тілім буынсыз,
 Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
 Тыңдаушымды ұғымсыз
 Қылыш тәңірім берген-ді.
 Осы жасқа келгенше,
 Өршеленіп өлгенше,
 Таба алмадық бір адам
 Біздің сөзге ергенді.
 Өмірдің өрін таусып,
 Білімсізбен алыссып,
 Шықтық міне белге енді.
 Енді аяңда, жығылма,
 Сыймас жерге тығылма,
 Қой бүрынғы желгенді!
 Қайғы шығып ишққа,
 Қамалтасын түйікқа,
 Сергі, көңілім, сергі енді!
 Балапан құстай оңдалып,
 Қанатыңды қомданып,
 Жатпа ұяда қорғанып,
 Ұш, көңілім, көкке, көргі енді!
 Көңілде қайғы, қалың, зар,
 Айтатұғын сөзім бар,
 Салсын құлақ ұққандар,
 Өрбі, сөзім, өрбі енді!

Іште қайғы дерт пысып,
 Көкіректі өрт қысып,
 Айтуға көңілім тербенди.
 Өзің жалғыз, надан көп,
 Үқтырасың сен не деп
 Әулекі, арсыз елге енді?
 Тыныштық сүймей қышынып,
 Өтірікке тұшынып,
 Пәледен тұрмас шошынып,
 Тұл бойын желік жеңген-ді.
 Туған жерді қия алмай,
 Тентекті жеңіп, тыя алмай,
 Элі отырмыз ұялмай,
 Таба алмадық өндеге елді.
 Эзелде тәңірім сорлы етті,
 Арсыз елмен әуре етті,
 Жалғыз үйде күнірентті,
 Тағдырға білдік көнгенди.
 Адам деген даңқым бар,
 Адам қылмас халқым бар,
 Өтірік пен өсекке
 Бәйге атындағы аңқылдар —
 Тұла бойым шіміренді.
 Барма топқа шақырмай,
 Жат үйінде шатылмай,
 Шыдармын ба, япырмай,
 Жатуға шықпай үйде енді?
 Қатыныңың ойнасын
 Қөрсөң, білсөң қоймасын,
 Не ойлар едің, өз басың,
 Сонымен тең біз де енді.

* * *

**Өзгеге, көнілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дерпті жоярсың.**

**Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көнілім оянсын.
Жыласын, көден жас ақсын,
Омырауым боялсын.**

**Қара басқан, қаңғыған,
Хас надан нені үға алсын?
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын.**

**Тыңдамаса еш адам,
Өз жүрегім толғансын.
Әр сөзіне қарасын,
Іштегі дертім қозғалсын.**

**Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын.**

Мендей ғаріп кең болса,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсө сөзімді,
Кім таныса, сол алсын.

Не пайда бар — мың надан
Сырттан естіп таңдансын.
Онан дағы бір есті
Ішкі сырын аңғарсын.

Өздерің де ойландар,
Неше түрлі жан барсың.
Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы аңдарсың.

Жүргегіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың.
Соны көріп, соларға,
Қайтіп қана сарнарсың?!

* * *

**Кейде есер көңіл құрғырың,
Махаббат ізден талпынар.
Ішем деп бейнет сусынын,
Асау жүрек алқынар.**

**Тартқан бейнет, өткен жас,
Жүректің отын сөндірмес.
Махаббат — өмір көркі, рас,
Өлген соң ол да үн демес.**

**Махаббатсыз — дүние бос,
Хайуанға оны қосындар.
Қызықтан өзге қалсанғ бос,
Қатының, балаң, досың бар.**

**Жүргегі жұмсақ білген құл,
Шын дос таппай тыншымас.
Пайды, мақтан бәрі — тұл,
Доссыз ауыз тұшымас.**

ЖАӘФЫТҰРЫ

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Құлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа құған жастардың мойыны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздал, қой қоздап — қорада шу,
Көбелекпен, құспенен сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
Жарқ-жүрқ етіп ілінер көк дауыл баз¹.
Құс қатарап байлаған қанжығаға
Қыз бұрандап жабысып, қылады наз.

парсыша) — қаршыға.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, сайды бұлбұл,
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек.

Жаңа пұлмен жамырап саудагерлер,
Диханшылар жер жыртып, егін егер.
Шаруаның бір малы екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп, дәulet өнер.

Безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздаі жер иіп емізгенде,
Бейне әкендей үстіңе аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге
Рахметіне Алланың көңіл сенер.
Мал семірер, ақ пенен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер.

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның пейілі енер.
Тамашалап қарасаң Тәңірі ісіне,
Бойың балқып, ериді іште жігер.

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Таң атқан соң шығарын құннің біліп,
Өнді қашып, бола алмас бұрынғыдай.

Күн — күйеу, жер — қалындық сағынышты,
Құмары екеуінің сондай күшті.
Түн қырындап жүргенде көп қожандап,
Күйеу келді, ай, жұлдыз к... қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
 Жан-жануар қуанаρ тойға елеρіп.
 Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
 Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Күн — күйеуін жер көксеп ала қыстай,
 Біреуіне біреуі қосылыспай,
 Көңілі күн лебіне тойғаннан соң
 Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Адам тіктең көре алмас күннің көзін,
 Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.
 Қызыл арай сары алтын шатырына,
 Күннің кешке кіргенін көрді көзім.



* * *

Асқа, тойға баратұғын,
 Жаны асығып жас жігіт.
 Қолға кетті жауға бір күн,
 Тірі адамның ісі — үміт.

Қозғады жау батыр ерді,
 Жауға сойқан салғалы.
 Қалыңдығы қала берді,
 Жатыр еді алғалы.

Асықсан да, шырағым,
 Саған деген құданың
 Жазылған қандай жарлығы,
 Есіткен жоқ құлағың.

Қалыңдық құшып, сүюге,
 Қүйеуіне ынтызар.
 Келісімен тиюге
 Даійнадаған ойы бар.

Көйлегін ақтан тіккіштеп,
 Құні-тұні дем алмай,
 Бітіруге жүр күштеп,
 Асыққансып, тоқталмай.

Сен асыққан екен деп,
 Алла әмірін өзгертпес.
 Айтқаның болар ма екен деп,
 Мен қорқамын, көз жетпес.

Жара басты қеудені,
 Жаудан өлді ар үшін.
 Ескермей өзге дүниені,
 «Аң!» деп өтті жар үшін.

Жамандық тұрмас құттіріп,
 Ел есітті, қыз білді.
 Ақ көйлекті бітіріп,
 Кебінім деп киді, өлді...

Қол жетпеген некені
 Сүйіп кеткен жан екен.
 Көзің, неге жетеді,
 Қосылмақ онда бар ма екен?

Шыны ғашық жар болса,
 Неге өлдім деп налымас.
 Онда екеуі кез келсе,
 Бірін бірі танымас.

* * *

Ата-анаға көз қуаныш —
 Алдына алған еркесі.
 Көкірегіне көп жұбаныш,
 Гүлденіп ой өлкесі.
 Еркелік кетті,
 Ер жетті,
 Не бітті?

Оқытарсың молдаға оны,
 Үйретерсің әр нені.
 Медеу етіп ойы соны,
 Жаны тыныштық көрмеді.
 Жасында күтті,
 Дәме етті,
 Босқа өтті.

Ата көңіл жанбаса бір,
 Артық өнер шықпаса.
 Ел танымай, үй танып құр,
 Шаруасын да ұқпаса —
 Үміті қайда?
 Соны ойла,
 Абайла!

Сүйер ұлың болса, сен сүй,
 Сүйінерге жарар ол.

Сүйкімі жоқ құр масыл би
Сүйретіліп өтер сол.
Табылмас қайла,
Ойбайла —
Не пайда?

Зарланарсың, ойланарсың,
Не болам деп енді мен.
Құрбылардан қорланарсың,
Тәңірі ісіне сен де көн.
Кайғысыз пендे
Көрдің бе
Өміріңде?

Тәңірі сорлы етсе, пенде
Не бітірер құр жылап.
Жігері жоқ ақылы кенде,
Жамбасыңнан жат сұлап.
«Бір жаман мен бе?»
Дедің бе
Көніліңде?

* * *

Тайға міндік,
 Тойға шаптық,
 Жақсы киім киініп.
 Үкі тақтық,
 Күлкі бақтық,
 Жоқ немеге сүйініп.
 Құйкентай күтті,
 Құс етті,
 Не бітті?

Атамыз бар,
 Молдамыз бар,
 Айтқанына көнбедік.
 Арт жағында
 Біз соған зар
 Боламыз деп білмедік.
 Ұрланып қаштық,
 Жолғастық,
 Шуластық.

Жазу жаәдік,
 Хат таныдық,
 Болдық азат молдадан.
 Шала оқудан,
 Не жарыдық,
 Қалғаннан соң, құр надан?

Бағасыз жастық —
Бозбастық,
Адастық.

Бозбалалық —
Қыз қарадық,
Қалжың, әзіл сөйлестік.
Ат жараттық,
Сән тараттық,
Әуейілік күйлестік.
Көңілге келер,
Кім жолар,
Кім көнер?

Қайын бардық,
Қатын алдық,
Ениші тиді аз ғана.
Шаруа атандық,
Енді ойландық,
Қала берді бозбала.
Бұрынғы қайда?
Ойбайла —
Не пайда?

* * *

Заман ақыр жастары,
 Қосылмас ешбір бастары.
 Біріне бірі қастыққа —
 Қойнына тыққан тастары.

Саудасы — ар мен иманы,
 Қайрат жоқ бойын тыйғалы.
 Еңбекпен етті ауыртпай,
 Құр тілменен жиганы.

Өнімсіз іске шеп-шебер,
 Майданға түспей несі өнер?
 Сиырша тойса мас болып,
 Өреге келіп сүйкенер.

Күлмендеп келер көздері,
 Қалжыңбас келер өздері.
 Кекектеп секек етем деп,
 Шошқа туар сөздері.

* * *

**Көзінен басқа ойы жоқ,
Адамның надан әуресі.
Сонда да көңілі тым-ақ тоқ,
Жайқаң-қайқаң әр несі.**

**Білмейсің десе, жел өкпе,
Дейді дағы — Тәңірі ісі.
Бірінен бірі бөлек пе
Иемнің әділ пендесі?**

**Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың¹ түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса
Адамның хикмет² кеудесі.**

**Наданың көңілін басып тұр
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шараусы.**

¹ Хақ (арабша) — көп мағыналы сөз: а) тура, шын, дұрыс; ә) баға; б) үлес, сыбага; в) Алла; г) хұқық. Бұл арада дұрыстық, шындық мағынасында.

² Хикмет (арабша) — көп мағыналы сөз. Пәлсапа (философия). Бұл арада білім, сыр, керемет мағынасында.

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Малқұмар көнілі — бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тындағыш қанша көп болса,
Сөз ұгарлық кем кісі.



* * *

Жастықтың оты жалындал,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындал,
Әр қыныңға салған шақ.

Уайым аз, ұміт көп,
Ет ауырмас бейнетке.
Бүгін-ертең жетем деп,
Көңілге алған дәuletке.

Қайратпен кіріп жалынбай,
Ақылмен тауып айласын,
«Мен қалайға?» салынбай,
Жылды жүзбен жайнасын.

Қайратқа сеніп қақтықпай,
Жазасын тауып жауласар.
Қатынша тілмен шаптықпай,
Майданға шықса жарасар.

Жалыны қайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы кәрі дүниенің
Бір кетігін ұстап бақ.

Құйрығы шаян, беті адам,
Байқамай сенбе құрбыға!
Жылмаңы сыртта, іші арам,
Кез болар қайда сорлыға.

Досыңа достық — қарыз іс,
Дүшпаниңа әділ бол.
Асығыс түбі — өкініш,
Ойланып алмақ — сабыр сол.

Ақ көңілді жақсыдан
Аянбай салыс ортаға.
Ақылды, ары тапшыдан
Қу сөзін алма қолқаға.

Сүм-сүрқия, қу заман
Гүл көрінер жігітке.
Қызықты өмір жайнаған,
Кеудесі толып үмітке.

Бір нәрсені ұнатса,
Қайта ойланып қарамас.
Мақтатып жұртты шулатса,
Құмары сол қызба бас.

Сенісерге келгенде,
Сене берер талғамай.
Жұрты құргыр сенгішке
Тұра ма құлық жалғамай?

Ары кеткен алдағыш,
Мені-ақ алда, сөкпейін.
Балы тамған жас қамыс
Ормасаңшы көктейін!

Сені жақсы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіңе?
«Япымай!...» деп терлесе,
Ар емес пе өзіңе?

* * *

Қызарып, сұрланып,
Лұпілдеп жүргегі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,
Бір жолдан қайта алмай.
Жолықса ол зарлы,
Сөз жөндеп айта алмай.

Аяңдал ақырын,
Жүрекпен алысып,
Сыбдырын, тықырын,
Көнілмен танысып.

Дем алыс ысынып,
Саусағы суынып.
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып.

Иығы тиісіп,
Тұмандал көздері.
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері.

Жанында жапырақ,
Үстінде жұлдыз да.
Елбіреп-қалтырап,
Жігіт пен ол қыз да.

Өзге ойдан тыйылып,
Бірімен бірі әуре.
Жүрекке құйылып
Жан рахат бір сәуле.

Жүргегі елжіреп,
Буындар босанып.
Рахатпен әлсіреп,
Көзіне жас алып.

Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің?
Фашыққа мойын қой,
Женілдің, жеңілдің!..



* * *

Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы,
Бітпейді ішімде,
Ғашықтың жарасы.

Қазақтың данасы,
Жасы ұлкен ағасы.
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде,
Қалқама сөз дайын.

Жүректен қозгайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп сөзбайын.

Тереңдеп қарайсың,
Телміріп тұрмайсың.
Бихабар жүргенсіп,
Бек қатты сынайсың.

Сан кісі мұңайсын,
Сабырмен шыдайсың.
Күйемін, жанамын,
Еш рахым қылмайсың.

Ақылсыз би болмас,
Сәулесіз үй болмас.
Жүректе оты жоқ,
Адамда ми болмас.

Шын ғашық сый болмас,
Сый болса, сыр болмас.
Арызымды айтайын,
Қүй болар, қүй болмас.

Кең маңдай, қолаң шаш,
Я бір кез, я құлаш.
Ақ тاماқ, қызыл жүз,
Қарағым, бетінді аш!

Қара көз, имек қас,
Қараса жан тоймас.
Аузың бал, қызыл гүл,
Ақ тісің кір шалмас.

Қыр мұрын, қыпша бел,
Солқылдар соқса жел.
Ақ етің үлбіреп,
Өзгеше біткен гүл.

Қарағым, бермеи кел,
Бізге де көңілің бөл,
Қалқамның нұсқасын,
Көр, көзім, бір кенел.

Қайғың — қыс, жүзің — жаз,
Боламын көрсем мәз.
Құлқінің бойды алар,
Бұлбұлдай шықса әуез.

Кісімсіп дұрдараз,
Бұрандап қылма наз.
Мал түгіл басымды,
Жолыңа берсем де аз.

Иісің гұл аңқыған,
Нұрың күн шалқыған.
Көргенде бой еріп,
Сүйегім балқыған.

Қаяусыз қалпынан,
Өзі артық даңқынан.
Қызыл тіл шыға алмас,
Мақтаудың шартынан.

Сенсің — жан ләззәті,
Сенсің — тән шәрбәті.
Артықша жаратқан,
Алланың рахматы.

Көрік — тәңірі дәулеті,
Қылса ұнар құрметі.
Сұлуды сүймектік —
Пайғамбар сұндеті¹.

Не десем саған еп?
Гашығың да қайғы жеп,
Өртенген жүрекке,
Бір көрген болар сеп.

Біздердей ғашық көп,
Қайсысы саған дөп?
Жөндеп те айтпадым,
Жүргім лүпілдеп.

Назына кім шыдар?
Бұрандап жүр шығар.

¹ 1. әз. сұннат (арабша) — Мұхаммедтің істеген ісі мен айтқан сөзі. Бұл жерде
әз. деген мағынада.

Қасқая күлгени,
Қылады тым құмар.

Ер емес қымсынар,
Әркім-ақ ұмсынар.
Құдай-ау, бұл көнілім,
Құн бар ма бір тынар?



* * *

Менсінбеуші ем наданды,
Ақылсыз деп қор тұтып.
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.

Жан шошырлық түрінде,
Бәрі бірдей еліріп.
Ұстай алмадым бірін де,
Кекиді кейін шегініп.

Әринемен ел кетті,
Қоқиланды, мақтанды.
Қуат бітті, күн өтті,
Жарылқа, құдай, жатқанды.

Мен — қажыған арықпын,
Қатын-бала қонағы.
Сендерге де қанықпын,
Жұртың анау баяғы.

Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып.
Жұртым деуге арлымын,
Өзге жүрттан ұялып.

Барымта мен партия —
Бәрі мастық жүрт құмар.
Сыпыра елірме, сұрқия,
Көп пияншік нені ұғар?

Татулықты, тыныштықты
Қоңыр көрер, кем көрер.
Ұрлық пенен құлықты
Қызық көрер, өңі енер.

Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы!
Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жүрт, не ылажы?

* * *

Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?
Босқа әуре қылмай, шыныңды айт.
Шарқ ұрып, тыныштық бермейсің,
Сырласалық, бермен қайт.

Абұйыр, атақ сол жанда,
Кімді көп жұрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайды,
Көп мақтауын таппаса?

Көп тәңірі атқан мақтай ма,
Ол тәңірі атқан болмаса?
Жоқты-барды шатпай ма,
Көптің өзі оңбаса?

Мақтау — жел сөз жанға қас.
Қошеметшіл шығарған.
Бір мақтаса боқтамас
Ел табылса, құмарлан.

Жүрттың бәрі сөз сатқан,
Сатып алып не керек?
Екі сөзді тәңірі атқан —
Шыр айналған дөңгелек.

Сатып алма, сөз сатса,
Ол асылды аңдамас.
Біләткенің байы — ақша,
Ер жақсысын таңдамас.

Мен мақтанның құлы емес,
Шын ақылға зорлық жоқ.
Антүрған көп пұл емес,
Өлім барда қорлық жоқ.

Өмір, дүние дегениң,
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің,
Ойлай берсең, у екен.



* * *

Жүргегім, ойбай, соқпа енді!
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол — шикі.

«Жетім қозы — тас бауыр,
Тұңілер де отығар».
Сорлы жүрек мұнша ауыр,
Неге қатты соқтығар?

Сенісерге жан таба алмай,
Сенделеді ет жүрек.
Тірлікте бір қана алмай,
Бұл не деген тентірек?

Жоқ деп едің керегің,
Топ жиып ең бір бөлек.
Кезек келер демедің,
Ендігі керек қай керек?

* * *

**Қайғы шығар ілімнен,
 Ыңа шығар білімнен.
 Қайғы мен ыза қысқан соң,
 Зар шығады тілімнен.
 Қайтіп қызық көремін
 Әуре-сарсаң құнімнен?
 Қайырылып қарап байқасам,
 Ат шаба алмас мінімнен.
 Қайғылы, қартаң біздей шал,
 Қарай берсең, қайды жоқ?
 Есер, есірік болмасаң,
 Тіршіліктен пайда жоқ.**

**Ақыл бітпес даулетке,
 Даулет бітпес келбетке.
 Болымсыз құлық тойымсыз
 Болады балаң жөргекте.
 Ішімен жау боп, сыртымен
 Кім тояр қылған құрметке?
 Қеңшіліктегі туған жоқ
 Шықсын деген жел бетке,
 Тарлықта қанша тайпалса,
 Қадірі болмас, әлбетте.**

**Сыйласа елің ұлықтап,
 Арасаң қызықтап,**

Қызық пенен тыныштыққа
 Қазақ тұрмас тұрықтап.
 Қандылдап біреу ән салса,
 Біріне бірі жуықтап.
 Тебінісіп қамалар,
 Тоқтатып болмас сырыйтап.
 Түзу бол деген кісіге
 Түзу келмес ырықтап.
 Сырдаң тартып қашады,
 Үстайсың қайтіп құрықтап?

Ел жайын біліп қансаңыз,
 Айтайын құлақ салсаңыз:
 Кейбіреуі дүрсіп жүр,
 Жер тәңірісіп кер магыз.
 Кейбіреуі — зәкүншік,
 Ондырмассып, берсе арыз.
 Кейбірі пірге қол берген,
 Іші залым, сырты абыз.
 Кейбірі қажыға барып жүр,
 Болмаса да қаж парыз.
 Мұсылмандық ол ойлап,
 Өтеген қашан ол қарыз?

Дәулеті жоқ бурыл шаш,
 Үйіңе кет, топтан қаш!..
 Ағайынның ішінен
 Шыға қалса тай-талас,
 Партия жиып, мал сойса,
 Бата оқисың, жейсің бас.

Басалқа сөз сенде жоқ,
 Айтқан сөзің «малың шаш»
 Итше індеп тілемей,
 Жат үйінде, өлсен де аш!

Ойлап-ойлап қарасам,
 Осындаш шал қайды жоқ?
 Қозғау салып қоздырғыш,
 Қезбе шалдан пайда жоқ.

ОСПАНФА

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жау жүрек, жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек сұынбай,
Жан біткеннен түңілмей,
Жагалай жайлай дәuletің
Жасыл шебі қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің,
Жайдадақ тартып суалмай,
Жайдары жүзің жабылмай,
Жайдактап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің, япырмай!

* * *

Кешегі Оспан,
Бір бөлек жан,
Үйі — базар, түзі — той.
Ақша, нәрсе
Ала берсе,
Ат та мінсе, көнді ғой.

«Ала берден»,
«Келе көрден»
Бір күн басын бұрды ма?
Келді қаптап,
Алды сап-сап,
Кетті мақтап, тұрды ма?

Жауға мылтық,
Досқа ынтық,
Жан асар ма осыдан?
Қорықпай өтті,
Жанға жетті,
Арман етті досынан.

Ел тамағын,
Жұрт азабын
Жеке тартқан кетті ер.
Сондай ерді —

«Ала берді»
Табар енді біздің ел!

Өлді Оспан,
Кетті шопан,
Енді кім бар бақ қонар?
Ұрла-қарла,
Жүртты шарла,
Ойла, барла — не болар?

Жүрт тынымсыз,
Бәрі ұғымсыз,
Енді оларға сөз де жоқ.
Сырты абыз бар,
Желқабыз бар,
Алты ауыз бар — өзге жоқ.

* * *

Құлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлантып әр нені.
Бір себепсіз қайғы құр
Баса ма екен пендени?

Қапамын мен, қапамын,
Қуаныш жоқ көңілде.
Қайғырамын жатамын,
Нені іздеймін өмірде?

Қайтты ма көңіл бетімнен,
Яки бір қапыл қалдым ба?
Откен күнге өкінбен,
Әм үміт жоқ алдымда.

Іздегенім тәтті үйқы,
Дүниені ұмытып.
Өлімнің сұық тым сыйқы,
Тұрсын өмір жылдытып.

Көз үйқыда, ой тыншып,
Дем алып жатсын көкірек.
Кім таласса, кім үрсып,
Көрсем оны — сол керек.

Өзім аулақ бетінен,
Бір орында оңаша,
Дүние деген не деген —
Қыла жатсам тамаша.

Мансап іздер, мал қуар,
Бәрі мақтан іздеген.
Мақтанынан не туар,
Ыза қылып өзгеден?



* * *

Ысытқан, сұытқан
Бойыңды бір көңіл.
Дүниені ұмытқан
Құмарың тозар, біл.

Әуелгі кезінде
Қайтпаған көңілдің,
Есептеп өзің де,
Түрінен өмірдің.

Бір жақсы күнім деп,
Қызықпен сөйлесіп.
Артынан «ол нем?» деп
Ұялып кезнесіп¹.

Бір ақымақ әңгіме
Сықылды көрінер.
Онысын өңгеге
Айтуға ерінер.

Айтуға білсе, ерінбес,
Надандықпен жеңілмес.
Білген кісі айтса оған,
Надандығы кемімес.

Смыку, қызару мағынасында.

* * *

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында,
Тұл бойында
Бір міні жоқ пендесіп,
Тұзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп.

Бас құрасып,
Мал сұрасып,
Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
Байды жаулап жетісер.

Сөз қыдыртқан,
Жүргт құтыртқан,
Антын, арын саудалап.

Бұтты-шатты,
Үй санатты,
Байдан атты алмалап.

Кедейі — ер,
Кеселі зор,
Малды байдан сорлы жоқ.
Аш көмектің,
Жемдемектің,
Босқа әлектің орны жоқ.

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде-гу.
Байы — баспақ,
Биі саспақ,
Әулекі аспақ сыпыра қу.

Ақы берген,
Айтса көнген,
Тыныштық іздер елде жоқ.
Аққа тартқан,
Жөнге қайтқан,
Ақыл айтар пенде жоқ.

Әз тұтуға,
Сыйласуға
Қылмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,
Пәле шақыр,
Болдың ақыр тап-тақыр.

Су жағар ма,
Сөз үғар ма,
Сыпыра жылмаң желбуа?

Айтты — көндім,
Алды — бердім,
Енді өкіндім — өзіме аз.

* * *

Жақсылық ұзақ тұрмайды,
 Жамандық әр кез төзбайды.
 Үміттің аты елеріп,
 Қос тізгінді созбайды.
 Қанша тепкі салсаң да,
 Уайымнан озбайды.
 Бір қайғыны ойласаң,
 Жүз қайғыны қозғайды.
 Жер қорығыш желгек шал
 Желіп жүріп боздайды.

Құрсаған бұлт ашылмай,
 Аспанның жүзі көгермес.
 Үрпейген жүрек басылмай,
 Талапты көңіл елемес.
 Шырайды қайғы жасырмай,
 Құлқінің ерні кезермес.
 Шыдасаң есті қашырмай,
 Құлдатып, қор қып жібермес.

Кез келсе қайғы қат-қабат,
 Қаңғыртпай қоймас адамды.
 Қасиетсіз тұған — о да жат,
 Құңқілдеп берер сазаңды.

Бәрінен де сол қымбат,
 Қайтерсің өңкей наданды.
 Сыпыра батыр сүм құрбәт¹
 Мақтанмен алды мазамды.



Құрбәт, көрбәт (парсыша) — жақындық, тұысқандық.

* * *

Антпенен тарқайды,
 Жиылса кеңеске.
 Ор қазып байқайды
 Туа жау емеске.

Анттасып алқайды¹
 Сен тентек демеске.
 Кім анттан шалқайды
 Амал жоқ жемеске.

Аз адам шаршайды,
 Ебіне көнбеске.
 Бас ыңғай қайқайды,
 Амал жоқ өлмеске.

Ел састы, аңқайды,
 Би тартты егеске.
 Жүрттағы мал жайды
 Ой қылар бермеске.

Өсімге қол жайды,
 Тай алып серкешке.
 Алмаса ол тайды,
 Да-дайын көрмеске.

¹ Алқайды — қостайды, қолдайды деген мағынада.

Кедей би жантайды
Сауыр мен өркешке.
Саумаққа ол байды,
Кеңесер би кешке.

Қайғы қып болмайды,
Өкпелеп білмеске.
Сүйтсе де оңбайды,
Бұрынғы тұсті еске.

Пысықтар шалқайды,
Таласып теңдеске.
Қағысып шонтайды
Өзімен жемдеске.

Таласып тарқайды
Ақшадан тәрт-беске.
Бірлікті шайқайды,
Араз боп өнбеске.

* * *

Қарашада өмір тұр,
 Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?
 Арттағы майдың көңіл жүр,
 Жалынсан қайтып келер ме?

Майдың жүрттыйң іші — қар,
 Бәйшешек қарға өнер ме?
 Ішінде кімнің оты бар,
 Қар жауса да, сөнер ме?

Талаппен ұшып, талпынып,
 Шартарапты көзdemес.
 Пайданы қуып алқынып,
 Өзгені әсте сөз демес.

Кеудесі — толған құлық ой,
 Бәрі де пысық, езбе емес.
 Құмары оның айт пен той,
 Пайда мен мақтан, өзге емес.

Алдадым, ұрдым, қырдым деп,
 Шалықтап, шалқып, шаттай ма?
 Қапысын аңдып тұрдым деп,
 Құлығын бұлдарап сатпай ма?

Момыннан жаман қорқақ жоқ,
«Қу», «пысық» деген ат қайда?
Арсыз болмай атақ жоқ,
Алдамшы болмай бақ қайда?



* * *

Жас өспірім замандас қапа қылды,
 Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды.
 Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай,
 Сенімі жоқ серменде өңкей жынды.

Жамандық, жақсылық пен — оған бір бәс,
 Дін ісін, құдай ісін айыра алмас.
 Арын сатып, ант ұрып іздегені —
 Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас.

Тұрлаусыздың қолынан не келеді?
 Үйнtasыз қайтіп өнер үйренеді?
 Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп,
 Сендерге алмай, сене алмай, сенделеді.

Онда оны алдайды, мұнда мұны,
 Жанын берсе, табылмас сөздің шыны.
 Алты жақсы жүз жылқы болған басы
 Бір семіз ат болады оның құны.

* * *

Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл.

Ол тілге едік оңтайлы —
Қаріпсіз біліп сондайды.
Біліп-ақ, ұғып қоюшы ек,
Енді ішіме қонбайды.

* * *

Эсемпаз болма әр неге,
 Өнерпаз болсаң, арқалан.
 Сен де — бір кірпіш, дүниеге
 Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,
 Қашқанға да, құғанға.
 Әділет, шапқат¹ кімде бар,
 Сол жарасар туғанға.


Бастапқы екеу соңғысыз
 Біте қалса қазаққа,
 Алдың — жалын, артың — мұз,
 Барап едің қай жаққа?

Пайданы көрсөң бас ұрып,
 Мақтанды іздеп, қайғы алма.
 Мінінді ұрлап жасырып,
 Майданға түспей бәйгі алма.

Өзінде бармен көзге ұрып,
 Артылам деме өзгеден.
 Қундестігін қоздырып,
 Азапқа қалма езбеден.

¹ Шапқат, шәфхат (арабша) — аяу, рахым ету.

Ақырын жүріп, анық бас,
 Еңбегің кетпес даға.
 Ұстадық² қылған жалықпас
 Үйретуден балаға.



² ұст. өстад (парсыша) — 1) үйретуші, оқытушы, тәрбиеші; 2) ұста; профессор.

ЕСКІЛІК КИІМІ

Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен,
 Тон қабаттап кигенім — шидем шекпен.
 Жейде-дамбал ақ саңнан, жарғақ шалбар,
 Жырым балақ матамен әдіптеткен.

Мықшима аяғымда былғары етік,
 Киіз байпақ тондырмас ызғар өтіп.
 Үлкен кісе белімде жез салдырган,
 Шақпагым, дән дәкуім¹ жарқ-жүрқ етіп.

Құләпера бастырган пүшпақ тымақ,
 Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
 Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
 Артын белге қыстырган бар құрысқақ².

Қалмақ қара үзенгі, биік қасты ер,
 Қанжығамда байлаулы жіктен шідер.
 Жарғақ жастық, көвшігім, жезді пыстан³,
 Бір келісті сайманым топқа мінер.

¹ Дән дәкуім — кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы.

² Құрысқақ — тобылғы тиек.

³ Пыстан — бәстән (парсыша). Ердің үстіндегі көвшікті алды-артынан бастырылғы қоятын, үстіне жез қапталған, былғарыдан істелген тұрман.

ӘБДІРАХМАН НАУҚАСТАНЫП ЖАТҚАНДА

Я, құдай, бере көр,
Тілеген тілекті.
Қорқытпай орнықтыр
Шошығаи жүректі.

Шын жүрек елжіреп,
Алладан тілеймін.
Шын қалқам осы күн
Болып тұр керекті.

Жүргегім сұылданап,
Сүйегім шымырлап,
Алладан тілеймін
Құпия сыбырлап.

Зар етсе пендесі,
Бермей ме Алласы.
Тән саулық қалқама,
Қабыл боп көз жасы.

Не жазам, япырмау,
Қол шорқақ, тіл мақау.
Сәләмат өзінді
Кешікпей көрсем-ая.

Бір сұып, бір ысып,
Барады іш пысып,

Жүзінді бір көріп,
Сүйгенше бір құшып.

Бір үміт, бір хаяіп,
Көңілге жол тауып,
Кірген соң сөз қыын,
Әр неге ой ауып.

Екі ай-ақ не қылыш,
Басқаша ауырып,
Япымай, докторлар
Жүрмесін жаңылып.

Жарылып ауыз ашты,
Жарасы жаасты.
Жарасыз біреуі
Неліктен үйқы ашты.

Алмаса докторға
Нанбаңыз соққырға.
Визитке төлемей,
Шырағым, бос қалма.

Ол жесін, ол жұтсын,
Шырайын жылыштысын.
Ақшаны аяма,
Үйқыны тыншытсын.

Әбсәмет жиенің,
Ол — сенің біреуің.
Достығын достықпен
Өтемек — тілеуім.

Көңілдің, хоштығы —
Ол оның достығы.
Барар ем, қолымның
Болмады бостығы.

Сарғайды жүзіміз,
Сарылды көзіміз.
Қатайып сауықсан
Сағынған өзіңіз.

Хатымды көріңіз,
Көңілді бөліңіз.
Құатың ерік берсе,
Кешікпей келіңіз.

Тау өскен жеріңіз,
Тұысқан еліңіз
Зар боп тұр көруге,
Ұнатса көңіліңіз.

Уайым жеуліміз,
«А, Құдай» деуліміз.
Жазылып келсекіз,
Гүлденер өміріміз.

ӘБДІРАХМАНҒА

**Алланың рахматын
Жар тұтып әр неге.
Әр рахман¹ ол атын
Үйреткен жүмлеге²**

**Дұғаның қуатын
Жіберме өңгеге.
Әбіштің сыйхатын³
Беркітсөң кеудеге.**

**Рәушан сипатын
Тез көрсет пендеге.
Осындай шапқатын
Ұмытам мен неге?**

**Зар хатым — бұл хатым,
Бізді тыныш жүр деме.
Азайып қуатым,
Денем жүр көрмеге.**

**Бұл — жазған сұңғатым⁴,
Көңіл ашар бір наме⁵.
Менің сол рахатым
Көзіме сұрмеге.**

¹ Рахман (арабша) — аяушы, мейірім етуші (Алланың бір аты).

² Жүмле, жөмәле (арабша) — жалпы, жиынтық.

³ Сыйхат (арабша) — есендік, саулық, сәлеметтік.

⁴ Сұңғат, санғат (арабша) — көркем шығарма мағынасында.

⁵ Наме (парсыша) — хат, жазылған нәрсе, кітап мағынасында.

ӘБДІРАХМАНҒА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ

Тілім, саған айтайын,
Осы сөздің келісін тап.
Қолым, сені қайтейін,
Қаламды тұрдың қатты үстап.

Жүректің сөзін сөйле, тіл,
Жалғаны жоқ бояма.
Қу көсе¹ қандай өзімшіл,
Бір сынамай қоя ма?

Махаббатпен қарап бақ,
Тамыр соқса солқылдап.
Мен жазайын сізге хат,
Оқып көрсі ол шындал.

Оқып көріп байқасын,
Мағынасы ішке кіре ме?
Ұрлаган сөз деп айтасың,
Сөз үрлыққа жүре ме?

Кісі айтпаған сөз бар ма,
Тегіс ұғар қай құлақ?
Сөккениң оны ұнар ма,
Үйренген сөзге мен де ортақ.

Әзінің құрдасы Магауияға әзіл.

Тұла бойым, балқи көр,
Әбіш ағам дегенде.
Мейлің, Мағаш, шалқи бер,
Не десең де сөгем бе?

Көріскен соң бір дидар,
Алла оңғарып келгенде,
Сынаушы сонда табылар
Мұнда жатқан елден де.

Төсекке мениң жатуым —
Үйқыға әбден талған соң,
Үстазым мен татуым
Сен екеуің болған соң.

Жас жүргім қозғалса,
Бір Аллаға тілегім.
Ол қарағым оңалса,
Тыншыр еді жүргім.

Жүздерінді сау көрсем,
Екі көзім нұры еніп.
Қосылысып бір жүрсем,
Әр нәрсені үйреніп.

Жерің алыс, жете алмай,
Мағаштан да мен сорлы.
Қызметінді ете алмай
Қалмас едім сол құрлы.

ӘБДРАХМАНҒА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ

Көзімнің нұрысыз,
Сізсіз жоқ қуаныш.
Өмірдің гүлісіз,
Көңіліме жұбаныш.

Зар қылып тілеймін
Рақыматын Алланың.
Елжіреп жылаймын,
Көңілін аш пендениң.

Сыйххатын қалқама,
Бере ғөр, я, рахим.
Тілегім — бұл ғана,
Қайғымды қыл шағын.

Ағатай, сағындым,
Есен-сау көрмекке.
Сөз таптай аңырдым,
Оқыңыз ермекке.

Осы күн өмірімнің
Ешбір жоқ қызығы.
Жаралы көңілімнің
Жазылмай сызығы.

Мақсатым хатымды
Аз уақыт болса ермек.
Сөзім жоқ татымды,
Хошлықпен көріспек.

ҚЫЗДАРҒА

Койдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкен,
 Адалдық да бар елдің зоры Бәкен.
 Үры-қары көбейіп, к... шемейтіп,
 Неге болды бар елдің қоры Бәкен?

Лекер, Бітімбай мен Аталықты,
 Жанқожадан кім көрген қапалықты?
 Байұзақ одан соңғы адамы еді,
 Бәрі де кісі-ақ еді хасалықты¹.


Дауылбай Қыздар менен айпар-жайпар,
 Екеуі бітім десе басын шайқар.
 Екі елерме бітімге жөн келер ме,
 Ақылы болмаған соң артын байқар?

Сөзіңнің басы ыржан, соңы қылжаң,
 Жүгенсіз жүре бермек — сенің ырзан.
 Сенен күшті кіслер не боп жатыр,
 Заманыңның тарлығын ойла, мырзам.

Шотқара кірсе алдап, шықса күлген,
 Елірмелі Досақ да кісімсінген.
 Бұл топта маған айтар кісі бар ма,
 Дауылбай мен Қыздардың жөнін білген?

¹ Келісті, кемел.

Айтқожаның құлығы сені елірткен,
Бір дем салса, күшіктей соңына ерткен.
Менің терім тарылып келе жатыр,
Бұрын кісім емес ең жалғыз шерткен.



* * *

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
 Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
 Ақылдылар арланып ұялған соң,
 Ойланып түзеле ме деп айтқанмын.

Қазақтың өзге жүрттан сөзі ұзын,
 Бірінің бірі шапшаң үқпас сөзін.
 Көздің жасы, жүректің қаныменен
 Ерітуге болмайды ішкі мұзын.

Жүртім-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
 Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
 Ыржандамай тыңдасаң нең кетеді,
 Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Адасып аландама, жол таба алмай,
 Берірек түзу жолға шық, қамалмай.
 Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
 Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

* * *

Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?
Тоқ тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.
«Бір тойған — шала байлық» деген қазақ,
Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей?

Еңбек жоқ, харекет жоқ қазақ кедей,
Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емей?

Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан.
Тәтті, дәмді іздер ең онан да әрман.
Өз пұлышмен халіқ жоқ күнде тояр,
Құлдық ұрып асайсың асы бардан.

Өз үйіңнен тоярга қолың қысқа,
Ас берер ауыл ізден жүрсің босқа.
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруыңның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де жел.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
 Еңбек қылмас еріншек адам болмас.
 Есек к... и жусаң да, мал тауып кел,
 Қолға жүқпас, еш адам кеміте алмас.

Кұлық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,
 Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.
 Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,
 Мал кетер, мазаң кетер, ар бүйірмас.

Асаған, үрттағанға ез жұбанар,
 Сенімді дәulet емес сен қуанар.
 Еңбек қылмай тапқан мал дәulet болмас,
 Қардың суы сықылды тез суалар.

Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
 Сымбаттаиып, сымпиып тاماқ аңдып,
 Бұраңдан жылы жүзін асқа сатқан
 Антүрганға қосылмай кетсін қанғып.

Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста,
 Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста.
 Өз үйінен жиreiіп, қашып жүргеи
 Антүрганға қосылма қапылыста.

* * *

Балалық өлді, білдің бе?
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?
Кәрілікке қондің бе?
Кім біледі, сен кәпір,
Баяндыдан сөндің бе,
Баянсызға төндің бе?
Әлде, айналып, кім білер,
Боталы түйе секілді,
Қорадаи шықпай өлдің бе?

* * *

Лай суга май бітпес қой өткенге,
 Құлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.
 Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
 Көнілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Берген бе Тәңірім саған өзге туыс?
 Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.
 Шарықтап шартараптан көңіл сорлы
 Таппаған бір тыянақ не еткен қуыс?

Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңірі,
 Өзіне құмар қылған оның әмірі.
 Халиқ¹ махлұқ ақылы жете алмайды,
 Оймен білген нәрсенің бәрі — дәңри².

Өзгені ақыл ойға қондырады,
 Біле алмай бір Тәңіріні болдырады.
 Талып ұйықтап, көзіңді ашысымен,
 Талпынып тағы да ойлап зор қылады.

Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,
 Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.

¹ Халик (арабша) — Алланың есімдерінің бірі.

² Дәңри (арабша) — ақыретке сенбейтін құдайсыз, дінсіз. Бұл жерде сенімсіз құдікті деген мағыниада.

Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мұлгуге тоя алмаймын,

Мекен берген, халық қылған ол ләмәкан³
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Өмір жолы — тар соқпақ, бір иген жақ,
Иілтіп екі басын ұстаған хақ.
Имек жолда тыянақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

³ Ләмәкан (арабша) — мекенсіз.

* * *

**Өлсө өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-кулмес.
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.**

**Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойландашы,
Өлмейтүғын артына сөз қалдырған?**

**Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей,
Бақи¹ қоймас фәнидің² мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп сонына ермей.**

**Дүниеге дос ақиредек бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей бол орныға алмас.
Дүниеге ынтық, мәхшарға³ амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас.**

¹ Бақи (арабша) — мәңгілік, мәңгі жасаушы.

² Фәни (арабша) — өзгеретін, бітептін, өткінші жалған дүнне.

³ Мәхшар (арабша) — ақыр заман болғаннан кейін адам баласының күнәсі тез-серілетін орын.

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Арғы атасы қажы еді
Бейіштен татқан шәрбетті.
Жарықтықтың өнері
Айтуға тілді тербетті.
Адалдық, ақыл жасынан
Қозғапты, тыныштық берменпі,
Мал түгіл жанға мырза еді,
Әр қыныңга серменті.
Мұнды, шерлі, жоқ-жітік
Аңсап алдын кернепті.
Бәрінің көңілін тындырып,
Біреуін ала көрменті.
Әділ, мырза, ер болып,
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубесін еске түсіріп,
Тентекті тыйып, жерлепті.
Қазақтың ұлы қамалап,
Іздеген жүзін көрмек-ті.
Ақылынан ап қайтқан
Өлгенше болар өрмекті.
Ол сыпатты қазақтан
Дүниеге ешкім келменті.
Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көңілін бөлменті.
Жарлығына Алланың,
Ерте ойлаған көнбек-ті.

Олар да тірі қалған жоқ,
Тірлік арты өлмек-ті.
Оны да алды бұл өлім,
Сабырлық қылсақ керек-ті.



* * *

Кешегі өткен ер Әбіш
 Елден бір асқан ерек-ті.
 Жүргегі — жылы, бойы — құрыш,
 Туысы жаннан бөлек-ті.
 Өнері оның жұрт асқан,
 Фылымға көңілі зерек-ті.
 Аямаған ғаріптен
 Қолдан келген көмекті.
 Кісіге сідег¹ жүктетпей,
 Еңбекпен тапқан қоректі.
 Біреудің қылған қарызын
 Айтқызбай артық төлепті.
 Боямасыз ақ көңіл,
 Кірлетпей кетті жүректі.
 Ойламаған өлімнен
 Жасқанамын демек-ті.
 Тағдырға тәбділ² бола ма,
 Сабырлық қылсақ керек-ті.

Сідег (арабша) — міндег.

Тәбділ (арабша) — өзгеру (өзгерту), ауысу (ауыстыру).

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Тұла бойың ұят-ар едің,
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең, бойлаған.
Ерлікке де бар едің,
Үйренуге тоймаған.
Жасқа жас, ойға кәрі едің,
Атаңның атын жоймаған.
Замана, неткен тар едің,
Сол қалқамды қоймаған?!

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Жиырма жеті жасында
Әбдірахман көз жұмды.
Сәулең болса басында,
Кімді көрдің бұл сынды?

Дүниелікке көнілі тоқ,
Ағайынға бауырмал.
Тәкаппар, жалған онда жоқ,
Айнымас жүрек, күлкің — бал.

Фылым оқып білгенше
Тыним, тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше
Рахат іздең жатпаған.

Ұзақ өмір не берер,
Көрген, білген болмаса?
Жатқан надан не білер,
Көнілге сәуле толмаса?

Петербурда-ақ кідірмей,
Біліпті дерттің барлығын.
Тәуекел қып білдірмей,
Құтіпті тәңірі жарлығын.

Қалжыңы, шыны аралас,
Өмірім аз деп білдіріп,

Бөтөн көзде көрсө жас,
Ойнаймын деп, құлдіріп.

Аз өмірін үзайтқан,
Фылымға бойы толған соң.
Көрген жерін молайтқан,
Оқып, біліп болған соң.

Қырым, Кавказ, Түркістан,
Ресей, Сібір қалмады.
Хабарланып әр түстан,
Көрмей дамыл алмады.

Қүйрықты жұлдыз секілді,
Туды да, көп түрмады.
Көрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады.

Тәуекел зор, ақыл мол,
Қорықпай тосқан тағдырын.
Қынысынбай өлімді ол,
Білдірмеген еш сырын.

Ата-ананың қызметін,
Алған жардың қарызын,
Өтемей кеткен бейнетін,
Қағазға жазған арызын.

Көргені мен білгені
Жүзге келген шалдан көп.
Бізге уайым жегені —
Арманда боп қалды деп.

Жаңа жылдың басшысы — ол,
Мен ескінің арты едім.
Арман деген аңы сол,
Сүйекке тиді, қарт едім.

Қайғы болды күйгендей
Ол қуатым еді рас.
Көзге қамшы тигендей,
Шыр айналды артқы жас.



ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қыныға сермедің.

Көзінді салдың тұрғыға,
Бейнетін қызын көрмедің.
Бірге оқыған құрбыға
Бас бәйгені бермедің.

Бала болдың, жас болдың —
Жалғандық да ермедің.
Төре болдың, бас болдың —
Көкірегінді кермедің.

Ел ішіне сау келсөң,
Тағылым айтпас ер ме едің?
Жол көрсетіп сонда өлсөң,
Арманым бар дер ме едім?

Іздеп табар жалғаннан,
Бала берген пенде едім.
Пенде өлмейді арманнан,
Мінеки, мен де өлмедім.

ӘБДІРАХМАНҒА

Орынсызды айтпаған,
Тұзу жолдан қайтпаған;
Жақсылық қылар орында
Аянып бойын тартпаған.
Ортасында кәпірдің
Арамынан татпаған.
Әмір бойы талпынып,
Фылым іздең, жатпаған.
Түрленіп төре болдым деп,
Есерленіп шатпаған.
Жұз мың теңге келсе де,
Махаббатын сатпаған.
Жүйріктікпен шалқымай,
Тура сөзді жақтаған.
Бала айтса да хақ сөзді,
Бұрылмастан тоқтаған.
Әтіріксіз турашыл,
Еш сөзі жоқ таппаған.
Сыйласарлық кісіге,
Түк қалмайтын сақтаған.
Бауырларын еркейтіп,
Не сұраса қақпаған.
Білдіруші ең үндемей,
Істі қылған жақпаған.
Ағайын мен туғанды
Тірілікте мақтаған.

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕН СОҢ ӨЗІНЕ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ

Бермеген құлға, қайтесің,
Жұлдынарлық ерікті.
Ажал тура келген соң,
Шыдатпайды берікті.
Фаріптікке көз жетті,
Алғаннан соң, серікті.
Өмірін берген құдайым
Ажалын да беріпті.
Сақта дейміз, қайтеміз,
Ілінген жалғыз тіректі.
Тағдырына тәбдил жоқ,
Тәубе қылсақ керек-ті.
Кәркиден, пілдей қуатты,
Тағы арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаңарман Фали білекті.
Өз заңымша ұқсаттым,
Берген құдай тілекті.
Оспанды алған бұл өлім,
Тәубе қылсақ керек-ті.

Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жанжал шатақты,
Ерегіскен жауларын
Кісен салып матапты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырған ғаріп, жатақты.

**Ескендер, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманды атақты.**

Мұқым қазақ баласы,
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып құрапты.
Мекеде уақып¹ үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына
Малды аямаі үлапты.
Ажал уақыты жеткен соң,
Соның да гүлі құрапты.
Қажыны² алған бұл өлім,
Сабыр қылсақ керек-ті.

¹ Уақып, вәкиф (арабша) — мешіт, медресе пайдасына берілетін мал, дүнне. Бұл жерде Меккеге бағандар жататын үй сатып алып бергенін айтады.

² Қажы деп өз әкесі Құнанбайды айтады.

ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА АБАЙ ШЫҒАРЫП БЕРГЕН ЖОҚТАУ

Жылағанды тоқтатып,
 Ынсан қылсақ жарайды.
 Қоймасаң, қайғы ауыр бол,
 Тұл бойыңда тарайды.
 Қызыл гүлің суалып,
 Ақ көнілің анық қарайды.
 Һәммә жанды ауылымен
 Патша құдай сынайды.
 Бір сен емес, жылатқан
 Сыңарын алып талайды.
 Бәрімізді аясан,
 Тоқтау қылсаң ұнайды.
 Ұмытқаның жарамас
 Жаратушы Құдайды.
 Халық билеген патшалар,
 Уақыты жетсе, құлайды.
 Дәл уақыты жеткенде,
 Талайдың гүлі қурайды.
 Рәсүл¹ алған бұл өлім
 Кімнен жөнді сұрайды?
 Қандай адам бұлқынып,
 Бұған көнбей тулады?
 Мен білемін, қайтейін,
 Мұндай асыл тумайды.
 Қаша жылап налысаң,

¹ Рәсүл (арабша) — Алланың пәнделеріне жіберген елшісі. Бұл жерде Мұхаммед пайғамбарды айтады.

Сонда да ерікке қоймайды.
 Алғысы келсе, дүниенің
 Айтқанына болмайды.
 Ойласаңшы, Мағышым,
 Кімнің гұлі солмайды?
 Артын тіле құдайдан,
 Бір қалыпты тұрмайды.
 Үсті-ұстіне бастаса,
 Сонда пенде оңбайды.
 Жылама, Мағыш, жылама,
 Алладан өлім тілеме!
 Қолдан ұшқан ақ сұңқар
 Қайтып келіп қонбайды.
 Бір шешеден туғанда,
 Бәрінен кетті тәуірім.
 Қөтермеске амал жоқ,
 Қөрдім дүние ауырын.
 Аясаншы, апырмау,
 Эке, шеше, бауырын!
 Бойды жеңіп, тоқтау қып,
 Сұрасаңшы ақырын!
 Тоқтамады, тұрмады,
 Кетті ортадан асылым.
 Тәкаппар, зор көкіректі
 Қөтере алмай басылдым.
 Тиянағым, тұрлауым,
 Енді кімге асылдым?
 Ойламадым туғанды,
 Бір өзіңе бас үрдым.
 Жалғыз сенен айрылып,
 Артыңа қарап аһ үрдым.
 Ойламадым еш жанды,
 Өзіңе ердім оңаша.
 Рахаттанып, мақтанып,
 Қылуышы едім тамаша.
 Шыны сорлы мен дагы,
 Мағыш байқап қараса.

**ЭБДІРАХМАННЫҢ ЭЙЕЛ МАҒЫШҚА
АБАЙ ШЫҒАРЫП БЕРГЕН ЖҰБАТУЫ**

Айналайын, құдай-ау,
 Қапалық салдың жасымнан.
 Шешенің зарын тарттырдың
 Бес жасымда басымнан.
 Сөйлемей пенде шыдамас
 Қайғы отына ашынған.
 Жарымды көрмей неше жыл,
 Қапалықты асырған.
 Жарымды алып қор қылдың
 Жас өмірде тасынған.
 Айырып, от қып өртедің,
 Эбіш сыйды асылдан.
 Эбішті алып құл қылдың,
 Қызылды гүлді жасылдан.
 Тым болмаса қызмет қып.
 Откізбедім қасымнан.

Жиырма екі жасымда
 Мен айрылдым жарымнан.
 Жарық сәуле көрмедім
 Шыққалы ана қарнынан.
 Күйік күшті түскен соң,
 Кетеді екен сабырдан.
 Қызықты құнім қалмады
 Жылаған айтып зарымнан.
 Көре алмай зар боп айрылдым
 Құдай қосқан жарымнан.
 Өзгеше болып жаралған,

Таныған жан қалпынан.
Тілеуді кесіп құдайым,
Зарлатып қойды артынан.

Құдай салды жүрекке
Жалғанда бітпес жараны.
Көре алмай қор боп қалған соң,
Кете ме іштен арманы?
Сәулемді құдай алған соң,
Сарнамасқа шара не?
Кез келтірді құдайым
Құтылмас маған дараны.
Қалқамды алып, құдайым,
Басыма салдың қараны,
Өзі түгіл көрмедім,
Ізі жоқ басқан табаны.
Қүйдіріп, құдай алмады,
Пенденің құрыр амалы.

Қылышына жете алман,
Қаншалық тілмен айтқанмен.
Басыңа құдай беріпті
Өлшеусіз қылышп ақылын.

Сабыр мен талап беріпті,
Ақылың, рахымың қыын-ды.
Өткен күнгі қызығым
Үйиқтап көрген түстен кем.

Қаранды түнде қапалық
Жүректі басты, шықпас күн.
Қолдан келген қайратым —
Барымды айтып шыққан үн.
Көңілімнің, күні өшкен соң,
Қайғылы қара болар түн.

Жыламай пенде шыдамас,
Қарағымды алған соң.
Сағынып көрген қызықты

Көре алмай зарлап қалған соң.
 Ашпадың, Алла, қабақты,
 Қылмадың қабыл тілекті,
 Өле алмай шыдап отырмын
 Зор құдайым салған соң.

Шықтым ба деп ем, құдай-ау,
 Қызықты қүннің шетіне.
 Өшірмек Алла болған соң,
 Пенденің қоймас еркіне.
 Өлмектен басқа дауа жоқ
 Алланың салған дертіне.
 Құтылмас құл жол таппас
 Иенің салған өртіне.

Жалтыр қүздан құладым,
 Қолымнан кетіп сүйеніш.
 Көңілімнің күні өшкен соң,
 Жалғанда болмас жұбаныш.
 Өмірді қылдың, Құдайым,
 Қызығы жоқ күйініш.
 Үмітсіз өмір бітірді
 Жүрекке мұз боп ерімес.
 Өзгеше болып жаралған
 Айырылдым қалқам жарымнан.
 Сол қалқамды қоймаған
 Замана неткен тар еді?
 Жасымнан өтті демегің,
 Құн шыққандай қараңғы
 Кешегі тұннің жарығы.

Сабыр қылып шыдарға,
 Қайғы оты асты күшімнен.
 Қызықты күнім қалмады
 Әбішті көрген түсімнен.
 Сағыныш зарын білдірмей
 Жүруші едім ішімнен.
 Қылышың, қалқам, кетер ме
 Жалғанда менің ойымнан?

Сағынсам да алыстан,
 Жүруші ем күнше жылышып.
 Қызықтың заңғар басынан
 Корлыққа кеттім жығылып.
 Құдай қосқан қосақтан
 Жалғанда қалдым жырылып,
 Қайғында қалдым қамалып
 Қызығым кетті сыралып.

Көре алмай қалдым қалқамның
 Дәл екі жыл қызығын.
 Жүректегі жазылмай,
 Тағдырдың салдың сызығын.
 Өмірдің, Алла, беріпсің
 Күнде өртерлік шыжығын.
 Баяны жоқ, байлаусыз,
 Тілекте жоқ бұзығын.

Сағынсам да үміт бар,
 Болушы еді қуаныш.
 Қалқамнан қалдым қарс үрып,
 Қайткенде болар жұбаныш?
 Алла берген арманға
 Аһ үрсам болмас алданыш.
 Сабыр, тағат қылуға,
 Қоймады күйік бойыма ес.
 Эбіш сынды жарымнан,
 Айырылған соң барымнан,
 Жалғанда болмас жұбаныш!

* * *

Кешегі Оспан ағасы
Кісінің малын жемепті.
Мал сұраған кісіге
Жоқ, кайтемін демепті.
Қуаты артық, ойы кең,
Жұрттың бәрін шенепті.
Досына дәл жаз, жауға аяз,
Алысқанды денепті.
Адалдық үшін алысып,
Жегішке ақы төлетті.
Бас шайқаймын дегеннің
Басына салды әлекті.
Қадірі қалың, малы көп,
Қылмаған кімге себепті?
Алақолсыз мырза еді,
Кем-кетікті елепті.
Оны да алды бұл өлім,
Сабырлық қылсақ керек-ті.

НЕМЕРЕ ІНІСІ ӨЛГЕНДЕ АЙТҚАНЫ

**Көз жұмғанша дүниеден
 Иманын айтып кеткені-ай!
 «Бейсенбі ме бүгін?» деп,
 Жұмаға қарсы өткені-ай!
 Жер күніреніп, жұрт шулап,
 Ағайын түгел жеткені-ай!
 Жамиғат тоңбай, күн жылып,
 Тәңірім рақым еткені-ай!
 Ием қабыл алды-ау деп,
 Көңіліме қуат біткені-ай!
 Қуаттанып бақсам да,
 Құнәлі нәспім түйтпеді-ай¹.**

**Ата тегің мұндағы —
 Орта жүздің ұлығы;
 Ана тегің ондағы —
 Өзен судың тұнығы.
 Екі асылдан қосылған
 Сом алтынның сынығы.
 Өлгенше естен қалмайды
 Өзгеше біткен қылышы.**

**Қызыл балақ қыранның
 Балапанын дерпт алды.
 Жеміс ағаш, бәйтерек
 Балдырганын өрт алды.
 Артына белгі тастамай,
 Жал-қүйрығын келте алды.**

¹ ғәзімі жетпеді, шыдамады.

Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай, ерте алды.
Көп жасамай, көк оған,
Күншіл дүние қас өлім.
Артына белгі қалдырмай,
Бауыры қатты тас өлім.
Жыламайын десе де,
Шыдарлық па осы өлім?
Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маңыздым.
Көп жасамай тез кетіп,
Көзімнің жасын ағыздың.

* * *

Малға достың мұны жоқ, малдан басқа,
Аларында шара жоқ, алдамасқа.
Табысына табынып, қалтаң қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе алашқа.

Мал жияды мақтанын білдірмекке,
Көзге шұқып, малменен күйдірмекке.
Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар,
Сорпа-сүмен, сүйекпен сүйдірмекке.

Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
Осы күнде мал қайда, боқ ішінде,
Алтын алсаң, береді bogынан жеп.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе — адамның қасиеті:
Ұстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

* * *

Тұғызған ата-ана жоқ,
Тұғызарлық бала жоқ.
Тұысқан-туған, құрбылас
Қызығымен және жоқ.

Тулайын десе шара жоқ,
Толықсып жүрер шама жоқ.
Ұйқы мен астан дәм кетіп,
Сақалда, шашта қара жоқ.

Байбайшыл тартып, баға жоқ.
Жастарға жаппас жала жоқ.
Жат қораны құзеткен
Қартаң шалда сана жоқ.

* * *

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қыяды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, камқа, торғын,
Құтуші қыз-келіншек жүр соңында.

Деген сөз: «Бұқа буға, азбан дуға»,
Хан қарық бол түсіп жүр айғай-шуға.
Етімді шал сыйпаган құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға.

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса тұрғысын көксемек-ті.
Меңгілі өткен дәуренді қуалаған
Не қылсын бір қартайған қу сүйекті?

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ет жүрек сату емес.
Кімде-кім ұлken болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен қатын емес.

Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махаббат жоқ,
Тұсап қойып қашырап бұқа ма екен?

Бай қартайса, малына берер шылбыр,
 Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
 Біреудің қызын алғып малға сатып,
 Баяғыны іздеген қандай құрғыр?

Қатынның «қалай» демес ақсақал бай,
 Сонымен дос бол жүрсін, япым-ай!
 Қу қатынның майысса, мәз боласың,
 Шайтанның шәкіртінің қылышын-ай!

Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсөң,
 Мұйіз шығар қатынның тіліне ерсөң.
 Тіпті оңбассың, өзіңе өзің мәз бол,
 Дастанарқан мен қатынды мақтан көрсөң.

Кінәсіз бәйбішемен болады араз,
 Жастың көңілі жылымас, ол өзіне аз,
 Біреуі — кек балдырған, бірі — қурай,
 Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?

Үнем болмас қүйрықты бұлаңдатқан,
 Сауырына шапақтап, сүйіп жатқан.
 Екі көңіл арасы — жылшылық жер,
 Оны қайтіп қосады ол ант атқан?

* * *

**Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмишә¹ өмір етпек — ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне үқасас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.**

**Сағаттың өзі — ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.**

**Откен өмір белгісі — осы сыйбыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылышыңды,
Қу шыққансын қағасың босқа бұлдыр.**

**Құн жиылып ай болды, он екі ай — жыл,
Жыл жиылып, қартайтып қылғаны — бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл.**

¹ Һәмишә (парсыша) — ылғи, үнемі.

* * *

Көңіл құсы қүйқылжыр шартарапқа,
 Адам ойы түрленіп ауған шақта.
 Салған ән — көлеңкесі сол көңілдің,
 Тактысына¹ билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
 Жүрек тербеп, оятар баста миды.
 Бұл дүниенің ләззәті бәрі сонда,
 Ойсыз құлақ ала алмас оидай сыйды.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
 Үннің тәтті оралған мәні оятар.
 Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
 Жас балаша көңілді жақсы уатар.

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
 Тыңдаушы да аз ол әннеи бәъра аларлық.
 Мұнмен шыққан, оралған тәтті күйге
 Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық?

Көбінесе ән басы келеді аңы,
 «Кел, тыңда!» деп өзгеге болар басшы.
 Керім толғап, тауысар қаңғыр-куңгір
 Сол жеріне ойынмен араласшы.

¹ Такт (орысша) — бұл жерде өлеңнің ырғагы ретінде алынып отыр.

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда, көңілдің өсері бар.

Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын.
Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын.
Кекірегінде оты бар ойлы адамға
Бұл сезімнің суреті тұрар дайын.

Өмірдің алды — ыстық, арты — сұық,
Алды — ойын, арт жағы мұнға жуық.
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.

Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер,
Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер.

* * *

Адамның кейбір көздері
 Көңілде алаң басылса;
 Тәнірінің берген өнері
 Кек бұлыттан ашылса.

Сылдырлап өңкей келісім
 Таң бұлақтың сұындаі,
 Кірлеген жүрек өз ішін
 Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,
 Ұйқыдан көнді ашар көз.
 Қуатты ойдан бас құрап,
 Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,
 Алды-артына қаранар.
 Дүние кірін жуынып,
 Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,
 Мұң мен зарды қолға алар.
 Кектеніп надан, зұлымға,
 Шыныршиқ атар, толғанар.

Әділет пен ақылға
 Сынатып көрген-білгенін,
 Білдірсе алыс, жақынға
 Солардың сөйле дегенін.

Ізалы жүрек, долы қол,
 Улы сия, ашы тіл
 Не жазып кетсе, жаңы сол,
 Жек көрсөндер, өзің біл.

* * *

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады кей шақта.
Өне бойы егіліп,
Жас ағады аулақта.

Жауган күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

РАХЫМШАЛҒА

Сұлу аттың көркі — жал,
Адамзаттың көркі — мал.
Әмір сүрген кісіге
Дәulet — қызық, бала — бал.

Бал болатын бала бар,
Бал болар ма Рахымшал?!

Бүйтіп берген баланды,
Берген құдай, өзің ал!

* * *

Кек тұман — алдыңдағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдан келе жатыр,
Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.

Ол күндер — өткен күнмен бір бәс,
Келер, кетер, артына із қалдырmas.
Соның бірі — арнаулы таусыншақ күн,
Арғысын бір-ақ Алла біледі рас.

Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы — екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен —
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде.

Малға сат, пайдаға сат қызығынды,
Ылайла ылай оймен тұнығынды,—
Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,
Ол білдірмей үрламақ қызығынды.

Адам ғапыл¹ дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда, ойла, болады не сенікі?

Мазлұмға² жаңың ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәнірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін.

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,
Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек.
Ғадәләт³ пен мархамат⁴ — көп азығы,
Қайда көрсөң, болып бақ, соған көмек.

Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзөр сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін дағы тереңінде.

¹ Ғапыл (арабша) — қапы қалу, байқамау.

² Мазлұм (арабша) — зұлымдыққа үшыраған адам.

³ Ғәдәләт (арабша) — әділет, шыидық.

⁴ Мархамат (арабша) — рақым, жақсылық, жаңы ашуышылық.

* * *

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзінді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзінді қоса алдасып,
Салпылдаап сағым құған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, онғаққа ерме.
Жүргегіңе сұңгі де, тұбін көзде,
Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме.

* * *

**Алла деген сөз женіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ыңталы жүрек, шын көніл,
Өзгесі хаққа жол емес.**

**Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар құшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса Тәңірі үшін.**

**Ақылға сыймас ол Алла,
Тағрипқа¹ тілім қысқа аһ!
Барлығына шұбәсіз,
Неге мәужүт² ол күә.**

**Ақыл мен хаяс³ барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр.
Мұтәкәллимин⁴, мантикин⁵
Бекер босқа езедүр.**

¹ Тағрип, тағриф (арабша) — түсіну, білу, анықтау.

² Мәужүт (арабша) — бар нәрсе, болмыс.

³ Хаяс (арабша) — ерекше қасиетті, сипат, сапа, түр. Бұл жерде сезім мүшегін мағынасында.

⁴ Мұтәкәллимин (арабша) — сөйлеушілер. Бұл жерде дінді дәлелдеушілер.

⁵ Мантикин (арабша) — сөйлеушілер. Бұл жерде терең ой, қысынды сөз.

* * *

Мен сәлем жазамын,
Қарағым қалқама.
Қайғыңнан азамын,
Баруши айта ма?

Күн бойы күтемін
Келер деп хабарың.
Қайғырмай не етемін,
Бізде жоқ, назарың.

Көңілге жұбаныш,
Сен едің базарым.
Сенсіз жоқ қуаныш,
Тозды енді ажарым.

ФАБИДОЛЛАФА

Жаэгытұрым қылтиған бір жауқазын,
Қайдан білсін өмірдің көбін-азын.
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсө жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.

Мен дағы көп есіттім жастың назын,
Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың?
«Боламынмен» жүргенде болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім.

* * *

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсенд, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып.
Көңілім әнді үфады,
Жүргегім бойды жылытып.

Аңсаған шөлде су тапса,
Бас қоймай ма бастауга?
Біреу түртсе, я қақса,
Бой тоқтамас жасқауға.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.
Өмір тонын кигізіп,
Жоқты бар қып жүргізер.

Есіткендей болады
Құлағым ескі сыбырды.
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды.

Ішіп, терең бойлаймын,
Әткен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын
Жұрттың жалған шуларын.

Тағы сене бастаймын
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?



* * *

Ерекше естен кетпес қызық қайда?
Жолығатын қыз қайда терең сайды?
Сұлулығын қояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсенді үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсенді де, өлмегенмен боласың тен.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жүртқа бөлсек,
Жақынның да, жардың да, асықтың да —
Бәрінің де қызығын көріп білсек.

* * *

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя,
Дауың мен шарыңды.

Құрбыдай хош тұттым
Жасың мен кәрінді.
Жоқтамай, ұмыттым,
Ақыл мен нәрінді.

Ортаға көп салым
Өзім де барымды.
Япырым-ая, неңді алым,
Сау қоймай арымды?

Ойымнан ой бөліп,
Қозғадың тамырды.
Көңілге тік келіп,
Кетірдің сабырды.

Ойым да ақ, жарым да ақ,
Кеңімді, тарымды
Қарасам пайымдаң,
Сөзің сол сарыңды.

Өсекке салмаңдар
Ойымды, жарымды.
Өлшеуге алмандар,
Ойым бек тарылды.

Ұрыңнан асырдың
Сүм тілді қарыңды.
Жасырдым, жасырдым,
Енді айттым зарымды.



* * *

Қуаты оттай бұрқырап,
 Үәзінгे¹ өлшеп тізілген.
 Жаңбырлы жайдай сырқырап,
 Кек бұлттан үзілген.
 Қайран тіл, қайран сөз —
 Наданға қадірсіз.

Тәуекел мен батыр ой
 Өткір тілді наиза етіп,
 Сайысып-ақ бақты ғой,
 Неше түрлі айла етіп.
 Оянбай, қайран жұрт,
 Ұялмай қал жым-жырт!

Ақылмен ойлап білген сөз
 Бойыңа жүқпас, сырғанар.
 Үңталы жүрек сезген сөз
 Бар тамырды қуалар.
 Ән салар, жатқа алар,
 Түбінде құр қалар.

¹ Үәзін (арабша) — өлшеуіш.

* * *

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!

Дәмі қайтпас, бұзылmas тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды қу өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Ет жүрексіз ерніңің айтпа сөзін,
Тіл үйренген иәпсінің қу мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін.

* * *

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?
 Откір тіл бір ұялақ қыз болмай ма?
 Махаббат, ғадауат¹ пен майдандасқан
 Қайран менің жүргегім мұз болмай ма?

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
 Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
 Асая жүрек аяғын шалыс басқан
 Жерін тауып артқыға сез болмай ма?

Сонда жауап бере алман мен бишара,
 Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
 Екі күймек бір жанға әділет пе?
 Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүргегінің, түбіне терең бойла,
 Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
 Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
 Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
 Айлаға, ашуға да жақтый шырақ.
 Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
 Етекbastы көп көрдім елден бірақ.

¹ Ғадауат (арабша) — дүшпандық, ашу, жек көру.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
 Сандалмамен күн кешкен тұспе ізіме.
 Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
 Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
 Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
 Өлең шіркін — өсекші, жұртқа жаяр,
 Сырымды тоқтатайын айта бермей.



* * *

Жүректе қайрат болмаса,
 Ұйықтаған ойды кім тұртпек?
 Ақылға сәуле қонбаса,
 Хайуанша жүріп күнелтпек.

Аспаса ақыл қайраттан,
 Теренге бармас, ұстірттер.
 Қартыңның ойы шар тартқан
 Эдеті жеңіп күнгірттер.

Тән сүйгенін бермесе,
 Жан шыдамас жаны ашып.
 Бере берсең бер десе,
 Үміт етер таласып.

Малда да бар жан мен тән,
 Ақыл, сезім болмаса.
 Тіршіліктің несі сән,
 Теренге бет қоймаса?

Атымды адам қойған соң,
 Қайтіп надан болайын?
 Халқым надан болған соң,
 Қайда барып оңайын?!

* * *

**Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай.
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшігөн түндерде тыншыта алмай.**

**Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген,
Еркелік пен достықты ауру көрген.
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.**

**Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,
Осы күнді күн демес қарғап, міндең.
Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық,
Кейде қайғы, азапты тағы да ізден.**

**Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,
Тынышсыз күнде ойлаган дерттің бәрін.
Кейде онысын жасырап жүрттап ұрлап,
Кетірер деп мазақтап беттің арын.**

**Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Өз дертін тағы ішке, білдіре алмай.
Кейде ыстық тағы да қан басады,
Кейде бір сәт тыншығар үн шығармай.**

* * *

Есінде бар ма жас күнің,
 Көкірегің толық, басың бос,
 Қайғысыз, ойсыз, мас күнің —
 Кімді көрсөң, бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ
 Көрінуші еді досқа ортақ.
 Үміт жақын, көніл ақ,
 Болар ма сондай қызық шақ?

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
 Махаббат, қызық мол жылдар?
 Ақырын, ақырын шегініп,
 Алыстап кетті-ау құрғылар!

Жалынасың, боқтайсың,
 Сағынасың, жоқтайсың.
 Махаббат кетті, дос кетті —
 Жете алмайсың, тоқтайсың.

Көзіме жас бер, жылайын,
 Шыдам бер, сабыр қылайын.
 Жаралы болған жүрекке
 Дауа бер, жамап сынайын.

* * *

**Жүргім менің қырық жамау
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.**

**Өлді кейі, кейі — жау,
Кімді сүйсө бұл жүрек.
Кімі — қастық, кімі — дау,
Сүненерге жоқ тірек.**

**Кәрілік те тұр тақау,
Алдымызда айла жоқ.
Қайғысыздың бәрі — асай,
Бізге онан пайда жоқ.**

**Қан жүректі қайғылы-ау,
Қайырыла кет сен маған.
Қасиетін ойлан-ау,
Қам көңілдің тынбаған.**

* * *

Адам — бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық, боласың өлсөң тағы.
Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі — ол баяғы.

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Кез жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

ДҮТБАЙҒА

Жылуы жоқ бойының,
Жылмиғаны неткені?
Құбылуы ойының —
Кетпей құйтың еткені.

Мұнды, жылмаң пішінін
Кезек киіп, ел жиып,
Болыс болса, түсінің
Тұксігін салар тырсып.

Бір көрмеге тәп-тәтті
Қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай ант атты,
Бұксіп, бықсып ар жағы.

Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп,
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Сөзі мен өзі бөлініп.

Әлі үміт, әлі серт,
Жын сыйқылды бұзылып.
Құлық емес, бұл — бір дерт,
Тұрлауы жоқ құбылып.

* * *

Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен,
 Менмен, кердең, қайғысыз ер көнілмен,
 Жазғытүрым жасырып жердің бетін,
 Жасыл шөппен, бой жеткен егінмен тең.

Сонан бері raphымсыз көп жыл өтті,
 Орақ келер, орылар мезгіл жетті.
 Жылды менен суықтың бәрін көріп,
 Қайран көніл қайыспай қайрат етті.

Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,
 Қайғы-қасірет жүзіне белгі салған.
 Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ
 Сенің де басың имек жерге таман.

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,
 Эсте өлмесін білгендей қылыш қылған.
 Ажал келіп бас салса, жанды үрласа,
 Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан.

Адамзат — бүгін адам, ертең топырақ,
 Бүгінгі өмір жарқылдан алдар бірақ.
 Ертең өзің қайдасың, білемісің,
 Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

* * *

Жүргім, нені сезесің,
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көңілім, кезесің,
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта!

Сезгенінді сездіріп,
Жете алмадым ортаққа.
Тірі жаннан бездіріп,
Апарасың қай жаққа?

Ортақтық, тыныштық достық қой,
Оның қадірін кім білер?
Әркімге-ақ тілеу қостық қой,
Бәрі — алдамшы саудагер.

Халықтың аты керек қой
Я мақтауга, боқтауга.
Құбылға бәрі зерек қой,
Бәрі жайсыз тоқтауга.

Досты қайдан табасың,
Кеңесерге адам жоқ.
Әрлі-берлі шабасың,
Жалғыздықтан жаман жоқ.

Ақыл айтсаң біреуге
Ішің еріп, егіліп,
Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесен қалар тұңіліп.

Ақы беріп тыңдатқан
Сөз көкейге қонар ма?
Құлағын сатқан тәңірі атқан
Ондыраր ма, ондар ма?

Күйесің, жүрек, күйесің,
Күйгеніңнен не пайда?
Дүниеде нені сүйесің,
Өмір қайда, дос қайда?



* * *

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Құнді уақыт қызыарташып,
Көк жиектен асырса;

Құнгірт көңілім сырласар
Сүрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұндаасар,
Ой жіберіп әр жаққа.

Откен өмір — қу соқпақ,
Қызырады талайды
Кім алдады, кім тоқпақ
Салды, соны санайды.

Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей уды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке.

Адасқан күшік секілді
Ұлып жүртқа қайтқан ой.
Өкінді, жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой.

Ермен шықты, ит қылыш,
Бидай шашқан егінге.
Жай жүргенді уерд¹ қылыш,
Тыныш өлсөңші тегінде.



¹ Уерд (арабша) — жай жүрген адамды қыншылыққа ұшырату.

* * *

Қуанбаңдар жастыққа,
Елірме құлкі, мастьыққа.
Көзің қайдан жетеді
Достық пенен қастыққа?
Құрбыңның қызың дегенін
Сөз екен деп ап шықпа.
Адалдан тапқан тынды
Сал да сақта қашшыққа.
Қолдағынды қорғап бақ,
Мал арзан деп аптықпа.
Сыпайы жүр де, шаруа ойла,
Даңғойланып қақтықпа.
Бет алды жанға бой салма,
Қорлық жүрмес сақтыққа.
Елу бесте біз дағы
Сенісер адам таптық па?
Арсыз құмар болғандар
Опыр-топыр, шақ-шүққа
Түспей жүр ме, көрдің бе,
Жалаң-жұлаң, тақ-түққа?

* * *

Ұяламын дегені көңіл үшін,
 Ұсақ құлық бір ғана өмір үшін.
 Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,
 Жігері жоқ, маңызы жеңіл үшін.

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
 Жаңа сүйгіш адамзат, көрсө қызар.
 Ар мен үят ойланбай, тән асырап,
 Ертеңі жоқ, бүтінге болған құмар.

Тұысқаның, достарың — бәрі екіұшты,
 Сол себепті досыңдан дұшпан күшті.
 Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,
 Бұл не деген заманға ісім түсті?!

Өзің ұлken, қылышың — бала-шаға,
 Балаша мәз боп жүрсің тамашаға.
 Экесі ұрысса балаға, ол да — достық,
 Баласы ұрысса әкеге, жараса ма?

* * *

Жапырағы қуарған ескі үмітпен
Қиял қып өмір сүріп, бос жүріппін.
Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн.

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,
Ойға түйме қызықты қиялдан күс.
Қараши, өз бойында түгел ме екен
Үйстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш?

Тәңкөріліп құбылған жұрт — бір сағым,
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.
Көптің аузын күзетсең күн көрмейсің,
Өзінді өзің күзет, кел, шырағым!

* * *

Осы қымыз қазаққа
 Мақтаның ба, асың ба?
 Қымызды басар артынан
 Ет даяр ма қасында?
 Бойыңа сіңіп, уерд болған
 Қызыба бастық жасында.
 Қызылшыл семіз, жаз қымыз —
 Бір үлкен борыш басында.
 Жуасты мін де, айран іш,
 Жоқ немеге шатылма.
 Ұры, залым, қуларға
 Нысанана шаншылма.
 Жылқыны аңдып ұры жүр
 Эр төбениң тасында.
 Ой көзімен қарасаң,
 Қойдан жылқы асыл ма?
 Мақтанға бола жиям деп,
 Жылқы үшін жүртқа бас ұрма.
 Қымыз, семіз дегенің
 Бір мақтанғой, жасырма.
 Мақтан қума, керек қу,
 Ойсыздарға қосылма.
 Қойында ақша, қолда қой
 Қүзетке оңай, шошынба!

* * *

Буынсыз тілің,
Буулы сөзің
 Әсерлі адам ұғылына.
Кісінің сөзін
Үқкыш-ақ өзің,
 Қисығын түзеп тұғырыға.

Сезімпаз көніл
Жылды жүрек
 Таппадым деп түсілмес.
Бір тәуір дос
Тым-ақ керек,
 Ойы мен тілі бөлінбес.

* * *

**Тоты құс тұсті көбелек
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек.**

**Адамзатқа не керек:
Сүймек, сеэбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.**

**Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман қүйлемек,
Замана оны илемек.**

* * *

**Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның тәрті
Алланы танытуға сөз айырмас¹.**

**Аманту² оқымаған кісі бар ма?
Үәктубиын³ дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,
Жарлық берді ол сіздерге, сөзді ұғарға.**

**Замана, шаруа, міnez күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби⁴ келді.
Қагида⁵ шаригаты өзгерсе де,
Тағриф⁶ Алла еш жерде өзгермеді.**

Ерекше айтып отырған тәрт кітабы: Мұса пайғамбарға келген — Тәурат, Дәуіт пайғамбарға келген — Зәбүр, Иса пайғамбарға келген — Інжіл және Мұхаммед пайғамбарға келген — Құран.

² Аманту, аманту билләйи (арабша) — Аллаға сендей, барлығына және бірлігіне (жалғыздығына) наңдым.

³ Үактубиын (арабша) — және кітаптарына сендей. Бұл арада иманның жеті шартының екеуі келтірілген.

⁴ Нәби (арабша) — пайғамбар.

⁵ Қагида, қагида (арабша) — негізгі шарт, ереже мағынасында.

⁶ Тағриф, тағриф (арабша) — түсіну, білу, анықтау.

Күллі маҳлүқ өзгерер, Алла өзгермес,
Әылі кітап бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен
Бос сөзбенен қастаспай, тұзу келмес.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаңнан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гұл,
Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ⁷ біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.

Дін де осы, шын ойласаң, тағат⁸ та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ⁹ — хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой — онан шошы.

Руза, намаз, зекет, хаж — талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.

Бас жоғары жараган, мойын төмен,
Қараши, дene біткен ретімен.
Істің басы — ретін танымақтық,
Иман білмес тағатты қабыл демен.

Имамдар ғибадаттан¹⁰ сөз қозғаған,
Хуснизән¹¹ мен иманды білді ойлаған.

⁷ Тахқиқ — (арабша) — анық, айқын; орындау, іске асыру. Бір мәселенің дұрыс тығын тексеріп, шындығына көз жеткізу деген мағынада.

⁸ Тағат (арабша) — Аллага ғибадат қылу, бойғыну.

⁹ Тасдиқ (арабша) — шындық, сенім.

¹⁰ Ғибадат (арабша) — табыну, құлдық ету.

¹¹ Хуснизән (парсыша) — жақсы ниет, көркем ой, жақсы пікір.

Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған.

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар ҳақ,
Мұ'мин¹² болсаң, үйреніп, сен де ұқсан бақ.
Құран рас, Алланың сөзідүр ол,
Тә'үилін¹³ білерлік ғылымың шақ.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтымайды бұзбастық иманымыз.
Пайда, мақтан, әуесқой — шайтан ісі,
Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз?

Мұ'мин болсаң, әуелі иманды бол,
Пендерге иман өзі ашады жол,
Шын илан да, таза ойла бір иманды,
Мұнафия¹⁴ намаз қылмап па, мағлұм ғой ол.

Алла ішінді айтқызбай біледі, ойла,
Пендерсіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мұ'мин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атың жойма!

¹² Мұ'мин (арабша) — ислам дінін жақтаушы, мұсылман.

¹³ Тә'үил (арабша) — анық мәғынасына жете білу.

¹⁴ Мұнәфия (арабша) — екі жүзді, іші кәпір, сырты мұсылман.

* * *

Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас,
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, қастық, бар қызық — жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл — күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылыш,
Арын, алқын — бұл күннің мәртебесі.

Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,
От азайса, әр істің бәрі тайғақ.
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,
Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ.

* * *

Жалын мен оттан жаралып,
Жарқылдаپ Рағит¹ жайды айдар.
Жаңбыры жерге таралып,
Жасарып шығып гүл жайнар.

Жайына біреу келсе кез,
Белгілі жұмыс, сор қайнар.
Қуаты құшті нұрлы сез,
Қуатын білген абайлар.

Жалын мен оттан жаралған
Сөзді ұғатын қайсың бар?
Партия жиын пара алған,
Пейілі кедей байсындар.

Құлық пенен құбылдан
Жалықсан, жақсы жансындар.
Түзелмесе шұтылдан,
Арсындар да қалшындар.

Несі өмір,
Несі жұрт?
Өңшең қырт,
Бас қаңғырт!

Дін ұғымында на жағайды, күн күркіретуші періштенің аты.

* * *

Домбыраға қол соқпа,
 Шымырлатып бір-бірлеп.
 Жүргім, соқпа, кел тоқта,
 Жас келер көзге жүр-жүрлеп.

Қайғылы көңілім қайды
 Бұрынғымды жаңғыртар.
 Қайратты алыш бойдағы,
 Басымды қайғы қаңғыртар.

Онан да жылы жүзінмен
 Кел, жарым, қара бетіме.
 Жылы, тәтті жауап айт
 Іштегі қайғы дертіме.

Іштегі ескі жалынды
 Сөндір жаңа қылышпен.
 Сөйлесіп жақсы, жағымды
 Мендей көңілі сыйнышпен.

Сыйнық көңілім көп кешер,
 Майдың қолмен ұстасаң.
 Көңілге түрлі ой түсер,
 Эр тереңге нұсқасаң.

Күйлі, күйсіз бәйгеге
Қажықды көнілім көп шауып.
Көп қинамай әрнеге,
Енді семірт, жем тауып.



* * *

Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме өзім жақпадым,
Енді қайда сия алдым?
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қылышп тыя алдым?

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүргімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алыш тастауга,
Аландағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес.

Осынша ақымақ болғаным
Көрінгенге қызықтым.
Ғаділетті жүректің
Әділетін бұзыппын.
Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіппін;
Айла менен амалды
Меруерттей тізіппін.

Жалмауыздай жаландап,
Ар, ұттан күсіппін.
Құлық пенен сұмдыққа
Құладындай ұшыппын;
«Сіз білесіз» дегенге
Күнгे күніп, пісіппін;
Мақтанбасқа мақтанып,
Деп жүріппін «пысықпын».




* * *

**Мен боламын демеңдер,
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға.**

**Бір ғылымнан басқаның,
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткен адам жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.**

ПОЭМАЛАР

ЕСКЕНДІР



сы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаңары — оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады онды-солды.

Сүмдықпен ғаскер жиып қаруланды,
Жақын жерге жау болды, тұра аттанды.
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.

Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан елдің бәрін де бодам¹ қылып,
Өкіметін қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

¹ Бодам, бодан — орыстың «подданный» деген сөзінен шыққан.

Қан ішер қаһарлы хан ашуы көп,
 Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп.
 Сол күнде қошеметші айтады екен,
 Ханның ханы, патшаның патшасы деп.

Атағы талай жерге оның жетті,
 Жердің жүзін алуға талап етті.
 Есепсіз әскер ертіп, жарақтанып,
 Есіткен елдеріне жүріп кетті.

Алдынан шыға алмады ешкім мұның,
 Бәрін де алды, қорқытты жолдағының.
 Жан шықпады алдынан, тоқтауы жоқ,
 Жер жүзін жеке билеп алмақшының.

Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті,
 Алып жүрген сұнының бәрін ішті.
 Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп,
 Басына құдай салды қыын істі.

Сандалды сар далада су таба алмай,
 Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?
 Қызметкердің бәрін де өлтірмекші
 Болыпты, шөлдегенге шыдай алмай.

Мысалы, астындағы ат о дағы ұшты,
 Ескендір де атының жалын құшты.
 Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге
 Патшаның ат үстінде көзі түсті.

Барса, бір сымдыр қаққан мөлдір бұлақ,
 Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.
 Түсес сала Ескендір басты қойды,
 Ышсе, сұы өзгеше, тәтті тым-ақ.

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,
 Сол суга балықты алды бір жудырып.
 Исі, дәмі өзгеше болып кетті,
 Таң қалды, мұның бәрін суга жорып.

Ескендір қолына айтты: «Бұл неткен су?
Бәрің де ішіп, бұл суга бетінді жу!
Бір бай елден осы су шыққан шығар,
Өрлең барып, үстіне тігелік ту.

Бұл салқын, тәтті суга қаныңыздар,
Шақ келер маган жан жоқ, наныңыздар.
Менен қалмай, бұл суды шапшаң өрлең,
Талқан қылып шаңарын алыңыздар!».

Жарлық шашты, қол жүрді суды өрлей,
Шаңарына жеткенше дамыл көрмей.
Кекпенбек темір киген өңжей батыр
Тарттырып жөнеледі сырнай-керней.

Сол әскер суды өрлең талаі жүрді,
Судың басы бір құзар шатқа кірді.
Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,
Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Қақпаны ашайын деп хан ұмтылды,
Тұтқасын олай-бұлай қатты жұлды.
Аша алмады қақпаны, ұміт үзді,
Ақылдастып тәуір-ақ амал қылды.

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан гой,
Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой?
Дел-сал болып бәрі де қайта шықты,
Алысып әл келмесін байқаған гой.

Долдықпен хан Ескендір ашуланды,
Ашуланып қақпаға жетіп барды.
Қақпаны дүбірлетіп қағып-қағып:
— Қақпаны аш! — деп барынша айғай салды.

Қақпаның ар жағынан біреу келді,
Құзетшісі сол екен, дыбыс берді.
— Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,
Бұл — Құдайға бастайтын қақпа,— деді

Білмесен, мен Ескендір патша деген,
 Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген.
 Қақпаңды аш, хабарыңды айт, білдір маған,
 Қорлығым өзім туып, көз көрмеген.

— Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсөн,
 Мықты болсан, өзіңнің нәспінді жең!
 Іші тар, көре алмастың біреуі — сен,
 Ондай кісі бұл жерге келмейді тең.

— Талпынған талаппенен мен де бір ер,
 Көп жүрдім, кеәдей келді көрмеген жер.
 Ең болмаса, халқыма көрсетейін,
 Сый қылыш, белгі болар бір нәрсе бер.

Қақпадан лақтырды бір орамал,
 Сыйым — осы, падиша, мынаны ал!
 Ішінде бір нәрсе бар ақыл берер,
 Апар дағы ойланып, көзінді сал!

Орамалды қуаныш қолына алды,
 Сый алдым деп халқына қайта салды.
 Қараса, ішінде бір қу сүйек,
 Бұл не еткен мазағы деп аң-таң қалды.

Ашуланып сыйына болды кекті,
 — Ең болмаса білмеді сый бермекті.
 Осы менің теңім бе? — деп ақырып,
 Лақтырып жіберді сол сүйекті.

Жолдасы Аристотель ақылы мол,
 Лақтырған сүйекті алады сол.
 Ханға айтты: «Қасиет бар бұл сүйекте,
 Көзіңе көрсетейін, хабардар бол».

Сол күнде Аристотель жеке дара,
 Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:
 — Таразыны әпкел де, сүйекті сал,
 Бір жағына алтын сап, өлшеп қара!

Бұл сөзге Ескендір де қарай қалды,
Таразыны құрдырып, ортаға алды.
Қанша алтынды күміс пен салса дағы,
Бір кішкентай сүйекті аудармады.

Мұны көріп Ескендір аң-таң қалды,
Бар қаруын алтынға қоса салды.
Енді қайтер екен деп қарап еді,
Бұрынғыдан қу сүйек ауырланды.

Аристотель хәкімге патша келді:
— Мына сүйек қазынаның бәрін жеңді.
Бұл сүйекті басарлық, нәрсе бар ма?
Ақылыңмен ойланып тапшы! — деді.

Хәкім жерден топырақ алып барды,
Бір уыстап сүйекке шаша салды.
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,
Сүйек басы жоғары шығып қалды.

Ескендір мұны көріп аз тұрады,
Хәкімді аулақ жерге шақырады.
— Таң қаларлық іс болды мұның өзі,
Мәнісін айтып берші, — деп сұрады.

— Бұл — адам көз сүйегі, — деді ханға.
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр, көзіне құм қуйғанда.

Кәпір көздің дүниеде араны ұлken,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.
Сый сұрадың, бергені — бір қу сүйек,
Мұны көріп, алыңыз сіз де гибрат!


Ойлап-оýлап патшаның мойны тұсті,
 Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.
 Бекерлік екен менің бұл ісім деп,
 Қолын алып жүртына қайта көшті.

Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,
 Мұны бір өзге сөздің бірі деме.
 Қарның тойса, қайғырма мақтан үшін,
 Тоймас кезің толар деп қайғы жеме.

Ку өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,
 Өз күлкіне өзің қарың болма бекер!
 Үятың мен арыңды малға сатып,
 Үятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасың біреуге мақтасын деп,
 Шаужайымнан еш адам қақпасын деп.
 Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,
 Антүрганинан Құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,
 Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды?
 Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,
 Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!



МАСФҮТ

**О, Алла, құрметінде достың Махмұт¹,
Тілге жар бер, білінсін тура мақсұт.
Арун-Рашид халифа заманында
Бағдатта бір жігіт бар аты Масфұт.**

**Шаһардан бір күн Масфұт шықты тысқа,
Барды ма кезі келіп бір жұмысқа?
Бір ұры бас сап тонап жатқан жерде
Кез болды бір бишара шал байғұсқа.**

**Шал байғұс айғайлайды аттан салып,
Айырып алған жан жоқ оны барып.
Кім де болса бір ерлік қылайын деп,
Масфұт ұшты ұрыға онтайланып.**

**Масфұтты ұры шапты қылышпенен,
Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен.
Есен-аман шал дағы құтылыпты,
Масфұттан жау қашқан соң ұрыспенен.**

**Масфұтқа келді әлгі шал көзін тіктеп,
Көрсе, бастан ағып тұр қан дірдектеп.
Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші,
Жігіт қой ер көкірек, жау жүрек деп:**

Махмұт — Мұхаммед пайғамбар.

— Ей, жігіт, не қылсаң да, ер екенсің,
 Көргейсің ерлігіңің берекесін.
 Себеп боп мені ажалдан сен айырдың,
 Маған қылған қарызыңды Алла өтесін.

Бай емен, батыр емен, хан емеспін,
 Атақты артық туған жан емеспін.
 Себеп болып айырдың мені ажалдан,
 Жақсылықты білмейтін шал емеспін.

Мен бір шал дүниеде жиһан кезген,
 Ертең тұсте кетемін шаңаріңізден.
 Ертерек пәлен жерден тосып тұрып,
 Алып қал бір базарлық, жаным, бізден.

Пұл үшін қызықпассың, сен де бір ер,
 Сені маған кез қылған пәруардігер.
 Бір құданың хақы үшін мен тілеймін,
 Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер!

— Ұрыға жібермедім мен намысты,
 Кім бұлдар мұндай-мұндай қылған істі.
 Алла хақы деген соң амал да жоқ,
 Барайын,— деп уағда етіп, қол қағысты.

Ол жерге ерте тұрып жігіт барды,
 Шал да душар алдынан бола қалды.
 Қолынан ұстай алып, ертіп барып,
 Далада бір бұзылған тамға апарды.

Барса, тамда бір гүл тұр солқылдаған,
 Басында үш жеміс бар былқылдаған:
 Бірі — ақ, бірі — қызыл, бірі — сары,
 — Таңдал ал, мен берейін бірін саған.

Ағын жесен, ақылың жаннан асар,
 Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар,
 Егер де қызыл жеміс алып жесен,
 Ұрғашыда жан болмас сенен қашар.

Ол жігіт сөзін ұғып тұра қалды,
Көзін төмен жіберіп, аз ойланды.
Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,
Қызыл жеміс жеймін деп қолқа салды.

— Мен беремін, танбаймын айта тұра,
Өкінбесен түбінде жүре-бара.
Ақ пен сары екеуін алмағаның,
Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә.

— Мен болсам, егер ағын жемек те едім,
Ақылды болдым елден бөлек дедім.
Мен ақылды билемен, не қылсам да,
Мені ақыл билесе керек дедім.

Ақылды жан табылмас маған сырлас,
Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.
Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды
Көре тұра, көңілде тыныштық тұрмас.

Адам дерпті болмай ма құса тартып,
Тұщы үйқы үйқтай алмай тұнде жатып.
Ептең бағып, есерге ем таба алмай,
Тәтті тамақ жей алман дәмін татып.

Сарыны жеп, мен болсам байдың өзі,
Аузында тамам жанның болдым сөзі.
Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,
Тігілер жан біткеннің маған көзі.

Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін,
Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін.
Не қылса да, надандар алмақты ойлар,
Мал антүрған күйдіріп елдің ішін.

Еңбексіз мал дәме етпек — қайыршылық,
Ақылды ерге ар болар ондай қылыш.
Оны ойларлық бұл күнде адам бар ма,
Пайда ойламай қылады кім татулық?

Берсең, қалар оларда несі ардың?
 Бермесең, сен дағы ит бірге болдың.
 Не өзің ит, немесе бар елің ит,
 Дауасыз бір пәлеге міне қалдың.

Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
 Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер?
 Үрғашы да көп жан ғой, досым болса,
 Деп едім бір пайдасы маған тиер.

Еркектің еркек адам болса қасы,
 Қатын, шеше, қызы жоқ кімнің басы?
 Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
 Сонда үрғашы болмай ма арашашы?

Тегінде адам басы сау бола ма?
 Бойында тексерілмес дау бола ма?
 Ері ашу айтса, әйелі басу айтып
 Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

Соны ойлап, қызыл жеміс мен таңдадым,
 Берсеңіз жемек болып бел байлладым.
 Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ,
 Басын да ойлап, тегін де абайлладым.

Бұл сөзге салып тұрды шал құлағын:
 — Ендеше тауып айттың, же, шырағым.
 Ақыл, дәulet әуелден өзінде екен,
 Өміріңше артылсын, жаным, бағың!

Бұл шал бөтен шал емес, Қыдыр еді,
 Ебін тауып даруга кезі келді.
 Сөзіне, ақылына, қылышына
 Разы болғаннан соң, бата берді.

Сол Масғұт Қыдыр шалдан бата алышты,
 Соңында Шәмсі-жиһан атанышты.
 Мағынасы: «бұл дүниенің күні» деген,
 Жетіліп бізге ғибрат сөз қалышты.

Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,
Жалғаның дәмін бұзып, хауіп қылғызған.
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,
Арашаны іздепті қатын, қыздан.

Ендігіге не сұрау бұл заманда?
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, тұған жер жібермейді,
Әйтпесе түрмас едім осы манда.

Сол Масғұт халифаға уәзір бопты,
Тарқатыпты алдынан көп пен топты.
Бағанағы Қызыр шал бір уақытта
Түсінде аян беріп жолығыпты.

— Ей, балам, пәлен күні жауын жауар,
Сол жауынның суында кесапат бар:
Жеті күн жынды болар суын ішкен,
Жеті күн өткеннен соң және оңалар.

Ол судан тамам суға су құйылар,
Сел болып, судың бәрі кесел болар.
Ертерек таза судан су жиып ал,
Бұл — хабарым, сақтансан, жаным, жарап.

Бұл сөзбен халифаға Масғұт барды,
Хабарын естіген соң хан да аңғарды.
Айтқан кезі жақындаپ келген шақта,
Ертерек таза судан құйып алды.

Болған соң уәделі күн жауын жауды,
Судан ішкен жынды боп, ақылы ауды.
Күні-түні шуласып, таласады,
Ұмытты тاماқ жеу мен және ұйықтауды.

Бұлар шулап бір күні келді ордага,
Хан мен уәзір қарайды тамашаға.
Бәрі де есі шығып, жынды болған,
Бос шулап жүр кіші іні, үлкен аға.

Ол халқының алдына жақын барды,
Сөз айтып әрбір түрлі, ақыл салды.
— Бір кеселге, байғұстар, жолығыпсың,
Үйіне бар, үйіктаңдар! — деп шығарды.

Олар шықты есіктен ханға өкпелеп,
Көшеде шулап және жылаған көп:
— Хан мен уәзір ақылдан айрылыпты,
Өлтірейік екеуін, жынды екен, — деп.

Өлтіргелі ордаға қайта жүрді,
Бұлардың сөзін естіп, хан да көрді:
— Бұрынғыдан мұнысы қын болды,
Ойбай, уәзір, ақыл тап, қайттік? — деді.

— Құтылар хал болмады мына дудан,
Біз де ішпесек болмайды жынды судан.
Өлтірер өңкей жынды бізді келіп,
Жынды деп есі дүрыс бізді қуған.

Екеуі жынды судан ішіп салды,
Құтырып көп алдына жетіп барды.
Өңкей жынды, байқамай айтыппыз деп,
Құлдық ұрып, бұларға көп жалбарды.

Сонымен бет-бетімен тарқап кетті,
Әйтеуір, тарқайтұғын уақыт жетті.
Көрдің бе, көп тентектің қылған ісін,
Еріксіз есті екеуін есер етті.

Көптің бәрі осындай, мысал етсенд,
Көп айтты деп алданып, уағда күтсенд.
Ғапіл боп көп нәрседен бос қаласың,
Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсенд.

ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ

Бір сөзім «Мың бір тұннен» оқып көрген,
 Өлең қып сол сөзімді айтқым келген.
 Болыпты ағайынды екі жігіт,
 Бағдатта Мұстапа мен Сапа деген.

Екеуі жетім еді әкесі өлген,
 Талаптан, жетімбіз деп, бос жүрмеген.
 Тігінші, кестеші еді кіші інісі,
 Мұстапа суретшілік ғылым білген.

Екеуі екі айрылмақ қамын жеген,
 Бір шетке кетпек болып жүрт көрмеген.
 Мал тапқаны бір ізден таппақ болып,
 Серт қылып, бір-біріне уәде берген.

Екеуін екі жаққа тағдыр бөлген
 Жандар емес қатерден эсте именген.
 Шын, Машынға¹ Сапасы кете тұрсын,
 Мұстапа Балсураға² бұрын келген.

Мұстапа — бойдақ, кедей біраз тұрған,
 Кәсібін күннен күнге тәңірі оңғарған.
 Аздан соң қатын алып, үй салғызып,
 Шаһарда сенімдінің бірі болған.

¹ Машын — Шығыс мемлекеттерінің аттары. Шын — қытай, Мачин —

² Балсура

— қаланың аты.

Пұл құрап, киім түзеп, қарны тойған,
 Қағазға өрнек жасап, сурет ойған.
 Құдайым кешіктірмей бір ұл беріп,
 Молдалар оның атын Эзім қойған.

Бір жасап, екі жасап, Эзім өсті,
 Сонан соң медресеге барып тұсті.
 Аз жылда жақсы ғылым қәсіп етіп,
 Жас жігіт жүзі нұрлы, қөңілі мас-ты.

Оқудан шыға ұстады ата өнерін,
 Асырды атасынан әрбір жерін.
 Сол күнде ажал жетіп, Мұстапа өліп,
 Жыртық-жетім болмады ол жас өрім.

Атаның харекетін ұстай алды,
 Өнері артық шығып, жан таң қалды.
 Алушылар көбейіп мұның ісін,
 Бұрынғыдан артылып мал құралды.

Бір күні лапкесінде отыр еді,
 Торғын тон, алтын кәмәр бір шал келді.
 Не қылса бір құрметті адам ғой деп,
 Эзім тұрып, иіліп сәлем берді.

Сәлемін алды шал да, амандасты,
 Қасына жуық келіп жақындасты.
 — Жат жердің адамы едім, ей, шырағым,
 Не харекет қыласың? — деп сұрасты.

— Жасынан жетім едім қөңілі сынық,
 Өнерім артық емес ондай ұлық.
 Еңбекпенен көз сүзбей күн көремін,
 Харекетім — суретші, бояушылық,

— Мінезің, түсің жақсы надан дерге,
 Артық өнер қыын ба талапты ерге?
 Тесілген күні бойы сендей жасты
 Аяймын өнімі жоқ бұл өнерге.

Бұл сөзге Әзім тұрып ашуланды,
— Тұрпайы сөйлейсіз, — деп қарай қалды.
Атамның харекетін қорлама, бай,
Аш емен, болмасам да сендей малды.

— Қорламаймын һәм, балам, зорламаймын,
Тесілген күні бойы сені аяймын.
Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,
Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын.

Шын өнерге қайтер ең көзің жетсе?
Әркімге жарамайды мұны үйретсе.
Өзі үлкен, өзі оңай, артық, өнер,
Аз жұмыспен көп алтын хасил³ етсе.

Мен дағы жүргенім жоқ малдан күсіп,
Айттым, балам, басыңа мейірім түсіп.
Ертең ерте мысыңмен дайын болып,
Көңіліңің дәркүмәнін алшы шешіп.

Әуелі хақтығына жетсін көзің,
Серт қылдым гой үйретпек болып өзім.
Ертең ерте сол жерден табыспаққа
Екеі уәде байлан, қойды сөзін.

Шал кетті, аң-таң бала үйге қайтты,
Көргенін анасына келіп айтты.
Химия ғылымы бар дейтін, сүйтсе дағы
Анасы басын шайқап, ішін тартты.

— Апар да мыс бақырды алдына сал,
Алтын болса, болады бір талай мал.
Жалғызым, не қылсаң да сақ болып жүр,
Жәдігөй боп жүрмесін антүрған шал.

Бала айтты: — Тәңірім қақса, пенде не етер,
Жалған болса, білінер, қор боп кетер.

Хасил (арабша) — пайда, өнім.

Шын болып, уәдеге бармай қалсақ,
Гапылдықтан айрылған ызасы өтер.

Не қылса, сол түн бала шала үйиқтады,
Өтірік, расын ойланып таба алмады.
Мыс бақырын қолына алды дағы
Лапкеге күндегіден ерте барды.

Шал дағы дереу дайын бола қалды,
Бір дорбадан көмір мен көрік алды.
Екеуі сәлемдесіп болғаннан соң:
— Мысың қайда, балам? — деп дігір салды.

Мыс бақырды сындырды талқан қылып,
Көмірге салды мысты, дүкен құрып.
Мыс былқылдан еріген қезінде шал
Шөншіктен⁴ ұсақ қара алды қырып.

Алды да, ол дәрісін мысқа салды,
Былқылдаған бүркүлдап мыс шайқалды.
Бір нәрсемен азырақ бұлғалақтап,
Алтын қып суынған соң қолына алды.

Алтынын алып берді қолындағы:
— Сарапқа сал бар дағы, шаһарыңдағы
Алтын емес деп біреу айтса, балам,
Алдамшы, амалым жоқ, болдым дағы.

Алтынды ал да, көрсет жүртқа апарып,
Менің сөзім шын болса тәнірі онғарып,
Сонау бақша ішінен табылармын,
Егер мені іздесең көңіліңе алып.

Әзім ұшты алтынды ала салып,
Не байларға көрсетті мұны апарып.
— Самородный сары алтын екен ғой,— деп,
Кім көрсе, сол айтады аң-таң қалып.

⁴ Шөншік — дорба (көне сөз).

Үш мың үш жүз ділдаға кетті сатып,
Шешесіне ап келді таңырқатып.
Шешесі: — Сол кісіні шақыр! — деді,—
Кетсін, — деп,— үйімізден дәм-тұз татып.

Бағанағы бақшаға Әзім келді,
Жолықты шал да, сонда отыр еді.
— Ей, ата, қылған ісің рас екен,
Қонақ боп, біздің үйден дәм тат, — деді.

Қос уыс ділда берді Әзімге шал:
— Сенің ортақ малың, — деп, — мендегі мал,
Шешілісіп, сырласып отыралық,
Әртүрлі қымбат баға ішкілік ал.

Сырлассақ, сұхбаттассақ, аулақ артық,
Нашалы⁵ боламыз гой сөйлеп шалқып.
Анаңды да бір жерге жібер, балам,
Сырымды үйрете алман бойым тартып.

Құн батпай биттей алаң болма бізге,
Қас қарая келермін мен де сізге.
Ішу, жеу арасында сөйлер сөз көп,
Ол үйде жан болмасын сенен өзге!

Әзім кезді базарды аз тентіреп,
Әртүрлі ішкілікті алды күреп.
Алтынды көргеннен соң, анасы да
Кетті көрші үйіне, сеніңкіреп.

Арақ, жеміс — әртүрлі нығмат⁶ дайын,
Қуанды алтын қолға кірген сайын.
Үйіне бөтен жалғыз жанды қоймай,
Оңаша безендіріп тұрды жайын.

Көз байлана сып етіп шал да келді,
Әзім де есік ашты, дайын еді.

⁵ - ~~нашам~~ (наша, анаша) — тұтікпен тартатын есірткі шөп.
⁶ - ~~арабаша~~ (арабша) — тағам, дәулет, байлық.

Әзімді баласына балағандай,
Жайнаңдаш жарқын жүзбен үйге кірді.

Шал кіріп үйді тегіс аралады,
Бір Әзімнен басқа жан таба алмады.
Біратола пейілді беріп алған,
Әзім де бұл қылышты шам алмады.

Хош уақытсып сөйледі шал барқылдан,
Қол қусырып Әзім тұр, сөзін тыңдал.
Асын жеп, қолын жуып болғаннан соң,
Әпкел деп ішкілікті қойды ымдал.

Бар іс қой әуелден-ақ ел салтында,
Орыс, неміс болса да, қай халқың да.
Пайда деп тән саулықса ішетүғын.
Миуадан тартқан хәмір⁷ ас артында.

Подносқа бөтелкемен арақ толды,
Бір-екі жақсы үремке дайын болды.
Жоқтан барды сөйлесіп, сауқым салып,
Алысты пияланы онды-солды.

Жайма шуақ сүм шалдың іші мықты,
Алғашқы ішкен Әзімге тез-ақ шықты.
Бір аяқ қолдан қолға дегенсініп,
Жәдігөй стақанға дәру тықты.

Онысы тұн ортасы болған заман,
Сүм еken талай жанды әуре қылған.
Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң,
Әзім барып жығылды шалқасынан.

Сонда шал терезеден бір ысқырды,
Төрт жігіт табыт алған үйге кірді.
Әзімді сол табытқа салды дағы,
Төртеуі көтеріп ап тысқа жүрді.

⁷ Хәмір (арабша) — шарап.

Әзімді мас қып алып, шал кенелді,
Есікті жабамын деп аз бөгелді.
Артын жым-жырт қылды да, антүрған шал
Төртеуін ертіп алып, тез жөнелді.

Теңіздің жағасында қалың қамыс,
Ішінде бір кеме бар шалға таныс.
Әзімді сол кемеге салды дағы,
Тұмсығын бұрып алды шетке шалыс.
Қасында жиырма-отыз жолдасы бар,
Қаладан таң атқанша кетіп алыс.

Ел тұрды, ертең кемпір үйге кірді,
Бала жазым болғанын іші білді.
Зар ұрды, ойбай салды, не бітірсін,
Тұра тұр, өзге-жайын сұрама енді.

Әзім есін жиыпты ертең түсте,
Өз басын көрді хауіп-қатер істе.
Қол-аяғы байлаулы жатыр жалғыз,
Темір шеттік қапас боп тұрды үсте.

Ыңғалып орнынан ол әрең тұрды,
Тұрегеліп антүрған шалды көрді.
— Ақсақал, адам мұнданың қыла ма еken,
Анамнан мені айырып бұл нең? — деді.

— Көзіңді аш, есіңді жи, енді ойнама,
Мені сен өз діндерім деп ойлама!
Мен отқа шоқынамын, дініме көн,
Менде бардың бәрінен хауіп ойлама!

Егерде көнбей қалсаң, наданшылық,
Әр күні сізге дайын бір жұз шыбық.
Мың жаның болса дағы құтылмайсың,
Табылмас енді менен майда қылық.

Бала айтты: — Дінім үшін жаным құрбан,
Жаннан қорқып, отыңда мен бас үрман.

Дінім хақ, ісім ақпын, өлсем шәйіт,
Корқады деп үмітті ұз сен антүрган.

Баланың бар кімін шешіп алды,
Жұз қамшы арқасына дүре салды.
Қыңқ етіп бір дыбысты шығармады,
Азырақ талмаусырап, нашарланды.

Мұнысын жаратпады, қадір Сұбхан⁸,
Кек бұзылып, жер жүзі болды топан.
Байлаулы бала жайға қала берді,
Кемемен әуре болды көп антүрган.

Тұн бойы үйқтамады бір де мызғап,
Су сарылдап құйылды кемені ырғап.
Отыз құлды таусылды табанынан,
Су төгіп таң атқанша ол сарпылдап.

Отыз құл ақылдасты басты қосып,
Өлеміз деп ойлады жаннан шошып.
Бір шеттен бір жағаға келе жатқан
Кәрі иттің ұстай алды алдын тосып.

—Ақсақал, іс қыласыз ойланбастан,
Жаннан қорқып қашпаушы ек қара тастан.
Құдай сүймей бұл істі бізге салды,
Қолын шеш, ризалық ал мына жастан.

Қолын шеш, ризалық ал, кісенді бұз,
Шапшаң айт, көнесің бе, уақыт тығыз.
Бұл сөзге көнбей қалсаң, ақыр өлдік,
Сені суға тастаймыз отызымыз!

Сонда шал мына сөзге аң-таң қалды,
Не қыларын біле алмай, аз ойланды.
Пішиін отызының байқаған соң,
Баланың қол-аяғын шешіп алды.

⁸ Сұбхан (арабша) — алланың есімінің бірі. Бұл жерде күшті құдаймын ~~жары~~ магынада.

Мойнынан шырағым деп құшақтайды,
 Көзінің ағып жасы, бүршақтайды.
 — Шырағым, мастықпенен қылыштын,— деп,
 Әуелгі сөзден танып және алдайды.

Әзім жас, ақ пейілдеу адам еді,
 Ойлады: өтірік болса неге именді.
 Мастықпен қылса қылған шығар-ау деп,
 Іс көрмеген жастықпен және сенді.

— Мастықпен қылған болсаң, кештім саған.
 Кәрі ит те: — Шырағым,— деп арсандаған.
 Жел тынып, күн айығып баяғыдай,
 Хикметімен тоқтатты бір жасаған.

Баланы сыйлап жатыр, тамақ қамдап,
 Су тәkkісіз жорға боп шал жылмаңдап.
 Отыз құл мынау тек жан емес қой деп,
 Әлінше қызметінде жүр тырбандалап.

Бір мезгілде шал айтты: — Балам, тоқта,
 Мысты алтын қылатын дәрі осы жақта.
 Алыс емес, аз күндік жақын жерде,
 Болмай ма молықтырып ап қайтсаң та?

Бала айтты: — өзің біл!— деп бұл сөзіне,
 Шал қуанды тиген соң ерік өзіне.
 Төбесінен тік тұрып қылды қызмет,
 Титтей шәргез келмейді мінезіне.

Сып етіп бір жағаға келді жетіп,
 Шал жөнелді, баланы қасына ертіп.
 Бір барабан тұр екен, қағып еді,
 Қамады желмаялар дүбірлетіп.

Үш желмая ұстады жорығына,
 Бірінің азық артты қомдығына.
 Екеуіне ер ерттеп мініп алғып,
 Барабанды қалдырды орынына.

Желмаялар келеді жедей есіп,
Сұм шалдың бір тарапты көзі тесіп.
Шал айтады балаға: — Қөрдің бе — деп,—
Бұл тұр бұлдыраған елеңдесіп?

Ол өзі — бұл емес, Қаптың тауы,
Бір бөлек үлкен таудың бергі бауры.
Бергі таудың басында сол дәрі бар,
Қырандай ап қайтармыз жібек баулы.

Тұні бойы жүріпті, болды сәске,
Көрінді жарқыраған үйдей нәсте.
— Бұл не? — деп сұрап еді, тұра қашты,
Биттей аял қылмады кәпір әсте.


— Бұл не, — деп тағы да айтты Әзім сорлы,
— Қашқаның не қылғаның мұншағұрлы?
— Шырағым, мұның өзі қатерлі жер,
Бір қаскөй жәдігей дәудің орны.

Соны айтты да, шал сабап жүре берді,
Бір өзен жатыр еken, соны өрледі.
Өзенде өрлегеннен бір айрылмай,
Дәл бесінде үшыртып тауға келді.

Келді де бір жартасқа түсе қалды,
Азық, артқан маяны жарып салды.
Ішін жарып, іштегі ішек-қарнын,
Өкпе-баурын тазалап, бәрін алды.

Сонда шал Әзімге арқан, канжар берді:
— Маяның ішіне еніп, сен жат! — деді,—
Ішін тігіп, мен кетіп, жасырынам,
Тау басында самұрық бізді қөрді.

Бұл жерге мен кеткен соң самұрық келер,
Маяны іліп алып, биікке өрлер.
Бір жерге қонғаннан соң жар дағы шық,
Именіп адамзаттан үшып кетер.



Жас Абай



Абайдың анасы



Күнанбай Өскенбайұлы




Жас Абай



Абай




Абай ұлы Магауиямекен



Абай оқыған медресе



Абай жандармерия басқармасында



Абай Семей қаласының кітапханасында

Абай Семей қаласының кітапханасында



А. С. Пушкин



М. Ю. Лермонтов



В. Гете



Пушкин, Крылов, Жуковский,
Гнедич. Жазғы бақта



Ақылбай




Әбдірахман




Магауя



Тұрағұл



Абайдың «Құз» атты өлеңіне жасалған иллюстрация



Абай. М. Әуезовтің «Абай жолы» романына жасалған фронтиспис



Тау басында бар қара ұсақ топырақ,
 Қапқа толтыр кешікпей жылдамырақ.
 Қап толған соң арқанға байлап жібер,
 Саспай шешіп алғанша тоқта бірақ.

Сонан соң арқаныңды тасқа байла,
 Түсегүйн ыңғайлы жерді сайла.
 Арқаннан ұста дағы тұс сырғанап,
 Жарамайды қылмасақ сүйтіп айла.

Қап алды, қанжар алды сонда Эзім,
 Сөзінің ұқты бәрін қылмай жазым.
 — Шырағым, айтқанымды жаңылма, — деп,
 Барынша қылышп жатыр шал да тағзым.

Эзім де бөгелмеді бойын тежеп,
 Талабы, тәуекелі сондай-ақ көп.
 Тәңірінің бір жазғаны екі болмас,
 Маяның ішіне енді тәуекел деп.

Маяның кетіп қалды ішін тігіп,
 Шалекең жасырынды талға кіріп.
 Аспаннан самұрық келіп, іліп алыш,
 Қайқайып қайта шықты бір-ақ ырғып.

Маяны самұрық қонды тасқа апарып,
 Ер Эзім шыға келді ішін жарып.
 Адамзатты көрген соң бұдан шошып,
 Отырды самұрық құс аулақ барып.

Жалтаңдап Эзім шықты тау басына,
 Тапты топырақ, толтырды дорбасына.
 Қап толған соң арқанға мықтап байлап,
 Тау басынан жіберді атасына.

Жіберді әлгі қапты жерге атып,
 Антүрган шал дәuletке қалды батып.
 Қап жерге тұскеннен соң дінсіз кәпір
 Арқанды алыш кетті жұла тартып.

Айрылып арқанынан Әзім қалды:
— Арқанды неге алдың! — деп айғай салды.
— Талайды осы тауға тастағанмын,
Соның бірі болдың,— деп кете барды.

Сүм шалдың дінсіздігін сонда білді,
Қарамай, бір қайрылмай, жүре берді.
Кәпірдің қайрылмасын білгенмен соң,
Жұтіріп жалтыр тастан жол іздеді.

Көрді, білді ол таста жолдың жоғын,
Сонан соң қамдап бақты қарны тоғын.
Азырақ жеміс тауып жеді дағы,
Көрмекке жата кетті хақ бүйріғын.

Құн де батты, бір жерге Әзім жатты,
Құн батқан соң жан-жағы салдыр қақты.
Қараса қаптап жүрген бәрі айдаһар,
Сонда да біраз жатып үйқтап қапты.

Үйқтап кетіп, шошынып тез оянды,
Жұтқалы көрді келген айдаһарды.
Не де болса тәуекел қылды дағы,
Қанжармен қақ басынан шауып қалды.

Өзі де бір тарапқа ыршып кетті,
Бір биік ағаш көрген, соған жетті.
Биік жерде болайын деді дағы,
Сол түні ағаш басын мекен етті.

Әр-бері жатты дағы, үйқтап қалды,
Шаршаған ғой, күн шыға зорға оянды.
Қараса басқа айдаһар жоғалыпты,
Өзі шапқан таныды айдаһарды.

Ойлады: «Тірі болса кетпес пе еді?»
«Өлген ғой мына айдаһар», — деп ойлады.
Ағаштан түсе қалып айдаһарға,
Қолына қанжар алып, жетіп барды.

Көрді, білді айдаһар тірі емесін,
Тәңірі ұзын жаратқан сом денесін.
Қанжармен таспадай қып тіліп алып,
Аз уқалап кептірді жон терісін.

Жалғап-жалғап, бір ұзын арқан етті,
Ер Әзім осылайша талап етті.
Бір ұшын тасқа байлап жібергенде,
Түсетүғын орнына әбден жетті.

Ер Әзім тәуекел қып жаннан құсіп,
Арқаннан ұстады да, кетті тұсіп.
Қарақат жеп, мойыл жеп, судан ішіп,
Өзенде құлады да, жүгірді ұшып.

Үш қонып, төртінші күн белден асты,
Ол күні алтынды үйге душарласты.
Тау басынан тұсірген тәуекелмен
Сол үйге кірмек болып қадам басты.

Қақпадан кірді ішкері қадам басып,
Бір үйінен өрледі бір үйге асып.
Тілдесерге еш адам жолықпады,
Төрдегі үйге кірді есік ашып.

Екі сұлу қыз отыр төрдегі үйде,
Ондай сұлу көрген жоқ бүтін елде.
Екі қыз шатраш ойнап, білмей қалды,
Кірді де, тұра қалды орта жерде.

Екі қыз мұны көрді бас көтеріп,
Адамзатқа таңырқап, тұрды елеріп.
— Ей, жігіт, тұсің жақсы жан екенсің,
Жүр едің жәдігөйге не қып еріп?

Сөйлемді Әзім дагы аянбай-ақ:
— Мен гаріп бишарамын жүрген саяқ.
Әуелде өзі көрген бар қысаны
Сөйлемді бірін қоймай бастан-аяқ.

Екі қыз естіп білді Әзім жайын,
Есіркеп, мұсіркейді айтқан сайын.
— Сен бізге бауыр болып, түр осында,
Не керектің қылалық бәрін дайын.

— Құп болсын, олай болса, апаларым!
Дүниенің тартып жүрмін жапаларын.
Сағынсан, өз еліме жеткізе ме,
Айтсаныз, мархаматты аталарың?

— Көңілді бос сұытпа біздей қыздан,
Сізге уәде біздерге тәңірі айтқызыған.
Шыдағанша шыдап бақ қасымызда,
Қайтпағың келер біздің қолымыздан.

Сені біз жар етпейміз, бауыр еттік,
Достықпен жүрек еріп тәуір еттік:
Тұбінде сен тұра алмас болсаң мұнда,
Еліңе жеткізуге біз де жеттік.

Құп болады десті де, серт байласты,
Қатты-қатты айтысып уәделесті.
Көңілінде кара жоқ, ақ ниетпен
Тым жақын дос болуга ыңғайласты.

Құн жаңғырып, бойына қуат енген,
Алтынды үйдің ішінде еркеленген.
— Жан-жағын қалай сайран қылсаң еркің,
Жалғыз-ақ бір есікке кірме, — деген.


Екі қыз кетіп бір күн, қалды Әзім,
Салған жоқ қыздар оның көңіліне ажым.
Тал түсте бағанағы кірме деген
Есікке кіріп кетті — бар ма лажың?

Кірсе, аржағы дөңгелек қалың ағаш,
Ішінде бір хауыз бар, ернеуі тас.
Бұлбұл сайрап, миуасы салбырап түр,
Салтанатын түгендер айтып болмас.

Тас ернеуі — меруерт, ол көрінген,
Кеткісі келмес жанның мұны көрген.
Ер Әзім тамашалап қарап тұрса,
Бір түрлі таңғажайып құстар қелген.

.....
.....

(Бітпей қалған)



ҚОЛТАҢБА

ФАКСИМИЛЕ

Абай өлеңдері
Абайдың әдеби хатшысы
Бікеұлы Мұрсейіт көшіріп
жазған қолжазбасы.

1905 жыл

خداوندی از جهت پاره اتفاق فریناکار بیمه کم برداشت خواهد نمود و می بدل کند اگر تو رسیدن
در راه نباشد... خواص این بروان بسیار بسیار است و بعدها در تفاصیل بزرگتر شاید نویسنده
آن را بخواهد نویسند و این در اینجا کافی نخواهد بود و زیرا آنقدر قدری مفهوم
شناختی اینها نکوچندست و لجه از اتفاق فقیر است و هب تخته سلم نخواهند بود.
پس نسبت این بروان بسیار بزرگ است و ممکن است که اینها بسیاری باشند. اینها بزرگ و خوب از اینها بسیار
بزرگ و خوب نیستند و نویسنده آن را در اینجا نمی بخواهد بخواهد. شاید اینها بسیار
بزرگ باشند اما دوست صاحب اینها بزم خواردن را می بخواهند و ممکن است اینها بزرگ باشند.
و بزرگ و خوب است و آنها نیز نمی بتوانند باشند بولمه یارم ترکی و ساس و دیبا و ده
بعندهم اینها بزرگ نیستند و اینها نیز نمی بتوانند باشند از اینها نیز نمی بتوانند
چون نکردند بزرگ نیستند و اینها از این بزرگی خود را بخواهند و ممکن است اینها بزرگ باشند.
حقیقت قدر اینها بزرگ نیستند و اینها از این بزرگی خود را بخواهند و ممکن است اینها بزرگ باشند.
و اینها بزرگ نیستند و اینها از این بزرگی خود را بخواهند و ممکن است اینها بزرگ باشند.
و اینها بزرگ نیستند و اینها از این بزرگی خود را بخواهند و ممکن است اینها بزرگ باشند.
لذا نیز بکسر بادیم اماده و دیده بیتب و مینه بسیار بزرگ است اینها بزرگ نیستند و ممکن است اینها بزرگ باشند.
لذا نیز بکسر بادیم اماده و دیده بیتب و مینه بسیار بزرگ است اینها بزرگ نیستند و ممکن است اینها بزرگ باشند.
لذا نیز بکسر بادیم اماده و دیده بیتب و مینه بسیار بزرگ است اینها بزرگ نیستند و ممکن است اینها بزرگ باشند.

آدم و حکیمی شد سوینه پس از رود و دیدن شک خطا مخففته شد اما عالم را برای این کار بخوبی
رمایند شد پری شرط خان و مادر تائیهای داده فسی بعده از طاویله کی با اینکی می بوده
تحقیق آنها را هرگز بکرد و سیاره و عاصمه بخدمت داشتند، اینکه خود را نشاند
این کسانی عزم خود را که آنها کیمی خدای شر ای هم انسان می یافتو انسان در کام
برک ها کام، اراده تبلیغ همچو اسرازی نیز شنیده اند قویوب آدم از جهانی از اینکی اینها
همه اینها خانم رعایت ای اینکه پایان ناچوی آسانانی باشند بروجوب آنکه دنیا اینکی زدنستوند
عاضر جواب آنکه تو در باده های اینها صدی عیال سیان آذربایجان داشتند، اینکه اینها از این
آنها را اینکه قدر قویوب شور عانی و خصوصاً اینها آدم با اینکه من نظر نمی داشتم، سلطانی
نه کاری با اینکه آیوزما خنده ام از اینکه اینکه بارچه بیرون نگهداشتم بر لعائی سویک بزندان
مندار بخوبی داشتم و دیگر داشتم، بعل و زمانه نشاند عالم از اینکه طبینه در مشاهده جو اینها داشتم
این سبز پلک بالکه بوریک فعل انسانی که کجا باش، و چه میباشد از اینکه شمارد از اینکه
که بی برای عجب فرج در این نکار اینکه اینکه برای هم بکسر بکش اولین که میباشد جو عیال های بخوبی
اینکه از در برا که اینکه بسیار خوب نیست آنکه اینکه بخوبی نیز طبق و اینکه اینکه بسیار خوب نیز بخوبی
مشهور که میباشد قیاد ای اینکه
بخل از نشاند که اینکه آنکه اینکه میباشد قویوب جو اینکه اینکه اینکه اینکه اینکه اینکه
دلاخت اینکه
ند بخواهد اینکه
فعل ای اینکه
که اینکه
علیک و سخن از خبر بخواهد بخواهد برای اینکه برای اینکه برای اینکه برای اینکه برای اینکه
ناری، نیاز و بدل را دیگر صور را اینکه اینکه اینکه اینکه اینکه اینکه اینکه اینکه اینکه
صور را اینکه اینکه

(۲)



АУДАРМАЛАР

Александр Пушкин

ТАТЬЯНАНЫҢ ОНЕГИНГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

A

мал жоқ — қайттым білдірмей,
Япырмау, кайтіп айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.

Талайсыз, бақсыз мен сорлы,
Еріксіз аттап ұттан,
Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Байқалар халім бұл хаттан.

Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де.
Шыдар ем күйіп, мен жанып,
Айында бірер көрсем де.

Болмады көріп қалуга,
Есітіп біраз сөзінді.
Шыдар ем бір ай жатуға,
Ұзақ тұн жұмбай көзімді.

Қызықтан қашып бұл жерге
Көңілінің салып келіпсіз.
Мәнісін сұрап білуғе,
Тілдесе алмаймын еріксіз.

Келмесең егер сен бізге,
Сау болмас па ем, әлбетте?

Болмасам ашына мен сізге,
Түспес ем мұндай бейнетке.

Асау жүрек қайнамай,
Жуасыр ма еді кезінде?
Елден бір жақсы сайламай,
Бармас па ем ерге өзім де?

Өзгеге ешбір дүниеден
Еркімен тимес бұл жүрек.
Әуелде тағдыр иеден,
Қожам — сенсің, не керек.

Тіршілігім — құрбандық,
Шыдамай сені көргенше.
Тәңірімнен келген бұл жарлық,
Ием — сенсің өлгенше.

Әуелде кірдің түсіме,
Ортақтасып өміріме.
Толғау салып ішіме,
Сол күнде-ақ жақтың көңіліме.

Құдайдан болғай деп емі,
Құдайыны мол бердім.
Көрген жерде-ақ мен сені,
«Осы екен ғой — сол» дедім.

Жатқан сайын үйқыға,
Дұға оқушы ем, шошынып.
Ұнатып мені құлқыңа,
Жүруші едің қосылып.

Түсімде мені жұбантып,
Жылы сөзбен сөйлесіп,
Кетуші едің қуантып, —
Қалушы еді көңіл өсіп.

Шыныңды айт, кімсің тербеткен,
Нембісің сақтаушы?
Әлде азғырып әуре еткен,
Жаумысың теуіп таптаушы?

Шеш көнілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі — алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс.

Не болса да өзімді
Тапсырдым сізге налышып.
Толтырып жасқа көзімді,
Есірке деймін жалышып.

Бұл жерде ешкім сырымды
Білмейді, айтып не етейін?
Жақтырмай бұзсан ңұрымды,
Білдірмей күйіп өтейін.

Құтемін сізден қайта хат,
Қуандырып дертім жаз.
Ол болмаса, шыныңды айт,
Кінә өзімде, өзіме аз.

Өз хатыма өз көзім
Ұялып, қорқып баға алмас.
Кепілім — сенің бір өзің,
Бөтен жан несіп таба алмас.

ОНЕГИННИҢ СИПАТЫ

**Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген.**

**Кейде паң, кейде қөнгіш орныменен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен.
Кейде ұн демей жүрсе де сөзге баяу,
От жалындај жауапкер құрбыменен.**

**Фашықтық сөзге жүйрік, әсіресе,
«Дем алсыым, құмарым — бір сен» десе.
Жанын құрбан жолына қылған жаисып,
Көз қарауы құбылар әлденеше.
Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,
Қамыққансыр, қайғырып, орны келсе.**

**Жап-жаңа кісі болып түк білмеген,
Қалжыңын білдіртпейді «қалай» деген.
Жаның шошыр өрлігі жаннан бөлек,
Кісіге балдан тәтті орны келген.**

**Биттей бойы босаса, сезер сонда,
Жастық жеңіп, көңілді шайқағанда.
Фашық құмар, ақыл мен бойыңды алып,
Жылы жауап есітер не қылсаң да.**

Емінер, «әй» дегізер, дайын қылар,
Жүргегің қалай соқса, пайым қылар.
Жылды ізін сұытпас, дамыл көрмес,
Бір оңаша жолығар жер айтқызар.
Ел аулақта оңаша қолына алып,
Көңіліндеңі сабағын айтып тынар.

Жасынан көрсе оны ақылы сасқан
Не сүркия жандарың жүрттан асқан.
Женуге, қор қылуға тағы да ұста,
Өзіне күндес шықса, жол таласқан.
Ажуага, қорлауға тілі орамды,
Не түрлі тұзақ құрып көңлін басқан.

ОНЕГИННИҢ ТАТЬЯНАҒА ЖАУАБЫ

Таңғажайып бұл қалай хат,
Мағынасы — алыс, өзі жас?
Сөзі орамды, әрі түрі жат,
Және әдепті, және рас.

Жас жүректің толқынын дөп
Жаза алышың толтырып.
Бойды жеңіп бұл асыл леп,
Тұрды титық көп құрып.

Тіл буынсыз, бой — таза гүл,
Ақылы артық, ары зор.
Ол — перизат, ойла, өзің біл,
Не болады болса қор?

Ішім өлген, құр денем сау,
Босқа үрейім жүр менің.
Жарамайды бекер алдау,
Тенің емес мен сенің.

Бенде көрген бар қызықтың,
Бәрін ішкен сүм жүрек.
Айныған соң, сен жолықтың,
Айтып-айтпай не керек?!

Тәтті дүние көңілімнен
Кетті менің, наң маған.

Енді бізге бір өлімнен
Басқа түк жоқ арнаған.

Мен — жаралы жолбарыспын,
Жұрттың атқан оғы етіп,
Сен есірке, сорлы жаспын,
Шын сөзіме рақым етіп.

Бала сүйер, жар сүйерден,
Түк неме жоқ, түр денем.
Сен — тоты құс бақта жүрген,
Қай жерімнен пар келем.

Ерге барған ер танымай,
Ер қызығын кім көрер.
Шығарына жол таба алмай,
Қайғыменен босқа өлер.

Айнығыш ер тартса салқын,
Бал сұрасаң, береді у.
Қазымырлап сөздің артыи...
Қасиеттен бетті жу.

Мен — сынық жан, жамағанмен
Түзеле алман түрленіп.
Тенің емес, біл, саған мен,
Не қыласың кірленіп?!

Әйел өлмес соқпа дерттен,
Сауыға алмас сынған ер.
Мен — көмірмін қалған өрттен,
Енді рүқсат бізге бер.

Сенің өмірің гүлденіп түр,
Есігін тап, көр қызың!
Менің өмірім — бір сұық сұр,
Күзгі күндей түр бұзың.

Бірге тұған мен ағаңнан,
Шын досыңмын, кем емес.
Сокқы жедім сүм заманнан,
Бір жылды сөз ем емес.

Арман етпе, жас күнің көп,
Игілік көр, ерге бар!
Бұл заманың кашқыны деп,
Мен ғаріпті есіңде ал.

Менде пандық, жат мінезден
Дәнeme жоқ, жарқыным.
Осы жазған барша сөзден
Байқалынар бар шыным.

Басы қатты, сүм жүргегін
Тоқтата алмай кетті де.
Сорға біткен көкірегін
Сендерге алмай өтті де.

Бар денемнің бәрі — бір мұз,
Қайрылуға жарамас.
Мына дәulet, мына асыл қыз,
Болды маған арам ас.

Ол — жас ағаш, бір қызыл гұл,
Жапырағы жаңғырап.
Сорлы Онегин, жолды өзің біл,
Қай тарапқа қаңғырап.

ОНЕГИН СӨЗІ

Хатыңнан жақсы үғындым сөздің бәрін:
 Кірі жоқ, кіршігі жоқ мағыналарын.
 Жасырмай, жастықпенен, нанғыштықпен
 Айтыпты шыншыл тілің бар іңкәрін.

Жасырмай жас жүректің жанған жайын,
 Айтуға тілің мұниша қайдан дайын?
 Жанып, сөніп, суынып қалған көңілім
 Қобалжиды хатыңды көрген сайын.

Қалмаған Онегиннің ешбір бағы,
 Өтіп кеткен жүректің отты шағы.
 Мінсіз тілмен сөзінді жазыпсың-ақ,
 Ұнатпаған жерім бар сүйтсе-дағы.

Болса да сән-салтанат, қызық, әсем,
 Тез жалығып айнимын, түрлауым кем.
 Сақтасар, ардақтасар кісі болсам,
 Жалғанда сенен басқа жанды алмас ем.

Бүгін сүйсем, сені алсам — ертең жалқып,
 Суып қайтар көңілім желше шалқып.
 Қуартып, қайғыменен суалтамын,
 Біреудің қызыл гүлін түрған балқып.

Құдайдың толып жатыр күні бүгін,
 Жігіттің тани алмай кемшілігін.

Бір алып, қадірлемей, тастап кеткен
Тартып жүр қиянатшыл ер күйігін.

Тұксиген өзі сұық, сөзі сұық,
Келерлік бір жері жоқ жанға жуық.
Өзі антүрган, қазымыр, қатын сорлы,
Екі өмірдің лайласп суын тұнық.

Сол баянсыз еркектің біреуі — мен,
Жамандығым жақсымнан екі еседен.
Жүрек кірсіз, тіл мінсіз, мінезің — гүл,
Не боласың осындай ерменен сен?

Жаңғырмас өткен өмір, біткен мінез,
Лайықсыз кісіге болыпсыз кез.
Сені жақсы көрейін бірге туган
Ағаңдай, онан басқа жоқ менде сөз.

Жас қыз берін жас бәйтерек — бәрі бірдей,
Жапырағы тұра ма жылда өзгермей?
Менен ғөрі сөзінді жақсы ұғушы
Кетер деме ер жігіт бір кез келмей.

Бұл сөзде ақыл да бар, гибрат та бар,
Өзіңе екіншіде пайда болар.
Ақылменен ойласаң тоқтау қылышп,
Сүйкімді менен артық жан табылар.

ОНЕГИННИҢ ТАТЬЯНАҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Құп білемін, сізге жақпас
Ескі жара білтелеу.
Ақ жүргің енді ұнатпас,
Мезгілі жоқ қай медеу?

Ықтиярсыз мұнды сезім
Кетті ыршып жолыңа.
Мазағыңа бердім өзім,
Өз басымды қолыңа.

Өлі бойға жан жүгірді,
Қайратым құрыш болды, нан.
Мұз жүрегім май сықылды
Еріп, от боп күйді жан.

Қор қылуға құдіреттен,
Жүрегіме түсті өрт.
Тайды аяғым ескі серттен,
Түсті емсіз қатты дерт.

Масқаралап мені тағдыр
Қылды мазақ, не шара?
Менің үшін сен жауап бер,
Менде сөз жоқ, бишара.

Михрабым¹ сен, бас ұрамын,
Тіл жете алмас ғүзіріме².
Жетпедім, не жасырамын,
Гауыарымның қадіріне.

Сен — ағашта піскен алма,
Әзір едің, алмадым.
Құп кіріптар қылды Алла,
Әлде мені қарғадың?

Он сегіз мың бұл ғаламның
Бар тынысы күнде тұр.
Мен сықылды сорлы адамның
Ықтияры сенде тұр.

Сен бетінді әрі бұрсаң,
Шықты көзім, болды көр.
Жанды аларсың разы болсаң,
Біздің орын — қара жер.

Тәңірі добы — бұл ғаріп бас,
Кетті амалсыз қорлама!
Қайта қақты, қайла болмас,
Келді, түсті ордаңа.

Ақылы бар, ықтиярлы,
Пенде теппес өз жарын.
Ерік — иеде, пенде — зарлы,
Не білер не боларын?

Сорлы адаммын жер жүзінде,
Бір қуаныш көрмедім.
Не қыласың ерік өзінде,
Қайғысы асқан шерлі едім.

¹ Михраб (арабша) — мешіттің төріндегі молда тұратын Құбылаға қараган орын. Бұл арада қасиетті орын мағынасында.

² Ғазір, ғүзір (арабша) — бір істі істеуге мүмкіндік бермеген себеп мағынасында.

Менің өмірім таянып тұр,
Үзілуге әм жаным.
Ақ жүэінді бір көріп құр,
Өлсем, болмас арманым.

Күні ертең бір көрінсөң
Сорлы асықтың қөзіне.
Тәңірі үшін шапқатыңмен
Нан ғаріптің, сөзіне!

Не болайын, тез болайын,
Ақ жүэінді көрейін.
Бар ма өмірім, қармалайын,
Жоқ болса, мен өлейін.

Корғалап құр өтпе өмір бос,
Тағдырына қарсы бар.
Бір өзіңнен басқа бір дос
Таппасаң, өл, жүрме зар.

ТАТЬЯНА СӨЗІ

Тәңірі қосқан жар едің сен,
 Жар ете алмай кетіп ең.
 Ол кезімде бала едім мен,
 Аямасқа бекіп ең.

Талақ етіп бұл ғаламды,
 Болды мәлім кеткениң.
 Кінәсі жоқ жас адамды
 Қатты соққан не еткениң?

Елжіреген жас емес пе ем?
 Еппен айтсаң жұбатып.
 Мен ғашыққа мас емес пе ем?
 Кетсең еді ұзатып.

Сен жаралы жолбарыс ең,
 Мен киіктің лағы ем.
 Тірі қалдым, өлмей әрең,
 Қатты батты тырнағың.

Бұл кінә емес, әншейін наз,
 Сағынамын, айтамын.
 Досың-ақпын, тағдыр араz,
 Толғанамын, қайтемін.

Сен шошыдың ғашығыңнан,
 Әзге жұрттан қамшы жеп.

Мен де сорлы нәсібімнен,
Жатқа тидім «алшы» деп.

Жар табылmas сен секілді,
Мен де сендей сорлы зар.
Қол-аяғым берік бекілді,
Енді нениң орны бар?

Өз қорандың қақпасын сен
Қатты жаптың, не айтайын.
Жат қораның тақтасын мен
Жастанамын, қайтейін.

Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем.
Екі сөз жоқ өмірімде,
Мен де — сорлы бақыты кем.

Еш қызыққа арманым жоқ,
Бәрі де бар формының.
Біреуіне қанғаным жоқ,
Өзіме аян — сорлымын.

Жаным ғашық асылым ең,
Жар есігін бермедің.
Сорға біткен ғашығымсың,
Неге тым кеш сермедің?

Жат есікті және қорып,
Жара салма сен маған.
Жұрт жамандар жатқа жорып,
Жалынамын мен саған.

Үшбу қиял келсе басқа,
Сен жүдер деп мен үшін.
Болар еді қайнамасқа,
Мыс қазандай сорлы ішім.

Фашық-ақпын еш құмәнсіз,
Үірыс емес, сор үшін.
Көрісуге шыдамаспыз,
Айрылалық сол үшін.



ОНЕГИННІҢ ӨЛЕРДЕГІ СӨЗІ

Жарым жақсы киім киіп,
Келді жанға жылы тиіп.
Диуана болды бұл көңілім,
Басылмай бір құшып, сүйіп.

Бойым тұр дал болып ұйып,
Көңілім жүр құс болып шүйіп.
Есіркеп сүйгізіп еді,
Кетіппін жүз есе құйіп.

Қылдың арам ойынды,
Бір бұрмадың мойнынды.
Сен ақылмен көңілінді
Тыйып, жеңдің бойынды.

Мен бұрылып түзеле алман,
Қайтсін дедің сорлынды...
Атам, анам — қара жер,
Сен аша бер қойнынды.
Сенен басқа еш жерден
Таба алмадым орнымды.

ЛЕНСКИЙ СӨЗІНЕН

Барасың қайда, қайда болмай маған,
Жас өмір алтын-күміс жарқылдаған
Келер күн келеді екен не дайындалап,
Қараңғы, қараганмен болжай алман?

Мінеки, келіп қалдық атар таңға,
Жарқырап күн де шығар тірі жанға.
Табытқа салып алып, әлде мені
Апарар сырын білмес бір далаңға.

Михаил Лермонтов

ДҰҒА

Өмірде ойға түсіп кем-кетігің,
 Тулағыш мінезің бар, жүрек, сенің.
 Сонда сенің отыңды басатұғын,
 Осы өлең — оқитұғын дүғам менің.

Ішінде бір қуаты барға үқсайды,
 Тірі сөздің жаны — сол, айрылмайды.
 Қасиетті нәфәсі¹ жедең есіп,
 Қайнап тұрган ыстық қан салқындайды.

Жаныңның ауыр жүгі женілгендей,
 Қоңылден кернеген кек кемігендей —
 Болады жылауға да, сенуге де,
 Жүректің басынан у төгілгендей.

¹ Нәфәс — дем, тыныс алу.

БОРОДИНО

— Айтшы, аға, негып жеңілдік
 Мәскеуде емес тегіндік,
 Болған білем соқтығыс,
 Емес білем аз жұмыс.
 Ұмытпайды еш орыс,
 Бородинде көргенді.
 — Ондағы біздің адамдар,
 Сендердей емес, балаңдар.
 Қыын тиді оларға
 Аз кісі-ақ қайтып санаға.

.....

Кол салмаққа кәртечке¹
 Ол күн болды, күн кешке,
 Қас қарайып, болды түн.

.....

Штық, қылыш қайрасып,
 Ширатып мұртын шайнасып,
 Ашулы солдат қыстықты:
 «Қойса екен бізді тиуын,
 Айтса екен бізге қынын,
 Жыртпасақ жаудың киімін,
 Біз не етеміз, штыкті».....

.....

Картечь (орысша) — шашылып атылатын оқ.

ТЕРЕКТИҢ СЫЙЫ

**Асай Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындаій бүйра толқын
Айдаңардай бүктеліп, жұз толғанып.**

**Кавказдан шықты жайнап, қылыш у-шу,
Тұзу жерден жол көрнеп ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті құліп,
Момынсынған пішінмен ағады қу.**

**— Кавказдай құзда тұған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін.
Қазбектен, ағам, сені қөксеп шығып,
Кім қақтықса жолымда күйреткенмін.**

**Зор кеуде адамзаттың айласына
Көнбей, бүгін қүшімді көрсеткенмін.
Екі езуім көпіріп, айғайласам,
Шын құтырсам шың тасты тербеткенмін.**

**Аптығып асай інің келді, ақсақал!
Тау, тасқа, адамзатқа салып жанжал.
Дем алайын деп келдім, аш қойныңды,
Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал.**

**Әкелген бұғы менен маралым бар,
Адамнан тартып алған көп малым бар.**

Ер-тоқымы, атымен, қаруымен
Ер шеркесті әкелген амалым бар.

Мұның бәрі — тартуым сізге, — дейді,
Ақылыңды айт, ақсақал, бізге,—дейді.
Бақша, заuat, жайларды қылдым талқан,
Әрбір бай жалdap жатыр жүз кедейді.

Қартаң Каспий қалғыған бойыменен
Терекке көзін ашып үндемейді.

— Азырқандың, білемін, ақсақал шал,
Тентегіңнің сөзіне құлағың сал.
Қазақ-орыс қатыны бір сұлуды
Әкеліп ем, қайтейін, оның-дағы ал!

Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,
Жылды жүзбен Терекке амандасты.
Жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ, күліп,
Қатынды алды, қитықсыз араласты.

* * *

Әм жабықтым, әм жалықтым,
 Сүйеу болар қай жігіт,
 Көңілден кеткен соң тыным?
 Әм сүйіндім, әм тұздім,
 Үнемі неткен үміт,
 Откен соң бар жақсы жылым?

* * *

Кең жайлай — жалғыз бесік жас балаға,
 Алла асыраған пендесі аш бола ма?
 Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге,
 Тыныштық пен зар боларсың баспанага.

* * *

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт бешпент сұлайды.
Жеңіменен көз сұртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Эйелмісің, жылама,
Тәуекел қыл құдага!
Өлең айт,
Үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып,
Тұргызбаған бейішке.
Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске.
Эйелде ешбір опа жоқ,
Бұғін — жалын, ертең — шоқ.
Белді бу,
Бетті жу!

* * *

Ал, сенейін, сенейін,
 Айтқаныңа көнейін.
 Шалма ораган сопының
 Ішін арам демейін.
 Ақ көңілді әділ жан
 Табылар деп көрейін.
 Я сүйсе, я құлсе,
 Елжірейін, төнейін.

Жаралы көңіл жазылар,
 Дүниеде рахат бар шығар.
 Жақсы адам деген құры сөз
 Емес шығар, табылар.
 Откен өмір, көрген тұс
 Не қылғанда бір болар.

Деп нанып ем «маған нан»,
 Не таптым мен нанғаннан?
 Жүргімді қан қылды,
 Откен өмір, өлген жан.
 Ақыл ізден, іздерлен,
 Бәрін сынап сандалған.
 Бірін таппай солардың,
 Енді ішіме ой салған.
 Тұла бойды улатты,
 Бәрі алдағыш сүм жалған.

Басыңа тиді, байқадың,
Бәрінен басты шайқадың.
Тағы бар ма айтарың?
Нанғыш болсаң, енді нан!



* * *

**Өзіңе сенбе, жас ойшыл,
Тіл өнері дертпен тең.
Көнілдің жүгін қиял қыл,
Ыңаға тұтқын бой мен-зен.**

**Қасиет тұтып, ойға ұмтыл,
Қан қайнап, қуат егілсін!
Онан гөрі еңбек қыл,
Улы сусын төгілсін!**

**Ойлай берсең, ой деген
Не қызыққа келер кез.
Кісі айтпаған, білмеген
Қүй әдемі, тәтті сөз.**

**Тыңдама оны, ұмыт сен,
Бұркен дағы, бар да жат.
Тамылжытып айтқанмен,
Қыла алмассың сен қымбат.**

**Кез болсаң қайғы, я зарға
Құрсатса тілді ұмтылтып,
Алып шықпа базарға,
Асаудайын бұлқынтып.**

Қайғы-дертің мейлі мың,
Саудаға салмақ өзіне ар.
Жаныңа тұскен жараның
Іріңін нетсін надандар.

Біліп оған не керек,
Ішіңнен қайғы жемесең,
Жалтаңдаған жас жүрек
«Байғұс-ай» десін демесең.

Өз бойыңа болып сақ
Жан-жағына қараңдар!
Күн көріп жүр күліп-ақ
Сенен басқа жарандар.

Олардың да ешбірін
Қайғы аман қойған жоқ шығар.
Ойлап, байқап көр түрін,
Таттырмап па дүние зар?

Күлкі болмай, қой, жаным,
Сен бүйтесің, ол қайтті?
Олар көрген арманын
Кімге шақты, кімге айтты?

* * *

Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?
 Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек.
 Ішің берік боп, нәпсіге тыю салып,
 Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек.

Сасқаныңды көрсетпе ешкімге бір,
 Сүйтсе де ірісімен кеңесіп жүр.
 Кейбірін хауіптендір, мінін тауып,
 Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір.

Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ,
 Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ.
 Анда-санда құтырған жаман емес,
 Оныңды жиі қылмай және бол сақ.

Кісімсі қайда жүрсөң олжаға тоқ,
 Шоқыма халық көзінше қарғаша боқ.
 Жұрт — жас бала, еширсесін тартып алма,
 Білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ.

Жат елге жадағайда сөйле шәргез,
 Тар жерде тайпалудан танба әр кез.
 Жатты жау деп елінді үрпітіп ап,
 Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез.

ТҮТҚЫНДАҒЫ БАТЫР

Қаранды үй терезесі — тұтқын орны,
 Көгерген көктің жүзі ескі формы.
 Азат құстар аспанда ойнап үшса,
 Ұялып қарай алмас мендей сорлы.

Тәубә жоқ, дүға да жоқ тентек бойда,
 Өлең жоқ айтып жүрген талай тойда.
 Қан ағып, қайрат қылған майдан менен
 Ауыр қылыш, дулыға бірақ ойда.

Тас дулыға, тас сауыт киінгенім,
 Денемді қысып жатыр бүгін менің.
 Оқ пен қылыш бұзбастай киінсем де,
 Қайран атым, иең жоқ жалғыз сенің.

Уақыттай өзі жүйрік ат мінезім,
 Сауыттай шынжырлаулы тереземіз.
 Тас дулыға болмай ма жатқан үйім,
 Шарайнам шойын есік бұ да бір кез.

Жүйрік уақыт шаршатпай қоймас ақыр,
 Денемді сауыт-сайман қысып жатыр.
 Бұрын сені біреуге көп жұмсап ем,
 Енді өзіме шақырдым, ажал батыр.

* * *

Күлімсіреп аспан тұр,
 Жерге ойлантып әр нені.
 Бір себепсіз қайғы құр
 Баса ма екен пендені?
 Қапамын мен, қапамын,
 Қуаныш жоқ көңілде.
 Қайғырамын, жатамын,
 Нені іздеймін өмірде?
 Қайтты ма көңіл бетімнен,
 Яки бір қапыл қалдым ба?
 Откен күнге өкінбен,
 Әм үміт жоқ алдымда.
 Іздегенім тәтті ұйқы,
 Дүниені ұмытып.
 Өлімнің сұық тым сыйқы,
 Тұрсын өмір жылдытып.
 Көз ұйқыда, ой тыншып,
 Дем алып жатсын көкірек.
 Кім таласса, кім ұрсып,
 Қөрсем оны — сол керек.
 Өзім аулақ бетінен,
 Бір орында оңаша,
 Дүние деген не деген —
 Қыла жатсан тамаша.
 Мансап іздер, мал қуар,
 Бәрі мақтан іздеген.
 Мақтанынан не туар,
 Ылза қылып өзгеден?

* * *

Рахат, мені тастап қоймадың тыныш
Фашық жар, ағайын, дос — бәрі алдағыш.
Жастық құмар үміттің нұры қайтыш,
Құңгірт тартты, бәрінің аяғы реніш.

Ұнатпаймын тағдырды, дүниені,
Жасқантып жалынта алмас о да мені.
Алладан бәрі бір деп тосып тұрмын,
Алғалы жақсылықты, я өлгелі.

Қара жұрт қарап көріп, сөзге наңбас,
Ант етемін, жалғанын жан таба алмас.
Өзі алданып, өзгеден соққы жеген,
Және өзі біреуді алдай алмас.

Соққан дауыл сияқты өмір өтер,
Қайғырмаймын, білемін, көзім жетер.
Кеудемде осы жүрек тұрған шақта
Жақсылық жоқ өзіме мен дәметер.

Ол жүректің жалынын басар бірақ,
Өлсе, көрде бастырған су топырақ.
Өзі сүйіп, өзгеден сүю ізден,
Таппаған сорлы адамнан сөнер шырақ.

* * *

Фашықтық ізден тантыма,
Аз күн әуре несі іс?
Өзіңнің қара артыңа,
Откен өмір бейне тұс.
Өлгенше болар бар ма дос?
Қуаныш, қайғы — бәрі бос.

* * *

Махаббат, достық қылуға
Кім де болса тед емес.
Қазір дайын тұруға —
Бес күндік ғашық жөн емес.

Сүйіспек көңілім ойлайды
Жанның бәрі — қатыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Еңбекке аз күн татымас.

ОЙ

Қарасам, қайғырар жүрт бұл заманғы,
Салқын, қуыс — өмірі я қаранды.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды.

Жасынан білер ескі шалдың мінін,
Аптық жерін, ақылға кеш енгенін.
Өзі өнерсіз, өмірден тез сұынар,
Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін.

Жамандық жақсылыққа қарап салқын,
Долығы тез басылып, қайтар қарқын.
Ұлыққа қошеметшіл, құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас, көрмей артын.

Дәл бейне ерте шыққан бұлдіргенше,
Суық соғып бүрісер, дәмі енгенше.
Көзге де, ауызға да қызығы жоқ,
Қызығы — үзілгені бос жүргенше.

Пайдасыз ғылымменен ми кептірер,
Дос-жарға мақтан етіп, бұлдаап көрер:
Жақсы сөз, жақын үміт, тәттілікті
Кемітер, көнділ қоймас, кекеңкірер.

Қуаты қызық қызмет тойларының
Қос қыртысын кетірмес ойларының.

Лап бергіш, к... айналғыш, қайта ойланғыш
Тиянақ оты сөнген бойларының.

Келісімді тәтті ой, әр шеберлік
Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік.
Өз кеудесін өзі аңдып, бой салдырмай,
Тоқымдығы бусанбас неткен ерлік?

Жек көрер, жақсы көрер — кезі білер,
Ашуы, махаббаты босқа сөнер.
Жанында сұықтық бар бір жасырын,
Қаны отты жас күнінде шықпас өнер.

Бала мінез ойынши бұрынғылар
Аңқау екен, мазақтап соны сынар.
Артқа қарап, ақ пейіл шалға құліп,
Абұйырсыз, атақсыз көрге құлар.

Көп салқын бірін бірі ойын алмас,
Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас.
Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай,
Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас.

Досың жоқ, дүшпаның жоқ, тыныш жатасың,
Мал үшін аш қатасың, жан сатасың.
Әкесі аштан өлген кісідей-ақ,
Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын?!

ҚАНЖАР

Сүйкімді болат қанжар, тұрсын жайнап,
Ыстық, сұық майданда шығады ойнап.
Грузин ашулы ұста кекке соққан,
Ер шеркес соғыс үшін алған қайрап.

Еркелі нәзік қолмен маған тиді,
Ұмытпа деп айрылған жерде берді.
Қан сорғалар жүзінде жас сорғалап,
Қайғымен өртенгеннің белгісі еді.

Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған.
Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күнгірт тартып және оттай жанған.

АЛЬБОМҒА

Сал демеймін сөзіме ықыласыңды,
Қайғылы өлең еттім өз басымды.
Көкірегім бар сырын өз әлінше
Көрінгенге көрсетпей, көп жасырды.

Қол жазуды өрмек ет, жатпа бекер,
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.
Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір
Арттағыға бір белгі қойса нетер?

Кім біледі, кез болса арттағылар
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.
Көзін салып, ойланып кейбір сөзін,
«Рас-ая» деп магынасын ол-дағы ұгар.

Кім білер, жабырқанқы жазған сөзім
Жібермей, кеп тоқтатар оның көзін.
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен
Сықылды еткен жанның бір күмбезін.

* * *

Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда?
 Хұкімші шалдар мәз боп отыр ма онда?
 Антүргандық қылышын Алла ісі деп,
 Нандырарап қандай сопы, қандай молда?

Мені өлтірді-ақ, не пайды осыларға?
 Менің өмірім оларға қосылар ма?
 Ол шалдар қыршын жасты қиғанменен,
 Өз бойына жапсырып тұшынар ма?

Сопысынын, хақ десін, хақты ұмытсын,
 Әділетсіз бір жастың басын жүтсін.
 Қайнап тұрған қанымды ішкенменен,
 Қаңсыған, қатқан ішін не жылтыссын?!

Өлтірер, жерге тығар, мола қылмас,
 Сүйтсе де жер томпайтпай қойып болмас.
 Дірілдеп сол молаға шықса шалдар,
 Басқыш болып аспанға шығара алмас.

Бейкүнә зорлықпенен шыққан жаным
 Бейішке басшы болар деме, залым!
 Суық қабір — қайғысыз үйқы орны ғой,
 Оңай ма жас өмірден айрылғаным?

Мен жаспын, білесің бе жастықты сен?
 Не қызықты үміт бар ойға келген!
 Көріп пе ең, я болмаса, ұмыттың ба,
 Іштегі отты достық пен қастық деген?

Ай, жұлдыз, ағарған таң, жарық күн бар,
 Жазғы құс, жапырақта қандай мін бар?
 Құндізгі харекеттен босағанда,
 Өзіңде өзің тиген тәтті түн бар.

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар,
 Қөңілді көтеретін қуаныш бар.
 Құлын-тайдай айқасып, ойын салып,
 Кептерше сүйеніскең демалыс бар.

Дүниедегі қызықтың бүгін бәрі
 Саған салқын тартқандай, сен — бір кәрі.
 Болсам деген талапты ұмытқан соң,
 Құр кеудеге өмірдің несі дәрі?

Мен — сен емес, жас күнім жайнап тұрган,
 Жүректе түрлі талап қайнап тұрган.
 Сендер сүрдің, мен де өмір сүрмес пе едім?
 Бір шырақ сөнер, кетер саулап тұрган.

Есіткелі келдің бе сырымды сен?
 Олардың мақсаты не — білмеймін мен.
 Менің ісім өзіңде мәлім шығар,
 Қөңілді түгел айтып болмайды еken.

Менің қеудем сендерге сандықпен тең,
 Мүмкін болса, қақ жарып ашып көрсөң.
 Ішін түгел көрген соң өз көзіңмен,
 Тахқиқ¹ мені күнәкар, қу демес ең.

Мейлің өзің, монастырь қылған істі
 Алла ісі деп көңілінде көрсөң күшті.

¹ ғылқы (арабша) — анық, айқын, рас.

Хақ салған жол кеудемде бір закон бар,
Оны Құдай өзгеңнен кем демес-ті.

Ақтығымды біледі сол көкірек,
Сол законге билеткеи біздің жүрек.
Алла бергей хауіпті осы сырым
Көрге бірге өзіммен барса керек.

Мен — өлі жан, ешкімді талғамаймын,
Рақымсыз билерінді қарғамаймын.
Мен кешерлік сүйтсе де іс қылған жоқ,
Разымын деп жалған сөз жалғамаймын.

Қазір тірі, дүниеге мен де ортақпын,
Осы күн батпай, батып жоғалмақпын.
Алдыңдағы асау жас қайнап тұрган
Мен болмаспын — бір уыс топырақпын.

* * *

Менің сырым, жігіттер, емес оңай,
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін бывай!
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысы оның — арым мен бір-ақ Құдай.

Жүрегім екеуіне жалбарынар,
Рақымдық пен әділ сор деп жалынар.
Мен тентек пе, түбінде кім жазалы,
Қайғыны жіберуші өзі сынар.

Надандар былшылдайды, құп алмайды,
Ұлкен жаннның қиялын ұға алмайды.
Тенізден таудай толқын соқса дағы,
Жағадағы жартасты жыға алмайды.

Құдай мықты жаратқан ұлкен жартас,
Былш-былш еткен, бет бұрып, судан қайтпас.
Бұлышта сұық дауыл, жаймен сырлас,
Өзгені жан екен деп сырын айтпас.

ҚАСИЕТТИ ДҮФА

Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ,
Ешнәрсеге көңілім болмаса тоқ,
Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,
Сөніп қалған жүректе жанады шоқ.

Қуаты бар дұғаның қуантарлық,
Қапаланған жүректі жұбантарлық.
Адам үқпас бір тәтті лебізінен
«Уан» деген естілер ұлы жарлық.

Көңілім ауыр жүктен бір құтылар,
Кек арылып көкіректен ұмытылар.
Адамның баласына ашып жаным,
Ізгілікке жүрегім бір ұмтылар.

Ерекше естен кетпес қызық қайда?
Жолығатын қыз қайда терең сайды?
Сұлулығын қояйын мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсед де, өлмегенмен боласың тен.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек.
Жақынның да, жардың да, асықтың да —
Бәрінің де қызығын көріп білсек.



* * *

Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз,
 Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз.
 Елсіз жер тұргандай боп хаққа мұлгіп,
 Сөйлесіп ымдасқандай көкте жұлдыз.

Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,
 Жер үйқтап, көкшіл шықпен бу алғанын,
 Менің не мұнша қапа, қысылғаным?
 Үміт пе, өкініш пе ойлағаным?

Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,
 Өмірге өткен титтей өкінбеймін.
 Азаттық пен тыныштық көксегенім,
 Үйықтамақ пен ұмытпақ деп іздеймін.

Өлімнің үйқысы емес іздегенім,
 Үйқы, тыныштық, ұмыту — бер дегенім.
 Көкірегімде өмірдің күші тұрып,
 Іздеймін дем алысты үзбегенін.

Су сылдырап, жел гулеп, күн шуақтап,
 Жылдылық пен достықты тұрсын мақтап.
 Өнген, өскен жақсы деп емен ағаш,
 Теңселіп айтып тұрса, ол шайқақтап.

ШАЙТАН

Мұңды шайтан — құдайдың қуған жаны,
Күнәлі жер кез келіп бір үшқаны.
Әткен жақсы дәурені ойында оның,
Сондагы не көргені, не қылғаны.

Ол күнде нұрлы бейіш ішінде еken,
Әзі де періштелер түсінде еken.
Жылды жүзбен жүлдүздар жылжып жүріп
Сәлемдесер, сөйлесер күшінде еken.

Ол күнде көз жетпесті көп көздеген,
Түгел білем қайда еken деп іздеген.
Жапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды,
Өлшеусіздің сыймасын бір сеъбеген.

Босағасы кең еді, төрде орын тар,
Төрде жалғыз отырмақ ойында бар.
Жалғыздың — бір тәңірінің сыбағасы,
Өршілдікпен лағнетке болған душар.

Құдайым шайтансың деп, лағнет етті,
«Лағнетпен» де қор бола қалман депті.
Алладан қарғыс алған қеудесінен
Сүю мен сол сағатта сенім кетті.

Адаммен сонан бері болды кекті,
Өлмес, өшпес өзіне көзі жетті.

Не қылғанмен қуанар болмаған соң,
Несіне жер дүниеге пәле септі?

Тиянақ, сенім, сүю көрмей өтті,
Алаң-жұлаң етіпті, тентірепті.
Алласыз дос таппады, сыр таппады,
Неше мың жыл кезсе де төңіректі.

Жаманды күнде азғырса, жан демейді,
Жақсы жаннан кей-кейде таяқ жейді.
Күнінде неше бұлік шығарса да,
Еңбегі жанған жан боп сүйінбейді.

Сүйтсе де жамандыққа бір тоймаған,
Антүргандық қылышын еш қоймаған.
Баяғы алдау, ескірғен кәрі иттікпен
Не қылдым, не бітірдім деп ойлаған.

Ақылға, өмірge де адам кенде,
Өлмес өмір, қайрат, құш — бәрі менде.
Күнінде жұз қуанып, құліп жүрген
Осы адам уайымсыз не еткен пендे?..

ЖАЛАУ

Жалғыз жалау жалтылдап
Тұманды теңіз өрінде.
Жат жерде жүр не тыңдал?
Несі бар тұған жерінде?

Ойнақтап толқын, жел гулеп,
Майысар діңгек сықырлап.
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бойды ұрлап.

Астында дария — көк майдан,
Үстінде сәуле — алтын күн.
Қараашы, ол бүлік Құдайдан
Сұрайды дауыл күні-түн.

ЖАРТАС

Қонады бір күн жас бұлт,
Жартастың төсін құшақтап.
Жөнелді ертең, қалды ұмыт,
Кек жүзіне ойнақтап.

Әжімды жүзі тершіген
Кәрі жартас таң қапты:
— Бәрі осы-ау,— деп,— құз деген,
Томсарып тұрып жылапты.

* * *

Көңілдің күйі тағы да
Өмірсіз жанның алды ішін.
Аударды өлең жағына,
Нәпсінің сынған қайғысын.

Жат жерде елге қосылмай,
Сенімді доссыз жалтақтап,
Кек қанат бейіш құсындаï,
Қу ағашқа қонақтап.

Ол бұтақтан қозғалмас,
Өкіріп дауыл, соқса жел.
Өзгеге бола жырламас,
Ыстық күнді жоқтар ол.

Жанымның, жарық жұлдызы,
Жамандық күнде жарымсың.
Сөз болсын ескі ер сөзі,
Кейінгіге қалынын.

* * *

Асау той, тентек жиын, опыр-топыр,
 Ішінде тұсі суық бір жан отыр.
 Алысты тұманданған ол ойлайды,
 Өзге жұрт ойды нетсін, өңкей соқыр.

Ішкен-жеген, таласқан, ойнап-құлген,
 Кезек жоқ, келісім жоқ, сөйлей берген.
 Дауырыққан, құліскен, өлеңдеткен
 Қайғысызызға қайғырып, жиіркенген.

Көп отырды, қозғалды сөйлегелі,
 Құлағымда бүгін тұр соның үні:
 Сендерге не жұмыс бар тағдырменен,
 Ойнай бер де, құле бер күні-түні.

Ойынға ойсыз надан бәрі құмар,
 Дүние істеп өз жұмысын жатқан шығар.
 Елемесең, елетер, бір танытар,
 Қайда айдаса, баrasың, кім тартынар?

* * *

Күнді уақыт итеріп
Көк жиектен асырса.
Көлеңке басын көтеріп,
Алысты көзден жасырса.

Сонда көңілім жоқтайды
Татуы мен асығын,
Көзі жетіп тоқтайды
Әткен күннің қашығын.

Көкке бақтым «Алла» деп,
Тамаша етіп құдіретін.
Рахматы оның онда көп,
Бізге түк жоқ тиетін.

Неге сүйсін ол мені,
Әзім ақымақ, алмадым,
Көрдім артық бір сені
Рахматынан Алланың.

ВАДИМ

I

Батар күнге шымылдық — көк бұлт кен,
 Толқынды қызыл торғын өртпенен тең.
 Откен дәурен секілді нұры жайнап
 Арттағы мұнараға береді рең.

Ол монастырь — сопылар тұрар жері,
 Кешкі қоңырау соғылған көптен бері.
 Сопылар, қызметкерлер басылған жоқ,
 Тас көшесін сыптырып жүргендері.

Ұзын қара пешпентті, ұзын шашты
 Жамағатты итеріп бір жол ашты.
 Мешітіне бастықтың келер жолын
 Даірин қылышп, сыптырып шаңын басты.

Томсарған, күлкісі жоқ, бір қансыз сұр,
 Бір үлкен іс қылғансып асырып жүр.
 Ладан деген иісті май тұтатып,
 Жаққан шамы жарықта нұр бермей тұр.

Құлшылыққа жиылған көп жамағат
 Сыбдыр қағып тосып тұр, сол-ақ қымбат.
 Тас күмбезде сыбдыры күнгірлейді,
 Ішкі үйіне кіруге тимей рұқсат.

Мұнан басқа қақпада бірқатар жан,
Жанашырыз дүниеде жетім қалған.
Құдайдан да, жұрттан да қудер үзген,
Амал жоқ, өлмес үшін сұрайды нан.

Бірі — ақсақ, бірі — соқыр, бірі — кемтік,
Киімі — жүз құраулы жемтік-жемтік.
Мойны — қара, қолы — көн, езуі — көк,
Көзі үңірейген, беті ажым, бәрі — өлімтік.

Ұяттан, ар-намыстан не біледі?
Шіркеуге келгендерден тіленеді.
Аш итше бір тынға топыр қағып,
Бір таласып, бір ұрысып, бір құледі.

Ұялғаннан тастаған бір мыс тыын —
Аш кедейге ол дағы қымбат бүйым.
Кір дорбаға онысын салып алыш,
Жағалайды әркімді жыртық киім.

Бір бүкір ортасында, сол қозғалмас,
Жалынып еш адамға қолын соэбас.
Арық қара, кең маңдай, қыр мұрынды,
Екі көзден от жанған не қылған жас?

Сұр ерін, өзі жұқа, жиі тістеп,
Ыңамен тұрған жандай бойын күштеп.
Кең жауырын, білегі бұлшық етті,
Үйренген жан секілді қызмет істеп.

Көп қайыршы бір-бірін кимелейді,
Бір тынға таласып үймелейді.
Қозғалмай тұрған жастан сүйтсе дағы,
Бәрі қорқып, азғана именеді.

Қабағы түйіліңкі, сүйінбейді,
Алла бөлек жаратқан тұрін дейді.
Жиырма сегіз жасында ажым тұскен,
Кек тамырда қан ойнап дірілдейді.

Көзге бүкір, қайраты — болат қырлы,
Сақтап жүрген секілді бұл бір сырды.
Шайтанның суретіне есіктегі
Бірқатар көзін салып қарап тұрды.

«Егерде шайтандыққа жетсе қолым,
Алдауға арланар ем адам ұлын.
Аллаға асы¹, бейішке қашқын болып,
Онан соңғы бұл емес менің жолым.

Қорыққан кісі секілді бойын барлап,
Тенденес емес адамды алдап-арбап,
Жек көріп алғаннан соң көріне жау бол,
Кегін алса болмай ма сыпыра жалмап?»

Дүниені ескермейтін паң секілді,
Жатырқап тірі жанды аң секілді.
Сыпатын, тұрін көрсө сол бүкірдің,
Бір ұлken мақсұты бар жан секілді.

Қасында жолдастары — ақсақ, соқыр,
Қайыр тілеп шулап жүр, опыр-топыр.
Палицын бай есікке келіп еді,
Шыр айналды күнк етіп әлгі бүкір.

II

Елуге келген, шашы бурыл тартқан,
Көзінің түсі оңып, нұры қайтқан.
Жүріс-тұрыс сүйтсе де жас жігіттей,
Қуатына жарамас шал деп айтқан.

Ұлken етік аяқта, көк пешпентті,
Таққан кірес төсінде жарқ-жүрқ етті.
Жүргені тарс-тұрс еткен тәқаппарлау,
Жайған тасқа басқаны жанды үрпітті.

¹ Асы — күнәлі деген сөз.

Бай Палицын пандықпен басады аяқ,
 Қайыршыға тұксиең түйген қабақ.
 Екі малай артынан ертіп алған
 Құшік иттей қылышп жүр байға жалбақ.

Кердең басып шіркеуге жақын барды,
 Қалтадан бір теңгелік күміс алды.
 Есікте шегелеулі құлышы бар
 Бір сандық бар, барды да соған салды.

Ақырып кедейлерге дейді: «Антүрған!
 Жалқаулықтан бәрі де мұндай болған.
 Қызмет қылса, тамағы тоймас па еді?!»
 Қуды «кет!» деп кедейді әлгі түрған.

Ақырған соң байғұстар әрі тұрды,
 Қалтасына қол салып, мойнын бұрды.
 «Бәрің бірдей таласпай, бөліп ал!» — деп,
 Бір теңгелік күмісті лақтырды.

— Осылар елдің тынышын алды бүтін,
 Бірдің нанын тіленіп, бірдің сүтін,
 Құдайым кезін берсе, күтіп жүріп,
 Ұялмай бәрін аштан өлтіретін.

Үндемей бүкір жүрді арғы шеттен,
 От жалындай сол байға көзін тіккен.
 Жай отындай жарқылдаң қарауы өзге,
 Ызасы қозғалған ба ішке бүккен?

Палицынды артынан қуып жетті,
 — Не керек? — деп әлгі шал бір күңк етті.
 — Сенен менің сұрауым тым аз ғана,
 Өзің айтқан жұмысты берші! — депті.

— Қарама мені әлсіз деп, байым, кердең,
 Бір ауыр тасты жұлышп алды жерден.
 Көрген соң көзің жетсін — деді дағы,
 Атып, қағып, доп қылышп ойнап берген.

Бай көріп, аң-таң қалды, мұның қүшін,
Еш адам қылар емес қылған ісін.
— Өз қорама алайын, өзің көнсең,
Боласың ба қызметші менің кісім?

Алды-артына бүкір де қарамады,
Қуанғаннан қасына жетіп барды.
Азаттығын садаға қылды дағы,
Басына уәдені беріп салды.

— Атың кім? — деп, бүкірден бай сұрады.
— Атым — Вадим, — деп еді, байға үнады.
Қошаметтің жөні деп қос жалшысы,
Мағынасыз беталды ыржандады.

Жаман көзбен қарады Вадим сонда,
Ертіп жүрген екеуге байды жолда.
Көзіне шыдай алмай, к... и қысып,
Жым-жырт болып екеуі болды молда.

III

Бай: «ер!» — деді, артынан ере берді,
Бай шіркеуден үйіне тым кеш келді.
Қақпа соқты, қатты жел дүрілдеп тұр,
Танымай, ырылдасып иттер үрді.

Вадим де іздегенін тапты мына,
Жоғары қарап, тұсті ойға азғана.
Шіркеудегі сертті ойлап, айтқан сөзі:
«Әділет қайда болса, сонда күнә».

Дұбірлетті есікті бай да болмай,
Аз кешікті, ашуға жан табылмай.
Бір жалшы келді есікке қалт-құлт етіп,
Жылы орынын тастамақ кімге оңай?

Үйіне бай Вадимді ертіп келді,
Сол заманға лайықты үйін көрді.

**Қырықтан асқан, семірген қатыны отыр,
Бәйбішесі осы деп ойлап білді.**

Ішпек, жемек, семірмек, есінемек,
Еріккеннен жалшыға бос зекірмек,
Бай ұрыспаған кезінде өзі ұрысқансып,
«Олай емес, білмейсің, былай», — демек.

Бұл қылыш — бұрынғыдан бір қалған жол,
Осындаі бәйбішелер жүртта бек мол.
Әзге қызың қуыйын деген шақта
Қартаң тартқан қатынның қуаты — сол.

Соққан боран секілді біздің өмір,
Не тыныштық тауып берді, ойла өзің көр.
Сол қатынға келеді күншілігім,
Сондай өмір қолыма бір тимей жүр.

Ол қылышпен өлгенше ол да жүрмек,
Бала-шаға жыласып, өлсе өкірмек.
Көршілері: «Адамға залалы жоқ
Тым-ақ жақсы кісі еді, байғұс!» — демек.

.....
.....

(Соңы жоқ)

* * *

Көңілім менің қаранғы. Бол, бол, ақын!
Алтынды домбыраңмен келші жақын.
Ішек бойлап он саусақ жорғаласа,
Бейіштің үні шығар қоңыр салқын.

Егер сорым тұбімен әкетпесе,
Керек қой көнділді ұміт тебірентсе.
Қатып қалған көзімде бір тамшы жас
Төгілмей ме, бой жылып, ол да ерісе?

Иоганн Гете

* * *

Қаранды түнде тау қалғып,
Үйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

Адам Мицкевич

ТҮТҚЫНДАҒЫ ПОЛЯК ЖАНДАРАЛЫНЫҢ СӨЗІ

Дүрілдеген нажағай,
Бұрқыраған жауынның
Ашылмағы бар ма басынан
Бағы қайтқан кауымның?
Мен орманға барғанда,
Неше түрлі гүл ұстап
Қайтушы едім қолыма.
Гүлдер түтіл бұл күнде
Шөп дағы жоқ маңымда.

Иван Бунин

* * *

Қорқытпа мені дауылдан,
Дүрілден тұрса тау мен сай.
Шатырлап тұрган жауыннан
Жарқылдаپ тұрса түскен жай.

Көк торғындай аспан-көк,
Білемін, жайнап ашылар.
Исі аңқыған бәйшешек
Түрленіп жерді жасырап.

Қорқытпайды қар мен мұз,
Өзге нәрсе қорқытты.
Ойсыз, доссыз, бақытсыз,
Жыбырлақпен өмір етті.

Сондықтан қайғы қат-қабат,
Қарап тұрмын сендерге,
Атасы басқа, өзі жат,
Жалғыз жанша жат жерде.

Яков Полонский

* * *

Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы,
 Теніздің түбіндей-ақ қарап бақшы.
 Сол жүректен жылыштық, достық пенен
 Бұлақша ағып ғаламға тарамақшы.


Жан шөлдер өзіндеймен танысқанша,
 Бірінен бірі үлесіп алышқанша.
 Құмарланар, сүйісер жүрек тауып,
 Қытықсыз қызықпенен бас қосқанша.

Жүрттың сөзі: тағдырга адам көнбек,
 Бір антүрган еріксіз мезгіл келмек.
 Осы сенің қызығың, қуанышың
 Сағымша жоқ бол кетіп түгесілмек.

Бейне бір сол қазынаны бір жау алмақ,
 Жүректің кең дариясы құрып қалмақ.
 Суық ақыл жүрекке бүйрек жазып,
 Оны бір өзі өзгеше жолға салмақ.

Жүрегін пайдасы үшін жүрт ұсатпақ,
 Кірмен өлшеп базарға ұстап сатпақ.
 Оны сатып, ол кімді уатады?
 Оның өзін тағы да кім уатпақ?

Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсең керек...
Мен де пенде, амалсыз көнсем керек.
Қызығы зор қайран дос, қайран тату,
Сендер өлдің, мен дағы өлсем керек!



* * *

(Белгісіз автордан)

Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп,
Ойлама отсыз, ойсыз, сұық жан деп.
Жүректегі жалынды көзден жас қып,
Ағызғаным болады ол неге сеп?

Антүрған ел көзіне тік қараймын,
Сонымды сен сөгеді-ау деп ойлаймын.
Жүрегімді кескілеп сатып жүрген
Арсыздарды досым деп неге аяймын?

Ішімде қайғым қалың, көз жасым кем,
Адам жоқ, кімді дос деп мей шағушы ем?
Әйел адам гүлмен тең, дымды сүймек,
Көзінен жасы шықса, бойына ем.

Көңіліңе дайын тұр ғой жайым менің,
Дүшпандығың қатайған шығар сенің.
Егер менің ішімді жарып көрсөң,
Жылауынды ұмытып, шошыр едің.

Иван Крылов

* * *

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
 Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
 Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
 Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?

Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
 Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
 Қалжырап, қансыраған, қабақ тұскен, —
 Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Мен көрдім сынық қанат көбелекті,
 О да білер өмірді ізdemекті.
 Құн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,
 Одан гибрат алар жан бір бөлек-ті.

Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,
 Өмірдің қызығынан құдер үздік.
 Жылды жүрек суыды, жара тұсті,
 Шықпаған шыбын жанмен күи өткіздік.

Мен көрдім дүние деген иттің көтін,
 Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін.
 Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
 Көбінің сырты бүтін, іші тұтін.

ЕМЕН МЕН ШІЛІК

Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті:
 — Аллаға, сорлы, неден жаздың? — депті.
 Торғайға да майысып солқылдайсың,
 Жел бұлқ етсе, тебесің әлпеншекті.

Құдай басқа салмасын сен секілді
 Жеммен жерге жығылып, жар сүзбекгі.
 Обалың бір Құдайға, байғұс, сенің,
 Қақтырып қойған мұнша бос селтекті.

Қараши маған, сендей сорлы емеспін,
 Тау, жартасқа, ұзарып, бой тенестім.
 Сенің қорыққан дауылың — маған өлкек¹,
 Маңыма сәуле өткізбей, күнге егестім.

Тырп етпес менің құшім жауын, желге,
 Жапырағым көлеңке талай жерге.
 Ығыма сені де алып қорғар едім,
 Иең сені бітірген иен дөңге.

— Есіркегіш екенсің, — деді шілік,—
 Онша сорлы емеспін, тартпа күйік!
 Сынбаймын майыссам да, солқылдаймын,
 Желден маған келмейді еш кемшілік.

¹ өлкек — майда жел.

Бұғінгі аман бола ма үнемі аман?
 Кердеңдікпен деп тұрсың не бар маған.
 Шалқақтық иілмейтін кімге жаққан,
 Екпінге ерегіссең, қатер саған.

Кавказға бір қап-қара бұлыт мінді,
 Естіп тұрған кісідей тау құніренді.
 Жер-дүниені шаң, тұман қабат басып,
 Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді.

Арты бұршақ, алды шаң жел құтырды,
 Шілік жерге бас ұрды, емен тұрды.
 Басы көкке, сирағы жерге енсе де,
 Ақырып долданғанда алып ұрды.
 Майысқаннан шіліктің несі кетті,
 Батыр, мақтан күйлеме сен де оғұрлы.

ҚАЗАГА ҰРЫНҒАН ҚАРА ШЕКПЕН

Қорасына бір байдың
Түнде кірді ұрылар.
Қазынасы қайда сондайдың,
Аңдығыш, білгіш құрғылар.

Біліп кеп тұрган лапкесін
Бұзып, талқан етіпті.
Тұк қалдырмай, әммесін
Үптепті де кетіпті.

Қайғысыз жатып, қарны тоқ,
Ұйқысы қанып тұрды бай.
Тыр жалаңаш, түк те жоқ
Лапкесі, үйі айиадай.

Есі шықты, көрді де,
Ұры иттің қылғанын.
Ойбай салды, білді де,
Қаса сорлы болғанын.

Кешегі елдің бір байын
Бір түнде қалай мүнша алу?
Ояна келсе, дап-дайын
Қайыршы болу, қап салу.

Ойбай салды, зарлады,
Құр қайғыдан пайда жоқ.

Төңіректі шарлады,
Ұрыны табар айла жоқ.

Қарны да әбден ашады,
Ішеріне шай да жоқ.
Қайтерін білмей сасады.
Осындайлар қайда жоқ?

Ағайынын, дос-жарын
Жиып алып үйіне,
Жылады шағып мұң-зарын,
Болыстық қыл деп күйіне.

Бәрі ақылды, бәрі есті,
Бәрі жеддей еседі.
— Болмас еді бұл, — десті,—
Өзінен болды,— деседі.


Біреуі айтты: — Лапкенді
Мұнша алысқа салмау ғой.
Аулаққа тастап әр неңді,
Бүйтіп ғапыл қалмау ғой.

— Аузың күйді аулақтан,
Енді жақын салсаңшы.
Қабаган біздің мойнақтан
Бір күшікті алсаңшы.

Бір күшікті сіз үшін
Берейін, құда, келтіріп.
Жылда талай күшікті
Бос қырушы ем өлтіріп.

Без орнына сөз беріп,
Құда, тамыр, дос кетті.
Қол ұстамай, көз көріп,
Айтқан арыз бос кетті.

Ағайынға іс түспек —
Ол бір ұлken қарғыс қой.
Аларың сонда ең күштеп —
«Бишара» менен «байғұс» қой.



ЖАРЛЫ БАЙ

Жаман үйде жалғыз шал,
 Өзі — кедей, күңіренді.
 Өзі көрген байлардың
 Мінезінен жиренді.

Өзіне өзі сөйлейді,
 Сөйлегенде не дейді:
 «Обал жоқ осы байларға
 Мал қызығын көрмеген.
 Жақсы төсек, тәтті ас жоқ,
 Жай қадірін білмеген.

Салпыл қақты, тұн қатты,
 «Мал-мал!» деді, мал тапты.
 Байыған сайын күтім жоқ,
 Пейілі кетті, ант атты.

Қартайғанша қақақтап,
 Бұл тәңірі атқан талмай ма?
 Иттеніп жүріп өлмей ме,
 Өлсе, бәрі қалмай ма?

Маган бітсе осы мал,
 Жанымды неге қыстар ем?
 Мың теңгені бір сомдай
 Қызығыма ұстар ем.

Сән-салтанат жүрүім
 Болар еді татымды.
 Есітер еді алыс жер
 Қызықты жомарт атымды.

Байлықпен пайдам тигізіп,
 Сыйлар ем алыс-жақынды.
 «Сараңның — дәulet өз соры», —
 Деп айтыпты ақылды».

Аузын жимай бір адам
 Кіріп келді тесіктен,—
 Жәдігей ме, шайтаи ба?—
 Эйтеуір әлгі сөзді есіткен.

Келе сала сөйлейді:
 «Байлықты керек қылдың сен.
 Қылайын деген ісінді
 Мен есіттім байлықпен.

Сен мына бір ішінде
 Ділдәсі бар дорбаны ал!
 Бірін алсаң және бір
 Ділдә дайын, қолың сал.

Санап ала бер дағы,
 Дегеніңдей бола қал.
 Қанша керек болса да,
 Міне, дәulet, міне, мал.

Бірақ, байғұс, айтайын
 Мұның бір сертін, қатты антын:
 Дорба қолда түрғанда,
 Ұстаяға жоқ бір алтын.

Дорбаны әуел дарияға ат,
 Тойғаныңша ал дағы.
 Онан соң өзің білесің,
 Ұстай бер қайтып бар дағы».

Дорбаны беріп, жоғалды,
Аң-таң қылышп байғұсты.
Есін жиып алған соң,
Дорбаға кедей жабысты.

Айтқанында дөрбаға
Қолын салды, бірді алды.
Және бірі дап-дайын,
Есі шығып таң қалды.

«Таң атқанша осылай
Бере берсе бұл дөрба,
Талай алтын жиям ғой,
Ертең менен бай бар ма?

Қалбаласқап түн бойы,
Алып бақты бұл сорлы.
Қанша алтын алса да,
Тоя алмады ол ғұрлы.

Қарайды да алтынға,
Қомсынады «аз ғой», — деп
«Қыстау керек, үй керек,
Сән-салтанат, расход көп.

Азар болса аштыққа
Тағы бір күн шыдармын.
Алтын ассын есептен,
Содан кейін армансыз
Қыл дегенін қылармын».

Үйіндегі бір нанды
Бір ай жеді аз-аздан.
Бір күн түгіл, бір айды
Әлісан қылмай ол жазған.

Дорбаны суга салғалы
Дарияға таман жүэ барғаи.

«Бұғінше тұрсын, өлмен», — деп,
Үйіне қайта апарған.

Дорбаны сауып тыныштықсыз
Бір ай түгіл, жыл өтті.
Алтындаі жүзі сарғайды,
Кол дірілдеп, әл кетті.

Ассыз, сусыз, дерпт жеңіп,
Өзі де әбден жұдепті.
Тоғыз миллион санарада
Ажал жетті, күн бітті.
Алтын қайда, сөз қайда?
Қу нәпсіден не пайда?

ЕСЕК ПЕН БҰЛБҰЛ

Тойған есек шөпті оттап маңайдағы
 Сонырқап шатқа кетті қай-қайдарғы.
 Тентіреп өлкені өрлеп келе жатып,
 Жолықты бір бұлбұлға тогайдарғы.
 — Сенбісің ақын бұлбұл, жаңа көрдім,
 Атыңда жүрт мақтаған құмар едім.
 Бір сайрап берсең, қалқам, өзім естіп,
 Рас па екен жүрттың сөзі, сынар едім.
 Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып,
 Шыңғырттып, шымырлатып, сорғалатып,
 Мың түрлі күйге салып толқынтағы,
 Маңайда жан біткенді таңырқатып.
 Қой жатыр, қойшы тыңдал түрді елбіреп,
 Көзіне қып-қызыл бол жас мөлдіреп.
 Жел соқпай, құс шуламай, бәрі жым-жырт,
 Әнге көңіл жіберіп түрді елжіреп.
 Бұлбұл болды, тосып тұр есек сөзін,
 Есек жерге қаратып екі көзін:
 «Іш пыспай-ақ тыңдарлық бар екенсің,
 Эттеген-ай, білмепсің әтешті өзің!
 Екенсің ән салуға сен дағы епті,
 Сен біраз әтеш әнін үйрен!» — депті.
 Бұл сыйылды сыншының сөзін естіп,
 Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті.
 Демеймін жүрт мақтасын,
 Я жақсын, я жақпасын.
 Сүйтсе де мұндаі сыншыдан
 Құдайым бізді сақтасын.

ҚАРҒА МЕН БҮРКІТ

**Қой жайылып жаздықүн
 Шыңқан екен қияға.
 Аспаннан бүркіт қүйқылжып,
 Сорғалап келіп ыраға¹,
 Бір қозы іліп ап кетті
 Құздағы қиын ұяға.
 Екпіні күшті ер үшін,
 Еңбек қылды жем үшін
 Ұядагы балаға.
 Көрді де мұны бір қарға,
 Желікті бір іс бастарға:
 «Қозыны да тамақ деп,
 Кім ап шыңсын тастарға!
 Ең семізін ілейін
 Қызық қылышп ашарға», —
 Деді дағы, аралап,
 Жабысты келіп қошқарға.
 Қалшылдан, дірілден
 Тырнағын салады,
 Қанаттын қайқайтып,
 Экетпек болады.
 Бүркіттей емес екені
 Кешікпей-ақ білінді.
 Жабағыға тырнағы
 Шыңпастай боп ілінді.
 Жалпылдан, салпылдан,**

¹ ыра — таудың құлама етегі.

Қойшыларға көрінді.
 Әддін² білмес шіркінді
 Құдай әбден қарғады.
 Қойшылар көріп құлсіп,
 Ұстап алды қарғаны.
 Құрысын да шіркіннің,
 Семіз қойды алғаны.
 Ұшпасын деп қимаған
 Қанат, қүйрық қалмады.
 Бір жіпті берік бек байлап,
 Аягына жалғады.
 Балаларға ойын боп,
 Қор болып сүйтіп қалғаны.

Азат басың болсын құл,
 Қолдан келмес іске ұмтыл!

² Әд — күш, шама деген мағынада.

ШЕГІРТКЕ МЕН ҚҰМЫРСҚА

Шырылдауық шегіртке
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып ғелайттап,
Қызықпен жүріп жаәді алған.

Жаздығунгі жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй,
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайды?
Суыққа тоңған, қарны ашқан
Ойын қайда, ән қайда?

Оныменен тұрмады,
Қар көрінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бұкшиді,
Тым-ақ қыын іс болды.

Секіру қайда, сүрініп,
Қабағын қайғы жабады.
Саламда жатып дән жиган
Құмырсқаны іздеп табады.

Селкілден келіп жығылды,
Аяғына бас ұра:

— Қарағым, жылыт, тамақ бер,
Жаз шыққанша асыра!

— Мұның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмен пе ең?
Жаның үшін еш шаруа
Ала жаздай қылмап па ең?

— Мен өзіңдей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып, ән салып,
Өлеңнен қолым тиді ме?

— Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де, билей бер!

ЭНİŞЛЕР

Көршіні көрші шақырды,
Болды да сыйлап ас бермек.
Құлығын ішке жасырды:
Баланың әнін есіттірмек.

Балалар шулап, бақырды,
Ынтасты — даусын білдірмек.
Қонақтың күйін қашырды,
Басты ауыртты көп дүрмек.

Алды-алдына кетеді,
Қосылмайды әндері.
Құлағынан өтеді
Құр айғай салған сәндері.

— Опырмай, көрші-ай, не қылды?
Бас ауырды, қаңғырды.
Құлағын басып жалынды,
Қойғыза көр деп құрғырды.

— Тым-ақ даусы күшті екен,
Бекер де емес сенікі.
Сүйтсе де арақ ішпеген
Есті ұлдар ғой менікі.

Есі шықпай мұнан да ішкен артық,
Қисыны жоқ қышқырған не еткен тантық!

АЛА ҚОЙЛАР

Бір таудағы хайуанды бір арыстан
 Билеген патшасы екен әуел бастан.
 Әділ атақ алмақшы ниеті бар,
 Ешкімді ауыртпастан, жылатпастан.

Онысы рас, басында тәуір болған,
 Сөйтсе де кімді бүзбас бақ антүрган.
 Алдынан жан шықпаған патшамыздың
 Ала қойды көргенде көзі ауырған.

Ала қойда кінә жоқ жүннен басқа,
 Қойдан қашып шығыпты патша тасқа.
 Көрсө қаза тұрады аза бойы,
 Болмады бұған айла ойламасқа.

Тұрды патша қайғырып уайым жеп:
 «Ала қойды болады қайткенім еп?»
 Аю, тұлкі — қасында уәзірлері,
 Қенеседі оларға «қайтемін?» — деп.

Колбаң етіп, қорс етіп сөйледі аю:
 — Батыр патшам, не керек көп ойлану?
 Қойды жан деп, есіркеп кім аяйды?
 Ақылы ала қойдың — қырып салу.

Қабағын түйді арыстан сөзін ұғып:
 — Өлтірмегім оңай-ақ қойды сыйып.

**Өз жұртын өзі қырған патша бар ма?
Жаман аттан қорқамын, кетсе шығып.**

— Бекер қан тектірмейіз, әділ патшам,
Сөкпеніз, — деді тұлкі,— мен сөз айтсам.
Оңаша бір өзенде қойға беріп,
Қайраңында семіртіп, кең жайлатаң.

**Жарлықты кешіктірмей тез беріңіз,
Жаманды жақсыменен тең көріңіз.
Ала қой қорыққаннан өзі азаяр,
Қойшылықта қасқырды жіберіңіз.**

Қара деп қатты тапсыр ала қойды-ақ,
Өзгесі өсер, ол кемір, сөзіме бақ.
Жақсы сөзбен біреуге тапсырған соң,
Жаман аттан боласыз сіз дағы аулақ.

«Құп» деді, оны арыстан қабыл көрді,
Қасқырға «жақсы бақ» деп жарлық берді.
Ала түгіл ағынан тыныш бопты,
Тұлқінің айтқанындаи қылыш еді.

Тұлқінің айтқаны рас, жүрт — ақылсыз,
Көре салды қасқырдан баяғы арсыз.
Антүргандық тұлкі мен арыстанда,
Ол болмаса, не қылмақ қасқыр жалғыз?

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

Жұрт біледі, күледі,
 Сұрқия тілдің жаманын,
 Қошеметшілердің амалын.
 Сонда да солар қайда жоқ?
 Ептеп айтса, ересің,
 Артынан өкінсең де пайды жоқ.

Ірімшікті құдайым
 Кез қылды бір күн қарғаға.
 Алып ұшып барды да,
 Қонды бір биік ағашқа.
 Үлкен олжа емес пе,
 Ірімшік деген қарны ашқа?
 Бір жеп алып, шүкірлік
 Қылайын деп аллаға,
 Тұмсығында ірімшік,
 Ойланып қарап түр еді,
 Бір қу түлкі сорына
 Жақын жерде жүр еді,

Ішіне сақтап құлығын,
 Ептеп барып барлайды,
 Бұлғақтатып қүйрығын,
 Қарғаның көзін алдайды.
 Тәтті тілмен, тәтті үнмен
 Сөйлесуге айналды:
 «Қарағым, не еткен сұлу ең!» —
 Деп таңырқап таңданды:

«Не еткен мойын, не еткен көз,
 Осыдан артық дейсің бе
 Ертегі қылып айтқан сөз?
 Қалайша біткен, япымай,
 Мұрныңыз бен жүніңіз!
 Періштенің үніндей
 Деп ойлаймын үніңіз.
 Осы көрікпен, бұл жүнмен,
 Әншілігің белгілі,
 Ұялмай, қалқам, бір сайра,
 Біз де алалық ұлғіні.
 Құс төресі біздерге
 Сіз боларсыз бір күні».
 Басы айналды қарғаның
 Сұмның айтқан сөзіне.
 Қуанғаннан бөртініп,
 Бір мастық кірді өзіне.
 Өзіне біткен өңешін
 Аямастан карқ етті,
 Ірімшік жерге салп етті,
 Іс бітті, қу кетті.

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

Боқтықта талтаңдал,
 Жан-жаққа жалтаңдал,
 Бір қарға жүр еді.
 Бір жатқан ірімшік
 Көзіне түседі,
 Көңілі өседі.
 Ірімшікті көрінген
 Тістеп ап ұшады.
 Бір ағашқа қонды да,
 Асықпай жемек болды да,
 Мазатсып қарады
 Онына, солына.
 Ағашқа қонып, қаранып,
 Қанатын, жүнін тараңып,
 Болмақшы еді мәз-мейрам,
 Дейтін емес қу қайдан,
 Жем іздеген бір тұлкі
 Кездей келді сорына.
 Ағаштан төмен түспеген,
 Ірімшікті тістеген
 Қарға тұсті көзіне.

Қу құмар ақымаққа
 Алдаң, арбап соқпаққа
 Кеңеседі өзіне.
 Жуасып, жабырқап,
 Таң қалып, таңырқап,
 Қарады жүзіне.

Қарашы залымның,
 Бұл жүртқа мәлімнің
 Алдаған сөзіне:
 — Есен-сау жүрсіз бе?
 Ақынның төресі?
 Көп жерден белгілі
 Тегін құс емесі.
 Жұніңіз, үніңіз,
 Мұрныңыз, көзіңіз,
 Құлаққа көп тиген
 Мақталған кеңесі.
 Басынан өзгеше
 Бітіпті денесі.
 Көп жерден, қалқам-ай,
 Құмарым тарқамай,
 Сізді іздең келіп ем.
 Сүйісін құлағым,
 Тарқасын құмарым,
 Әніңе бір салшы,
 Асық боп келіп ем.
 Мақтауга есіріп,
 Барынша көсіліп,
 Үргалып қарқ етті,
 Ірімшік жерге салп етті.
 Тап етті, шап етті,
 Ап кетті қу тұлкі.
 Антұрған, сол тұрған
 Жеріндеге бол күлкі.

БАҚА МЕН ӨГІЗ

Қарасаң, тым-ақ көп
 Көре алмас іші тар.
 Несі артық, бізден деп,
 Салыспақ жұрт та бар.

Су ішкелі бір өгіз
 Барып еді бұлаққа.
 Бақалар қорқып, тарбақтап
 Қашып шықты әр жаққа.

Бақаға өгіз таумен тең,
 Үшып кетті зәресі.
 Мақтаншақтың, сен көрсөң,
 Бақада екен төресі.

Өз-өзінен бір бақа
 Күшенді де, бөртінді.
 Қарны ұлкейді қампайып,
 Өгіздей болам деп ісінді.

Қасындағы жолдасқа:
 «Қараши,— деді, — сен бізге!
 Қыын ба екен ұлкею,
 Жеткем жоқ па өгізге?»

«Ісіндің, кебіндің,
 Сонда да не пайды?

Түрі жат өгіздің,
Сен қайда, ол қайда?»

Күшенді кеп кіжініп,
Келгенінше шамасы,
«Өстім той», — деп ісініп,
Дейді: «Енді бір қарашы!»

Қарады да: — «Дәнеме
Болған жоқ қой, қой!» — деді.
Қызып алған антүрған
Айтқан сөзге көнбеді.

Үңқыл қағып, тыптырлап,
Күшенді де, бертінді.
Іш жарылды сыйтырлап.
Мақтанам деп өзі өлді.

Таласпа, жаным-ай,
Колыңдан келмеске.
Боларсың бақадай,
Көп түссен егеске.

ПІЛ МЕН ҚАНДЕН

Көшеде піл жетелеп біреу жүрді,
 Кім көріпті хайуанды мұидай тұрлі.
 Көрсеткелі ап жүрген жаңуарды
 Тамашалап, артынан жүрт боп ерді.

Көшеде кез боп бір қанден
 Ұмтылды пілге шаптығып.
 Шаңқылдал үрді ерленіп,
 Тартынбай ұрысар жан шығып.

Қанденге бір ит кездей боп
 Деді: «Әлінді білсөнші,
 Пілмен ұрысар сиқың жоқ,
 Мазақ болмай, қой, көрші!

Қырқылдал қалдың, не бітті?
 Әуре болмай, қой! — деді.
 Сен бұлқындың, ол кетті,
 Жан деген жоқ ол сені».

«Мен де соны білемін,
 Сондықтан ер боп келемін.
 Ұрыс, соғыс қылмай-ақ,
 Ер атанып көремін.

Жұрт мұнымды көрмей ме?
Батыр атақ бермей ме?
Қой, бұл қанден — ер шіркін,
Пілге де үрген демей ме?»



ЕСЕК

Қырық-елу қос бір жерден
Қайтқан екен керуендер.
Мал айдап барып әр елден
Сауда қылып жүргендер.

Алтын артқан бір есек
Соларменен келеді.
Ол жай жұрсе, жұрт та жай,
Ол желсе, жұрт желеді.

Тамам қостың байлары
Маңайынан кетпейді.
Қошемет қылып бәрлері
Шомын да жөндеп ерттейді.

Ортаға алып әлгіні
Бәрі бірдей сыйлайды.
Бірі сүйіп құлақтан,
Бірі жүнін сыйпайды.

Сылап-сыйпап, қадірлеп,
Беретүғын жем де артық.
Есек шіркін есіріп,
Болып алды тым тантық.

Көш бойы жұрт қасында,
Өзгеменен жұмыс жоқ.


Атты теүіп, адамды
Тістесе де сөгіс жоқ.

«Құдай аман сақта,— деп, —
Жарда, суда!»— бата алған.
Еркелетіп ат қойып,
«Жаппарқұл мырза» аталған.

Алтын үсте жүргенде,
Сол қадірмен көп жүрген.
Өз ойында көк есек
Өзгеше тудым деп жүрген.

Алтынды бір күн бай алды,
Есектен жұрт та түңілді.
«Жаппарқұл» аты жоғалды,
Боқ тасуға жегілді.

Карасаңшы бойыңа,
Ұзын құлақ қалпың ғой.
Жұрт ергені соңыңа —
Үстіндегі алтын ғой.



ҚАРАСӨЗ

Фақлия

БІРІНШІ СӨЗ

B

ұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе,
жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай
өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыс-
тық, айтыстық, тартыстық — әуре-
шілікті көре-көре келдік. Енді жер
ортасы жасқа келдік: қажындық,
жалықтық; қылыш жүрген ісіміздің
баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі
қоршылық екенін білдік.

Ал, енді қалған өмірімізді қай-
тып, не қылыш өткіземіз?

Соны таба алмай өзім де қайран-
мын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ.
Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі
бақпаса, не албыртқан, көңілі басыл-
маған жастар бағамын демесе, бізді
құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын.
Балалар өздеріне керегінше өздері
бағар. Енді қартайғанда қызығын
өзің түгел көре алмайтүғын, ұры,

залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған азгана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрапсың? Елсіз-күнсізде кеңдемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұндасып шер тарқатысадар кісі болмаған соң, ғылым өзі — бір тез қартайтатұғын қүйік.

Софылық қылышп, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам? Қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны еромек қылайын, кімдекім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

ЕКІНШІ СӨЗ

Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсө,
кұлуші еді: «енеңді ұрайын, кең қолтық, шұлдіреген тәжік,
арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан
қорықкан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызынын
боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп.

Ногайды көрсө, оны да боқтап кұлуші еді: «Түйеден қорық-
қан ногай атқа мінсе — шаршап, жаяу жүрсө — демін алады,
ногай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат
ногай, қашқын ногай, «бакалшік¹ ногай» деп.

Орысқа да кұлуші еді: «Ауылды көрсө шапқан, жаман
сасыр бас орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген... не
айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті», — деп.

Сонда мен ойлаушы едім: ей, Құдай-ай, бізден басқа халықтың
бәрі антүрған, жаман келеді еken, ең тәуір халық біз еkenбіз деп, әлгі
айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып кұлуші едім.

Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған
жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған
шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір
шаңари жауласпайды! Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың
өлісінің ахиреттігін², тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Эке

¹ Ұсақ саудагер.

² Бұл жерде өлген кісіні орайтын кебін мағынасында.

балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдаپ кетіп тұрды ғой.
Орысқа қараган соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп
үйреніп кетті. Ұлken байлар да, ұлken молдалар да, ептілік,
қырмызылық, сыпайылық — бәрі соларда.

Ногайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де
шыдайды, қазага да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтүге
де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі,
салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тама-
ғымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең
байымызды: «сәнің шақшы³ аяғың білән пышыратырға қойған
идән түгіл, шық, сасық қазақ», деп үйінен қуып шығарады.

Оның бәрі — бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып,
өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері.

Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құллы, күнді құрлы да
жоқпыш.

Баганағы мақтан, баганағы қуанған, күлген сөздеріміз
қайда?

³ Лас, былғаныш.

ҮШІНШІ СӨЗ

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?

Һемма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі — қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз — қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ — қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз — надан арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге — егін, сауда, өнер, ғылым — солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді.

Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса еken дейді.

Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тоғыпп, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ.

Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, барлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептең алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек — әр қазақтың ойы осы.

Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса,

ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізben қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауастық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептең мал жиуға күшім жетімді болсын деп, қызметке, болыстық, билікке таластық.

Сонан соң не момынның баласы бөтен жаққа шығып, енбек қылышп, мал іздемейді, егін, сауданың керегі жоқ болады. Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп партия жигандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді.

Ұрылар тыйылмайды. Ел тыныш болса, оның ұрлығын ешкім сүйемес еді. Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше ессе асырады.

Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі уголовный¹ іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание² — тергеу шығарады. Өтірік, көрмегенін көрдім деуші күәлар да әлдеқашан дайындал қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін. Ол адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығының кеткені, егер жалынбаса, тергеулі, сottы адам болып, ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткені.

Ол болыс болғандар өзі қулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп.

Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісіңнің тұзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалылығынан жетерсің» деген сөз. Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы: «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындал қалып,

¹ Қылмыстық іс (орысша).

² Жауапқа алу (орысша).

тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды?

Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді: **Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадәрлі орысша образование³ алған кісі болсын.** Егер де орталарында ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да сайламаса, уезный начальник пенен военный губернатордың назначениесімен⁴ болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді. Оның себебі: әуелі — қызметкүмар қазақ балаларына образование беруге ол да — пайдалы іс, екінші — назначениемен болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді.

Уа және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлки жоғалар еді.

Уа және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Құл төбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын»⁵ білмек керек.

Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп бұл жаңа заманға келіспейтүғын болса, оның орнына толымды толық билік шығарып, төлеу саларға жааралық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.

Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп.

Оның мәнісі — тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз.

Әйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендікпенен түссе, әйтпесе түспесе.

³ Білім.

⁴ Қызметке тағайындау (орысша).

⁵ Тәуке ханның занының жеті ережесі.

Ол билерге даугер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке таңдал алып, үстіне біреуді посредникке⁶ сайлап алып, біте берсе; егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай, бітім болар еді.



⁶ Дәнекер, арага жүруші мағынасында.

ТӨРТІНШІ СӨЗ

Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил¹ көп өтетүгінин да, әрбір мастың сөйлегеи кезінде бас ауыртатуғынин. Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындай ғафилдік көп өткізіп, өлмеген кісінің не дүниеде, не ахиретте² басы бір ауырмай қалмаса керек.

Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі кәніш³ болса керек.

Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі құлмей жүргуге жан шыдай ма екен?

Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығыңа уайым-қайғы қыл-дағы, сол уайым-қайғы-сыздықтан құтыларлық орынды харекет⁴ табу керек, қам қылу керек. Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!

Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де — бір антұрғандық. Және әрбір жаман кісінің қылышына күлсөң, оған рахаттанып күлме,

¹ Ғафил (арабша) — қателік.

² Ахирет (арабша) — арғы дүние, о дүние.

³ Кәніш (парсыша) — молшылық, береке.

ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсөң, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат⁵ көріп күл. Әрбір ғибрат алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады.

Көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде бір күлкі бар-ау, құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен, жүректен келмейді, қолдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін құлетін бояма күлкі.

Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахаттының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылышпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Кулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ — өнерсіз иттің ісі.

Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.

⁴ Харекет (арабша) — әрекет, іс, жұмыс.

⁵ Ғибрат (арабша) — өнеге, үлгі, сабак.

БЕСІНШІ СӨЗ

Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, иә көзден жас болып ағады, иә тілден сөз болып ағады.

Қазақтар: «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы — жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғансығаны. Қайғысы не десең, мақалдарынан танырсың: «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, әкең де жат», «Мал — адамның бауыр еті», «Малдының беті — жарық, малсыздың беті — шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде — қолда», «Берген — перде бұзар», «Алаған қолым — береген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз — құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» — деген осындай сөздері көп, есепсіз толып жатыр.

Бұл мақалдардан не шықты? Маглұм¹ болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді еken, мал үшін қам жейді еken, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді еken, бар білгені малдыларды алдаң алмақ яки мақтап алмақ еken, бермесе оныменен жауласпақ еken. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді еken. Әйтеүір үрлық,

¹ Маглұм (арабша) — мәлім, белгілі.

қулық-сүмдүк, тіленшілік, соған ұқсаған қылыштың қайсысын болса да қылыш жүріп мал тапса, жазалы демесек керек екен.

Жас баланың ақылынан бұлардың несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен.

Сол ма артылғаны?

Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен.

Іздеген еліміз сол ма?



АЛТЫНШЫ СӨЗ

Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды — бірлік, ырыс алды — тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады — білмейді.

Қазақ ойлайды: бірлік — ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса еken дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал ізден не керек?

Жоқ, бірлік — ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антүргандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа ізdemейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдаپ, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі.

Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды — тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жанкеудеден шықпағандық па?

Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дүшпан болады. Жаның қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дүшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес.

Көкірегі, көнілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсан

да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз үға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың — пысық, ішің — нас,
Артын ойлап ұялмас, —

болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бүйрықты
өлімнің өзі артық.



ЖЕТИНШІ СӨЗ

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар — тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды.

Біреуі — білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді.

Мұның бәрі — жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады.

Әзелде Құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, үйқы, тамақта есімізден шығып кететүғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиган қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді.

Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдаپ, ауылдағы боқтықтан ұзамадық.

Жан бізді жас құнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешиәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көніл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің өзіне, өз білгенім өзіме», «Кіци ақылымен бай болғанша, өз ақылынмен жарлы бол» деген дейміз. «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» — дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ.

Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық?

Қайта, бала құнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Еңді осы қунде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз тұқ білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Осы ақылды кім үйренеді, насхатты кім тыңдайды?

Біреу — болыс, біреу — би. Олардың ақыл үйренейін, насхаттың тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге ұлғі беріп, ақыл айтартықпаз деп сайданды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзөрлігі-ақ қалған. Ол не қылыштың тыңдастын және тыңдайын десе де, қолы тие ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бұлдіріп аламыз ба, немесе халқымызды бұлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығынданып, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? — деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді.

Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонышп, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Қөнілдері қокте, қөздері аспанда, ададық, адамдық, ақыл, ғылым, білім — ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, Құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, Құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны — бәрі мал. Сөзді қайтіп үқсын, үғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ, саудасын жиғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұры-бәрі, қыс, сұық-сұғанақ — солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ. Оның бәрін жайғастырып, аяғын алышп келіп мақтаңға орналастырғанша қашан? Қолы тимейді.

Енді ұрыз-залым, сүм-сүркия өздері де тыңдамайды.

Онша-мұнша қой жұнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрганда, білім, ғылым, ақылды не қылсын? Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: «Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді. Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуінде болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұны болмаса керек.



ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Осы мен өзім — қазақпын.

Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе?

Егер жақсы көрсем, қылыштарын қостасам керек еді.

Үә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар той деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан қөшіп кету керек еді.

Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұттай болмас еді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? — еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансан, ызалана алмаймын. Құлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгеним-өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі.

Қайратты құнімде қазақты қылыш бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылышп, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір

жүрген құыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «эттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.



ОНЫНШЫ СӨЗ

Біреулер Құдайдан бала тілейді.

Ол баланы не қылады?

**Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді,
қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?**

Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сениң не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы — қызық, жаманы — күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мүнша неге құмар болдың?

Артымнан балам құран оқысын десең, тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, баланың оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіңе өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма?

Ахирет үшін бала тілегенің — балам жасында өлсін дегенің. Егер де ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқа-рарлық бала қазақтан тua ма екен? Ондай баланы сендей әке, сениң еліндей ел асырап өсірмек пе екен?

Картайғанда асырасын десең, о да — бір бос сөз. Эуелі — өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші — балаң мейірімді болып, асырарлық болып тұа ма, жоқ па? Үшінші — малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары — ол да екі талай.

Хош, Құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің. Эуелі өз күнәнді өзің көтергеніңмен тұрмай, баландың күнәсіне тағы да ортақ боласың. Эуелі баланды өзің алдайсың: «әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Боқта!» деп, біреуді боқтатып, «Кәпір-қияңқы, осыған тимендерші!» деп, оны масаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзаның іздел, хат таныса болады деп, қу, сүм бол деп, «пәленшешің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат міnez қылышп, осы ма берген тәлімің?

Осы баладан қайыр күтесің бе?

Және мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Эуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылышп мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адап кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса ұғарлық ақыл берді, қайда жібергенінді кім біледі?..

Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Оның саған керегі жоқ. Сенікі — біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің — сол.

Бұл — Құдайдан тілеген емес. Бұл — абыроіын, арын сатып, адам жаулағандық, тіленшілік. Қош, сүйтіп жүріп-ақ мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылышп, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат¹ орнына бармайды. Ешбір қазақ

¹ Ғибадат (арабша) — қызмет жасау, құрметтеу, табыну, құлшылық жасау.

көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған.
Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі,
ызасы — сол үшеуінен басқа ешиәрсе бойында қалмайды.

Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «Маган да
баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы
қайыршылыққа түседі.



ОН БІРІНШІ СӨЗ

Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе.

Әуелі — ұрлық. Ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да баймын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жүрт ұрлық айтып мал аlam деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр.

Екінші — бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсөң бек боласың, бүйтсөң көп боласың, бүйтсөң кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, к...и қыздырып алып, өзін біраз ғана азық қылайын деп жүр.

Ұлықтар пәлі-пәлі, бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр. Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылынды соғайын, дауынды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр.

Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жүртқа ой да түсер еді. Шаруа да қылар еді. Бай барын бағып, кедей жоғын іздең, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді. Енді жүрттың бәрі осы екі бұлік іске ортақ. Мұны кім түзейді?

Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені
ме?

Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне
еретүгін, азатүғын байларды кім тыяды?



ОН ЕКІНШІ СӨЗ

Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылыш жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ииеттің жамаңдығы жоқ қой дейміз. Ләкин¹, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен.

Әуелі — иманның иғтиқадын² махкемлемек³ керек, екінші үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны Құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды.

Уа-ләкин⁴, кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт⁵ табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені көңілге — қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға үқсайды.

Құзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін өзі аңдып, шын діни шыншылдан жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды.

¹ Ләкин (арабша) — өйткені.

² Иғтиқад (арабша) — сену, нану.

³ Махкемлемек (арабша) — берік, мықты, орнықты.

⁴ Уа-лакин (арабша) — ал, бірақ.

⁵ Кәмәләт (арабша) — рухани даму, толықтыру.

ОҢ ҮШІНШІ СӨЗ

Иман деген — Алла табарака уатағаланың¹ шәриксиз², ғайыпсыз, бірлігіне барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз, саллаған ғалайни уәсәлләм³, арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек.

Әуелі — не нәрсеге иман келтірсе, соның ҳақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел — испат⁴ қыларға жараса, мұны «якини иман»⁵ десе керек.

Екіншісі — кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көнілі қозғалмластай берік болу керек. Бұл иманды иман «таклиди»⁶ дейміз.

Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көніл, босанбас буын керек екен. Якини иманы бар деуге ғылымы

¹ Аллау табарака уа тағала (арабша) — иғі тілекке жолдаушы ұлы тәңір.

² Шәриксиз (арабша) — көмекші, серік, бұл жерде жалғыз, бір өзі тең келмейтін, бірдей келмейтін мағынада.

³ Саллаған ғалайни тәссәләм (арабша) — Алла оған иғі тілек тілеп, сәлемін алсын (Мұхаммед пайғамбардың аты аталғаннаи кейін айтылатын құрметтеу сөйлемі).

⁴ Испат (арабша) — нақтылау, дәлелдеу, анықтау.

⁵ Иман (арабша) — сенім (құдайға сену).

⁶ Иман таклиди (арабша) — біреуге еліктеп сену, дәстүрлі.

жоқ, таклиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, иә алдағанға, иә азғырғанға, иә бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, өтірікті шын деп ант ететүғын кісіні не дейміз? Құдай тағала өзі сақтасын.

Уа әрнешік білмек керек, жоғарғы жазылмыш екі түрліден басқа иман жоқ.

Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде Құдай тағала кеңшілігімен кешеді дағы демесін, оның үшін Құдай тағаланың ғафуына⁷ яки пайғамбарымыздың шафағатына⁸ да сыймайды, мүмкін де емес.

«Қылыш үстінде серт жоқ» деген, «Құдай тағаланың кеш-пес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрысын.

⁷ Ғафу (арабша) — кешу, кешіру.

⁸ Шағағат (арабша) — қорғау, жәрдем ету, көмектесу.

ОН ТӨРТІНШІ СӨЗ

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?

Біздің қазақтың жүректі кісі дегені — батыр кісі дегені.

Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса иғі еді демек, бұлар — жүрек ісі. Асықтық та — жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсені, қыын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындаған нәрсені, оңай да болса, мойындаамау — ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры — әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Казақ та адам баласы той, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың жоқтығынан азады. Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады.

Осы жүрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт,

пысық жігіт деп ат қойып жүрген кіслерінің бәрі — пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айды, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері.

Әйтпесе Құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?

ОН БЕСІНШІ СӨЗ

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі — пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді еken дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады еken. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады еken.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады еken дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды еken. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты құғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады еken.

Үшінші — әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе еken. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады еken, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки әненін, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады еken.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың

көзін байлан, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сыннататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сыннатпай жүріп ізденеді екен. Есеп кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзінен өзің есеп ал!

Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды күнінде өзің өкінбестей қылышпен өткізіппісің?

Жоқ, болмаса, не қылышп өткізгенінді өзің де білмей қалышп-псың?

ОН АЛТЫНШЫ СӨЗ

Қазақ құлшылығым Құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жүрт қылғанды біз де қылышп, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді. Саудагер несиесін жия келгенде, «тапқаным осы, біттім деп, алсаң — ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?» дейтүғыны болушы еді гой.

Құдай тағаланы дәл сол саудагердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, дінін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын» дейді. «Оқымадың демесе болады дағы, тілімнің келмегенін қайтушы еді» дейді.

Оның тілі өзге жүрттан бөлекшे жаратылып па?

ОҢ ЖЕТИНШІ СӨЗ

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, Ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: Ей, Ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмелетке жетпейтүғынын. Әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалақпай үйрену керек, ол менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылышп, ерінбей-жалақпай орнына келтірмек те — менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтүғын, күнәкәрліктен, көрсекқызыар жеңілдіктен, нәфсі¹ шайтанның азғыруынан құтқаратүғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жигызып алатүғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады? — депті.

Ақыл айтыпты: Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетүғын — мен, сенің сөзінді ұғатүғын — мен, менсіз пайданы іздей алмайды еken, залалдан қаша алмайды еken, ғылымды ұғып үйрене алмайды еken, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды? — депті.

Онан соң жүрек айтыпты:

Мен — адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ тәсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай

¹ Нәфсі (арабша) — нәпсі.

болып жатыр екен деп ойлатып, жанын аштыып, үйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетүғын — мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратүғын — мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритүғын — мен, жаманшылықтан жириеніп тулап кететүғын — мен, әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтүғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуді маған қалай таласады? — депті.

Сонда Фылым бұл үшеуінің сөзін тыңдалап болып, айтыпты:

— Ей, қайрат, сенің айтқаныңың бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз ешинарсенің болмайтүғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, — депті.

— Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңың бәрі де рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтүғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да — бәрі сенен шығады. Жақсылың, жаманның екеуінің де — сүйенгені, сенгені — сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман,— депті.

— Сен үшеуінің басынды қоспақ — менің ісім,— депті.— Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жириеніп, үйден қуып шығарады.

— Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолынды босатпайды. Осы үшеуің басынды қос, бәрін де жүрекке билет,— деп ұқтырып айтушының аты — Фылым екен.

Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсандар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам — сол.

Үшеуің болсаң, мен жүректі жақтадым.

Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай тағала
қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы,—
депті.



ОН СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, үәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек — дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не кімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ — кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылышы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «эттең дүние-ай, осылардың атындаіт мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» — дейтүғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі — масқаралық, ақымақтық.

Мұны адам бір ойламасын, егер де бір ойласа, қайта адам болмағы — қыын іс.

Кербез дегенді осындаі — кер, кердең немеден безіндер деген сөзге ұқсатамын.

Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселеремен озбақ.

Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де — ақымақтық.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Адам ата-анадан туганда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.

Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды.

Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады.

Мұндай сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?

Осындай сөз танымайтығын елге сөз айтқанша, өзінді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хаким айтқан екен, сол секілді сөз болады.

ЖИҮРМАСЫНШЫ СӨЗ

Тағдырдың жарлығын білесіздер — өзгерілмейді.

Пәндеде бір іс бар жалығу деген. Ол — тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласы құтылмағы қын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсең де, ақырында тағы келіп жеңеді.

Ақылы түгел, ойлы адамның баласы байқаса, осы адам баласының жалықпайтұғын нәрсесі бар ма еken? Тамақтан да, ойыннан да, құлқіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көніл, аз ба, көп пе, жалығады. Оның үшін бәрінің ғайыбын көреді, баянсызын біледі, көнілі бұрынғыдан да суи бастайды.

Дүние бір қалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бір қалыпты тұрмайды. Эрбір мақлұққа құдай тағала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ. Енді көніл қайдаи бір қалыпты тұра алады?

Бірақ осы жалығу деген әриені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Соншалық ғұмырының баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады.

Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет¹ екен деп ойлаймын.

¹ Ғанибет (арабша) — олжа, табыс.

ЖИЫРМА БІРІНШІ СӨЗ

Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннын аман болмағы — қыын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын ұлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтың деймін.

Ұлкендік — адам ішінен өзін өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді — осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез — ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман дегізбесем екен деп азаптанады.

Екінші, мақтаншақ деген біреуі «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмыттып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады.

Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді.

Ол — надан, ләкин надан да болса адам.

Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес.

Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, іә ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді.

Ол — наданның наданы, ләкин өзі адам емес.

Жатқа мақталсам екен деген — елім мақтаса екен дейді.
Еліме мақталсам екен деген — ағайынның мақтаса екен дейді.
Ағайынның ішінде мақтау іздеген — өзімді өзім мақтап жетем дейді.



ЖИЫРМА ЕКІНШІ СӨЗ

Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым.

Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ. Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр. Ойлайды: жалынтып бердім деп, ақымақтығынан. Жоқ, өзі жалынып беріп жүр. Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр. Кей байлар, елдегі құттылар, сұттілер берекелесе алмаған соң, кеселді қулар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз кім болса соған жеміт болып жүр.

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Біреулер к... не құрым киізді түзға малып тыққан соң есі шығып, мырза болып, еріксіз кім болса соған талтайып емізіп жүр.

Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ.

Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, ынсанқа

есті кісі елде жоқ. **Кұлық, сұмдық, арамдық, амалға елдің бәрі де есті.**

Гаріп-қасар бишараны құрметтейін десен, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес. Егер мінерлік жайы болса, бірдемені ептең ілерлік те жайы бар.

Енді қалды қу мен сүм, олар өзі де қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес.

Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? Өзі құрттанып шашылған болыс-білер тұра тұрсын.

Енді, әлбеттә, амал жоқ, момындығынан «**Ырыс бакқан дау бақпас**» деген мақалмен боламын деп, бергенінен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң үәм соның тілеуін тілемесең болмайды.

Сонан басқаны таба алмадым.

ЖИЫРМА ҮШІНШІ СӨЗ

Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар.

Оның қуанышы — елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады. Айтады: Құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? — деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен надандылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болады дағы. Жұз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрап, артында неше ат бар еді деп сұраганның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?

Енді жұбанышы — жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көппен көрген ұлы той, көппен бірге болсақ болады да деген сөзді жұбаныш қылады. Оған Құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болады деп. Көпке қаңарым жүрмейді деп. Элде көпке тұзағым жетпейді деп пе? Фылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет¹ көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, женіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетүғын

¹ Хикмет (арабша) — даналық, ақылдылық, ойшыл.

кісінің керегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ, жармысы арып, жармысының қүйлі болғаны жақсы ма? Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? **Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма?**

Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш?

Тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын женіп пе? Көңілін сол сөзі разы қылуға жетіп пе? Ендеше көбінен қалма, сен де аузыңды сасыта бер деп пе?!

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ СӨЗ

Жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар, екі миллиондай^{*} казақ бар.

Біздің қазақтың достығы, дүшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халық да үқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, үрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Дүниеде үш миллионнан артық халқы бар қала да бар, дүниенің бас-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе?

Жоқ, қазақ ортасында да үрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздел, өрістерлік күн болар ма еken?

Әй, не болсын!.. Жұз қарага екі жұз кісі сұғын қадап жүрттой, бірін бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?

* Бұл жерде Абай шамамен айтып отыр. Абай тұсында 1897 жылдың жүргізілген халық санагы бойынша, Ресей империясы шегінде тұратын қазақтардың жалпы саны 4 миллион 84 мың болған (Я. В. Володарский «Население России за 400 лет. Начало XVI—XX вв.». М. 1973. С. 111).

ЖИЫРМА БЕСІНШІ СӨЗ

Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқытса болады. Оның үшін бұл жер **Дар әл-Харб**¹, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап-ішуге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына, уа әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, құлық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатғын нәрсе. Мал тапса, қарын тояды.

Онан соң, білім түгіл өнер керек еken. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста тұр. Заарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндаі болды. Сен оның тілін білсөң, көкірек көзің ашылады. Эрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына² кіреді, аса арсыздана жалынбайды. Дінге де жақсы білгендік керек. Жорғалықпенен көңілін алсам еken деген надан әкешешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгени керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді.

¹ **Дар әл-Харб** (арабша) — соғыс майданы, бұліген, ислам діні қонбаған жер.

² **Дағуа** (арабша) — талас, тартыс, айтыс.

Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қарауымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес.

Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жүртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жүрт білгенді біліп, халық қатарына қосылуудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек.

Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да түр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны, бір жағынан, бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар — ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Не қылса да сөзді үқтышса болады оларға.

Жақсы атаниң балалары да көп оқыған жоқ, қайта, кедейдің балаларын орысқа қорлап берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Және де кейбір қазақта ағайынымен араздасқанда: «Сенің осы қорлығыңа көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» деуші еді. Осындай жаман сөзді, құдайдан қорықпай, пендеден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанмен не бола қойсын? Сонда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қай көп үйреніпти? Кірді, шықты, ілді, қайтты, түбегейлеп оқыған бала да жоқ, экесі ел ақшасымен оқығанға әрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын?

Тұрасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет!

Мына мен айтқан жол — мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десен — оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жүртқа рахат көрсете ме?

ЖИҮРМА АЛТЫНШЫ СӨЗ

Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Эй, жоқ та шығар! Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында бір хайуанның өнерінің артылғанына я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, яки баласы емес.

Мұның бәрі — қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір ұлken іс қылған кісідегі қуанған болып, ана өзгелерді ызалаңдырсаң екен демек. Біреуді ызалаңдырмаң — шаригатта харам, шаруага залал, ақылға теріс. Әншейін біреуді ыза қылмақтың несін дәулет біліп қуанады екен? Жә, болмаса, ана ыза болушы соншалық неге жер болып қалады екен?

Жүйрік ат — кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те кейде оның қолында, кейде мұның қолында болатұғын нәрсе. Күшті жігіт те бір елден шыға ма? Кейде ана елден, кейде мына елден шығады. Мұның бәрін адам өз өнеріменен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін де біле тұра, жерге кіргендей болып я бір арамдығы, жамандығы шыққандай несіне үядып, қорланады екен?

Енді осылардан білсеңіз болады: надан ел қуанбас нәрсеге қуанады һәм және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді.

Нәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұлады, ұларлық нәрседен ұлмайды. Мұның бәрі — надандық, ақымақтықтың әсері. Бұларын айтсаң, кейбіреуі «рас, рас» деп үйіған болады. Оған нанба, ертең ол да әлгілердің бірі болып кетеді. Қеңілі, көзі жетіп тұрса да, хайуан секілді әуелгі әдетінен бойын тоқтата алмайды, бір тиянақсыздыққа түсіп кетеді, ешкім тоқтатып, ұқтырып болмайды.

Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына жеңгізіп, мұным теріс екен деп біліп, ойланып өздігінен тоқтаған адамды көрмессің.

ЖИЫРМА ЖЕТИНШІ СӨЗ

(Сократ хакімнің сөзі)

Бір күні Сократ хакімнің бір Аристодем деген ғалым шәкірті-
ве Құдай табарака уа тағалаға¹ құлшылық қылмақ турасында
айтқан сөзі. Ол өзі құлшылық қылғандарға құлуші еді.

— Эй, Аристодем, ешбір адам бар ма, сенің білуіңше,
қылған өнерлері себепті адам таңырқауға лайықты? — деді.

Ол айтты:

— Толып жатыр, қазірет.

— Бірінің атын аташы,— дейді.

— Гомерге бәйітшілігі² себепті, Софокле трагедиясы се-
бепті, яғни біреудің сыйпатына түспектік, Зевксиске суретшілігі
себепті таңырқаймын, — деп, соған үқсаған онан басқа өнерлері
әшкере болған жандарды айтты.

— Олай болса, кім артықша ғажайыптануға лайықты:
жансыз, ақылсыз, құр пішінді жасайтынын суретші ме? Я жан-
иесі, ақыл иесі адамды жаратушы ма? — дейді.

— Соңғысы лайықты, — дейді, — бірақ ол жаратушы
жаратты, өздігінен кез келіп, солай болып кетпей, басынан біліп
істегеи хикметімен болса,— дейді.

— Жә, пайдалы нәрсе дүниеде көп, бірінің пайдасы
көрініп, білініп тұрады. Кейбірінің пайдасы анық білінбейді.
Соның қайсысын хикмет көрсің?³— деді.

¹ Табарака уа тағала (арабша) — игілікке бастаушы ұлы тәңір (Алла тағалаға әпитет ретінде айттылатын атау).

² Бәйітшілігі (арабша) — ақындық.

— Эрине, әшкере пайдаға бола жаратылғаның хикмет десек керек деймін, — дейді.

— Жә, олай болса, адамды жаратушы хауаси³ хамса заъри⁴ бергенде, тахқиқ⁵ ойлап, олардың пайдасының барлығы түгел оған мұқтаж боларлығын біліп бергендігі әшкере түр ғой. Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтып ләззат алар едік? Ол көз өзі нәзіктігінен керегіне қараң ашып, жауып тұрысын үшін қабақ беріпті. Желден, үшқыннан қаға берсін болсын үшін кірпік беріпті. Маңдай теріні көзден қағып тұруға керек болғандығынан, басқа тағы керегі бар қылыш қас беріпті. Құлақ болмаса, не қанғыр, не дүңгір, дауыс, жақсы үн, күй, ән — ешбірінен ләззаттанып хабар ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не қатты, не дәмдінің қайсысынан ләззат алар едік?

Бұлардың бәрі біздің пайдамыз емес пе?

Көзді, мұрынды ауызға жақын жаратыпты, ішіп-жеген асымыздың тазалығын көріп, иісін біліп, ішіп-жесін деп. Бізге керегі бар болса да, жиіркенерлік жері бар тесіктерді бұл бастағы ғазиз⁶ білімді жерімізден алыс апарып тесіпті, мұның бәрі хикметпен біліп істелгендігіне дәлел емес пе? — депті.

Сонда Аристодем тахқиқ ойлап тексергенде, адамды жаратушы артық хикмет иесі екендігіне қәм маҳаббатыменен жаратқандығына шүбәсі қалмады.

— Олай болғанда және не ойлайсың, қәмма мақұлыхатты жас балаларына елжіретіп, үйірлітіп тұруын көргенде уа ъәмма мақұлыхаттың өлімін жек көріп, тіршілікте көп қалмақшылығын тілеп, ижтиňад⁷ қылуын көргенде, өсіп-өнуінің қамында болудан басқа істі аз ойламақтары — бұларның бәрі жүрт болсын, өссін, өнсін үшін.

³ Хаяси (арабша) — Хая ана.

⁴ Хамса заъри (арабша) — бес сыртқы (сезім).

⁵ Тахқиқ (арабша) — іске асыру, іздену, тексеру, ойлану.

⁶ Ғазиз (арабша) — қадірлі, сүйікті.

⁷ Ижтињад (арабша) — ынта, жігер.

Солардың бәрін жаратқанда көңілдерін солайша ынтықтандырып қойғандығы һәм мұның бәрі жақсы көргендігінен екенін білдірмей ме? — дейді.

— Ей, Аристодем! Қалайша сен бір өзіңнен, яғни адамнан басқада ақыл жоқ деп ойлайсың? — деді.

— Адамның денесі өзің жүрген жердің бір битімдей құмына ұқсас емес пе? Денеңде болған дымдар жердегі сулардың бір тамшысындай емес пе? Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың.

Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтығының көресің. Бұлардың бәріне ғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендікпен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпейтүғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылып һәм бір-біріне себеппен байланыстырылып, пінденің ақылына өлшеу бермейтүғын мықты көркем законге қаратылып жаратылды, — дейді.

Ол айтты:

— Тахқиқ⁸ бұл айтқаныңың бәрі рас, жаратушы артық ақыл иесі екендігі мағлұм болды. Ол Құдайдың ұлықтығына іңкәрім⁹ жоқ. Бірақ сондай ұлық құдай менің құлшылығыма не қылышп мұқтаж болады? — деді.

— Ей, Аристодем! Қате айтасың. Мұқтаж болмағанда да, біреу сенің қамынды жесе, сенің оған қарыздар екендігіне де ұстаз керек пе? — деді.

Аристодем айтты:

— Ол менің қамымды жейтүғынын мен қайдан білем? — деді.

— Жә, олай болса һәмма мақұлышқа да қара, өзіңе де қара. Жанды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей үғарлық қылышп беріп пе? Адам алдын, артын, осы күнін — үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы

⁸ Тахқиқ (арабша) — рас, дәлме-дәл.

⁹ Иңкәрім (арабша) — қарсылы.

қүнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ.
Хайуанға берген денеге қара, адамға берген денеге қара.

Адам екі аяғын басып тік тұрып, дүниені тегіс көрмекке, тегіс тексермекке лайықты қәм өзге хайуандарды құлданарлық, пайдасын көрерлік лайығы бар. Хайуанның бірі аяғына сеніп, бірі қанатына сеніп жүр, бір өзіндеи хайуанды құлданарлық лайығы жоқ. Адам өзі өзіне сенбесе, адамды да хайуан секілді қылыш жаратса, ешнәрсеге жарамас еді. Хайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша даркарлық, бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият¹⁰ ол денеге лайықты келмейді. Қай өгіз шаңар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберліктің үдесінен¹¹ шығарлық қисыны бар?

Бірақ адам баласы болмаса, бұл гажайып ақылды және гажайыппен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылғаны хикметпенен өзге хайуанға сұltан қылғандығына дәлел емес пе?

Ол дәлел болса, адам баласын артық көріп, қамын әуелден Алланың өзі ойлап жасағанына да дәлел емес пе?

Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма? — депті.

¹⁰ Салахият (арабша) — қажеттілік, керектілік.

¹¹ Үдесі (арабша) — көмек, икемдеу, бейімдеу.

ЖИҮРМА СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу аұру. біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көнілі жақсылыққа мейілді. Біреудің көнілі жаманшылыққа мейілді — тұмар неліктен десе біреу, сіздер айтасыздар: Құдай тағаланың жаратуынан яки бүйрігінша болған іс деп.

Жә, олай болса, біз Құдай тағаланы айыбы жоқ, міні қоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Енді Құдай тағала бір аштарғанға еңбексіз мал береді еken. Бір Құдайдан тілеп, адап ашбек қылышп, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндең асырарлық та қылмай, кедей қылады еken. Ешкімге залалсыз бір момынды ауру қылышп, қор қылады еken. Қаңда бір ұры, залымның денін сау қылады еken. Эке-шешесің екі баланың бірін есті, бірін есер қылады еken. Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады еken. Тұзікті бейішке шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлыш құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрышп, біреуін жамандылыққа бұрышп жіберіп тұрады еken.

Осының бәрі Құдай тағаланың айыпсыз, мінсіз ғафур¹ рахимдығына², әділдігіне лайық келе ме?

Ғафар (арабша) — кешіруші.

Рахим (арабша) — мейірімді.

Жұрт та, мұлік те — бәрі Құдайдың өзінікі. Бұл қылғанын не дей аламыз? Өз мұлқін өзі не қылса қыла береді. Оны айыпты болады дей алмаймыз десең, ол сөзің Құдай тағаланың айыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе? Олай болғанда, пенде өз тырысқандығыменен не табады? Бәрін қылдыруши өзі екен. Пенде пендеге өкпелейтүғи ешнәрсе жоқ. Кім жақсылық, кім жамандық қылса-дағы құдайдан келген жарлықты қылыш жүр екен дейміз бе?

Құдай тағала әрбір ақылды бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз³ деген екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек.

Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, Құдай тағаланың ақылды бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады?

Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан Құдай, бірақ қылдырган Құдай емес, ауруды жаратқан — Құдай, ауыртқаи Құдай емес, байлышты, кедейлікті жаратқан — Құдай, бай қылған, кедей қылған Құдай емес деп, нанып ұқсан болар, әйтпесе — жоқ.

¹ Ғибадат (арабша) — құлшылық ету.

ЖИҮРМА ТОҒЫЗЫНЫШЫ СӨЗ

Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылықта, не адамшылықта жарамайтүғыны да бар.

Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргеніңде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол — ар кететүғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жан қарманып, адал еңбекпен мал іздемек — ол арлы адамның ісі.

«Қалауын тапса қар жанады», «Сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ» деген — ең барып тұрған Құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.


«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? «Жұз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шөмендеп диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтыңды не қылсын, өзінің көрсекзызар сұмдығын қостагалы айтқаны.

«Ата-анадан мал тәтті, алтыңды үйден жан тәтті» дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетүғын антүрғанның тәтті дерлік не жаны бар. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ

ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, мұннаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дүшпандық іс емес пе?

Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.



ОТЫЗЫНШЫ СӨЗ

Қырқын мінсе қыр артылмайтұғын осы бір «қырт мақтан» деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды? Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, ұлкен ой жоқ, не бауандырығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдырығы жоқ, не ақылдылығы, арлылығы жоқ. Мойынын бүрүп қойып: «Өй, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің, кімнің басы кімнің қанжығасында жүр, ол менің қазанымға ас салып беріп жүр ме, мен онан сауын сауып отырмын ба?» — деп бұлғақтап, немесе: «Аяғаным жаным ба? Өй, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма?» — деп қалшылдайтұғын кісі көп қой.

Өздерің көріп жүрсіндер, осы айтқан сөз бойына лайық қазақ көрдіңдер ме? Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ, өлімге шыдамаймын деген де қазақ көргенім жоқ, кеңірдегін ғана көрсетеді-ау: «қыылып қаңа қалайын» деп.

Егер осы сөз бойына лайық кісі көрінсе, ақылды жоқ болса да, қайратыменен-ақ кісі айдындыратұғын адам болғаны ғой! Егер шын айғайды көргенде, кірер жерін таба алмайтұғын дарақы, жүртты осы сезімен айдындырамын, «мына кәпірден кісі шошиштұғын екен» дегізіп айдындырайын деп айтып отырған құр домбытпасы болып, босқа қоқып отырса, соны не дейміз? Ай, Құдай-ай! Жанға мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тиын есеп

көрмейтүғын жомарттығы — әртүрлі белгісі бойынша тұрмас па
еді? «Ұялмас бетке талмас жақ береді» деп, көп былжыраған
арсыз, ұятсыздың бірі дағы.



ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі — көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде иә көргенде ғибрәтлану¹ керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге bekіту керек; төртінші — ой кеселі нәрселерден қашық болу керек.

Егер бір кез болып қалса, салынбау керек.

Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойынши-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді.

Бұл төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратуғын нәрселер.

¹ Ғибрәт (арабша) — ұлғі, өнеге, сабак.

ОТЫЭ ЕКІНШІ СӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылышыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылmas.

Әуелі — білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәulet білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзар хасил¹ болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем еken деп үміттенген құмар, махаббат пайдада болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсөң, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешенің мейірімі секілді болады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші — ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа² бола үйренбе, азырақ бахас көңіліңді пысықтандырмақ үшін залал да емес, көбірек бахас

¹ Хұзар хасил (арабша) — тыныштық, рахатшылық.

² Бахас (арабша) — сөзталас.

адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір баҳасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана баҳас қылмайды, жеңбек үшін баҳас қылады. Ондай баҳас хусідшілікті³ зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім, азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адам баласын шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзықтарда болады. Жұз тура жолдағыларды шатастыруши кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Баҳас — өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хирслану⁴ жарамайды. Егер хирсланса, өз сөзімшіл ғарарлық⁵, мақтаншақтық, хусідшілік бойын жеңсе, ондай кісі адам бойына қорлық келтіретүғын өтіріктен де, өсектен де, ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші — әрбір хақиқатқа тырысып ижтиятынмен көзің жетсе, соны тұт, өлсөң айрылма! Егер де ондай білгендігің өзінді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?

Төртінші — білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі мұлахаза⁶ қылу, екіншісі берік мұхафаза⁷ қылу. Бұл екі қуатты зорайту жағатінде болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші — осы сөздің он тогызынышы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зинъар⁸, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі — Құданың, екінші — халықтың, үшінші — дәүлеттің, төртінші — ғибраттың⁹, бесінші — ақылдың, ардың — бәрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы — ғылымды, ақылды сақтайтүғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Қөрсекзызарлықпен,

³ Хусідшілік (арабша) — құншілдік, іштарлық.

⁴ Хирслану (арабша) — құмар болу, салыну.

⁵ Ғарарлық (арабша) — менмендік, маисапқорлық, тоғынғандық, такап-парлық.

⁶ Мұлахаза (арабша) — сөзталас өнерінде жетік болу.

⁷ Мұхафаза (арабша) — көзқарасты қорғауда табанды болу.

⁸ Зинъар (парсыша) — абайла, сақ бол.

⁹ Ғибрат (арабша) — үлгі, өнеге, сабақ.

женілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярга орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың?

Мінезде қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық азғырылмайтын, ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраны бар болсын!

Бұл беріктік бір ақыл мен ар үшін болсын!



ОТЫЗ ҮШІНШІ СӨЗ

Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек.

Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі — қазақтың әулиесі сол. Бірақ Құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.

Әуелі — бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық, ісмерлер ізден жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып жатып алады.

Екінші — ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салқау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

Үшінші — «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «ағеке, нең кетеді, осы-ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауга, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

Төртінші — тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, «мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой» деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін

жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдаپ қарызға алады.

Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді.

Осы несі екен?

Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Жүрттың бәрі біледі өлеңдегін және өлім үнемі қартайтып келмейтүғынын, бір алғанды қайта жібермейтүғынын. Қазақ осыған да, амал жоқ, нанады, анық өз ойына, ақылына тексертіп наңбайды. Және һәмманы жаратқан Құдай бар, ахиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсылыққа жарылқайды, жазғыруы да, жарылқауы да пенде ісіне үқсамайды, бегірек есепсіз қинауы да бар, бегірек есепсіз жетістіруі де бар деп — бәріне сендік дейді.

Жоқ, онысына мен сенбеймін. Олар сендім десе де, анық ақиқат көзі жетіп, ден қойып, үйіп сенбейді. Ол екеуіне анық сенген кісіге уайым ойлап не керек? Осы екеуіне лайықты жақсылықты өздері де іздел таба береді. Егер де осы екеуіне бұлдыр сеніп отырса, енді неге сендіре аламыз? Оны қайтіп түзете аламыз? Оларды мұсылман деп, қалайша иманы бар той дейміз?

Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы — олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес. Олай болғанда, қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса — мұсылман емес.

Енді ойлап қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен!

Егер де екі нәрсе кез болса, бірі ахиретке керекті, бірі осы

дүниеде керекті, бірін алса, бірі тимейтұғын болса, сонда біреу ахиретке керектіні алмай, екінші бір кез келгенде алармын деп, жоқ, егер кез болмайтұғын болса, кең Құдай өзі кеңшілікпенен кешіреді-дағы, мына кезі келіп тұрғанда мұны жіберіп болмас деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жанын берсе ахиретті дүниеге сатқаным жоқ дегеніне наануга бола ма?

Адам баласына адам баласының бәрі — дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дene бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің — бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда¹ сұралуың — бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың — бәрі бірдей екен.

Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?..

Біріңе-бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына құндестік қылыш, иә көрсекзызарлық қылыш, көз алартыспақ лайық па? Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікін әпер демек ол Құдайға айтарлық сөз бе? Құдайдың біреу үшін біреуге жәбір қылудына не лайығы бар?

Екі ауыз сөздің басын қосарлық не ақылды жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр «Ой, тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз?

Оның несі адам?

¹ Махшар (арабша) — о дүниеде адам баласының күнәсі тексерілетін орын.

ОТЫЗ БЕСІНШІ СӨЗ

Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт — соларды қатар қойып, сұрап дейді. Дүниедеғиззат¹ үшін, сый құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шәйіт² болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола, бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке атамақ үшін өнер қылыш едіңдер, ол дүниен мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниен харам болған, сонымен қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жүргітты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?» деп.

Ана шын ниетіменен орнын тауып, бір Құдайдың разылығы үшін өнер қылғандарға айтар дейді: «Сендер бір ғана менің разылығымды іздең малдарыңды, өмірлеріңді сарып қылыш едіңдер, мен разы болдым. Сіздерге лайықты құрметті орным бар, дайын, кіріңдер! Һәм ол разылықтарыңнан басқа осы махшар ішінде, сендердің осы қылғаныңа өзі қылмаса да, іші еріп, ынтық болған достарың табылса, шафагат³ қылышадар!» — деп айтар дейді.

¹ Физзат-хұрмет (арабша) — атақ, абырой, даңқ, құрмет.

² Шәйіт (арабша) — дін жолында, соғыста өлген адам.

³ Шафагат (арабша) — көмектесу, сөзін сөйлеу, араша тұсу.

ОТЫЗ АЛТЫНШЫ СӨЗ

Пайғамбарымыз, салалау ғалайни уәсәлләмнің¹, Ҳадис шарифінде² айтыпты: «мән лә хаяүн аәлә иманун ләну» деп, яғни кімнің ұтты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді: ұят өзі иманның бір мүшесі екен. Олай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар — надандықтың ұтты, жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдына барып жолығысдан жазықсыз-ақ әншейін ұялған секілді. Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылыш, ұялмас нәрседен ұялған мұндай ұят шын ұялу емес — ақымақтық, жамандық.

Шын ұят сондай нәрсе, шарифатқа теріс, иә ақылға теріс, иә абиұрлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады.

Біреуі — ондай қылыш өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырм-ай,

¹ Салаланау ғалайни уәссәлләмнің (арабша) — Алла оған иғі тілек тілеп, сәлемін алсын (Мұхаммед пайғамбардың аты аталғаннан кейін айтылатын құрметтеу сөйлемі).

² Ҳадис шарифінде (арабша) — Мұхаммед пайғамбардың ісі мен айтқан өснегі жөнінде ерекше жазылған әңгіме-ҳадис.

мына байғұса не болды, енді мұның өзі не болады» дегендей, бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп, өзінді қысып, қызартып кетеді.

Біреуі сондай ұят, шаригатқа теріс, иә ақылға, иә абиұрлы бойға теріс, иә адамшылыққа кесел қылышқа, қатеден яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойынан шыққандығынан болады.

Мұндай ұят қылышқа қылғандығында бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз ынсабың өзінді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұяты құшті адамдар үйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта³ өзін өзі өлтіретүғын кісілер де болады. Ұят деген — адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіс қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Қөзіңнің жасын, мұрныңның сүйін сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Қөзің кісі бетіне қарамақ түгіл, ешнәрсені көрмейді.

Мұндайлышқа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки оның ұстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар.

Осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұяты болдым дедім ғой, енді нең бар?» — дейді. Иә болмаса «Жә, жә, оған мен-ақ ұяты болайын, сен өзің де сүйтпеп пе едің?» дейді. Немесе «пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, түген қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлендей, түгендей мәнісі бар емес пе еді?» деп, ұялтамын десен, жап-жай отырып дауын сабап отырады.

Осыны ұялған кісі дейміз бе, ұялмаған кісі дейміз бе?

Ұялған десек, хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау.

Осындай адамның иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе?!

³ Хатта (арабша) — тіпті.

ОТЫЗ ЖЕТИНШІ СӨЗ

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.
2. Көнілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өні қашады.
3. Хикмет сөздерді өзімшіл наданға айтқанда, көніл уанғаны да болады, өшкені де болады.
4. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.
5. Экесінің баласы — адамның дүшпаны. Адамның баласы — бауырың.
6. Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрап, артылтып берсең де разы болmas.
7. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлышының бірі боласың.
8. Сократка у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Гайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол — көп, ендеше көpte ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.
9. Адам баласын заман өстіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.
10. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.
11. Дүниеде жалғыз қалған адам — адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да

көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды?
Соңғыға кім азбайды?

12. Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек — қайратсыздық. Дүниеде ешиерседе баян жоқ екені рас, жамандықта қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

13. Ашұлы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қан ағызса, домбыт мақтанишақ, иә қорқақ.

14. Қуанбақтың пен бақ — мастықтың үлкені, мыңдан бір кісі-ақ к...н ашпайтүғын ақылы бойында қалады.

15. Егер ісім өнсін десең, ретін тап.

16. Биік мансап — биік жартас,
Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндең ұшып қыран да шығады;
Жікшіл ел жетпей мақтайды,
Желөкпелер шын деп ойлады.

17. Дүние — үлкен көл,
Заман — соққан жел,
Алдыңғы толқын — ағалар,
Артқы толқын — інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.

18. Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық;
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.

19. Тоқ тіленші — адам сайтаны,
Харекетсіз сопы — монтаны.

20. Жаман дос — көлеңке:
Басынды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басынды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.

21. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас;
Қайғысыздан сақ бол,


Қайғылыға жақ бол.

22. Қайратсыз ашу — тұл,

Тұрлаусыз ғашық — тұл,

Шәкіртсіз ғалым — тұл.

23. Бағың өскенше тілеуінді ел де тілейді, өзің де тілейсің,
бағың өскен соң — өзің ғана тілейсің.



ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Ей, жүргімнің қуаты, перзентлерім¹!

Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядкар² қалдырайын. Ықыласпенен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббатың толады. Махабbat әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер — әуелі хауас сәлим³ һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмысы өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббат-тандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады.

Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәнфагат⁴ дәфғы мұзарратларны⁵ айырмақтық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ,

¹ Перзент (парсыша) — сәби ұл, бала, үрпақ.

² Ядкар (парсыша) — ескерткіш, мұра.

³ Хауас сәлим (арабша) — өзіндік дұрыс қасиет, жақсы сипат.

⁴ Жәліб мәнфагат (арабша) — кіріс кіргізу, өнім түсіру, пайда алу.

⁵ Дәфғы мұзаррат (арабша) — 1) шығынды төлеу, залалды төлеу; 2) залалдыдан қашу, залалдыны ұнатпау.

ең болмаса шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, сонынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады — ешбір бәнра⁶ болмайды.

Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хатта иман иғтиқадқа⁷ да қиянатпенен болады. Бұл қиянатшылдар — жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың адамдығынан кәмәләт⁸ таппағы — қыынның қыны. Себебі Алла тағала өзі — хақиқат, растықтың жолы. Қиянат — хақиқат пен растыққа дүшпан. Дүшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Қоңылде өзге махаббат тұрғанда, хақлықты таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. Ол — Алланың ғылымы емес, һәмманы білетүғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол Алланың өзіне ғашықтық. Ғылым — Алланың бір сипаты, ол — хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, ғиззат-құрмет таппақ секілді нәрселерге деген махаббатпен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды.

Мал, мақтан, ғиззат-құрмет адамды өзі ізден тапса, адамдықты бұзбайды һәм көрік болады. Егер де адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да, таппаса да адамдығы жоғалады. Енді хақиқат сүйіп, шынды білмек құмарың бар болса, адамдыққа лайықты ықыласты құлағынды қой. Әуелі дін исламның жолындағы пендeler иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен Алла тағаланың бірлігіне, уә құранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа, салаллауға ғалайни уәссәлләм, оның тарапынан елші екендігіне инандың. Жә, не бітті?

Сен Алла тағалаға Алла тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де, Алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құрғана инанмақтықпен қалса,

⁶ Бәнра (парсыша) — пайда, нәтніже, үнем.

⁷ Иман иғтиқад (арабша) — дінге сеніп табыну.

⁸ Кәмәләт (арабша) — жетілу, толығу.

саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десен ғана пайда береді, кәміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек.

Сіз «әмәнту биллаңи кәмауә би әсмайни уасифатиңи»⁹ дедіңіз. Ол есім Аллалар қемма ол Алла тағаланың фиғылғазимләрінің¹⁰ аттары, олардың мағынасын біл үәм сегіз сифат затиялары¹¹ не деген сөз, кәміл үйрен. Өзінді оның құлы біліп, өзіңе муслим¹² ат қойып, тәслім¹³ болғаныңа раст боласың да. Өз пигылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай аlam ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ — дәл бірдейлік дағаусыменен емес, соның соңында болмақ. Оның үшін Алла тағаланың сипаттары: Хаят¹⁴, Гылым, Құдірет¹⁵, Басар¹⁶, Сәмиғ¹⁷, Ирада¹⁸, Қәлам¹⁹, Тәкин²⁰. Бұл сегізінен Алла тағаладағыдай кәмәлэт-ғазамат²¹ бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты.

Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зәррә²² аттас сипатымызды ол Алла тағаланың сегіз ұлығ сипатынан бас бүргізып, өзге жолға салмақпенен біздің атымыз муслим бола ала ма? Болмаса керек. Жә, ол сегіз сипатына сипатымызды қәм ол аттары бірлән ағламланған²³ фиғыл²⁴ Құдаға фиғымызды

⁹ Әмәнта биллаңи кәмауә би әсмайни уасифатиңи (арабша) — мей Аллаға, сол сияқты оның есімдері мен құдыретті сипаттарына сенемін.

¹⁰ Фиғылғазим (арабша) — ұлы сипаттар.

¹¹ Сифат затия (арабша) — ерекшеленген сипат, өзіне лайықты меншікті сипат (қасиет).

¹² Маслім (арабша) — берілу, сену.

¹³ Тәслім (арабша) — берілу, сену.

¹⁴ Хаят (арабша) — өмір, тіршілік.

¹⁵ Құдірет (арабша) — құш, құдірет.

¹⁶ Басар (арабша) — көруші, білу, қабылдау.

¹⁷ Сәмиғ (арабша) — естуші, тыңдаушы.

¹⁸ Ирада (арабша) — тілек, мақсат, қалау.

¹⁹ Қәлам (арабша) — сөз, тіл.

²⁰ Тәкин (арабша) — тудыру, жасау, бар қылу.

²¹ Кәмәлэт-ғазамат (арабша) — ұлken жетістік, күрделі толығу.

²² Зәрра (арабша) — кішкентай, заттың бір бөлігі.

²³ Ағлам (арабша) — белгі, сипат.

²⁴ Фиғыл (арабша) — пигыл.

ертпек неменен табылады, қалайша табылады, оны білмек керек. Ол — Алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап танымақта керек. Егер де ол сипаттар бірлән тағрифламасақ, бізге мағрифатулла²⁵ қыын болады. Біз Алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хакім²⁶ ақыл ерістіре алмады.

Алла тағала — өлшеусіз, біздің ақылымыз — өлшеулі.
Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды.

Біз Алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демеклік те — ұғымның ақылымызға бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демеклік те Алла тағалага лайықты келмейді. Оның үшін мүмкінніттің²⁷ ішінде не нәрсенің ужуді²⁸ бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Эрбір хадиске²⁹ айтылатұғын бір қадимге³⁰ тағриф болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың ішінде, Құдай табарақа уатағала кітаптарда сегіз субутия³¹ сипаттары бірлән уә тоқсан тоғыз Эсма-и хұсналар³² бірлән білдірген.

Бұлардың һәммасы Алла тағаланың затия³³ субутия уә фиғлия³⁴ сипаттары дүр. Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін.

Оның екеуі — Фылым, Құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы бұларға шарх³⁵. Ол алтауының бірі — Хаят³⁶, яғни тірлік.

²⁵ Мағрифатулла (арабша) — Алланы тану, білу.

²⁶ Хакім (арабша) — әкім, даиышпан.

²⁷ Мүмкіннат (арабша) — болуы мүмкін нәрселер, мүмкіншілік.

²⁸ Ужуді (арабша) — болу, өмір сұру, болмыс.

²⁹ Хадис (арабша) — әңгіме, пайғамбардың не сөзі, ие өмірі туралы әңгіме.

³⁰ Қадим (арабша) — орнықты, дәлелді, тұрақты.

³¹ Субутия (арабша) — орнықты, дәлелді, тұрақты.

³² Эсма-и хұсна (арабша) — көркем, жақсы есімдер.

³³ Затия (арабша) — Аллаға тәи сипат.

³⁴ Фиғлия (арабша) — нақтылы, іске асыру сипаты.

³⁵ Шарх (арабша) — түсінік (түсіндіру), ашу, анықтау.

³⁶ Хаят (арабша) — өмір, тірлік.

Алланы бар дедік, бір дедік, *Ғылым*, *Құдірет* сипаты бірлән сипаттадық. Бұл бірлік, барлық *Ғылым*, *Құдірет* олуда³⁷ боларлық нәрселер ме? Элбетте, *Ғылым*, *Құдіреті* бар болады: *Хаяты* — мағлұм, бірі — *Ирада*, яғни *Қаламақ*. *Ғылым* бар болса, *Қаламақ* та бар. Ол еш нәрсеге харекет бермейді. Нәммага харекет беретүғын *Өзі*. Ол *Ирада* *Ғылымының* бір сипаты *Кәләм*, яғни *Сөйлеуші* деген, *Сөз* қаріпсіз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі — қаріпсіз, дауыссыз.

Енді олай болса, айтқандай қылышпі білдіретүғын *Құдіреті* және *Басар*, *Сәмиғ*, яғни *Көрүші*, *Есітуші* деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі, біз секілді көзбенен, күлақпенен емес, көргендей, естігендей білетүғын *Ғылымның* бір сипаты.

Бірі — *Тәкуин*, яғни барлыққа келтіруші деген сөз. Егер барлыққа келтірмегі бір өз алдына сипат болса, Алла тағаланың сипаты өзіндегі қадім, һәм әзали³⁸ һәм әдәби³⁹ болады да, һәмишә⁴⁰ барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен я кіші болуға жарамайды. Олай болғанда *Ғылым*, *Құдірет* сипаттары секілді босанбай, һәр уақыт жаратуда болса, бір ықтиярсыздық шығады. Ол ықтиярсыздық Алла тағалаға лайықты емес. Оның барлыққа келтірмегі — *Құдіретіне* ғана бір шарх. Бұл *Ғылым*, *Құдіретті* ешбір ниňаятсыз⁴¹, *Ғылымында* ғафләт⁴², *Құдіретінде* епсіздік және нашарлық жоқ.

Саниғын сұнғатына⁴³ қарап білесіз. Бұл көзге көрілген, көнілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай құдіретпенен орналастырған, ешбір адам баласының ақылы жетпейді. Бірақ пендесінде ақыл — хұқімші, қайрат, қуат — қызмет қылушки еді. Соған қарап ойлайсың: Алла тағаланың сипатында солай болмаққа тиіс. Бірақ әуелде айтқанымыз: *Ғылым*, *Құдірет* —

³⁷ *Құдірет* (арабша) — құдредті болу, құшті болу, қабілетті болу. (Олу, болу) оңтүстік түрік тайпаларынан ауысқан китаби тілдің әсері).

³⁸ *Әзали* (арабша) — ертеден, мәңгі, бақы.

³⁹ *Әдәби* (арабша) — әдеби, мәдени, әдепті, рухани.

⁴⁰ *Һәмишә* (арабша) — кәдімгі, жалпы, халықтық, қазақша һаммәсі, кейбір түрік тілдерінде — һәммәші.

⁴¹ *Ниňаят* (арабша) — өлшеусіз, шексіз.

⁴² *Ғафләт* (арабша) — ұқыпсыздық, қателік, қапы қала.

⁴³ Саниғын сұнғатына (арабша) — істеушіні ісіне қарап.

біздің үгүймізға ғана екі хисап болмаса, бір-ақ Ғылымды Құдірет болуға тиіс. Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі тәбиғ⁴⁴, бірі матбұғ⁴⁵ болады той. Бұлай болу, тарғиғ Раббыға⁴⁶ жараспайды. Сегіз сипат қылыш және ол сипаттар «Лә-ғаири уә лә-һуа»⁴⁷ болып, бұлай айтуда, бұлардан бір өз алдына жамағат яки жамиғат⁴⁸ шығып кетеді. Бұл болса келіспейді.

Егерде сипаттарды әрбірін басқа-басқа дегенде, көп нәрседен жиылып, иттифақпенең⁴⁹ Құдай болған болады. Бұлай деу бұтыл⁵⁰, бір ғана құдірет пендеде болған қуат; құдірет ғылым ақылдан басқа болатұғын, Алла тағалада болған Құдірет — ғылым ыем Рахмет.

Ол — рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да, Алла тағаланың Рахман⁵¹, Рахим⁵², Faфур⁵³, Уадуд⁵⁴, Ҳафіз⁵⁵, Сәттар⁵⁶, Развақ⁵⁷, Нағір⁵⁸ Үәкіл⁵⁹, Латиф⁶⁰ деген есімдеріне бинаэн⁶¹ бір ұлығ сипатынан хиссаптауға жарайды.

Бұл сөзіме нақлия⁶² дәлелім — жоғарыдағы жазылған Алла тағаланың есімдері. Faқлия⁶³ дәлелім Құдай тағала бұл ғаламды

⁴⁴ Табиғ (арабша) — еруші.

⁴⁵ Матбұғ (арабша) — ерітуші.

⁴⁶ Тариф раббы (арабша) — Алланы тану, білу.

⁴⁷ Лә-ғаири уә лә-һуа (арабша) — басқа да емес, (оның) өзі де емес

⁴⁸ Жамиғат (арабша) — жиын, үйім.

⁴⁹ Иттифақ (арабша) — ынтымақ, бірлік.

⁵⁰ Бұтыл (арабша) — теріс, қате.

⁵¹ Рахман (арабша) — жарылқаушы, мейірімді.

⁵² Рахим (арабша) — мейірімді, жаи ашуши.

⁵³ Faфур (арабша) — кешіруші.

⁵⁴ Аадад (арабша) — сүйікті, сұюші.

⁵⁵ Ҳафіз (арабша) — қорғаушы (Алланың Эпитетінің бірі), кешіруші, ара тұруши (Алланың атауларының бірі).

⁵⁶ Сәттар (арабша) — айыпты жабушы.

⁵⁷ Развақ (арабша) — несібе беруші, ырыздық беруші.

⁵⁸ Нағір (арабша) — қосымша несібе беруші, пайда беруші.

⁵⁹ Үәкіл (арабша) — үәкіл, басқарушы.

⁶⁰ Латиф (арабша) — жақсылық жасаушы, мейірбан, қайырымды.

⁶¹ Бинаэн (арабша) — негізделген, орнатылған.

⁶² Нақлия (арабша) — дәстүрге сүйенген ғылым, дәстүрлі сөздер.

⁶³ Faқлия (арабша) — ақылмен не оймен түсіну.

ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан, онан басқа, бірінен бір пайда алатұғын қылыш жаратты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды⁶⁴ жаратыпты.

Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылыш, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласын асырайтын қылыш, үәм оларды махшарда сұрау бермейтұғын қылыш, бұлардың үәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылыш жаратқан. Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылыш жаратқандығында үәм махаббат бар.

Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар секілді тاماқты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләzzаттанғандай қылыш, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, заардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрганда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылыш, бірінің қолынан келмestей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе?

Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?

Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады еken, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, агаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатэттәрді⁶⁵ өстіріп, хайуандарды сақта-тып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр еken. Жер — мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер — гүлін, құстар — жүнін, етін жұмыртқасын; хайуандар — етін, сүтін, құшін, көркін, терісін; сулар — балығын, балықтар — икрасын, хатта ара — балын, балауызын, құрт — жібегін — үәммасы

⁶⁴ Инсан (арабша) — адам, адам баласы.

⁶⁵ Нәбатэттәр (арабша) — жемістер.

адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде «бұл менікі» дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі — адам баласына таусылмас азық.

Миллион хикмет бірлән жасалған машина, фабриктер адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушының махабbat бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсө, оны сүймектік қарыз емес пе?

Адам баласы қанағатсыздықпенен бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жәбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызығанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін үшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына сүйентіп, бірін биік жартасқа, бірін терең тұңғыныққа, қалың орманға қорғалатып, һәм әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып, жас күнінде, кішкене уақытында шафғат, сәхәріменен⁶⁶ бастарын байлаپ, қамқор қылып қоймақтыры — адам баласына өсіп-өніп, теңдік алсын емес, бәлки, адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік. Жә, бұл хикметтерінің һәммасын һәм мархамат, һәм ғадалат заңыр⁶⁷ түр екен.

Біз ортамызда бұл мархамат⁶⁸ ғәдәләтті иманның шартынан хисап қылмаймыз, оның үшін муслим болғанда, Алла тағалаға тәслим болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл екі — ай мен күннен артық мағұлым тұрган жоқ па? Бұл фиғылы Құданың ешбірін де қарар қылмаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұттаймыз, бұл қиянатшылық емес пе? Қиянатшылыққа бір қарар тұрган адам — я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман.

Алла табарака уатағаланың пендelerіне салған жолы қайсы? Оны қебі білмейді. «Тәфаккарұ фиғла⁶⁹ иллаңи» деген хадис шарифтің⁷⁰ «инналау йаҳиббул мұқситин⁷¹ деген аяттарға ешкімнің ықласы, көңілі менен Ғылымы жетіп құптағанын

⁶⁶ Шафғат, сәхәрімен (арабша) — көмектесу, бірін-бірі қорғау өнері.

⁶⁷ Ғадалат заңыр (арабша) — ашық, айқын, әділеттілік.

⁶⁸ Мархамат (арабша) — жан ашу, жақсылық іс жасау.

⁶⁹ Тәфаккарұ фиғла (арабша) — Алла туралы ойлану.

⁷⁰ Хадис шариф (арабша) — хадис, әңгіме.

⁷¹ Инналау йаҳиббул мұқсит (арабша) — шынында да құдай әділ адамдарды сүйеді.

көргенім жоқ. «Әтәмурун әннәсә билбирри уәәхсәну инналауы үйхиббул мұхсин⁷²», «уәллә-зинә әмәну үәғәмила салихати улайна асхабул жәннәти ыңғаша халидуң»⁷³ деген аяттар құранның іші толған ғамалу-ссалих⁷⁴ не екенін білмейміз. «Уа әммәлзина амәну үәғамилас саликати фәйуәффиым ужурәуум уаллау лә үйхиббуз-залимин»⁷⁵ аятына қарасаң, ғамалу-ссалих залымдыққа зидды⁷⁶ болар. Олай болғанда ғадаләт рафғат⁷⁷ болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаясы⁷⁸ жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ деген, пайғамбарымыздың, салаллауғалайни уәссәлламнің, Ҳадис шариғі «мән-лә хаяун лау»⁷⁹ деген дәлел дүр. Енді белгілі, иман құр инанышпенен болмайды, ғадаләт уа рафғат бірлән болады. Ғамалу-ссалих ғадаләтті уә мархамәтті болмақ құллі тән бірлән қылған құлшылдықтардың ешбірі ғадаләтті, мархаматты бермейді. Көзің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәттә екендіктерін, оған дәлел керек емес.

Бәлки ғадаләт — барша ізгіліктің анасы дүр. Ынсан, ұят — бұл ғадаләттен шығады. Оның үшін ғадаләті адамның көңіліне келеді: мен өз көңілімде халық менімен, сондай-мұндай қылықтарымен мұғамәла⁸⁰ қылса екен деп ойлап тұрып, өзім сол халықтармен мұғамәла қылмағандығым жарамайды ғой деп, сол өзі әділет те және ынсан та емес пе? Ол ынна жақсылықтың басы емес пе?

⁷² Әтәмаран әннәсә билбирн үәәхсәну инналауы... (арабша) — адамдар жақсылық пен иманшылыққа табынады, сонынан ереді, өйткені Алла да жақсылыны сүйеді.

⁷³ Уәлләзинә әмәну үәғәмилу... (арабша) — Адал жүрушілердің және жақсылық жасаушылардың орны ұжмақта (жәннәтта) және олар мәңгі (әмір сүреді).

⁷⁴ Ғамалу-ссалих (арабша) — жақсылық іс, иғі іс.

⁷⁵ Уа әммәлзина (арабша) — Ал, адап жақсы іс атқаратын адамдар оларға берілген жақсылықты (қайырымдылықты) толық қайтарады, өйткені құдай залымдарды сүйемейді.

⁷⁶ Зидды (арабша) — қарсы, қарата-қарсы.

⁷⁷ Ғадаләт рафғат (арабша) — жоғары әділет, әділеттікті жоғары ұсташа.

⁷⁸ Хаясы (арабша) — ұят, ынсан.

⁷⁹ Мән лә хаяун лау уәла иманан лаға (арабша) — кімде-кімнің ұяты болмаса, соның иманы да жоқ.

⁸⁰ Мұғамәла (арабша) — қарым-қатынас, араласу, қатысу.

Жә, олай хұлық⁸¹ пenen сол ойды ойлаған кісі Халлақыны⁸², шүкірді неге ойламасын? Шәкірліктен⁸³ гибадаттың бәрі туады. Енді зинъар⁸⁴ ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та қаммасы босанады. Аллаяр соғының бір фәрдәдән жүз фәрдә бижай⁸⁵ дегені басыңа келеді.

Енді біздің бастағы тағриф бойынша Құдай тағала Фылымды, Рахымды, Ғадаләтті, Құдіретті еді. Сенде бұл шылым, рахым, ғадаләт үш сипатпенен сипаттанбақ; ижтінатің⁸⁶ шарт еттің, мұсылман болдың қәм толық инсанияттың⁸⁷ бар болады. Белгілі жәуанмәртлік⁸⁸ үш хаслат⁸⁹ бірлән болар деген, сиддиқ⁹⁰, кәрәм⁹¹, ғақыл⁹² — бұл үшеуінен сиддиқ — ғадаләт болар, кәрәм шағағат болар. Ғақыл мағалұм дүр, Фылымның бір аты екендігі. Бұлар әр адамның бойында Алла табарака уатағала тәхмин⁹³ бар қылтып жаратқан. Бірақ оған рәуаж⁹⁴ беріп ғұлдендірмек, бәлки, адам өз халінше кәмәлатқа жеткізбек жәннен⁹⁵ болмақ. Бұлар — өз иждиңадін бірлән, ниет халис⁹⁶ бірлән ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ.

Бұл айтылмыш үш хасләттің иелерінің алды — пайғамбарлар, онан соң — әулиелер, онан соң — хакимдер, ең ақыры — кәміл мұсылмандар.

Бұл үш түрлі фиғыл Құданың соңында болмақ, өзін құл біліп, бұл фиғылдарға ғашық болып тұтпақты пайғамбарлар

⁸¹ Хұлық (арабша) — мінез, құлық.

⁸² Халлақ (арабша) — жаратушының есімдерінің бірі.

⁸³ Шәкірлік (арабша) — ризалық білдіруші, шүкіршілік айтушы.

⁸⁴ Зинъар (арабша) — жақтаушы, қорғаушы.

⁸⁵ Бір фәрдәдән жүз фәрдә бижай — бір адамнаи жүз адам қолайсыз жағдайға түседі.

⁸⁶ Ижтина (арабша) — ыждағыт, талапкерлік, ізденушілік, талпыну.

⁸⁷ Инсанніят (арабша) — адамгершілік, адамзат ілімі, адамзат табиғаты.

⁸⁸ Жәуанмәрт (парсыша) — ізгі, жақсы, кең пейілді.

⁸⁹ Хаслат (арабша) — сипат, түр, қасиет.

⁹⁰ Сиддиқ (арабша) — шындық, шын.

⁹¹ Кәрәм (арабша) — жомарт, ақ пейіл.

⁹² Ғақыл (арабша) — ақыл, ақылдылық, даиалық.

⁹³ Тәхмин (арабша) — шама, шамасы.

⁹⁴ Рәааж (арабша) — тарату, өткізу.

⁹⁵ Жәннәт (арабша) — ынта, жігер.

⁹⁶ Халис (арабша) — таза, кіршіксіз. Ниет халис — таза ниет.

әулиелерге үйретті, әулиелер оқыды, ғашық болды. Бірақ, ухрауи⁹⁷ пайдасын ғана құзетті. Ғашықтары сол халге жетті, дүниені, дүниедегі тиерлік пайдасын ұмытты. Бәлки, хисапқа алмады. Хакимдер дүниеде тиетін пайдасын сөйледі, ғибрәт көзімен қарағанда, екеуі де бірінен бірі көп жырақ кетпейді. Оның үшін әрбірінің сөйлеуі, айтуы басқаша болса да, Алла тағаланың сұнғатына қарап пікірлемектікі екеуі де айтты.

Пікірленбек соңы ғибраттанбақ болса керек. Бұл ғақыл, Ғылым — екеуі де өзін зорға қисабаламақты, залымдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді. Бұл ғадаләттәр екеуі де мархаматты, шапағатты болмақтықты айтып бұйырды, бұл рақым болса керек. Бірақ менің ойыма келеді, бұл екі тайфа әр кісі өздеріне бір түрлі нәпсісін фида қылаушылар деп. Яғни, пенделіктің кәмәлаты әулиелікпен болатұғын болса, құллі адам тәркі дүние болып «hy» деп тариқатқа⁹⁸ кірсе, дүние ойран болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дүшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарын кім іздейді?

Хәрами⁹⁹, макруни¹⁰⁰ былай тұрсын, Құдай тағаланың қуатыменен, ижтияд ақылыменен тауып жаратқан, рахатын көрмегіне бола, берген ніғметтеріне¹⁰¹, онан көрмек хұзұрға¹⁰² сүйк көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсанқа дұрыс па?

Сахиб ніғметке¹⁰³ шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздікпенен күнәкәр болмайсың ба?

Екінші — бұл жолдағылар қор болып, дүниеде жоқ болып

⁹⁷ Ухрауи (арабша) — о дүние (ақырзаман).

⁹⁸ Тариқат (арабша) — діни ағым, дін жолы.

⁹⁹ Хәрами (арабша) — арам нәрсе.

¹⁰⁰ Макруни (арабша) — жириенішті, жаман. Дінн ұғым бойынша жасауға болмайтын іс, әбүйірсіз іс.

¹⁰¹ Ніғмет (арабша) — жақсы өмір, байлық, (Алланың) берген бақыты, рақметі.

¹⁰² Хұзұр (арабша) — көркею, даму, мәдениеттілік, рахатшылық. Арабтың «д» әрпі иракта «з» деп айтылады.

¹⁰³ Сахиб ніғмет (арабша) — байлық, дәulet иесі. Бұл жерде «Құдайдың бергені» деген мағынада.

кету де хаупі бар, уә кәпірлерге жем болып кету де, қайсыбір сабырсызы жолынан тайып, сабырмен бір қарар тұрамын дегені болып кетсeler де керек.

Егер де бұл жол жарым-жартыларына айтылған болса, жарым-жарты раст дүниеде бола ма? Раст болса, ыеммаға бірдей раст болсын, алалаган раст бола ма, ыем ғадаләт бола ма? Олай болғанда, ол жүртта ғұмыр жоқ болса керек. Ғұмыр өзі — хақи-қат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмәлат жоқ.

Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние¹⁰⁴ емес еді. Фашәрән¹⁰⁵ — мұбәшәрәдан¹⁰⁶ қазірет Госман, Фабдурахман бин Гауф уа Сағид бин Әбүдәс үшеуі де үлкен байлар еді. Бұл тәркі дүниелік: я дүние ләззатына алданып ижтиядым шала қалады деп, бойына сенбегендік; я хирс¹⁰⁷ дүниеліктен қауымның көңілін сұытпақ үшін, ренжуге сабыр етіп, өзін фида қылып, мен жаныммен ұрыс қылғанда, халық ең болмаса нәпсісімен ұрыс қылып, ыәуа¹⁰⁸ ыәуастан әрбір арзу¹⁰⁹ нәпсіден сұынып, ғадаләт, мархамат, махаббатына бір қарар болар ма екен деген үмітпенен болса керек. Олай болғанда о да жүртқа қылған артық махаббаттан хисап. Бірақ бұл жол — бек шетін, бек нәзік жол. Бұл жолда риясыз¹¹⁰, женілдіксіз бір қарар тұрып¹¹¹ іздеген ғана кісі істің кәмәлатына жетпек. Бұл заманда надир¹¹², бұған Фылымның да зоры, сиддиқ қайраттың да зоры, махаббаттың Халлақна да, уа халық ғаламға да бек зоры табылмақ керек. Бұлардың жиылмағы — қыынның қыны, бәлки фитнә¹¹³ болар.

Басына ыәм бір өзіне өзгешелік бермек — адам ұлын бір

¹⁰⁴ Тәркі дүние (арабша) — дүниеден безген.

¹⁰⁵ Фашәрән (арабша) — таныс, жақын, дос, жолдас.

¹⁰⁶ Мабәшар (арабша) — құдан жолындағы адам, дін таратушы (Мұхаммед пайғамбардың сахабалары, оның жолын қолданушылар).

¹⁰⁷ Хирс (арабша) — сарапандық, дүние құмарлық.

¹⁰⁸ ыәуа (арабша) — әуестену, әуесқойлану, ыәуас (арабша) — орынсыз әуесқойлық, соқыр сезім.

¹⁰⁹ Арза (арабша) — тілек, мақсат.

¹¹⁰ Рия (арабша) — екі жүзділік, көз бояушылық.

¹¹¹ Қарар тұрып (арабша) — шешім қабылдау.

¹¹² Надир (арабша) — сирек, асыл зат, сирек кездесетін қасиет.

¹¹³ Фитнә (арабша) — көтеріліс, қарсылық.

бұзатын іс. Әрбір наданның бір тариқатқа кірдік деп жүргені — біз бұзылдық дегеніменен бір болады.

Хакім, ғалым — асылында бір сөз, бірақ ғарафта¹¹⁴ басқалар дур.

Дүниеде Ғылым заңири¹¹⁵ бар, олар айтылмыштарды жазыл-мыштар, оны нақлия¹¹⁶ деп те айтады. Бұл нақлияға жүйріктер ғалым атанады.

Құдай тәбәрака уа тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп тәффаккаға фи әла-иллаһи¹¹⁷ деген хадиске бинаән¹¹⁸ бұл сұнғаты¹¹⁹ Құдадан ізерлеп, құмар болып ғибратланушыларға тыю жоқ, бәлки сұнғатынан себебін білмекке құмарлықтан саниғ¹²⁰ ғашықтық шығады.

Құдай тәбәраканың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықтын демек те орынсыз. Ғашық-мағшұғлыққа¹²¹ халик бірлән махлұқ ортасы мунәсибәтсіз¹²², Алла тағаланың пендесін махабbat уа мархамат бірлән жаратқанын біліп, махаббатына махабbat пенен ғана елжіремекті Құдаға ғашық болды дейміз.

Олай болғанда хикмет Құдаға пенде өз ақылы жетерлік қадірін ғана білсем деген, әрбір істің себебін іздеушілерге хакім ат қойдылар.

Бұлар хақ бірлән бұтылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқаңдарыменен һәммасы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләzzат бұларға екінші мәртабада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләzzаттанады.

Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. **Фиғыл** пәнденің¹²³ қазығы — осы жақсы хакимдер, әр

¹¹⁴ Ғарафта (арабша) — Арафа (таудың аты). Зулт-Хиджа айының 9-күні. Бұл күнде қажыға барғандар Арафат тауына шығады.

¹¹⁵ Ғылым заңири (арабша) — сыртқы ғылым.

¹¹⁶ Нақлия (арабша) — дәстүрлі ғылымдар.

¹¹⁷ Тафаккарұ фи әла-иллаһи (арабша) — ұлы Алла таралы ойлану.

¹¹⁸ Бинаән (арабша) — негізделген.

¹¹⁹ Сұнғат (арабша) — жасаушы, жаратушы.

¹²⁰ Саниғ (арабша) — жасалған іс.

¹²¹ Мағшұғлық (арабша) — сұйғені.

¹²² Мұнасибатсіз (арабша) — байланыссыз.

¹²³ Фиғыл пәнде (арабша) — адам ісі деген мағынада.

нәрсе дүниеде бұлардың истихражы¹²⁴ бірлән рауаж¹²⁵ табады. Бұлардың ісінің көбі — дүние ісі, ләкин осы хакимдердің жасаған, таратқан істері. Әд-дүния мәзрәтәтул-ахирет¹²⁶ дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол.

Әрбір ғалым — хакім емес, әрбір хакім — ғалым.

Галымдарының нақлиясы бірлән мұсылман иман тақлиди кәсіп қылады.

Хакімдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини¹²⁷ болады.

Бұл хакімдерден мұрад — мұсылман хакімдері, болмаса гайри діннің хакімдері — әзәрше фатлубини тәжидуни¹²⁸ делінсе де, дүниенің ыем адам үғлы өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ мағрифатына¹²⁹ жете алмағандар.

Бұлардың көбі — иманның жеті шартынан, бір Алланы танымақтан гайри, яғни алтауына кімі құмәнді, кімі мұнқір¹³⁰ болып, таҳқиқтай алмағандар. Егер бұлар дін ұстазымыз емес болса да, дінде басшымыз Құдайдың елшісі пайғамбарымыздың Хадис шарифі, хайрун нас ман йанғагунас¹³¹ деген.

Бұл хакімдер үйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақтығына, яғни электрді тауып, аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, уахсусан¹³² адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен бұтылдықты айырмақты үйреткендігі — баршасы нағиғлық¹³³ болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ.

Бұл заманың молдалары хакім атына дүшпан болады.

¹²⁴ Истихраж (арабша) — шығару, алу.

¹²⁵ Рауаж (арабша) — таралу, айналым.

¹²⁶ Әд-дүния мәзрәтәтул-ахирет (арабша) — дүние ахиреттің егіндігі (бұл дүниеде жасалған иглікті іс ақыретте жеміс болады деген мағынада).

¹²⁷ Иман якини (арабша) — шын, нақтылы, шынайы сенім.

¹²⁸ Фатлубин тәжидуни (арабша) — талап қылсаң табасың.

¹²⁹ Мағрифат (арабша) — таңу, білу.

¹³⁰ Мұнқір (арабша) — қарсы болу, сенбейу.

¹³¹ Хайрун нас ман йанғагу нас (арабша) — адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам.

¹³² Уахсусан (арабша) — әсіреке, ерекше.

¹³³ Нағиғ (арабша) — пайдалы, өнегелі іс.

Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық фиғыл, әл-инсан ғәдду ләма жәнылгә хисап¹³⁴. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз баҳас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жүртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зараптар хасил¹³⁵ қылады, «ńай-ńой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бітіреді. Бұлардың көбі әншейін жәнил¹³⁶ түгіл жәниләләр кібік¹³⁷ талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір ынсанқа қайтсын ыем гибраттансын.

Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген ынсан, құр өзімшілдік ыем әр өзімшілдік — адам баласын бұзатын фиғыл.

Растың бір аты — хақ, хақтың бір аты — Алла, бұған қарсы қарсыласқанша, мұны ұғып, ғадаләтпен тәптештеуге керек. Мұндай фигылдардан күпір¹³⁸ қаупі де бар. Және пайғамбарымыз, салаллаңа ғалайын аессәллам, «ақыр заманда бір жылдық бір күн болар» дегенде сахаба-и кәрәмлар¹³⁹ «бұл бір жылдық бір күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: «оның патуасын сол заманың ғалымдары білер» деген сөзінен гибратланып қарасаң, замана өзгеруімен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады. Бұл күндегі тәхсилғалам¹⁴⁰ ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды.

Соған қарай Фұсманияда¹⁴¹ мектеп харбия¹⁴², мектеп рушдиялар¹⁴³ салынып, жаңа низамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, Фылымды пайдасыз ұзақ баҳастар бірлән күнін өткізіп, магишат дүниеде надан бір ессіз адам

¹³⁴ Әл-инсан ғәдду ләма жәнилгә хисап (арабша) — адам жаманышылыққа ауып тұрады (адам да ақымақ сияқты болады).

¹³⁵ Хасил (арабша) — иәтиже, қорытынды.

¹³⁶ Жәнил (арабша) — иадан, шала оқыған.

¹³⁷ Жәниләләр кібік (арабша) — иадандар сияқты.

¹³⁸ Күпір (арабша) — діннен шығу, дінді бұзу.

¹³⁹ Сахаба-и кәрәмлар (арабша) — Мұхаммед пайғамбардың қадірлі әріптестері — Мұхаммед пайғамбарды қолдаушы сахабалары, қадірлі сүйікті рахани әріптестері.

¹⁴⁰ Тәхсилгуул (арабша) — үйрену, жетілу, білім жинау.

¹⁴¹ Фұсмания — Османия бұрынғы Түркия патшалығы.

¹⁴² Харбия (арабша) — соғыс мектебі.

¹⁴³ Рушдия (арабша) — білім беру мектебі, кәмелеттік жетілдіру.

бөлүп шығады да, ешбір харекетке лайығы жоқ болған соң, адам аулауга, адам алдауға салынады. Қебінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз¹⁴⁴ болады.

Дүниенің мәғмұрлығы¹⁴⁵ бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе.

Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады. Бәлки дүниенің Гылымын білмей қалмақтық — бір үлкен заарлы надандық, ол Құранда сөгілген; дүниеде кімде-кім өзіне өзгешелік бермек қасады бірлән малға махаббатын аударған дүние болмаса, ихсанда¹⁴⁶ қолым қысқа болмасын деп қәм өзім біреуге тамғылы¹⁴⁷ болмайын деп, малға махаббатын аудармай, ізгілікке бола халал кәсіп бірлән тапқан дүние емес.

Біз Гылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал бірлән Гылым кәсіп қылмақпыз. Өнер — өзі де мал, өнерді үйренбек— өзі де ихсан. Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын, шарғыға¹⁴⁸ муафих¹⁴⁹ болсын. Адамға хәлінше иханды болмақ — қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес.

Моллалар тұра тұрсын, хусусан¹⁵⁰ бұл заманың ишандарына бек сақ болындар. Олар — фитнә¹⁵¹ ғалым, бұлардан залалдан басқа ешиәрсе шықпайды. Өздері хұқім¹⁵² шаригатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін өзі әніл тариқат¹⁵³ біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал¹⁵⁴, бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де залалды. Бұлардың сүйгені— надандар, сөйлегені — жалған, дәлелдері — тәсбиғи менен шалмалары, онан басқа ешиәрсе жоқ.

¹⁴⁴ Тасир (арабша) — әсер.

¹⁴⁵ Мәғмұр (арабша) — әлем.

¹⁴⁶ Ихсан (арабша) — жақсылық, иғі іс.

¹⁴⁷ Тамғылы (арабша) — 1) тілек, сұрамсақтану; 2) сараң болу.

¹⁴⁸ Шарғы (арабша) — дінни заң.

¹⁴⁹ Муафих (арабша) — үйлесімді, сәйкес.

¹⁵⁰ Хусусан (арабша) — әсіреле, тіпті.

¹⁵¹ Фитнә (арабша) — бұліншілік, бұзақ, қателеса.

¹⁵² Хұқім (арабша) — үкім, мағына, анықтама, түсінік.

¹⁵³ Әніл тариқат (арабша) — дін жолы.

¹⁵⁴ Мұхал (арабша) — мүмкін емес, екі талаң, орындалмайтын іс (абсар).

Енді біліңіздер, перзенттер!

Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниňаятсыз¹⁵⁵ болады. Оның ниňаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдан болса — өзің ниňаятлысың, ол жол Құдайдың жолы емес. Фаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген ынсан? Не түрлі болса да, иә дүниенен, иә ақылыңнан, иә малыңнан ғадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол — Құданың жолы. Ол ниňаятсыз жол, сол ниňаятсыз жолға аяғынды берік бастың, ниňаятсыз Құдаға тағырып хасил¹⁵⁶ болып хас езгу¹⁵⁷ құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар?

Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүрістүрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәulet біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықласыңа қасиет біtedі. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүймектікпен өсер.

Құдай тағала дүниені кәмалатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды — әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгенінше достық мақамында¹⁵⁸ болмақ. Кімге достығың болса, ол достық шақырады. Ең аяғы ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я қылықпен артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ.

Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі!

¹⁵⁵ Ниňаятсыз (арабша) — шексіз, өлшеусіз.

¹⁵⁶ Тағырып хасил (арабша) — жақын інтиже, үқсас, жақын қорытынды.

¹⁵⁷ Хас (арабша) — ерекше.

¹⁵⁸ Мақам (арабша) — жағдай, қарым-қатынас, орын, дәреже, қадір-қасиет.

Әуелгісі — әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады.

Екіншісі — өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдық нұрын, гүлін бұзады.

Үшіншісі — қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады.

Іншісі — өзгеше тұтатын демектің түбі — мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілдік бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы адамның көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі — надандық, екіншісі — еріншектік, үшіншісі — залымдық деп білесің.

Надандық — білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсөн оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады.

Залымдық — адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады.

Бұлардың емі, Халлақына махабbat, Халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадалат ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын. Ол білім, ғылымды Құдаға мұқтәди¹⁵⁹ болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымга мұқтәди болсын. Яғни Құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлдік бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылық бина¹⁶⁰ қылышпен, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және Құдай тағала әрне жаратты, бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарар шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Бәлки бұларсыз тағат¹⁶¹ тағат та емес.

¹⁵⁹ Мұқтәди (арабша) — еру, бағыну, құлшылық ету.

¹⁶⁰ Бина (арабша) — негіз, тірек.

¹⁶¹ Тағат (арабша) — бағыну, тыңдау; тәртіп, құлшылық ету.

Белгілі, құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф¹⁶² қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғаям¹⁶³ былай тұрын, Ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке ижтияд ләзім¹⁶⁴ сіздер әрбір ғамал қылсаның ізгілік деп қыласың, ізгілікке бола қасд¹⁶⁵ етіп, ниет етесіз. Ниет оның парызынан хисап, пайғамбарымың салаллауғалайын уәссәлламнің¹⁶⁶ хадис шарифі «инна һағмала-ағмал бин ниет»¹⁶⁷ деген.

Енді ниет етгіңіз таңарат¹⁶⁸ алмаққа, намаз оқымаққа, ораза тұтпаққа, бұл тағаттарды ниетіңіз заңырынан¹⁶⁹ қалыпсыз ғибадатқа жетпегендігі кемшілік емес пе? Сіздің батиңыңыз¹⁷⁰ таза болмағы әуелі иман болып, бұл заңир ғибадатыңыз иманды болған соң ғана, парыз болған, сіздің заңырыңыздағы ғибадат — батиңыңыздағы иманның көлеңкесі, қәм сол иманның нұрланып тұрмасына көрік үшін бұйырылған. Оның үшін ғұламалар иман екеу емес, біреу, бірақ ізгі тағатпенен нұрланады, тағат жоқ болса, құңғірттенеді, бәлки сөну қаупі де бар деген. Егер надандар ол ғибадаттың¹⁷¹ ішкі сырыйн ескермей қылса, соны қылыш жүріп, иманы сөнер деген.

Мениң қаупім бар, олар хас¹⁷² ғибадат осы екен, Құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады деп ойлайды.

Ол ғибадат күзетшісі еді. Жә, күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, бір ғана ояу тұрмасын қасд қылса, ол

¹⁶² Тәклиф (арабша) — жұмыс арту, міндет, борыш, еңбек дәстүр.

¹⁶³ Ғаяма (арабша) — көпшілік халық, жәй халық.

¹⁶⁴ Ижтияд ләзім (арабша) — талап ету керек, көнілмен еңбек ету керек.

¹⁶⁵ Қасд (арабша) — мақсат, ниет, ой арнау.

¹⁶⁶ Салаллауғайлауи уәссәләм (арабша) Алла оған саламатшылық берсін.

¹⁶⁷ Иннама-л-ағмал, бинниет (арабша) — шынында еңбек, ниетке (мақсатқа) негізделеді.

¹⁶⁸ Таңарат (арабша) — тазалық, намаз алдындағы жуыну.

¹⁶⁹ Заңир (арабша) — ашық, сыртқы, сырттай.

¹⁷⁰ Батин (арабша) — ішкі, көрінбейтін, жабық.

¹⁷¹ Ғибадат (арабша) — табыну, қызмет ету, сыйлау.

¹⁷² Хас (арабша) — ерекше, арнайы, меншікті.

не күзет? Құзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе?

Ей, ишараттан¹⁷³ хабарсыздар, қара!

Бұл ғибадаттан бір ұлkenі — намаз, ол намаздан әуелі таңарат алмақ, онан соң намазға шұрғ¹⁷⁴ қылмақ, ол таңараттың алды истинжа¹⁷⁵ еді. Мұны бір берік ойлап тұр. Аяғы екі аяққа мәсіхпенен¹⁷⁶ бітуші еді, бұлар ынмасы болмаса көбі ишарат еді.

Истинжада к...ініңізді жуасыз, сіздің к...іңіздің ешкімге керегі жоқ еді. Онымен сезімді тазалыққа иіргендігінді, кәміл ыхласынды көрсетіп, ішімнің сафлығының¹⁷⁷ соңында халық көрер, сыртымды да пәк етемін ыем көзге көрінбейтін ағзаларымды¹⁷⁸ да пәк етемін, бұл пәктіктің үстінде Аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз.

Енді намаздың аты — салауат, салауат дұға мағынасында деген.

Аяқта, мойында болған мәсхлар — ол жумақ емес, өздері де жуулы деп көрсеткен ишараты.

Намаздан әуелі құлақ қақтыныз — егер Алла тағаланы жоғарыда деп, мәкән исфат¹⁷⁹ етпесең де, бегірек созу әдепсіз болып, күнә дариясына ғарық¹⁸⁰ болдым, яғни дүние әуесіне ғарық қылмай қолымнан тарт, яғни құтыларлық жәрдемдерінің ишараты.

Онан соң қиямда¹⁸¹ тұрып қол бағламақ — құл қожа алдында тұрмақ — бұқара патша алдында тұрганнан артық Алланың

¹⁷³ Ишарат (арабша) — нұсқау, көрсету.

¹⁷⁴ Шұрғ (арабша) — бастау, кірісу (бір нәрсені не істі бастау).

¹⁷⁵ Истинжа (арабша) — жуыну, тазалану, әсіресе түзге отырғаннан кейін тазалану.

¹⁷⁶ Мәсіх (арабша) — дәрет алғаннан кейін мәсінің үстінен сұлы қолмен сұрту.

¹⁷⁷ Саф (арабша) — таза, шынайы.

¹⁷⁸ Ағзалар (арабша) — мүшелер. Бұл жерде ирак диалекті бойынша ағда сөзі ағза деп айтылғаи.

¹⁷⁹ Мәкән исфат (арабша) — орнын бар деп түсіну, қабылдау. Жоғарыда Алла тағаланың мекенін бар деп қорытындылау.

¹⁸⁰ Ғарық (арабша) — бату, шому.

¹⁸¹ Қиям (арабша) — намаз оқығанда түреген тұру.

қадірлігіне¹⁸² өзінің ғажиздығына¹⁸³ ықаралының¹⁸⁴ беріктігін көрсеткен ишараты.

Қыблаға қарамақ — кіршә, Құдай тағалаға ешбір орын мүмкін емес болса да, зиратын¹⁸⁵ парыз еткен орынға жүзін қаратып, сондағы дүғадай қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишараты.

Онан соң қира' эт¹⁸⁶ яғни суралы Фатиха¹⁸⁷ оқисын, мұнда бірақ сөз ұзарады. Ол Фатиха сұресінің мағыналарында көп сыр бар.

Руқұғ¹⁸⁸ бас ұрмақ — алдында Құда хазірге үқсас, ол да ишарат.

Сәжделер¹⁸⁹ — әуелі жерден жаралғанына ықаралы, екіншісі — және жерге қайтпағына ықаралы, бас көтермек және тіріліп, сұрау бермегіне ықаралының ишараты.

Қағадат ул-ахир¹⁹⁰ — дүғаның ақырында Аллаға тахият¹⁹¹, одан тәшәньүд¹⁹², одан салауат, пайғамбарымыз, саллаллауғалайын үәсәләмге, айтпақ үшін ең ақырғы сәлемменен таусасыз, яғни Алла тағаладан не тілеп дүға қылдыңыз. Ол дүға қазинасы құллі мұсылмандарды ортақтастырып, оларға да сәләмәтшілік тілеп қармет тілеп бітіредіз.

Жә, бұл сөзден не ғибрәтлендік?

¹⁸² Қадір (арабша) — құдірет, құшті, қадірлі.

¹⁸³ Ғажиз (арабша) — әлсіздік. Бұл жерде басқаша да аударуға болады. Мысалы, ығжаз — қол жетпейтін ерекше құш.

¹⁸⁴ Ықрап (арабша) — мойындау, тұсіну.

¹⁸⁵ Зират (арабша) — бару, қажыға бару, бұл жерде Мекке, Медине деген мағынада.

¹⁸⁶ Қира эт (арабша) — оқу.

¹⁸⁷ Сарағи фатиха (арабша) — фатиха сұресі. (Фатиха құранның бірінші сұресі).

¹⁸⁸ Руқұғ (арабша) — иамаз оқығанда тізеге қол қойып еңкею, тізе бұгу.

¹⁸⁹ Сәжде (арабша) — намаз оқығанда маңдайын жерге тигізу.

¹⁹⁰ Қағадат-ул-ахир (арабша) — намаз бітерде соңғы отыру.

¹⁹¹ Тахият (арабша) — сәлемдесу, құтықтау.

¹⁹² Тәшәньүд (арабша) — қуәлік беру. Бұл жерде құдайға құлшылық етудің соңғы сөзін айту.

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар еken. Ендігі жүрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастан келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы құнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік.

Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа үқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жүрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді.

Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі — ол заманда ел басы, топ басы деген кіслер болады еken. Көш-қонды болса, дау жанжалды болса, билік соларда болады еken. Өзге қара жүрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді еken. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды еken. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басына би болсаң, манаң тауға сыймассың, басалқаныз бар болса, жанған отқа күймессің» деп мақал айттып, тілеу қылышп, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады еken. Оны зор тұтып,

әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екінші мінезі — намысшыл келеді екен. Ат аталып аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты құған көп пайдасын кетірер» деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздығы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол құған қазынаға жолығар, дау құған пәлеге жолығар» десіп.

Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар?

Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді.

Бұлардан айырылдық.

Ендігілердің достығы — пейіл емес, алдау, дүшпандығы — кейіс емес, не қундестік, не тыныш отыра алмагандық.

ҚЫРҚЫНШЫ СӨЗ

Зинъар¹, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар.

Осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?

Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады, шалдар өзді-өзі көп құрбыдан айрылып азайып отырса да, біріменен бірінің бітім қылмайтұғыны қалай?

Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрі-беріден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай?

Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтұғыны қалай?

Бір жолаушы алыс жерге барса, барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап, қайтып келген соң сол барған, көрген елін, жерін мақтап, өтірікті сыбайтұғыны қалай?

Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмене болып жүріп, ержеткен соң сүйк тартатұғыны қалай?

Біреудің ағайыны торқалы той, топырақты өлімде, адалдық, берекеде алысуға табылмай, барымта алалық, үрлалық десе, табыла қоятыны қалай?

¹ Зинъар (парсыша) — абайла, байқа.

Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?

Баяғыда біреу біреуді пәлен жасымда жарықтық атым арып келе жатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, соны өлгенше айта жүруші еді. Осы күнде бұл жылғы берген ендігі жылға жарамайтұғыны қалай?

Байдың баласы кедей болса, ұрлық қылуға арланбайды, байға кірісуге арланатұғыны қалай?

Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алыспайды. Кейбір антүргандардың тым-ақ тату бола қалатыны қалай?

Біреуді досым деп ат беріп жүрсөң, оған сенің бір дүшпаның келіп бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай?

Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дүшпанға кісінің өле жаzdайтұғыны қалай?

Көп кісі досым жетілсе еken демейді, егер де жетілсе, бағанағы досына бір бітімі жоқ дүшпан — сол болатұғыны қалай?

Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні ізден таба алмайды. Қылышының қылышыны танитұғын кісіден қашық жүретұғыны қалай?

Біреу біреудікіне келгенде үйіндегі малының бәрін де айдал келіп, өз үйіне кісі барғанда бар малын даға айдал жіберетұғыны қалай?

Тыныштық ізден таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұrmай тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?

Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі?

Тоқал қатын өр келетұғыны несі? Кеселді кісі өр келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?

Нәпсін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсің билеп, мақтанға еріп, пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?

Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей үйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп үқпай тынбайтұғыны қалай?

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ СӨЗ

Казаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі нәрсе керек.

Әуелі — бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алғып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде көп есепсіз Гылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін танырлық қылышп үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді.

Екінші — ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алғып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағлым берсе, сонда түзелер еді.

Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірерлік дәulet бір кісіге бітуге мүмкін де емес.

Казақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес.

Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылыштан кетірген.

Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма — сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, егер сөз айтсаң, түгел тыңдал тұра алмайды, не көнілі, не көзі аландал отырады.

Енді не қылдық, не болдық!

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ СӨЗ

Қазақтың жаманшылықта үйір бола беретүғынының бір себебі — жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ асырап, болмаса сөз аңдып, құлық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүргуге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма?

Малдылар малын өңкей малшыларға, бала-шагаға тапсырып, қолдағы құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына шыдайды. «Пыш-пыш» кеңестен қалып, бір ауылға барып, құлық, сұмдық жасап жүріп, тегін тамақ жеп, ыржандасуды қысыратуға шыдамайды.

Не үшін десең, халықда әдет жол болған соң, шаруага пысық, мал бағуға, мал табуға пысық ол өнерлі кісіге қосылмайды, я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім», «білгенім» деп елге жайып жүріп, ырбандауға пысық өнерлілерге қосылғандай көрінеді.

Сол үшін осы құнгі қазақтың іске жараймын дегені өзінің азды-көптісін біреуге қоса салып, «көре жүр, көздей жүр» деп басын босатып алып, сөз аңдып, тамақ аңдып, ел кезуге салынады.

Бұл күндеңігे байлық та мақтан емес, ақыл, абұйыр да мақтан емес, арыз бере білу, алдай білу — мақтан. Бұл екеуі қолынан келген кісі салт атты, сабау қамшылы қедей де болса, аз да болса орыны төрде, майлыштың атқа, майлыштың еткесін жетеді. Желекпелеу, мақтаншақ байларды: «Сіз айтсаныз, отқа тұсуге бармын» деп желдендіріп алғып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ, содан алғып киімін бүтейтіп киіп, тәуір атын мініп алғып, қатарлы бір құрметке жетіп жүре береді.

Ол бай өз тыныштығын да білмейді, бос шығынданғанын да ескермейді. Бір кісімен сөйлессе, «Мұны қайтеміз?» деп бағанағы антүрганмен ақылдасады. Ол сиырдың жорғасы секілденіп, қарайғанда жалғыз өзім болсам екен дейтүғын ниетімен және де ақылдастып досы көбейсе, қадірім кетіп қалады деп ойлады: «Ой, тәңір-ай, соны білмей тұрсыз ба? Ол ана құлық қой, бұл мына құлық қой деп, оған бүйдей салсаң болмай ма?» деп бар онбаган жауапты үйретіп, амалшылықтың жолын үйретем деп, ол байдың өзін кісіге сенбейтүғын қылады. Және байдың өзіне де адам сенбейтүғын болады. Байдың өз жауабы, өз мінезі онбай тұрган соң, бағанағы кісі бұзылса, әлгі антүрган бағанағы байға: «Мен айтпап па едім, онықі құлық сөз деп, міне көрдің бе?» — деп, екіншіде тырп етпейтүғын қылып алады.

Ендігі жүрттың ақылы да, тілеуі де, харекеті де — осы.

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ СӨЗ

Адам ұғылы екі нәрседен: бірі — тән, бірі — жан. Ол екеуінің орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили¹, қайсысы кәсиби² — оны білмек керек.

Ішсем, жесем демектің басы — жибили, үйқтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем еken, көрсем еken деген арзу³ бұлардың да басы — жибили. Ақыл, ғылым — бұлар кәсиби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен іскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көнілге түседі. Ол көнілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көнілде суреттемек. Ол — жанның жибили қуаты дүр. Бір ұмытпастың жақсы нәрседен көнілге жақсы әсер хасил⁴ болып, жаман нәрседен көнілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам ұлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-маз нәрсе болмаса, ұлken ешинасеге жарамайтын болады.

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп, білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол — көп жиганы бар адам: сынап, орындысын,

¹ Жибили (арабша) — тұа біткен қасиет.

² Кәсиби (арабша) — жинақталған, еңбекпен табылған.

³ Арзу (арабша) — тілек, мақсат.

⁴ Хасил (арабша) — нәтнже, қорытынды.

орынсызын — бәрін де бағанағы жиган нәрселерінен есеп қылышп, қарап табады. Бұлай етіп бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз.

«Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң, қайтейік?» демек, «Құдай тағала сеніменен мені бірдей жаратып па?» демек — Құдай тағалаға жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы.

Бұл — ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі. Оған Құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсенді ескерме, есіңде сақтама деп пе? Ойын-құлкімен, ішпек-жемек, үйиқтамақпен, мақтанмен әуре бол да, ішіндегі қазынаңды жоғалтып, хайуан бол деген жоқ.

Кейбіреулер айтады: «Ақыл жибили болмаса да, талап — жибили.

Талап берген адам ақылды тапты, талабы жоқ кісі таба алмады», — дейді. О да бекер. Талап балада да бар, оған талас қылуға болмайды. Бағана айттық қой, жан қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдыrsa, зораяды деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткенінді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер: «ал, мен жоғалдым» деп, хабар беріп жоғалады. Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуынан қынырақ тиеді.

Жан қуаты дейтүғын қуат — бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды. Бірақ әрбір өнердің тыстан тауып алғып, ішке салғанын, соның тамырын берік үстап тұруға жараушы еді. Көп заман ескермеген адамнан ол бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтүғын қуаттың өзі де жоғалады. Онан соң қайта кәсіп қылуға болмайды.

Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, зинъар, соны жоғалтып алу жарамас, ол жоғалса, адам ұғылы хайуан болды, адамшылықтан шықты.

Біреуі орысша — «подвижной элемент» деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, үққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тәз қозғап

жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу онды пайда да бермейді. Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, «әй, әттеген-ай! үйтуім екен, бүйтуім екен» деп, өмір бойы ғафил болып-ақ отырғаның.

Біреуін орысша «сила притягательная однородного» дейді. Ол — бір нәрсені естіп, көріп білдің, хош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әринеңік сол іске бір келіскең жері бар нәрселердің бәрін ойладап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тыншытпайды.

Үшіншісі, орысша «впечатлительность сердца» дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакұнемдік, жеңілдік, салғырттық — бұл төрт нәрсе бірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды. Егер де бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я құңгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен онды ұғым болмайды.

Әринеңік тән қуатыменен сырттан тауып, сырттан сақтайсыз, оның аты дәulet еді. Оның да неше тұрлі кеселі, кесепаты бар нәрселерін білмесең, сақтай алмаушы едің ғой. Соған ұқсаған іштегі жан қуатыменен жиган нәрсенің аты ақыл, ғылым еді ғой. Оның да неше тұрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар. Оны білмесең, бақпасаң — айрыласың. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса — жарамайды. Өлшеуін білмек — бір ұлken керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сұймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданbastық — бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, бояны шыгады.

«Нениң қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» деген. Баз махфи олмая⁵ ол, мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі, яғни «сила притягательная однородного» бірлән «подвижной

⁵ Баз махфи олмая (арабша-парсыша) — ашық болу, құпия болмау.

элемент» — бұл екеуі қосылып тұра тұрған нәрсе, күллі пайда да бұлардан шығады, уа күллі зарап да бұлардан шығады. Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік, осыған үқсаган әрбір маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жіберетүғын нәрселер осы екеуінен болады. Бұларды түбекейметкенде жақсы нәрселерді түбекейметіп, жаман нәрселерден, яғни жоғарғы айтылмыш секілді адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетүғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек.

Пайда, залалды айыратүғын қуаттың аты ақыл еді ғой. Бір ақыл қуаты бірлән мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, үәм қайрат — екі мықты қуат қосылып тоқтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуаттың екеуі де аз болса, яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі қуаттар — бір басы қатты асау ат, жүгендің тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма — Құдай білсін, әйтекеір, жолда көрген есті, ақылды дұрыс адамдар әлі сұрамай да қалады.

Сенде ерік жоқ. Екі етек жайылып, екі көзің аспанда, масқара болып кеткенің өлгеніңше.

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Адам баласының ең жаманы — талапсыз.

Талап қылышылар да неше түрлі болады. Нәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Нәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұrlаулырақ келеді. Уа, ләкин адам баласы я талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнешік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көніл ізден тұрады.

Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісімен сырлас болады. Оның үшін өзге жолдағылардан «бәрекелдіні» онды құтпейді. Маған «бәрекелді» десе, осы өзімменен серіктес, сырлас осылар «бәрекелді» дер дейді.

Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына қадір ізден, сол талапта болады. Біреу мал қуып жатыр. Сараптықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтүгін, «малдының беті жарық» дейтүгін мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал нәм пайда, нәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда. Бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көніл жиіркенетүгін іс.

Осыған орай біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке атанамын, біреулер білгіш, қу, сүм атанамын деп, сол харекетте жүр. Әрқайсысы қазаққа яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі бұлдамақ та болып, басына «осыным бір

сыпыра елеу азық болар» деген талаппенен қылыш жүр.

Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды дағы, «мынаны алғып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп, қазақтың өз бетінен оқып, ізденген талап болмаса, кітап бетінен оқып ізденген талап емес.

Оның үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді.

Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болсаң, ол талабынды қыла бер, көкіректі тым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, күт-берекеге жағымды болмайды дейді.

Енді осыған қарап, қайдан оқып, біліп, ұмтылған талап екенін білерсің.

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ СӨЗ

Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі — неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен **Құдай бар деп келгендігі**, уа қәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат құдайға лайықты дегендігі.

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетүғын пәндеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарай тартпақпаз, сол **Алланың хикметін біреуден біреу** анығырақ сезбекпен артылады.

Нандым, сендім демек нандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды — махаббат, ғаделет, сезім.

Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтүғын да жері жоқ. **Ол — жаратқан Тәңірінің ісі.** Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар.

Бұл ғаделет, махаббат, сезім кімде көбірек болса, сол кісі — ғалым, сол — ғақил.

Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп.



БІРАЗ СӨЗ
ҚАЗАҚТЫҢ ТҮБІ
ҚАЙДАН ШЫҚҚАНЫ
ТУРАЛЫ

E

сте жоқ ескі мезгілде, монғолдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар «татан» деп жазады, Асыл түбі қазақтың сол татар. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдеріөзін, біз татармыз деп айтысады. Онысы біз келімсек емес, түпсіз емес, таза тұқымбыз деген орынға айтылады, татардың кім екенін білгендігінен айтқаны емес.

Дін исламға кіре алмай қалған, осы күнде Күншығыс Сібірінде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдетінен, түсінен туысқандығы анық көрініп тұр. Әсіресе, Енисейскі губернеде Минусинскі уезде «ясашынай татар» атында бір халық бар. Қазақты өздеріне ағайын тұтады дейді, және бір тұқымдас екендігіне көрген кісі таласпайды. Тағы еш қазақ, қырғыз бер қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды. Сол қырғызды қытайлар «брут» деп атайды, өз тауарихларында оның себебін, неліктен қытайлар «брут» дегенін еш білдім дегенді көрмедім.

Біздің қазақтар Бийскідегі, Кузнецкідегі қалмақтарды «білеут»

дейді. Менің ойым: осы «білеут», «брот» бір сөзден шыққан деймін, о да қыргыздың нәсілі болмағы таң емес. Ол татарлар ұрысшыл, аңшыл, не болса соны киіп, не табылса, соны ішіп-жеп жүрген бір тұрпайы халық екен. Олардың орны Енисей, Аңқара суының бас жағында болыпты. Солардан аңшылар жыл жүріп, екі жыл жүріп қайтатұғын әдеттері бар екен. Сол аңшылардың естіген, көрген хабарымен бұрын көрмеген жерге, болмаған мақтау айтылатұғын әдетіменен қысы аз, жазы көп дегенде әуелден өздері жер шаруасы қылмай, мал сақтаушы халық болған соң «мал сақтауға жақсы жерге барамыз» деп, бұл жаққа қарай неше мәртебе халқы шығыпты. Соның бірі біздің қазақ екен. Қай-қай жерменен келгендігі, қанша жылда келгендігі мағлұм емес. Әйтеуір, Алатаудың бөктеріне келіп, мекендереп тоқтапты.

Арғы жер бұрыннан ұйғыр нәсілді халықтың орнығып, иеленген жері болып, онан әрі бара алмапты. Ол ұйғыр халқының ханы өзіне қараша халықты есептеп жүріпті. Бұлар қарадық десе де, ішінен дұшпан болып жүріпті. Әуелден өзін өзі билеп, азаттықпен жүрген халық, біротала біреуге бағынбақты ауыр көріпті. Тұбінде олар да маңғұл нәсілді болса да, бұларға жат көрініпті. Сол уақыттарда арабтан бұл Орта Азияға дін исламды ұйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде Құтайса атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті. Сөйтсе де, бұрыннан бақсы-балгерге иланып, отқа-шыраққа табынатын әдеттері мен исламға тез түсініп кете алмапты. Ол кездे шала-пұла хат таныған кісі болса — оны «абыз» дейді екен. Ол «абыз демек әуелде шаман дінінде гілердің өз молдасына қоятын аты екен. Дүниеде не нәрсенің, себебіне көзі жетпесе, сол нәрсені Құдай қылып тұр деп, дін тұтынатұғын әдеттерінің сарқынын біз де кей жерде көргеніміз бар: келін түскенде ұлken үйдің отына май құйып, «От ана, май ана, жарылқа!» дегізіп, бас ұғызыған секілді, «өлген аруаққа арнадық» деп шырақ жаққан секілді, жазғытұрым, әуел бұлт құркірегенде, қатындар көмішімен үйдің сыртынан ұрып, «Сүт көп, көмір аз» деген секілді. Бұған ұқсаған көп еді, құдайға шүкір, бұл күнде жоғалып бара жатқанға ұқсайды.

Сол араптар көшпелі халықтарды «хибай» деп, «хұзаги» деп атапты. «Хибай» дегені кигіз шатырмен жүруші деген екен. Хұзаги дегені өз жүртүнда және хұзаги деген көшпелі халқы бар екен, соған ұқсатып айтқан екен. Сол уақытының бір ханы көшіп келе жатқанда бұлардың тіркеулі түйесін көріп, «міне мыналар шынымен қазақ

екен» депті, әдейі қайтқан қазға ұксайды-ақ еken деп. Сонымен бұлар өзін өзі де, өзге жүрттар да қазақ атап кетіпті, бұрын өздерін «ұлыс» дейді еken де жүре береді еken.

Ол күнде Наурыз деген жазғытұрым бір мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той, тамаша қылады еken. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді еken. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады, ол уақытта жаңа дінге кірген соң бір Бұхарадан басқа шаһарлардың да, жер-сулардың да, халықтың да бұрынғы аттарын бұзыпты. Сондықтан да болғанға ұксайды. Әйттеуір сонан қазақ аталыпты.

Бұл қазақ Алатау бектерінде жүргенде егін салмақ секілді, сауда қылмақ секілді шаруаларға да көршілерінен көріп айналысқан еken. Өздерін өздері: «Қоңыр қазақ, қара қазақпыш» дейтұғыны, «Қазақ байдың баласымыз» дегені сол уақыттағы ғана біраз момындықпен тұрған кезі болса керек.

Қырғызға қырғыз деп ұйғыр хандарының бірі ат қойса керек. Олардың атты әскерінің алдыменен жүретұғыны солар бол қырғыз аталыпты. «Әлтірт, жоғалт» яғни дүшпанды қырушы дегеннен қойылыпты. Ол уақытта жай жатқан момын қазақтың «Аруақ аттаған оңбайды», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда болса керек» деп, «Аттанып барып жылқы алған, ат үстінен ұйқы алған» деп, барымташыны мақтап, бұзылған кезі Шыңғыстан соң болса керек.

Қашан монғолдан Шыңғыс хан шыққанда, қазақтар құтты болсынға барыпты. Бірақ қай жерде барғаны мағлұм емес, сүйтсе де осы Шыңғыс тауында, әскері Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі монғолдыға, өз заңы бойынша «хан» деген ұлкен биіктің басында, ақ киізге Шыңғысты отырғызып хан көтерген дейді. Тауының, Шыңғыс аталып, биігі хан аталақ себебі де сол болса керек.

Сол он екі кісінің бірі қазақтың Майқы би деген кісісі еken. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы — Майқы би» деген мақал болған. Майқы сол кісі еken. Шыңғыс аламандыққа аттанып, әскер тартып шыққанда әскерінің көбі татар еken дейді. Оның себебі ол маңғұл өздері, татардай, ассыздақ, сусыздыққа, ыстық-сұзыққа шықады болмаса керек. Қазақтың соғысқа жараплық адамы сол Шыңғыстың әскеріне қосылып, бұларды Шыңғыс Жошы деген ұлкен баласына билетіпті.

Әуелде Көр ханды өлтіріп, үйғыр жүртyn алыпты, онан соң, Азияның терекіне шейін еріп барса керек. Себебі қазақта мақал болып қалған «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды» дегені, «Самарқанның сар жолы,

Бұлақбайдың тар жолы» дегені — бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз. Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, Үндүкеш тауы ма? Әйтеуір, бір тауды айтқан сөз екен. «Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас» деген мақалынан мағлұм.

Сонан соң бұлар бұрынғы Алатауды қалдырып, Ташкент төңірегіндегі тауларды мекен қылса керек. Қайсысында қанша жүрген, қайсысында бұрын, қайсысында соң жүрген, анық мағлұм емес. Ол орынға келген соң, бұларды Шыңғыстың Шағатай деген баласының нәсілі билеп тұрыпты. Ол Шағатай нәсілінің үлкен ханы Ташкентте тұрып, бұларды бір інілері билейді екен. Сондағы билеген хандары, билері бұларды ешбір дүзу харекетке түсіндірмей, дәйім барымтамен мал құмақ, ауыл шаппақ, бірде бұл ел, бірде ол елмен жауласпақ, қырыспақпен күн кешіп, еш шаруа, өнерге үйрене алмай, өздері кедей болған һәм өспеген. Бүгін біреуді өзі талап қырып келсе, ертең өзін біреуі талап қырып кете берген. «Ерше барып, итше қашып» жүріп малын, басын жаудан қорғаудың да мәнісін білмесе керек. Қазақтың бар қатты өсе бастағаны құба қалмақтың жұрты бұзылған соң, осы Сарыарқаға орныққан соңғана болса керек. Одан бұрынғысы «Барып жаудан қыз әкеліп қатын қыларсың, я ағанды өлтіріп, жеңгенді аларсың» деген мақалына ұксайды.

Әмір-Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Юніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жаарлық қазақтан үш жұз әскер шығарып, үш жұз басыға билетіпті. Әр жүздің, халқы өз ынтымағыменен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтуғыны сол.

Ахмет хан қазақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ ра-хымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті—жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атанипты, «Бабыр нәма»¹ да солай жазылған. Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта, «алаш-алашы» деп ұран-сүрен салыңыз деп бүйіріп, бұларға айғай салғанда көп жанның айғайымен «алаш-алаш» деп кетіпті. Сондықтан «Алаш

¹ XVI ғасырда (Үндістанда) ұлы моңгол патшалығын үйімдастырған сұltан Бабырдың сол замандағы болған уақиғаны жазумен қатар, өз өмірінде басынан кешкен әңгімені жаэған шығармасының аты.

болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол еken.

Бұлар Шагатай нәсіліне қарап жүргенде, Жошы нәсілі өзбек халқын билеп жүрген еken. Сол Жошының Сибан яки Шибан деген баласының тұқымынан бір белгілі Шайбақ деген хан шығып, Әмір-Темір тұқымынан Һират, Бұқар, Самарқан шаһарларын тартып алып жүргенде, ақырында мұның алдынан Алаша хан, Ташкендеңі Жәнке хан деген ағасымен қосылып, қалың әскермен шығып, Ораттөбеде жеңіліп, ағайынды екеуі де бала-шагаларына дейін Шайбақ өлтіргенде, біздің қазақ біз әуелден өзбек жүртіменен аталас едік және де Шыңғыс хан тірі күнінде бізді Жошыға тапсырып еді, «сарт садағам, өзбек — өз ағам» деп, Шайбаққа қарап кетіпті.

Сол сөз осы күнге шейін мақал болып қалған. Соңан кейін бізді қайтып Шагатай тұқымы билеген емес. Онан соңғы біздің ханымыз, төреміз — бәрі де Жошы нәсілінен болып келген.

1885 жылы Семей қаласына қарайтын Зайсан, Өскемен, Кереку (Павлодар), Семей ояздарының Семейден жетпіс (шақырым) километр Шар өзенінің бойында Қарамола деген жерде төрт ояз бас қосып, ақы және ел ортасындағы дауларын бітіретін (чрезвечайный) съезі болмақ болады, ол съезді басқаруға оязной (начальник) шықпақ болып, бір ай бұрын сол төрт ояз елді хабарлайды, әр ояз елге өз ортасынан болыс басына бір би сайлап алып келуге бұйрық беріледі. Ел жиылмақ шамада Зайсан, Өскеменнің отыз-қырық билері келіп, Ақметкөрөй Рақыш Төлей баласының аулына түседі. Рақыш Семей оязына қарайтын керей, матаі, уақ сықылды руларга қадірлі, әмірі жүріп тұрған кісі еді дейді, бұл үш ояздың билері бас қосып, біз осы съезді төрт болыс тобықтыны, оның басшысы Абайды төмендетіп, аяқ астымызға бір салайық, бұл тобықты аз болса да көнбейтін ауыл болды, оның Абай сияқты кісісін осы жылғы съезге кіргізбесек, қалған тобықтыны жөнге салып, малы-басын шабындыға ұшыратамыз, сондықтан бір бас, бір тас болайық деп баталасты (сөз байласты).

Тобықтыдан басқа үш ояздың билері біріккен соң Кереку оязының билеріне кісі жібереді, оларды да көмекке шақырады. Кереку билері айтады, біздің тобықтыда қол жетпей жүрген ақымыз жоқ, Абаймен бас араздығымыз да жоқ, сондықтан, біз екі жаққа да қосылмай жай тұрамыз, — дейді. Енді уәделескен ояздың билері Абайды жамандап, дүние пәлені жауып, осы съезде ол болмаса еken, ел бұлдіреді, ұры ұстайды деп оязной (начальникке) барлық билер қол қойып, мер басып арыз береді. Бұл хабар елге жайылып, жұрт Абайдың бір сүрінетін кезі келді ғой десіп жатады, сол хабарды

тобықтылар да естіп, бұл істің, түбі қалай болады деп, Абайға келген соң, Абай: «Бара көрерміз, қорқып, қашып жатуға болмайды» деп атқа мініп, жолдағы біздің Байқадам — Сқақ деген екі тап ауылға кеп, билер мен Абайлар бөліне қонысты. Сонда тобықтының мамай деген табынан шыққан Байқекше деген ақыны ерте оянып келіп, Абайға бүгін бір тұс көрдім деп, тұсін өлеңмен айтады.

Абайжан, бір тұс көрдім бүгін тұнде,
 Көкке ұшып, шарыққа шықтың мұлде,
 Ақ киімің үстіңде, боз атың бар,
 Аспанда шағылыстың барып құнге.
 Сонан соң жоғарылап тағы да ұштың,
 Ілдің де екі нәрсе жерге тұстің,
 Орнықтың биік тауға қондың-дағы,
 Элеумет бәрін көрді болған істің.
 Жаныңда төрт аққу кеп қонды тағы,
 Лық толған ақ сұңқарға екі жағы,
 Қасыңда шалмалылар келіп, екі,
 Сөйлесті мәжіліс қып олар тағы.
 Қол жайып шалмалылар бата берді,
 Осыны жамағаттың бәрі көрді,
 Үйқымнан ояндым да ғажаптандым,
 Отырдым ойға келіп арлы-берлі.
 Тұсімнің қәлеті жок, олай-бұлай,
 Жорыдым өз тұсімді, өзім былай:
 Ақ киімің, астыңда боз ат болса,
 Ағартар тұқымыңды сенің құдай.
 Қөкті құшсан, бақытың қөкті шарпар,
 Ақылық осы жүрген жаннан артар.
 Әкелген екі нәрсед ғылым-білім,
 Сөзінді естігеннің бойы балқыр.
 Құнге шағылыссан боларсың ай мен қундей,
 Арқа — ұранды қазаққа тегіс бірдей,
 Ақ сұңқардың жаныңда лық толғаны,
 Тұқымыңнан жан қалмас атқа мінбей.
 Төрт аққу: Құнке, Ұлжан, Айғыз, Нұрганым аналарың
 Шалмалы: би Өскенбай, Қеңгіrbай бабаларың.
 Шалмалының бата қып қол жайғаны
 Бақытыңнан құр қалмас балаларың.

Бұл жолы артылады тағы басың,
Күннен күнге болады бағың басым.

Абай атына мінерде: «Әй, семіз кедей, мұнда келші,— деп, мені қасына шақырып алып: Сен атыңа мін де, Әлімханға бар, болып жатқан жұмысты өзі де естіп жатқан шығар, Абай съезге барамын, соны Әлекене айт деп жіберіп еді, де»,— деді. (Бұл әңгімені айтып отырған Мұсірәлі — ескіше Семей уезі, Шыңғыс пен керей, Кәкен болысына қарайтын уақ Байқадам — Сапақ деген таптан шыққан заты кедей, пысық жігіт екен, жақсылардың қасын көбірек жағалап жүретін болса керек, оны Абай тәуір көріп, «семіз кедей» деп атқойыпты. — Ә.Ж.)

— Ендігі менің съезге баратынымды айт деп, жұмсап отырған кісісі Әлімхан деген,— дейді Мұсірәлі, — о да Кәкен болысына қарайтын уақ қандар деген таптан шыққан, ел ағасы қадірлі ақсақал еді дейді. Атыма мініп мен Әлімханға жүріп кеттім, ал Абайлар съезд болғалы жатқан Қарамолаға жүріп кетті. Мен келсем Әлімхан тыста дәрет алып отыр екен, сәлем берген соң: «Мұсірәлі, қайдан келе-сің?» — деп сұрады да, мен Абайдың сөзін айттым. Әлімхан баласын шақырып алды да: «Менің атымды алып келіп, ерттең қойшы,— деп, маған,— үйге жүр,— деп ертіп үйіне келді. Дайын тұрған шай іштік, артынан қымызың ішіп, қасына бір атшы ертіп алды да, Қарамола жаққа жүріп кеттік.

Съезге тіккен көп үйлерге келгенде, «Мұсірәлі, сен бұл үйлердің кімдікі екенін айырып білесің бе?» — деді. Мен: «Мынау алдымыздың ағы керей, матай Рақыштардікі, мынау үй тобықты Абайлардікі болса керек»,— деп, тігілген үйлердің жөнін айттым. Әлімхан Рақыштың үйіне қарап тұра тартты, Әлімханның келе жатқанын тобықтылар да көріп танығандай болды. Үй сыртына келгенде Рақыш та үйінен шығып, Әлімханға сәлем беріп, атын ұстап жалпылдан қалды, үйге келісімен қымызың әкеп, сапырып отырып, Рақыш сез бастады: «Әлеке, әнеукүні-ақ кісі жіберіп едім, келе алмадыңыз, мұндағы жаман інілердің елдің басын қосып, шеттен келген Зайсан, Өскемен билерімен баталасып, елді көбейтіп алдың, осы жолы тобықтының жер қыламың десіп отырмың, тобықтыңың сенетін Абайын да оязға мөр басып көрсетіп, билікке жаралайтын қып тастадың, енді өзіңіз келдіңіз, мына көпті бастап ақсақалдың қылышың,— деді.

Сонда Әлімхан отырып: «Жарайды, сендердің адам болғанда-рыңа қуанамын ғой, бірақ осы төрт болыс тобықтыдан басқа жауларың

бар ма?»—деді. Рақыш: «Жоқ, жалғыз-ақ тобықты гой»,— деді.

Әлімхан: «Сендермен баталасып отырған Зайсан, Өскемен билері қара-кереі, мұрын, бәйжігіт, матай адамдары осы біздің елде қыстап қала ма, жоқ ез еліне қайта ма?— деді.

Рақыш: «Жоқ, бұл жақта неге қыстасын, еліне қайтады гой»,— деді.

Әлімхан: «Осы біздің Сырдың бүйрекіндегі аз ауылдан құралған керей, уақ, матай, бәрі сол Зайсан, Өскемен жаққа көше ме, осы отырған орнында қала ма?» —деді.

Рақыш: «О неге, көшеміз!»— деді. Сонда Әлімхан аз ұн демей отырды да:

«Әй, Рақыш, біз бүтін ел жиып, бас құрап, төрт болыс тобықтыны төрт ояз елдің талауына саламыз, басты адамдарын айдатамыз, сонда малдан, бастан айрылған, шабыншылық көрген тобықтының қалғаны бір жаққа ауып кете ме, жоқ осы Шыңғыста отыра ма?» —дейді. Сонда Рақыш бұрынғыдай емес, қыпалаңдал, «Қайдан білейін, қайда барады дейсіз, отырады гой» — деп жан-жағына жалтақтап жауап берді.

— Жә, олай болса, біз төрт болыс тобықтыны төрт ояз елге талатып жіберіп, көмексіз қалсақ, айғайласақ Зайсан, Өскеменге даусымыз жетпесе, аш-жалаңаш, малынан-басынан айрылып қалған тобықты, аяқ астында аман-есен малы көп керей, уақ, матай отырғанда, тамақты қайдан іздейді деп ойлайсың?» — деді.

Сонда Рақыш жағасын ұстап, «Астаныралла, Әлеке-ай, мен батаға кіріп қалып едім, қайтемін?» — деді. Әлімхан отырып: «Сен бұл сөзге тоқталсаң, батаға сені мен шет қылғызбай-ақ құтқарымын. Өзің баталасқан елдің басты адамдарын маган шақыртып бер, көз алдыңда батадан құтқарайын»,— деді. Рақыш баласына пәленді, түгенді шақыр, Әлекең ақсақал келді де, тез келсін де,— деп, сабыры кетіп, сасқалақтап қалды. Аздан соң біз отырған үйге қырық-елу басты адамдар жиналып қалды. Келгендер Әлімханмен амандастып, жөнін айтысып жатыр. Жиналып болды дегенде Әлімхан сөз бастады:

«Жиылған қауым, сіздер мына біздің Рақыш мырзамен баталасып, дос-жолдас болыпсыздар, сондағы жауламақ болғандарының төрт болыс тобықты болыпты. Рас, төрт ояз ел жабылса, төрт болыс елді женеді де, өшіккен елді талауга болады да, бірақ бұл съезд тарқайды, сіздер елдеріңізге қайтасыздар, бұл қалған аз ғана керей, уақ, матай жаудың қолында қалады. Мал-басынан айрылған тобықты қарап тұра алмайды, сонда сіздер мына қалған елге не

көмек бересіздер? Жоқ, біз мал айдап олжага батып қайтайық, қалған досымыз күймесе жанып кетсін дейсіздер ме?» — дегенде жұрт: «Жоқ, Әлеке, біз олай демейміз, біздің тілегіміз тобықтының ұрыларынан көретін — жоғалтқан малдарымыз бар, соның, барына мал, жоғына құмән алсақ, соған сіздер көмек қылсаңыздар дейміз. Біз жаны ашымайтын жау емеспіз, жауға сіздерді тастап мал табамыз деп айтпаймыз» — деседі. Әлімхан отырып:

«Олай болса, тобықтыдан барыңа мал, жоғыңа жанды әперетін мен, осы топтың билігін маган беріңдер, пәле-жала қумаңдар,— дегенде, жұрт бір ауыздан: «Әлеке, не қылсаңыз да өзіңізге бердік, бізге пәленің керегі жоқ»,— деседі.

Сонда Әлімхан: «Ал, қауым, бұл жолғы билікті маган берсеңдер, мен төбе билікке Абайды сайлаймын, Абай момын ақысы залымда кетсін демейді және тобықты бөтен елден болған бидің билігіне мал бермейді, зорлықпен алам десең ел бүлінеді, қөнсөңдер менің айтатынның осы, екі жаққа бірдей пайдалы бітімді табу Абайдан басқаның қолынан келмейді»,— деді. Қөвшілік: «Әлеке, не қылсаңыз өзіңіз біліндіз, қөндік»,— дегенде, Рақыш түргеліп, «Әлеке! Қөп сізге берген сөзін қайтып алмайды, бірақ төбе билікке Абайдың қасына бір би қоссақ деймін, жауапкер де тобықты, би де тобықты болған соң, ел ақысына толық қолы жете алмай қала ма, деп ойлаймын»,— деді. Әлімхан:

— «Әй, Рақыш, қате айтасың, біздің, бұл жиылған төрт ояз елде Абайды сөзден ұтатын, заңдан ұтатын кісі бар ма? Абайға кісі қоссан, өз ақыңды өзің кетірген боласың да?»— деді. Өзге көп «Әлекем жөн айтады, Абайды сөзден, жолдан жеңемін деп кім шығады, жалғыз-ақ істің артына Әлекен өзі ие болса болады да»,— десті.

«Ал, олай болса осы қауым түгел жүріңдер, Абайдың үйіне барайық»,— деп Әлімхан орнынан тұрғанда, жұрт ду тұрды. Мен жүгіріп барып атыма мініп, кісінің тасасымен Абайдың үйіне шаба жөнелдім. Қөптен бұрын келе-сала Абайға: «Әлекен, көпті ертіп келе жатыр, сізді төбе би сайлайтын болды, шүйіншіні өзім алам»,— деп сасқалақтап айтып жаттым.

«Семіз кедейім, жарайды, сыртқа шығайын, адам көп шығар, үйге сыймас, сендер анау үйлердегі билерді де хабарландырындар, олар да сөздің ішінде болсын, барынша қымыз дайындаңдар» — деп кісілеріне тапсырма айтып, Абай сыртқа шықты.

Әлімхандар да келіп қалған екен, сәлемдесіп, амандастып жатыр, үйдің сыртына алқа-қотан болып отырысты. Әлімхан сөз бастады:

«Абай мырза, өзің де естіп жатқан шығарсың, мына Зайсан, Өскеменнен келген ағайындар біздің Рақыш мырзага келіп, тобықтыда қолымыз жетпей жүрген ақымыз-дауымыз бар, найман, керей, уақтың, баласы едік, бізге жолдас бол, көмек қыл деген соң, бастарын қосып баталасып, сіздің елмен жамандасып, жауласпақ болған екен, соның ішінде бізге қарсы тұрып қайрат қылатын Абай гой деп, тілдері жеткенше жамандап, ұлыққа сені шаққан көрінеді. Үйде жатыр едім, ел бүлінуге айналды дегенді естіп, шыдай алмай атқа мініп, ағайындарға келіп едім, мен әдейі ақ сақалыммен келген соң осы отырған үш ояз елдің ақсақал-қарасақалы сөзді, билікті маған берді. Мына мен әкеліп саған беремін. Сені Құнекем аруағына берем», — деді. Соңда Абай тұрып:

«Әлеке, сіз сықылды ағаның бергенін аламын, бірақ, «Жаңылмас жақ болмайды, сүрінбес ат болмайды» деген мақал бар гой, мен серке боп көпті бастасам, сіз қойшы боп сырттан бағып жүресіз, — деді. Сөз тоқтады, қауым енді тына Абай осы съезге төбе би болсын, берекелі бітіммен топ тарқасын, бұдан былай да елдіктерің кетпесін деп Әлімхан бата берді, көп қол жайып бата қылышты. Әлімхан ендігі сөз оязда қалды, осы жиылған қауым түгел оязға барып, елдің тоқтасқанын, Абайды төбе биге сайлағанымызды айтайық деп, барлығы съезге келген топты ертіп ояздың, үйіне жүрісті.

Ел келген соң ояз тысқа шығып, жүрттың сөзін тыңдал болған соң: «Ибраһим Құнанбаев, сен мұнда кел», — деп қасына шақырып алғып, екеуі орысша сөйлесіп кетеді. Жүрт ол күні үйді-үйіне тарап кетеді. Мен Әлімханға еріп Рақыштың тіккен үйіне кеттім. Ертең ел тұрған соң Әлімхан Абайдікіне барды, Абай:

«Әлеке, оязben сөйлестім, орыстың біздің қазақ дауы туралы шығарған заңы тұра келмейтінін айттым, ояз оған тоқтап, олай болса, сен қазақтың ғұрпына, әдетіне, тұрмысына лайықты заң шығарып жаз, осы съезге жиналған билерге, елге оқып бер, егер оларға ұнамағаны болса түзет, сол көптің ұнаган заңын мен бекітейін, бұдан былай қазақ ортасына белгілі заң болсын, — деді. Соны жазып жатырмын. Үш күнге шейін билер жиналмай үйлерінде отыра тұрмақ болды, ал ағайынша сөзді өзі бітім қыла берер, жаңа заңды жүрт ұнатқаннан кейін ояз бекітеді» — деді. Сонымен айтқан күні ел түгел жиналышп, ояздың алдына барды, Абай ояздың үйінде екен, екеуі шықты. Абай қолына ұстаған қағазын ашып оқыды, жүрт тыңдал тұрды, бірақ шығарған заңы 93 статья болған екен десті, сол жердегі жиылған көпшілік бір ауыздан дұрыстап шуласты, ояз Ибраї Кунанбаевичтің заңы бекіді,

бұдан былай билер, осы заңмен билік айтын, — деді. Мен сол айтылған заңның біразын ауызша ұғып алғып едім, хат білмеген соң жазып алмай, ұмытып қалыптын. Бар есімде қалғаны осы еді,— деп, Мұсірәлі екі статьясын ғана айтып берді.

1. Ұрының ұрлаған малы көп болады, өз қолындағы малы елдің ақысына жетпейді, сонда малды кім төлеу керек, дегенде — бұрынғы орыс заңында, ұрының туысқаны тартсын дейтін, Абай заңында, ұрының малы жетпесе, ұрыға ат беруші, ұрлығын сүйеуші тартсын деген.

2. Байы өлген әйел, қалған әменгердің мүлкін алады, ала алмаса, біреуге сатса да ерікті деген бұрынғы заңның орнына Абай байы өлген әйел басы бос болсын, ол бұрын бір рет сатылған, жасау-жабдықпен келіп, қалың малды төлеген, сондықтан екінші рет сатылмасын,— деп Абай заң шығарған дейді.

Мұсірәлі ақсақал бұдан басқасын білмейді.

1939 жыл.

АБАЙДЫҢ ІНІСІ ХАЛИУЛЛАҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Сізге, ардақты және құрметті, жақсы көретін аяулы ініміз
Халиулла мырзага, бізден ағаңыз Ибраһимнен дүгай сәлем және
барлық ата-аналарыңыздан, аға-іні, жеңгелеріңізден көптен-көп
дүгай сәлемдер жолдадық.

Құдайға шүкір, осы құнде өзің көрген жандар тегіс сәлематтыз.

Сізбен, бізге хат жазған Камаридден моллаға көптен-көп сәлем
дегейсіз.

Әрбір сізге дінқарындасы тұрғысынан қылған жақсылықтары
Алла-тағаладан қайтын, өзіне хат жазуға уақыт тар болды.

Аягөзге келген уақытта почта жүрерге асыруда еken, әртүрлі хат-
тарды да көрген соң, көңіліміз жай тапты.

Және сізге жол қаржыға отыз теңге жібердік.

Жаңа Семейге мағлұм еткен уақытыңызда Құдайтағала қаласа ат
тағайындармыз.

Тәтедіз¹ білімнің қайнар бұлағын үйренгенің турасында бек
қуанып жатыр.

Әрқашан Құдайтағалаға сыйынып талап қыла көрсін дейді.

Хатыңыз тиісімен ешбір тоқтамайынша Аягөзге келіп осы хатты
жаздық. Һардайым, таупықты, абыроілі ғұмырыңызды тілеп хат
жазушы, ағаңыз Ибраһим Құнанбай ұлы деп білесіз.

Тағы да көп-көп сәлем.

1866 жылында, 8 марта.

¹ Тәте — Құнанбайға балаларының қойған аты.

1885 ЖЫЛЫ СЕМЕЙ ҚАЗАҚТАРЫ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫ ІСТЕРГЕ ҚАРСЫ ЗАҢ ЕРЕЖЕСІ (БҰЛ ЕРЕЖЕГЕ АБАЙ ҚОЛ ҚОЙҒАН)

Ескерту: Ереже цәақ та, көлемді болғандықтан тек кейбір бабтары ғана үзінді ретінде қысқартылып берілді. Ереженің тілі сол кездегі кеңсе тілі — демек шала қазақ тілімен жазылғандықтан, қазіргі әдеби тілге аударылып басылды.

Семей облысының бес дуанының, барша халқының ортасынан сайланған адамдарының, 1885-ші жылды май айында Шар бойында Қарамола съезінде жасалған заң ережесі.

1 -баб.

Болыстың съездерде даулар ұлкендігіне, сомасына қарай бітіріледі. Төтенше съездерде ұлықтардың әмірі бойынша әрбір уезд өзді-өзі арасындағы дауларын көзектесіп бітіседі.

31-баб.

Байға тиген қатынды біреу алып қашса, яки қатын өзі қашқан кісісімен өз елінің съез билеріне тұра қайтарылады. Билер қатын мен байын жарастырады. Егерде байы өз қатынның қайтып алса, алып қашқан жігітten бір тоғыздан үш тоғызға шақты айып алынады. Егерде байы алмаймын десе қатын көңіл қосқан кісісінде қалады. Бірақ алып қашушы адам бұрынғы құйеуінің төлеген қалың малын толық қайтарып береді, ал қатын мал-мұліктен құр қалады. Егерде біреудің айттырған жесірін алып қашса, алып қашушы кісі қыз әкесіне толық қалың малын төлейді. Егерде қыз әкесі жасау беруге ихтияр болмаса қыз жасаусыз қалады. Қыз әкесі бұрынғы

күйеуінен алған қалың малын қайтарып, үстіне бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді.

33-баб

Ұрыс-төбелес шығарғандар билердің билігі бойынша ат-шапан-нан үш тоғызға дейін жәбірленушінің пайдасына айып төлейді. Ұрыс-төбелестің басшысы өзге жолдастарынан көрі айыбын артығырақ төлейді. Бұзықтық шығарған адамдар өз болысының приговорымен немесе осы положение бойынша билердің билігімен ақшага яки тиісті абақтыға жазаланады.

35-баб

Суга кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында, боранда немесе сол тәрізді апатқа ұшырағандарға көмек етпегендер бас тоғызбен айыпталады.

36-баб

Мал өлімін тоқтатпақ үшін жасалған үкім бойынша жәһат қыл-мағандар болыстық приговоры бойынша 3 теңге айыпқа жазаланады. Көрші елінде мал өлімі болған уақытта жәһат етпегендерге жаза көбейтеді. Жеті күннен бір айға шақты абақтыға бұйырылады. Арық бұзғандар, көпір, құдық бұзғандарға немесе өзге біреудің өз еңбегімен жасаған заттарын бұзғандарға шығыннан басқа, ат-шапан айып бұйырылады немесе ақша бойынша 15 теңге төлетеді.

40-баб

Ұрлыққа жәрдем еткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады. Бірақ дүре мен абақты ұрыға серік болған ауқатты кісілерге билікке көнбекен жағдайда ғана кесіледі.

46-баб

Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жәздесіне бармаймын десе, алған қалың малын қыз әкесі күйеуіне қайтарады.

47-баб

Байы өлген жесір қатын сүйсе байының бір туысқан бауырына яки ағайынына тиеді, егерде сүймесе ихтияры өзінде.

51-баб

Егер байы өлген қатын, баласы жоқ болса да, бар болса да, байға тимей отырса, байынан қалған барша малға ие болып, өзі билеп тұрады.

52-баб

Сойыс, қонақ асы, қазақ рәсімінде бар; берменен кісі бір ат-шапаннан бір түйеге шақты айыпты болады. Бірақ бұлардың ішінен керуен немесе тракті жол үстінде, жәрменкес қасында, қайық аузында, съез мекемесінде, қала қасында тұрушылар — шығарылады.

55-баб

Біреудің жерін жеген дауларды билер жер пәленшешінің деген елубасылардың қуәлігіне қарай тексереді. Тексерген уақытында жерді билер өзі барып көреді, немесе сенімді кісінің қуәлігі бойынша жеген жердің сомасына қарай билік айтады. Жер иесінің шытырынын қайтарып үстіне айып салады.

Қонған ауылда қонақтың аты жоғалса ауыл күймейді, сенбесе ат иесі ауылдан шаригат алады.

63-баб

Қазнага һәм даугер адамға кесілген айып өзге кісіден күйдіріп алынбайды. Кескен адамның малы жоқ болса айып орнына абақты бүйірылады.

ЖАН ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛМАҒАН ОЙШЫЛ

Абайдың 150 жылдығына.

*Ақынның аруагына махаббат
hәм құрметпен бағыштадым.*

A

Қазақтар ең бір ұлы ұлын аялай ардақтап — Абай атаған. Абай — ұлы ақын, композитор, аудармашы, философ hәм қоғам қайраткері.

Абай — қазақ поэзиясындағы ең бір трагедиялық тұлға.

Ол жан жарасы жазылмай кеткен ойшыл.

Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.
Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрmedім.

Қазақ поэзиясын, Абай тұңғыш рет терең философиялық қуатты оймен суарды. Дешті қыпшақ даласына жаңа поэзия қамалын соғып, ой мен суреткерлік тоғысқан кенен бұлақтың, тұнық көзін алғаш ашты. Абай есімімен қазақ топырағына философиялық және стилистикалық бағыттағы жаңа поэзия келді.

Поэтиканың басты қос бағытынан, егіз тармағынан, қазақ поэзиясының шалқар көкжиегі анық көріне бастап еді.

Қазақ ортасында идеялық жаңа тыныстың қанаттануына Абайдай жан салған ойшыл кемде-кем, идеялық өрістің отын жағу үшін,

шоқтанып қалған халықтың сезім мен ұлттық дәстүрді жедел дамыту керек болды. Сонау XIX ғасырдың соңында сомдалған Абай жыры XX ғасырдағы реалистік поэзияның биік шыңына айналды.

Поэзияда еншісі бөлінбейтін, жаттықтан ада ірі тұлға бейнеленуі қажет. Абай қашанда халық жағында, ақынның ой алаңында — халық, өнердің алтын діңгегі, әлемдегі рухани байлықтың жалғыз қазынасы болып ерекшеленеді.

Ақын халқының фольклордағы образдық тұтастық қасиетін сырттан ғана қызықтаған жоқ. Абайдың ұлылығы халық поэзиясының образ әлеміне терең еніп, өмір, махабbat, өлім ұғымдарына ғарыштық магына беруінде жатыр.

Абай поэзиясының бояуы, нақышы, әдеби, философиялық ерекшелігі мен еркіндігі барған сайын кемелдене түсті. Абайды оқып отырып, оның ұлан-ғайыр суреткерлік шеберлігіне таң қаласың; әндік қайырым, импрессионистік дәлдік, нәзік стиль, салмақты тереңдік, жан тебірентер әуен, ақын ыңғайына көніп жүре береді.

Абай поэзиясы сиқыр үнмен құпия сырғатұныптыр. Абай өлеңі — қуатты жан тебіренісі, қайыспас жанкештілік және ішкі бостандық. Сонымен бірге, адам баласының басына түскен әділетсіздікке қарсы, ұят пен намысқа толы ақын үні ғайыптан қосылып атойладап тұрып алады.

Ақын шығармашылығы шексіз қайғы мен жанталас қасіретке толы. Абай лирикасы адамның қапалы өміріне назаланған жан азасы. Адам бойындағы сезім, өмір мен өлімге шақ болуы керек, өйткені, өлімнің еншісі жаңа өмірмен ғана қайырылмақ.

Абай поэзиясы ой мен сезім әлемін еркін жетелеп, қазақтың тарихи тынысын да ғаламдық болмыстың тынысын да кең ашады. Оның мұнға тұнған әндері биік ақыл мен биік тазалыққа шақырады. Абайдың бойына біткен өнер қуаты көңілінді қыздырып, жаныңды жаңғыртады.

Ақынның ұлылығынан жаратылып, сомдалған суреткерлік әлем қазақ даласының тылсым қуатын танытады. Оның шығармашылығы тірліктің терең тамырынан ұздіксіз нәр алған.

Ақын жаны, әлем әдебиетімен терең суарылғаны сонша, араб, парсы, орыс ақындарының мыңдаған жолдарын жатқа айтып отыратын болған. Абай ұлы ақын ретінде, әлем тынысын өз жүргегінен өткізді, сонымен бірге, өз жан әлемін өз ішінен қорытып шығара алды. Сонан да оның шығармашылығы сыртқы әшекей мен жалған бояудан мұлде ада.

Абай өмір бойы сыртқы ортадан бойын жиып, тартынып қана қойған жоқ, феодализмнің зорлық пен зомбылық жеңген қапас құрсауынан құтылуға жан салды. Жаңасында зер қойып, қанаттанған дала ақындарының бір сарынды дидактикалық қайталауларынан ойысып, дара шығып, тың образ бен тың идея аясына ұмтылды. Бұл көне тіршіліктің ыңғайында қалған құндерінен жеріп, жаңаша қалыптасқан адамдық идеялар мен адамдық ойларға батыл бет бұрысы болатын.

Ақын ерекшелігі, өмірді, сүйіп-күюдің ордасы, немесе тағдырдың межелі бөлігі деп емес, ұзақ, күрделі күрес жолы деп ұғынуында. Өлең әлемінде мәңгі ғұмыр кешу үшін, айтулы жанкештілік керек. Поэтикалық жанкештілік қана сөз құдіретін сөндірмей, адамзат көшін ілгері бастай алады.

Абай өлеңді енді поэтикалық шарттыққа емес, ұстамды ой әлемінің толассыз көшіне ілесті. Бұл сөз қадірін биік деңгейге көтерді. Ақын шығармашылығының басты бағыты — адам мен ғарыштың, жан мен тіршіліктің тынымсыз бірлікте екенін ұғындыру болды. Абай өлеңдерінде рухани һәм тарихи құбылыстардың ажары терең бейнелене түсken.

Абай әлемінің шын мәнін, қазақтың ой қеңістігіндегі алатын орнын пайымдағанымыз жиырмасыншы ғасырдың қырқыншы жылдарында ғана. Халыққа ақынның ұлылығын ұғындырган «Абай» романы еді. Абайдың классикалық ұлгідегі ақын екенін, оның ақиқатқа толы поэзиясында жаңа өмірдің ұрығы барын, сол жаңа өмірге талпынған, қуатты ой империялық езгіні жарып шығуға бет алғанын көрсеткен де ұлы Мұхтар Әуезов болатын.

Б

Абай поэзияда философиялық айқындық пен тереңдікке қатты бет бұрды. Ұлы ақынның қай-қайсысы да шалқар философиялық ой тұнығымен жан суарған. Шығыс пен Батыстың философиялық идеялары, ақын лирикасында, терең толғаныс елегінен өтіп, тың тынысты жаңа ойларға ұмтылыс жасайды. Абай шығармашылық өмірінде Шығыстың ұлы ақындары — Омар Хайям, Рудаки, Руми, Яссавилермен сұхбат-кеңесті мол өткізді.

Ішіп, терең бойлаймын,
Откен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын,

**Жұрттың жалған шуарын.
Тағы сене бастаймын,
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішеген у бар ма?**

Абайдың философиялық толғаулары, өмірге өзінше қарау, адамның тіршіліктері позициясын айқындау. Абайдың ойлы поэзиясы — этикалық бағдар мен тағымыр биігін көрсетеді. Ақын санасы бір ортаға, — адамгершілік бірлігін іздеуге ұмтылған, сол арқылы, ақын, адамды өлімнен қорықпауға, өмір сырын ұғынуға шақырады.

Абайға керегі адам, адамның рухани болмысы мен адамгершілік нысанасы. Сонан да Абай өлеңдерінде, адам табиғат аясында жоғалмайды, ал табиғат адамның ішкі кеңістігіне сиып кете береді...

Кеменгер Абайдың поэтикасы адаммен қауышу, адам мен адамның жүрек жалғастырған татулығын арттыру.

Абай халқын оянуға, жан тірлігіне, қалғымайтын намысқа, үздіксіз рухани еңбекке шақырады.

Шығыс поэзиясының түп-тамырында сөз құдіретіне деген айрықша құрмет жатыр.

Шығыс ақынының сөзі мен ісі бір жерден шығады. Айтылған сөз, атқарылған іс болып қабылданған. Тек осылай ғана адам жанын тазалық пен бірсөзділікте тәрбиелеуге болатын еді.

Ақын жырының өткірлігі, қазақ даласында алмас қылыштан асып тұсқен.

Шығыстың ақылы мен Батыстың озық ойлы идеясын Абайдай зерделеп өнеріне мұрат еткен қазақ ақыны болған емес.

Даланың дана ақыны Абай Шығыс пен Батыс поэзиясының суреткерлік ерекшеліктерінің басын құрап, аса терең мағыналы гуманистік Батыс-Шығыс синтезін ашты.

Немістің ұлы ақыны Гете түзеген гуманистік Батыс-Шығыс синтезін Абай ары дамытып, қазақтың ой кеңістігіндегі орнын айқындалап берді.

Бұл ұлттық догмалар мен «евроцентристік» отарлау концепциясына қарсы бағыт еді.

Пушкиннің шығармашылық эволюциясына тереңдей зер салсақ, оның поэзиясындағы Шығыс тақырыбының айрықша белгісін көреміз.

Шығыс өлеңінің нәзік әуенін Пушкин ерекше сезініп, сол сазды

әуенниң үнін поэзиясында ардақтай сақтаған, тұңғыш орыс ақыны.

Атақты «Кавказ» өлеңінде цензураның қысымының кеселінен соңғы шумақтары түсіп қалған:

Так буйную вольность законы теснят
Так дикое племя под властью тоскует,
Так ныне безмолвный Кавказ негодует,
Так чуждые силы его тяготят...

Пушкин танымындағы Шығыс-Батыс синтезі, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының қыспағына қарсы ереуіл ой көтерді, орыс ақынының жаны мен болмысы азаттық аңсаған Кавказ халқының жағына шықты.

XIX ғасырдың соңында Ресей самодержавиясы Қазақ даласын темір бұғауға әбден шырмап матаған кезі еді.

Отаршылдық қыспағында қалған Дешті-қыпшақ даласы экономикалық, әлеуметтік, мәдени құлдықтың шырмауында жанталасты. Шырмауда қалған көшпендерлер елінің мәдениеті де, санасы да қүйреді.

Дүниенің табиғи қозғалысы күшпен үзілді. Ортадан өрбіген дөрекі, айдаһар құш дала өмірін жоюға ұмтылды. Жандаралдың табаны астында дала талып жатты, даламен бірге поэзия, аңыз, ертегі өлді... Алmas қылыш пен қорғасын оқтап жан тапсыру адам табиғатына жат құбылыс. Зорлық өмірге жаңа тіршілік әкелмейді. Әлемдік гармонияның бұзылуы сыртқы құштің озбірлігінан туады.

Бұл кезеңдегі қазақ ақынының, ғұлама ойшылының тірлігі қапас жалғыздық болатын. Дағы ойшылының жалғыз бағыты, халық жүрегіне бастар жолғана. Абай даналығы, жалғыздықта жабырқаған жанының рахаты халық аясы екенін үфуында.

Ол өз халқын рухани білктен көруді арманадады.

VII–VIII ғасырдан тартылған тұрік тілдес қауымның дара жолының ерекшелігі соншама, қазақ ойы бұл кезде ерекше қуатпен, бұрын-соңды болмаған тілекtes ынтымақта жұмыс істеген.

Ортақ ой, ортақ мұдде, ортақ үрдіс мәдениет, философиялық тұжырым мен лирикалық межелерді бірдей қамтып кетіп еді.

XIX ғасырдың ұлы ақындарының бойында гуманистік синтез қайталанбайтын дара бітімде болды.

Айуандық пен әділетсіздікке қарсы тұрган күрескер, еркін азамат — Абай концепциясы ақын шығармаларының биік рухани бағасы болып табылады.

Дәл осындағы таным-түсінік ұлы суреткерлер — Шекспир, Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Рабинранат Тагорларға да тән болатын.

A

Абайдың поэзия мен прозадағы адамның өлшеулі ғұмыры тұра-лы ойлары ақынды Құдайға алып келді.

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа жол емес.
Денениң барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты
Махабbat қылса тәңрі үшін.

Құдай дүниені жаратқанда, оны әұлымдық пен зар наланың орны қылыш жаратқан жоқ. Жұмыр жер адам үшін жаратылған, өйткені адамсыз, әлемде ынтымақ пен гармония болуы мүмкін емес.

Адамға берілген ақыл-ес — Құдайдың туындысы, ғаламды ұқсын деуі, алған білімді биік мақсат үшін ұстансын деуі.

Нағыз ғұлама үшін көк аспан мен қара жерді айыратын күш жоқ.

Айуандықтың ордасы — надандық, оны жене үшін қажырлы білім керек. Адам санасының кірісер жері, адам жүргегінің мейірімін асыру, жаратушы Құдайға жол ашу, гармониялық бірлікті сақтау.

Абайдың ойынша, адамзат баласы ызалы жүректің құлы емес, сондықтан да Адам өмір сүруі, еңбек етуі және адамдыққа ұмтылуы қажет.

Көп жылдар бойы жанын толғантқан мазасыз ойын, іздегені мен тапқанын, үрейі мен жанталасын, қапасы мен қуанышын, рух ұмтылысы мен азапты өмірін, көңілін көгендеген ыза мен құлшылығын жиып жазған «Faқлия» былай басталады:

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық — әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік, қажы-

дың, жаһықтың, қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз. Соны таба алмай өзім де қайранмын».

«Гақлия» ақиқат үшін жан салған ақын ойы. Бұл кітаптың идеясы қарапайым да құдіретті.

Дүниенің тәңдессіз жетістігі Адам, сол Адамның жаны мен тәні сұлулық пен келісімнен айнымауы керек, деп айтудан Абай жаһыққан емес, сол сезінен тайған да емес. Адамның жаны, ойы, тәні мен сезімі кәусар судай таза болуы керек. Адам санаасын тек қана қайырымдылыққа, жоғары мақсатты рухани кемелдікке жұмсауы шарт.

Жеке адам қамынан, бұқіл адамзат қамына дейінгі ұмтылыс, Ақын жанының рухани баюына аса ұлken ықпал жасады.

Жер Ананың тынысы мен жеке адамның әлем алдындағы жауапкершілігін сезінуі — ұлы Ақынның басты олжасы еді. Осы жолға ақын жаны мен басын бірдей тігіп өтті.

Туган халқының алдына, Дешті-қыпшақ даласының тағдыры туралы Абайдай аяусыз ұрақ қойған жан болған жоқ. Абайдың адамгершілік максимализмі, туган халқының мешеу мінезін ғайбаттау емес, қайта туган халқын талмайтын зерделікке, ойлылыққа шақыру. Сонан да, Абай шығармалары адам сенімін қайрайды, көнілін толғандырады, қайырымдылықтың шегі болмайтынын ұғындырады.

Әлем мәңгі, ортақ және гармониялық бірліктे деп түсіндіреді Абай. Айырылысу, сағыныш, тіптен өлім, ғарыш гармониясын бұза алмайды, өйткені олар мәңгі сөнбейтін табиғи құбылыс.

Соңғы демі біткенше, адам жанталаста, үзілмейтін ұмітте бұлқынып тұрады. Бұл сезім жарылысы, адам бойындағы қажыр-қайраттың тебіренісі, жанкештілік, бұларсыз рухани шабыт жансыз қалады.

Абай жанкешті, құдіретті суреткөр еді. Бұл жанкештілік ақынның өз тағдырына да, әлем тағдырына да ерекше нұр түсірді.

Адам өмірі, сұлу да қайғылы ғұмырдың мәңгі гармониясымен қозғалады: махабbat пен бостандықты өліммен ғана қайыруға болады, жанкештілік барға қанағат қылмайды, жанкешті жан соңғы демі біткенше арпалысты құн кешеді.

Құдай, Абайға ұлы Адамға тән мінез берген, ол сонан да елдің өсек пен ғайбатына, ақымақтардың ашық күндеуі мен қызғанышына пысқырып та қарамаған.

Туган халқының ардагер азаматы болған Абай Адам алдындағы парызына дақ түсірмей, ақиқатқа жан-тәнімен қызмет етіп өтті.

**Махаббат, өліммен қатар қонады, өйткені жанкештілікке бас тік-
пеген махаббат махаббат емес. Бостандыққа тек басты бәйгеге тігумен
ғана жетуге болады.**

**Абай өлеңдерінен біз адамгершілік тәлім аламыз, өйткені ақын
емірі аңызға айналып кеткелі қашан.**

Й

**Туган халқы үқпай өткен ұлы Ақын Құдаймен бетпе-бет келіп,
жалғыз қалды.**

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойланғдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

**Абай туган халқын жаңындай сүйді, соナン да оның ойлы сөздері
қан татиды.**

**Ақынның нәзік жаны керіп тартқан садақтай шарт кетуге шақ
қалған.**

**Бұл өмірден ақын еш адаммен ашылып сөйлеспей, қоштаспай, ұн-
сіз кетті. Оның ой кешкен тынышсыз жанын үққан, қадірлеп-қасиет-
теген, аялаган адамдар, оны о дүниеде тосып жатқан.**

**Ақын саналы ғұмырын, күш-қуатын, туган халқын ағартуға
жұмсады, бірақ туган халқы ақынның жан егілткен әндерін сүйсіне
салғанымен, мұнды өлеңдерінің ой қатпарларына терендең барып,
жанына дарыта алмады.**

**Ақынның өз халқына айтқан ақыл-өсіметі жаһан далада иесіз
қалды.**

Бұл Абай трагедиясының бастауы да, соңы да еді.

**Ал еркін ойлы, қамсыз қазақ халқының трагедиясы белгі беріп
үздіксіз өрби өсіп келе жатқан...**

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ
наурыз 1995.
Лондон

АБАЙДЫҢ
ӨМІРІНЕ ҚАТЫСТА
ЖӘНЕ АҚЫН
ШЫҒАРМАЛАРЫНДА
КЕЗДЕСЕТИН
КІСІ АТТАРЫНА
ТҮСІНІК

A

A

брайылары (1839—1320) — Абайдың замандасты, өзі шешен, қалжың айтқыш адам болған. Жұрт сол үшін оны «Сары жорға» деп атап кеткен. Намаз оқығанда Құранның қирафатын дұрыс оқи білмеуіне байланысты Абай оған өлең шығарған.

Абылғазы Баһадур хан (1643—1663) — 1642 жылдан бастап, 20 жыл бойы, Хиуага хандық еткен. Ол 1646 жылы Жаңа Үргеніш қаласын салдырады, «Шежірәй тұрік» деген кітаптың авторы.

Айтқожа — Тобықтының Бәкендейтін руынан шыққан епті, жұғымды адамы. Абайдың «Қызыздарға» деген өлеңінде аталады.

Ақсақ Темір (1336—1405) — Орта Азияда өмір сүрген ірі мемлекет қайраткері. Ол Қашқа-Дарыя ала-бындағы барлас деген рудан шыққан. 1370 жылы Самарқан ханы Ҳүсейінді жеңіп, оның орнына хан болады. 1398—1403 жылдардың ішінде Үндістанды, Сирияны, Түркияны (тұрік сұлтаны

Баязитті) жаулап алады. 1388 жылы Алтын Орда ханы Тоқтамыс Темірге қарсы шыққан. Темір 1395 жылы Алтын Орданы шауып, оның астана қаласы Сарай-Беркені өртеп жібереді, 1405 жылы Қытайға қарсы жорыққа шыққан бетінде Түркістан маңындағы Отырар қаласында қаза табады. Кезінде Ақсақ Темір Орта Азияның бірнеше қалаларында көптеген сарай, мешіттер салдырған. Қазақ арасында оны «Әмір Темір көреген» деп атаса, орыстар оған «Тамерлан» деп ат қойған.

Ақылбай (1863–1904) — Абайдың тұңғыш баласы. Бұл да ақын болған, ұсақ өлеңдерден басқа «Қисса Дағыстан Жұсіп» атты көлемді дастан жазған.

Аристотель (біздің заманымыздан бұрынғы 384–322 жылдар) — көне грек халқының асқан философи, ғалымы. Ескендір Зулқарнайынның (Александр Македонскийдің) тәрбиеші, ұстазы болған адам.

Аристодем — Сократтың шәкірті болса керек, аты-жөні белгісіз адам, ол жөнінде ешбір мәлімет сақталмаған.

Аталақ — бұл сол рудан. Абайдан бұрынырақ болып өткен адам. Мұның атын да Абай «Қыздарға» деген өлеңінде келтіреді.

Ахмет хан — Юнус ханың баласы. Осы Ахмет ханың үлкен ұлы Тәшкенді билеп, кішісі — қазақтарды басқарыпты деген сөз бар. Ахмет хан қалмақтармен көп жауласқан. Қалмақтар оны: «мынау бір алаша болды ғой» деседі еken. Осыдан барып Ахмет хан «Алаша хан» атанған еken дейді.

Ахмет Риза — Семейдегі мешіттің имамы, Абайдың ескіше (қадімше) білім алған молдасы.

Ә

Әбдірахман (1868–1895) — Абайдың Ділдәдан туған екінші баласы. Әкесі оны жасында Семей қаласындағы орыс мектебіне оқуға береді. Кейін Әбдірахман Түменьдегі реальное училищені бітіріп, Петербургтағы технология институтына түспек болады, бірақ сол қаладағы Михайловское артиллерийское училищесіне кіріп оқиды. Бұл мектепті бітіргеннен кейін әскери артиллерия Академиясына түсемін деп жүрген кезінде сырқаттанып қалады да, 1895 жылы 1 январь күні Алматы қаласында қайтыс болады. Абай Әбдірахманға арнап көптеген өлеңдер жазған.

Әбілмәмбет хан (1771 жылы өлген) — Абылайдан бұрынғы орта жүздің ханы. Қалмаққа қарсы шабуылда (Абылайлап) ат қойып жеңген Сабалаққа сексеннен асып қартайған соң Әбілмәмбет өз ықтиярымен хандық тағын беріпті, ол содан Абылай атаныпты.

Әлімхан — Абайдың көңілдес, дос адамы. Уақтың беделді ақсақалы. 1885 жылы Қарамоладағы чрезвычайный съезде ыдыраған Керей, Уақ, Матай елдерін біріктіріп, Абайды төбе би сайлайды. Абай сол съезде қазақша заң жазған.

Әбугали Сина (980–1037) — данқы дүниес жүзіне әйгілі Орта Азиядан шыққан ғалым. Бұхара қаласының төңірегіндегі Афшана дейтін жерде туған. Иранда жүріп дәрігерлік өнерін, фәлсәфа ғылымын үйренген. Дәрігерлік жөнінде тұнғыш кітап жазған.

Әзірет Әлі — Пайғамбар Мұхамедтің қызыны алған күйеу баласы, төрт сахабаның бірі. «Зарқұм», «Салсал», «Қасан Шам» деген сияқты қиссалардың бас қаһарманы.

Әкімбай (1865–1874) — Абайдың Ділдәдан туған баласы. Жасында мұны Абайдың інісі Ысқақ асырап алғып, соның қолында жүргенде жас шағында қайтыс болған.

Әріп Тәңірбердің (1856–1924) — ақын. Абайдың замандасы, оқыған адам. Оразбай Абаймен араздасып жауласқанда, Әріп те Оразбай жағында болады. Оспан, Базаралыны айдатып, Құнту болыс болған соң, олар қашып елге келгенде, Әріп Абайларға тіл тигізіп, Базаралыны мақтап өлең айтады. Қекбаймен айтысқанда Абайдың сүйегіне орынсыз тіл тигізгенде, Абай оны өлердей түйрекен:

Ақ сұфы дүниеден ұлсыз өткен,
Енеге жалшысынан бала біткен,
Өкіреш найман баласы болмаған соң,
Атасыз де, Найман көп — деп әкеткен.

Онысы Қекбайдың Абай жайын айтқан сөздерінде келтірілген (1940 ж. шыққан Абай өлеңдері жинағының екінші томында, 293 бет). Әріптің өзі шығарған көп өлең жырлары бар.

Әсем Найманбайұлы (1867–1923) — Абайдың замандасы, белгілі ақын, әнші болған. Оның терісі тар, ызақор мінездерін сынап, Абай «Біреуден біреу артылса...» деп басталатын өлеңін жазған деседі.

Әуез — Құнанбайдың замандасы, досы. Тобықты ішіндегі беделді қожа. Тұрік, шағатай, парсы әдебиетінен хабары бар мәдениетті адам болған. Әуездің қарындасы Нұрғанымды Құнанбай алған. Абай

«Разаққа» деген өлеңінде Әуезді «Үлкен Қожа» деп атайды.

Әубәкір Оспанов (1887–1935) — Абайдың Ақылбайдан туған, бірақ Оспан асырап алған немересі. Әубәкір сұрып салма сатирик ақын, өткір, турашыл, өлеңді досына да, дүшпанына да күмілжімей айтатын кісі болған.

Б

Базаралы — Жігітектің батыры, белді кісі. Құнанбайлармен көп жауласқан. Оспан кейін осы Базаралыны абақтыға жаптырып, ағасы Балағаз батырмен бірге Үркітке (Иркутскіге) жер аударған. Он жылдан соң Базаралы елге келіп, Балағазы сол жақта өлген. Базаралының образы «Абай» романында келтірлген.

Баймагамбет Мырзаханұлы — Абайдың досы, шәкірті, ертегіші. Абайдан естіген батыс, шығыс елдерінің әңгімелерін жаттап алғып, ел арасында айтып жүретін болған. Өзі Семейге барғыштап, ауылда көп болмайды екен. Абай оның әйелі атынан қалжың өлең шығарған.

Байқекше — Тобықтының Хабас деген табынан шыққан ақын (бұрынғы түсініктерінде мамай табы деп қате айтылған). Абайдың замандас құрбысы. Абай үнемі оның ақындығын мінеп, сынап отыратын болған. Абай Қоңыр-қекше еліне болып тұрғанда, бір жолы Байқекше отырған үйге келіп:

Ойпаң жерге тебіндеп шөп бітеді,
Кей жігітке мал мен бас көп бітеді, —

ақын болсаң осының аяғын айтып бер, — деген. Сонда Байқекше:

Жаңа өспірім жастарды болыс қойсаң,
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді,

— депті.

Байқекшенің өлеңі көп: «Абайға көрген түсі» т.б. Өзін Абай жақсы көрген.

Байцзақ — Абайдың замандасы, «Қыздарға» деген өлеңде аты аталады, сол Қыздардың ағасы.

Байрон Джордж Гордон (1788–1824) — ағылшын халқының ұлы ақыны, XIX ғасырда бүкіл Европаға даңқы жайылып, шығармалары көптеген тілдерге аударылған. Лирикалық өлеңдерінен

басқа Байронның кесек шығармалары да көп («Чайльд Гарольд», «Дон Жуан», «Корсар», «Лара», «Гяур», «Каин», «Манфред» тағы басқалар). Лермонтов аудармасы арқылы Абай Байронның «Еврейская мелодия» атты шығармасын қазақ тіліне аударған.

Бөгембай — Қанжығалыдан шыққан Абылай заманындағы қазақ батыры. Қарт батыр Бөгембай қалмақ батыры Қасқаға жекпе-жекке шыққалы тұрғанда, оның орнына Абылай сұранып жеке шығып, Қасқаны өлтірген. Халық аузындағы жырларда Бұхар жырау сөзінде де Бөгембай Абылайдың батыры ретінде аталады.

Бөжей — Тобықтының Жігітек дейтін табынан шыққан беделді кісі, Құнанбайдың тұрғысы, Қеңгірбай бидің немересі, Құнанбаймен әуелі төс қағысқан дос болып, кейін інісі Майбасардың зорлығына көнбей араздасып, көп жауласқан кісі. Бұл жай «Абай» романында толық суреттеледі. Ақыры екеуі татуласып, Құнанбай өзінің бір қызын Бөжейге бала қылышып берген. Бірақ екі жасқа келгенде қыз Бөжей қолында өлген соң, араздық қайта қызып, аяғы ұзақ ру тартысы болып Абайдың басына да талай қауіп төндірген.

Бұхар жырау Қалқаманұлы (1693—1787) — Абылай тұсындағы қазақ ақыны, Абылай ханның ақылшысы болған. Ақынның «Керей қайда барасың» (екінші бір нұсқасында: «Садыр қайда барасың» деп те аталады), «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Айналасын жер тұтқан», «Бұхардың Абылай ханға айтқаны» деген тәрізді бірнеше толғаулары бар.

Бітімбай — Тобықтының Бәкең деген тобынан шыққан. Абайдың «Қыздарға» деген өлеңінде аты келтірілген.

Бунин И. А. (1870—1953) — орыс жазушысы, әрі ақын. Лирикалық өлеңдерінен басқа көптеген прозалық әңгімелер жазған. Творчествосының алғашқы дәүірінде реалистік бағытта болса да, кейін ескішілдік сарынға көшкен.

Г

Гомер — көне грек елінің ұлы ақыны. Қай жылдарда өмір сұрғені белгісіз. «Илиада», «Одиссея» деп аталатын екі эпосты Гомер шығарды деседі. Бұл шығармалар біздің заманымыздан бұрынғы VIII—VII ғасырларда мәлім бола бастаған.

Гросс С. С. (1857—1893) — 1880 жылдары Семейге ішкі Россиядан жер аударылып келген адвокат, Абаймен қатынасып жүрген.

Гете И. В. (1749–1832) — Немістің ұлы ақыны. Қөптеген лирикалық өлеңдерінен басқа «Фауст», «Жас Вертердің азаптары», «Прометей», «Вильгельм Мейстер» сияқты ірі шығармалары да бар. Гете ғылымның бірнеше саласынан да көрнекті еңбектер жазған.

F

Габидолла (1867–1932) — Абай аулындағы Габитхан дейтіннің баласы. Габидолла бірер жыл сауда істеп, байып алған соң әркіммен сөз таластырып, кісімсігенін көргенде Абай оған арнап «Жазғытұры қылтиған бір жауқазын» деп басталатын өлеңін шығарған.

Д

Дауылбай — Тобықтының Бәкең дейтін табынан шыққан аты-шулы ұры, сол топтан шыққан Қыздармен араз болған. Абай оны Қыздарға деген өлеңінде атап, сынайды.

Джами Абдрахман (1414–1492) — тәжік-парсының ұлы ақыны. Ірі шығармалары: «Жеті тақыт», «Бахаристан», «Ескендір» т.б.

Джордано Бруно (1548–1600) — Италияның ұлы астрономы, философы. Бруноны жер айналып тұрады деген пікірінен қайтпаганы үшін католик діни сәуегейлері отқа өртеп өлтірген.

Досақ — бұл да сол рудан. Қыздарға жақын адам болған. Мұның атын Абай «Қыздарға» деген өлеңінде атайды.

Добролюбов Н.А. (1836–1861) — орыстың ұлы ойшылы, әдебиет сыншысы. Сыншылдық шығармаларында бұқарашибалдық революцияны жақтаған. Чернышевскийдің серігі. Абай оны көп оқыған.

Долгополов Н.А. (1852–1922) — Семейге өткен ғасырдың 80-жылдары жер аударылып келген орыстың халықшылы, дәрігер адам болған. Абаймен кездесіп жүрген.

Дулат жырау Бабатайұлы (1802–1874) — XIX ғасырдағы қазақ ақыны. Оның «Ата қоныс Арқадан», «Ақ жайлай мен Сандықтас», «Замана», «Ей, айтайын арнап ишанға», «Барақ төреге», «Кенесбайға», «Сұлейменге» деген толғаулары бар.

Дүйсенқұл — Абайдың ауылдасы.

Дүтбай Уандықұлы — Тобықтының Көкше деген руынан,

Абайдың құласы. Мінезі тұрақсыз болғандықтан Абай оны сынап өлең жазған.

Е

Ербол — тобықтының Бекенші деген тобынан шыққан жігіт. Абайдың жігіт кезінің досы. Қуандықпен, Тогжан мен Абайды таныстыратын кісі осы. Ербол жайында, оның атасы Қодар жайында, «Абай» романында айтылады. Абаймен араздасып, кейін Оразбай жағына шығып кетеді.

Есімхан — Сығай ханның екінші баласы, Тәуекел ханның інісі, 17 ғасырдың басында хандық құрған. Жонғарлармен көп соғысқан. Үш жүздің басын құрап, заң шығарған. Ел аузындағы: «Қасым ханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы» дейтін сөздегі Есімхан осы.

Ескендір Зулкарнайын (біздің заманымыздан бұрынғы 356—323 жылдар) — көне юнан жүртінің (Македонияның) патшасы, ұлы қолбасшысы. Көп елдерді жаулаған. Ескендірдің жорықтарын Низами, Навои жыр еткен. Ескендірді Европа жүрті Александр Македонский деп атайды.

Ж

Жаманбала — Тобықты ішінде Әнет руынан шыққан адам. Жаз Оспанның биесін сауып, қыс атын жайлайған. 1893 жылдың 3 жасар баласы өлгенде Абай «Белгілі сөз өлді, өлді» деген қысқа өлең жазған.

Жанқожа — Тобықтының Бекең дейтін тобынан, ертеректе өмір сүрген адам. Абай оның атын «Қыздарға» деген өлеңінде қолданып, Қыздар мен Дауылбайдың ұсақ мінездерін шенейді.

Жақсылық — Тобықты ішіндегі Қоңыр Қекшеден шыққан ел билеген адам. Бірде қатты шығынданып қалса керек, 1880 жылды Абай Қоңыр Қекшеге болыс болып барғанында, Жақсылық оған: «Менің шығыннымды жүртқа сал» депті. Абай осы мінезін сынап өлең жазған.

Жәнібек хан — Өзбек Шейбани ханның тұқымы. Моголстанға барып «Ақ Орда» деп аталатын тұңғыш қазақ хандығын орнатқан осы Жәнібек хан. Халық арасында оны кейде өз Жәнібек деп те

атаған. Жәнібек хан 1480 жылы өлген.

Жәнке хан — Алаша ханның ағасы, Тәшкент ханы болған. Шейбани Орта Азияга келгеннен кейін Жәнке мен Алаша хан екеуі де сол Шейбанидың қолынан өлген.

Жәмшид — парсы жұрттының ерте кездегі ертегісінде айтылатын патшасы. «Шаһнаманың» қаһармандарының бірі, Рұстем батырдың бабасы. Қазақ арасына революциядан бұрын «Жәмшид патша» атты қисса да тараған.

Жошы хан (1223–1227) — Шыңғыс ханның үлкен баласы. Әкесі балаларына ұлыс бөлгендеге оған Еділ, Ертіс, Қырым, Сырдың құярлығы, Үргеніштің теріскей беті қараган. Жошының баласы Батый хан Европаны жаулап, Алтын орда хандығын құрған.

Жұніс хан — Шагатай ханның тұқымы. XV ғасырдың аяғында Самарқанд, Тәшкент маңын билеген хан.

3

Зере — Өскембайдың бәйбішесі, Құнанбайдың анасы. Зереден: Құнанбай, Құтты Мұхамбет ұлдары мен Тайбала дейтін қыз туған. Зере 90 жасқа келіп өлген, Абайдың бала күнінде оны аулының бәрі «Кәрі әже» деп атайды екен. Қартайған соң құлағы естімепті. Сол себепті Құнанбайдың балаларына дұға оқытып үшкіртетін болған. Абай өлеңмен үшкіреді екен. Зере Абайды қойына салып, жұбатқан әжесі.

Зевксис (Fайса тұганға дейін V ғасырдың аяғы) — ескі юнан жұрттының суретшісі.

К

Кәкітай (Fabduлhаким) — Абайдың інісі ҰІсқақтың баласы. Ол Абай қайтыс болғаннан кейін, Тұрағұл екеуі 1909 жылы Абай өлеңдерінің тұнғыш жинағын Петербордағы Богранскийдің бас-паханастында бастырып шығарады. Кәкітай оқыған адам. Абай мұрасын өшпеуіне Кәкітайдың сіңірген еңбегі зор.

Келтен — Абылай заманында би болған, Абылайды Қалдан хан қолынан құтқарып алуға баратын елшінің бірі.

Кеңірбай — Айдостың туысқаны, Жігітектің баласы. Тобықты

елі Ақтабанда Арқага ауганда Кеңгір дейтін өзеннің бойында туған деседі. Тобықты Шыңғыс тауына көшіп келгенде, бүкіл тобықтының биі, әрі елбасы болған.

Көкбай Жанатайұлы (1864—1926) — Тобықтының Көкше дейтін тобынан шыққан, ақын, молда. Абай біраз өлеңдерін Көкбай атымен жариялаган. Абылай, Кенесарыға арнап жазған дастанында Көкбай Кенесарының зорлық-зомбылығын ашып көрсетпей, орынсыз мадақтай берген.

Көжекбай Жамантайұлы (1847—1916) — Абайдың достас адамы, Тобықтының Мамай деген руынан. Оның кейбір мінездерін ұнатпай Абай оған арнап өлең жазған.

Көр хан — XII ғасырдың бас кезінде Жетісу жерінде болған қара қытай елінің хандарын «Көр хан» деп атаған. 1212 жылы Көр ханды Шыңғысхан әскері жеңіп алған. Көр ханның орталық қаласы Іле бойындағы Баласағұнда болған.

Көтібақ — Абайдың тәртінші бабасы Айдос бидің баласы. Тобықты елі «Ақтабан шұбырынды» кезінде Арқа ауганда Кеңгір дейтін өзеннің бойында туған екен. «Көтібақ» — Тобықтының бір руының аты. Пұшарбай, Қареке Көтібақ руының жауынгер батырлары болған. Құнанбай оларды ұстамды кең мінездері үшін ерекше жақсы көрген. Бұл тарихи тұлғалар «Абай» романында көркем бейнеленген.

Күйісбай Эбенцұлы (1842—1910) — Тобықтының Мамай руынан шыққан адам, әкесі баукеспе ұры екен. Жасында өзі де ұрлық істеп, Абайдың ықпалымен онысын тастап, кейін беделді адамның бірі болған.

Күлембай Бозамбайұлы — Абайдың құрдасы, 1888 жылы Бақанас өзені бойында болған Чрезвычайный съезде Мұқыр еліне болыс сайланған. «Болыс болдым мінеки» деген белгілі өлеңді Абай осы Күлембайға арнап жазған деседі.

Күнту Шыңқақұлы — Тобықтының Бекенші табының басты адамының бірі, Абайлармен көп жауласқан адам. 1884 жылы сайлауда Мұқыр еліне болыс болған. Абай үстінен ұлыққа, губернаторға жалған шағым бергені үшін 1886 жылы орнынан алынған.

Крылов И. А. (1768—1844) — орыстың атақты мысалшысы. Абай оның бірсызыра шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Қ

Қабанбай — Найман, оның ішінде Қаракерей руының ішінен

шыққан Абылайдың батыры. Абылай қалмақтарға тұтқын болғанда, оны босатамыз деп елші бол Қалдан ханға баратын батырдың бірі. Елші бол барғандар — Төле би, Келтең, Қараменде, Бөгембай, Жәнібек батырлар.

Қалдан (қалмақ) — шын аты Ғалдан Серен. Жонғарияның қанды балақ ханы. 1746 жылды өлген. Қалдан хан Сыр бойын жаулад алған. Соның салдарынан қазақтар арқаға ауып, «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл Сұламаға» ұшыраған (1723 жыл).

Қаратай Сапақов — Тобықтының Қекше дейтін табынан шыққан айлакес, қу кісі. Абаймен заман таластырып, бәсеке, бақ-күндес болған адам. Әсіресе, Абайдың соңына Оразбайды салуға, Абайды тергеуге, сотқа тартқанда Бөрібаевты салған адам.

Қараменде — Арғынның атақты бі. Руы дадан Тобықты, Абылайды Қалдан қолынан құтқарамын деп барушының бірі.

Қаржаубай — Абайдың інісі Үсқақтың көршісі. Тобықтының Сақ деген руынан. 1894 жылдар жетпістің ішіндегі шал екен. Қаржаубай беліне әкесінен қалған ұлken бір кісен байлап жүретін кісі екен. Киімді ескіден қалған ұлгімен киген. «Ескілік киімі» деген өлеңді Абай соған арнап жазған.

Қарасақау (шын аты Құсайын Қиқымбайұлы) — руы Қекше, оның ішінде Балталы. Абайдың үнемі қасында жүріп, атын ерттеп беріп жүретін жолдасы.

Қасым хан (1495—1523) — қазақ ханы, Жәнібек ханның баласы. Қазақ хандығын нығайтуға көп күш салған адам. Ол жөнінде «Қасым ханның қасқа жолы» деген мәтел де бар.

Қожамберді Жапалақұлы — Шыңғыс тауы үшін Тобықты мен Найман елінің арасында болған барымта жорығында (1834 жыл шамасы) Тобықты Өскембай бидің қолына тұскен Найман руы Матайдың батыры. Өскембай мен Құнанбай мұның денесіне темір қыздырып басып, соナン соң Аягөз абақтысына жатқызған.

Қондыбай-Қанай — Шыңғыс тауында байларға шебін, жерін жылқыға жалдайтын нашар ауыл. Абай ауылының жылқысы да сол Қанай жерін қыстайтын жылдары болған.

Қорамжан — Абай ауылында жасында қой-қозы бағып, қызмет еткен адам. Бертін келе Абайдың досы болған.

Құнанбай (1804—1886) — Абайдың әкесі. Тобықтының Кішік деген руынан, оның ішінде Үргызбай, Өскембай бидің баласы. Қарқаралы округінің аға сұлтаны болған. Бертін келген соң қажыға барған. Құнанбайдың 4 әйелі болған: 1) Құнке, одан: Құдайберді туған

(ертерек кезде өлген); 2) Үлжан, одан: а) Тәңірберді, б) Ибраһим (Абай), в) Ысқақ, г) Оспан тұған; 3) Айғыз, одан: а) Халиолла, б) Ысмағұл тұған; 4) Нұрганым — бұдан бала болмаған.

Құсбек — Құнанбайдың бұрынғы Қарқаралы округының аға сұлтаны. Құнанбай осының орнына аға сұлтан болған. Құнанбай аға сұлтан боларында бұл орынға Құсбек, Жамантай (Бекей төренің тұқымы), Шалғынбай (Аблай тұқымы) таласқан. Бірақ Құнанбай женіп шыққан қарадан тұңғыш аға сұлтанның бірі.

Құтты Махамбет — Өскембайдың бір баласы. Құнанбайдың інісі, жас кезінде өлген.

Қиясбай — Олжай ішінде Борсақтан шыққан, ағы атасы Қодарды Құнанбай таспен атып өлтірген. Өзі киім кимей, екі иығына қызыл бұл орап жүреді. Бойы ұзын, үнемі екі аяғын салақтатып тайға мініп жүреді екен. Сыбызығышы музықант болған. Балаларға «Ақ сиырдан туады жирен айғыр» деген сияқты күлдіргі өлеңдер айтып думан қып жүретін болған. Оның үйқасы болмаған. Балалар оған: «Өлеңдерің қыыспайды ғой» десе, ол: «Жоқ, мен Абайға сынатқанмын» — депті. Шынында, Абай бір жолы оның өлеңін тыңдал:

«Үстіңдегі киімің
Киім емес, қызыл шу.
Жүрген жерің күнде ду.
Уайым жоқ, қайғы жоқ,
Атадан тусаң сендей ту,

— ал енді аяғын өзің айтып жіберші» дейді. Сонда Қиясбай:

«Тамағым тоқ, уайым жоқ.
Жаным-ау, менің өзім неткен қу!
Әгөй, әгегөй — тусаң ту.»

— депті.

Қыздар — Тобықтының Бәкең руынан шыққан. Абай оған арнап өлең шығарып, оғаш мінездерін шенеген.

Λ

Ленский — Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы кейіп-

көрдің бірі. Абай Ленскийдің дүэльге шыққан түні айтқан сөзінен екі ауыз өлеңдерін аударған.

Лермонтов М. Ю. (1814–1841) — орыстың ұлы ақыны. Абай оның өлеңдерін көп оқып, сүйсіне аударған.

Лекер — Абайдың «Қыздарға» деген өлеңінде аталады. Лекер Тобықты ішіндегі Бәкен руынан шыққан адам.

M

Магаяиғ (Магаш) (1870–1904) — Абайдың баласы, талантты ақын. Ұсақ өлеңдерінен басқа бірнеше поэмалар жазған («Медғат, Қасым», «Еңлік-Кебек»).

Майқы би — Шыңғыс хан қазақ жеріне келгенде, оны қарсы алуға 12 рудан 12 би шығып, Шыңғысты хан көтеріп алышты-мыс, соның бірі — осы Майқы би деген аңыз бар.

Масақбай — Тобықтының Өсет руынан шыққан. Өзінің ұзақ өмірін (70 жыл жасаған) Құнанбай балаларымен бірге өткізген. Үсқақтың болыс кезінде Масақбай оған атшабар болған. Даңғой, есерсоқтау адам болса керек, ал қатыны момын, салақ екен, үйге келгенінде араларында ұрыс-қағыс көп болған.

Мәшін-Жүсін Көпесев (1857–1931) — Баянауылда туып өскен. Ауыз әдебиетін көп жинаған, публицист, ақын.

Михаэлис Е. П. (1839–1913) — өткен ғасырдың 80-жылдарында Семейге Россиядан жер аударылып келген адам. «Халық-шылдар» қатарында болған, оқымысты кісі екен. Абай онымен Семейге барып жүрген кезінде кітапханада танысады, кейін ол да Абай аулына барып, ұзақ уақыт жатқан. Абайдың бірінші биографы Кәкітай Үсқақұлы 1909 жылды Петербургте шыққан Абай жинағына жазған мақаласында: «Абай өле өлгенше менің әкемнен артық жаны ашырлық қылышп, дүниеге көзімді ашқан кісі Михаэлис деп айтып отыруши еді» деп жазды.

Мұрсейіт Бікеұлы (1860–1917) — Әнет руынан шыққан молда. Абай өлеңдерін қағазға түсіруге көп еңбек сіңірген адам. Мұрсейіт қолжаэбалары арқылы Абай шығармаларының көвшілігі бізге келіп жетіп отыр. Қазір біздің қолымызда Мұрсейіт жазған үш қолжаэба бар (1905, 1907, 1910). Оның екеуі Қазақ ССР Фылым Академиясының ғылыми кітапханасында (1905, 1910), үшіншісі (1907) Мұхтар Әуезовтің қолында сақтаулы болған.

1909 жылды Абай баспасының өлеңдерін осы Мұрсейіт да-
йындаған (көшіріп жазған).

H

Навои Алишер (1444–1486) — Өзбек халқының ақыны. Қебіне Герат шаһарында тұрып, тұңғыш рет түрік тілінде (шагатайша) өлең жазған. Оның «Хамса» (бес құисса) деп аталатын эпостық жыры бар. Бұған кіретіндер: «Хайратұл барад», «Фархад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Сабай Шаяра» (Жеті жұлдыз), «Садди Скендри» және төрт «Диуан», өлеңдер жинағы. Навои өзбек әдебиетіндегі классигі.

Нәсреддин шах (1848–1896) — XIX ғасырдағы Иранның Хаджар руынан шыққан патшасы. Бірнеше жылдар бойы Европа елдерін аралап саяхат етеді. Содан қайтқаннан кейін мемлекет аппараты бойынша реформа жасап, рухани дін қазыналарын жояды. Шейіттер бұған қарсы бас көтеріп, бұл қозғалысты Жамалиддин деген Сәйіт бастайды. Нәсреддинді осы Жамалиддиннің шекірті Мырза Риза дейтін жас жігіт өлтіреді.

Назар — Тобықтының Қанай деген руынан шыққан адам, Абайдың замандасы.

O

Олжай — Абайдың бесінші бабасы. Олжайдың балалары — Айдос, Қайдос, Жігітек. Қайдостан — Бекенші, Борсақ тарайды.

Оразбай Аққұлов — Абаймен араздасқан Тобықты Есболат табының шонжар байы. Мінезі қатты, қыңыр, қиракезік. Ол 1898 жылғы Семей уезіне қарасты болыс, билердің қайта сайлануында Бекенші, Жігітек руларының араздығын пайдаланып, Абайды сабатады. 1923 жылдары тоқсанның ішіне келіп өлеіді.

Оспан (1851–1891) — Абайдың кіші інісі. 1889–1891 жылдарда Мұқыр еліне болыс болған. Оразбайдың Абаймен өштесуіне осы Оспанның қаттылығы себеп болған. Абай Оспан өліміне арнап бірнеше өлеңдер жазған.

П

Пушкин Александр Сергеевич (1799–1837) — орыс халқының кемеңгер ақыны. Оның көптеген өлеңдері мен дастандарының ішінен Абай, әсіресе, «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романын қызыға оқып, сол романдағы Онегин мен Татьяна арасында болған хаттарды аударады. Абай аудармалары тиісті әндөрі бойынша ел арасына тарап кеткен.

Платон — Көне юнан (грек) елінің идеалист философы. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 427–347 жылдар арасында Афинада өмір сүрген.

Р

Разақ — Абай ауылындағы жас жігіт. Абайдың өзі және балаларымен құдандалы, досжар адам болған.

Рахымшал — Абайдың аулындағы Қожекбай дегеннің баласы. Тентек, бұзақы боп өскеннен соң, Абай оған өлең шығарған. Жасында Абайдың Тұраш, Мекаил деген балаларымен бірге ойнап жүріп, жаман үлгі көрсеткен соң, Абай Қожекбайға мінетін ат, сауатын мал беріп бөлек отырғызыпты.

С

Сабалақ — Абылайдың бала күніндегі аты. Қалмақтармен болған бір соғыста осы Сабалақ «Абылайлап» ұран шақырып, қалмақтарды жеңіп шыққан, содан былай оның аты Абылай аталыпты.

Сабыrbай — Абайдан бұрын өткен Сыбан ақыны. Ақтайлақ бидің баласы. Сабыrbайдың ақын қызы Қуандық пен Абайдың дос-тығы болған. Сол Қуандықтан Төлеу ақын туган.

Сағди (1184–1291) — Тәжік, Парсы елінің ұлы ақыны. Бағдаттағы «Низамия Академиясында» оқыған. Тұған жері Ширазға келіп, «Гүлстан», «Бостан» деген дастандар жазған.

Сайхали — XV ғасырда өмір сүрген Шығыс ақыны. Шагатай тілінде «Диуан Сайхали» дейтін тарихи жыр жазған. Онда дүниенің жаралуынан бастап, Ҳұсайын Имамның 680 жылды Кербаланың шөлінде өлген кезіне дейінгі дәуірдің тарихын қамтып жырлаған.

Абайдың шәкірт кезінде оқыған ақындарының бірі осы Сайхали.

Салтыков-Щедрин М. Е. (1826—1889) — орыстың ұлы сатиригі. Бұқарашыл жазушы. Абай оны өзінің ұстазы деп таныған.

Серікбай — 1834 жылдар шамасында Матайлар (Найман) Шыңғыс тауындағы Тобықтының жылқысын барымталап қуғанда, Найманды бастап келген Матайдың ожар, тентек би. Өскембайдың замандасы. Өскембай жағының қолына түскен Кожамберді батыр:

Келді де қу Серікбай жылқыны алды,
Теп-тек жатқан еліме бүлік салды.
Құс төсектің үстінде жатқан басым,
Аяқ-қолым шегелеп байлаш салды,

— дейді.

Тобықты мен Найманның жауласу себебі — Кеңгіrbай заманында Тобықты Матайдың қонысы болған Шыңғыс тауын тартып алған. Осы жаулықтың сарыны «Еңлік-Кебек» дастанында да айтылған.

Сократ — біздің жыл санауымыздан бұрынғы (469—399 жылдар) көне юнан (грек) жұртының ұлы идеалист философи. 399 жылы Грекияда демократия үкімет басына келгенде, Сократты «діншілдігі» үшін айыпташ дарға аспақ болады, ол у ішіп өледі.

Софокл (біздің жыл санауымыздан бұрынғы 495—406 жылдар) — ескі грек жұртының ұлы жазушысы, трагедия жазған. Оның «Эдип патша» деген трагедиясы күні бүгінге дейін сахнадан түспей келе жатыр.

Сүлеймен (Соломон) — Дәүіт пайғамбардың баласы. Біздің жыл санауымыздан 9—10 мың жыл шамасы бұрын еткен ескі еврей жұртының патшасы. Ислам діни кітаптарында Сүлеймен пайғамбар деп аталады. Ол барлық 18 мың әлемге патша болған деседі. Шығыс елінде оның ішінде қазақта Сүлеймен жайында айтылатын ертегілер көп.

Спенсер Герберт (1820—1903) — ағылшынның буржуазияшыл тарихшысы. Қоғам өмірінің дамуына байланысты көптеген тарихи, фәлсафалық еңбектер жазған.

Т

Татьяна — Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романының қаһарманы.

Тәуке хан (1680–1718) — Қазақтың ханы. Ол 1681–1684 жылдары қалмақтарды, 1710–1713 жылдары ойраттарды жеңіп, үш жүздің бірлігін орнатқан деседі. Қазақ елінің тарихында тұңғыш рет мемлекеттік заң шығарған адам. Тәуке ханның әдет заңы «Жеті жарғы» деп аталады.

Торғай — Абайдың төртінші атасы. Айdos бидің баласы. «Ақтабан шұбырынды» заманында Сырдағы қазақтар Арқаға басқанда, Торғай өзеніндегі бойында туған деседі.

Толстой Л.Н. (1828–1910) — орыс халқының данышпан жазушысы. Оның жазған шығармаларының ең бастылары: «Софыс пен бейбітшілік», «Анна Каренина», «Воскресение», «Крейсерова соната», «Казактар», «Хаджи Мұрат», т. б. Абай өзін ұлы жазушының шәкірті есебінде санаған.

Төле би — ұлы жұз үйін елінің би, шешені. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Абылай (Сабалақ) жасында осы Төле бидің түйесін бағыпты деседі. Төрт тағандап ұйықтап жатқан Сабалақты көріп, Төле би: «Мынау төрт рұлы елді билейді екен», — депті деген сөз бар. Төле би Арғын руынан, Қаздауысты Қазыбек бидің замандасы.

Тургенев И.С. (1818–1883) — орыстың ұлы жазушысы. Қөптеген әңгімелерден басқа бірнеше романдар жазған: «Рудин», «Қарсаңда», «Әкелер мен балалар», «Тұтін», т. б. Абай «Масғұт» атты поэмасының сюжетін И. С. Тургеневтің «Восточная легенда» атты қысқа әңгімесінің желісі бойынша құрған.

Тұрагул — Абайдың баласы. Оқыған адам, ақын, аудармашы. 1909 жылы Қекітай екеуі Абайдың өлеңдерін тұңғыш рет Петербурда бастырып шығарған. Тұрағұлдың аудармалары да бар. Ол Горькийдің «Челкаш» атты әңгімесін қазақ тіліне аударған. 1928 жылы «халық жауы» деп, құдаланып, Оңтүстік Қазақстанға жер аударылған. 1934 жылы Шымкентте кіші қызы Мәкеннің қолында қайтыс болған.

Тұңлікбай — Абайдың ауылдасы, оның Шәріп дейтін әйелінің сұық жүрісі болған соң Абай өлең шығарған.

Ұ

Ұлжан — Абайдың туған шешесі, Құнанбайдың екінші әйелі. Оның төркіндері Қаракесек, оның ішінде Бертіс, Шаншар табынан шыққан Қантай, Тонтай дейтін сықақшыл, шешен, қу тілді кісілер. Шаншардың құларынан жұрт қатты қауіптенетін болған.

Х

Халиулла (Халел) — Құнанбайдың Айғыздан туған тұңғышы. Абайдың орыс-европа мәдениеті, дүние мәселелері жөнінде хаттар жазып, пікір алысып жүрген сүйікті інісі. Заманында орысша жақсы білім алған. Омбыдағы кадет корпусын бітірген офицер. Жастай өлген.

Хожа Хафиз — тәжік, парсы елінің ұлы ақыны. Оның шын аты Шамсиддин Мұхаммед. Туған жылды белгісіз, 1325 жыл шамасы. Үнемі Фазал (лирика) жазған. Өлеңдерінде махаббат, шарап, жаздың қуанышын, өмірдің рахатын, сүйіспеншілік сезімді жырлаған. Абайдың шәкірт кезінде көп оқыған Шығыс ақындарының бірі осы Хафиз.

Ф

Фазули — Сұлейман ұлы Ахмет, яки Махмуд (910—975) — азербайжан ақыны. Парсы, түрік тілінде шығармалар жазған. Олары: «Ләйлі, Мәжнүн», «Кәүзәте, Шаһида».

Фердауси—Абылқасым Туси (934—1027) — тәжік-парсы елінің ұлы ақыны. Ол парсы жұрттының исламнан бұрынғы тарихынан алып «Шаһнама» жырын жазған. Абайдың көп оқыған ақыны осы Фердауси.

III

Шагатай (XIII ғасыр) — Шыңғыс ханның екінші баласы. Шыңғыс балаларына ұлыс бөлгенде оған Орта Азия мен Иран жері қаралған. Шагатайдың тұқымдары Орта Азия мен Иранды Әмір Темір заманына дейін билеп келген.

Шамси — Шамсуддин Табризи, 1247 жылдың қайтыс болған, тәжік-парсы елінің ақыны.

Шайбақ (Шибан) — өзбектің белгілі ханы Шейбани (1451—1510) — ол Әмір Темір тұқымдарын тақтан құлатып, Орта Азияны жауап алған, өзбек хандығын нығайтқан.

Шәріп — Абайдың ауылдасты Тұңлікбай дегеннің әйелі.

Шортанбай Қанаїұлы (1818—1881) — қазақ ақыны, оның «Бай-

ды құдай атқаны», «Тар заман», «Шортанбайдың бала зары» деген толғаулары бар.

Шотқара — Тобықтының Бәкең дейтін тобынан шыққан би. Өзі жебір болған соң Абай оны «Қыздарға» деген өлеңінде ажуда еткен.

Шиллер Ф. (1759–1805) — немістің ұлы ақыны, драматург. Оның «Қарақшылар», «Жауыздық пен махабbat», «Дон Карлос», «Вильгельм Тель» деген сияқты шығармалары бар, көптеген өлеңдер де жазған. Абайдың «Кең жайлай — жалғыз бесік жас балаға» деген өлеңінің түп нұсқасы осы Шиллердікі.

Шыңғыс хан (1206–1227) — шын аты Тимушин Исугейұлы. Монгол жұрттының ханы. 1203–1206 жылдардың арасында Көрей, Найман хандықтарын жеңіп, бүкіл монгол елін тұтас бір хандыққа ұйымдастырады. Сөйтіп, 1206 жылғы бүкіл монгол елінің құрылтайында оған Шыңғыс хан (Ұлы хан) деген атақ беріледі. 1215–1221 жылдардың ішінде Бейжінді (Қытай), Иран, Хорезмді жаулап алады. Бұдан соң Кавказ елдерін бағындырып, кейін шегінеді. Оның немересі, Жошы ханың баласы Батый Шыңғыс Европаны жаулап, 1249 жылды Еділ бойынан Сарай деген қала салдырады.

Шекспир Уильям (1564–1616) — дүниеге әйгілі, ағылшынның ұлы кеменгер драматургы.

Ы

Ыргызбай — Абайдың үшінші атасы; Айдостың баласы. 1750 жылды Тобықты елі Сыр бойынан «Ақтабан шұбырындыдан» ауган жолында Ыргыз деген өзен бойында туған. Ыргызбай ержеткен кезде, Тобықты елі осы құнгі Шыңғыс тауына келіп қоныстанған екен.

Ысқақ — Құнанбайдың Абайдан соңғы баласы. Құнанбай қажылық жолына түсіп, ел билеу ісінен қол үзген соң, Ысқақ 1873–1882 жылдар арасында Мұқыр еліне 9 жылдай болыс болған.

МА ЗМЫНЫ

Кітап — ең сабырлы ұстаз	8
Қазақ халқының ұлы ақыны	10

ӨЛЕҢДЕР

«Қансонарда бүркітші шығады аңға»	23
«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»	25
«Жасымда ғылым бар деп ескермедім»	27
«Сап, сап, көңілім, сап, көңілім»	28
«Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек»	30
«Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман»	32
«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап»	34
«Қалың елім, қазагым, қайран жұртый»	35
«Байлар жүр жиган малын қорғалатып»	37
«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»	38
«Адасқанның алды — жөн, арты — соқлақ»	40
«Бір дәурен кемді қунге — бозбалалық»	42
«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»	44
«Патша құдай сыйындым»	48
«Базарға, қарап тұрсам, әркім барал»	49
«Ғылым таптай мақтанба»	50
«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ»	53
Жаз	55
«Интернатта оқып жүр»	57
«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп»	60
«Сабырсыз, арсыз, еріншек»	62
«Бөтен елде бар болса»	65
«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы»	70
«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»	73
Күз	75
«Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»	77
Қыс	79
«Желсіз түнде жарық ай»	80
«Ішім өлген, сыртым сау»	81
«Қүлембайға»	83
«Біреуден біреу артылса»	88
«Мәз болады болысың»	90
«Білімдіден шыққан сөз»	92
Серіз аяқ	94
«Сәулең болса кеуденде»	101
«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»	103
«Әуелде бір сүиқ мұз — ақыл зерек»	105
«Гашықтық, құмарлықпен — ол екі жол»	106
«Қор болды жаным»	107
«Сен мені не етесің»	108
Жігіт сөзі	111

Қызы сөзі	113
«Білектей арқасында өрген бұрым»	115
«Қажымас дос халықта жоқ»	116
«Жастықтың оты қайдасың»	118
«Жарқ етпес қара көнділім не қылса да»	120
«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да»	121
«Бай сейілді»	122
«Ем таба алмай»	124
«Келдік талай жерге енді»	126
«Өзгеге, көнділім, тоярысың»	128
«Кейде есеп көнділ құргырың»	130
Жазғытыры	131
«Асқа, тойға баратұғын»	134
«Ата-анаға көз қуаныш»	136
«Тайға міндік»	138
«Заман ақыр жастары»	140
«Көзінен басқа ойы жоқ»	141
«Жастықтың оты жалынданап»	143
«Қызыарып, сұрланып»	145
«Көзімнің қарасы»	147
«Менсінбеуші ем наданды»	151
«Не іздейсің, көнділім, не іздейсің?»	153
«Жүргемі, ойбай, соқпа енді»	155
«Қайғы шығар ілімнен»	156
Оспанға («Жайнаған туың жығылмай»)	158
«Кешегі Оспан»	159
«Құлімсіреп аспан тұр»	161
«Ұсытқан суытқан»	163
«Бойы бұлғаң»	164
«Жақсылық ұзақ тұрмайды»	166
«Антпенен тарқайды»	168
«Қарашада өмір тұр»	170
«Жас өспірім замандас қапа қылды»	172
«Ғашықтың тілі — тілсіз тіл»	173
«Әсемпаз болма әр неге»	174
Ескілік кімі («Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен»)	176
Әбдірахман науқастанып жатқанда	177
Әбдірахманға («Алланың рахматын»)	180
Әбдірахманға Кәкітай атынан хат («Тілім, саған айтайын»)	181
Әбдірахманға Кәкітай атынан хат («Көзімнің нұрысызы»)	183
Қыздарға	184
«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын»	186
«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?»	187
«Балалық өлді, білдің бе?»	189
«Лай суға май бітпес қой өткенге»	190
«Өлсө өлер табиғат адам өлмес»	192
Әбдірахман өлгенде («Арғы атасы қажы еді»)	193
Әбдірахман өлгенде («Кешегі өткен ер Әбіш»)	195
Әбдірахман өлгенде («Тұла бойың үят-ар едің»)	196

Әбдірахман өліміне («Жиырма жеті жасында»)	197
Әбдірахман өліміне («Талаптың мініп тұлпарын»)	200
Әбдірахманға («Орынсызды айтпаған»)	201
Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы («Бермен құлға, қайтесің»)	202
Әбдірахманның әйелі Магышқа Абай шығарып берген жоқтау («Жылаганды тоқтатып») ...	204
Әбдірахманның әйелі Магышқа Абай шығарып берген жұбатуы («Айналайын, құдай-ау») ...	206
«Кешегі Оспан ағасы»	210
Немере інісі өлгенде айтқаны	211
«Малға достың мұнды жоқ малдан басқа»	213
«Тұғызған ата-ана жоқ»	214
«Бір сұлу қызы тұрыпты хан қолында»	215
«Сагаттың шықылдағы»	217
«Көнділ құсы қүйқылжыр шартарапқа»	218
«Адамның кейбір кездері»	220
«Көкала бұлт сөгіліп»	221
Рахымшалға («Сұлу аттың көркі — жал»)	222
«Көк тұман — алдыңдағы келер заман»	223
«Сенбе жүртқа тұрса да қанша мақтап»	225
«Алла деген сөз жеңіл»	226
«Мен сәлем жазамын»	227
Ғабидоллага	228
«Құлактан кіріп бойды алар»	229
«Ерекше естен кетпес қызық қайда?»	231
«Болды да партия»	232
«Қуаты оттай бүркырап»	234
«Сүм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?»	235
«Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?»	236
«Жүректе қайрат болмаса»	238
«Ауру жүрек соғады ақырын жай»	239
«Есінде бар ма жас күнің»	240
«Жүргегім менің қырық жамау»	241
«Адам — бір боқ, көтерген боқтың қабы»	242
Дүтбайға («Жылуы жоқ бойының»)	243
«Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен»	244
«Жүргегім, нені сезесің?»	245
«Көлеңке басын ұзартып»	247
«Қуанбаңдар жастыққа»	249
«Ұяламын дегені көңіл үшін»	250
«Жапырағы қуарған ескі үмітпен»	251
«Осы қымыз қазаққа»	252
«Буынсыз тілің»	253
«Тоты құсті көбелек»	254
«Алланың өзі де рас, сөзі де рас»	255
«Жүрек — теңіз, қызықтың бәрі — асыл тас»	258
«Жалын мен оттан жарагалып»	259
«Домбыраға қол соқпа»	260
«Ойга түстім толғандым»	262
«Мен боламын демендер»	264

ПОЭМАЛАР

Ескендір	267
Масгұт	273
Әзім әңгімесі	279

ҚОЛТАҢБА (ФАКСИМИЛЕ)

295

АУДАРМАЛАР

А. С. Пушкиннен

Татьянаңың Онегинге жағған хаты («Амал жоқ — қайттім білдірмей»)	303
Онегиннің сипаты («Жасынан түсін билеп»)	306
Онегиннің Татьянаға жауабы («Таңғажайып бұл қалай хат»)	308
Онегин сөзі («Хатындан жақсы үғындым сөздің бәрін»)	311
Онегиннің Татьянаға жағған хаты («Құп білемін, сізге жақпас»)	313
Татьяна сөзі	316
Онегиннің өлердегі сөзі	319
Ленский сөзінен («Барасың қайда, қайда болмай»)	320

М. Лермонтовтан

Дүға	322
Бородино	323
Теректің сыйы	324
«Әм жабықтым...»	326
«Кең жайлай — жалғыз бесік жас балаға»	326
«Сүрғылт тұман дым бүркіп»	327
«Ал, сенейін, сенейін»	328
«Өзиңде сенбे, жас ойшыл»	330
«Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек»	332
Тұтқындағы батыр	333
«Құлімсіреп аспан тұр»	334
«Рахат, мені тастап қоймадың тыныш»	335
«Гашықтық ізден тантыма»	336
«Махаббат, достық қылуға»	337
Ой	338
Қанжар	340
Альбомға	341
«Босқа әүре боп келдің бе тағы мұнда»	342
«Менің сырым, жігіттер, емес оңай»	345
Қасиетті дұға	346
«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз»	348
Шайтан	349
Жалау	351
Жартас	352
«Көнділдің күйі тағы да»	353

«Асау той, тентек жиын, опыр-топыр»	354
«Күнді уақыт итеріп»	355
Вадим	356
«Көңілім менің қарандығы»	362
И. Гетеден	
«Қаранды тұнде тау қалғып»	364
А. Мицкевичтен	
Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі	366
И. Буниннен	
«Қорқытпа мені дауылдан»	368
Я. Полонскийден	
«Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы»	370
Белгісіз автордан	
«Қалқам-ай, мен үнде мей жүремін көп»	372
И. Крыловтан	
«Мен көрдім үзын қайың құлаганын»	374
Емен мен шілік	375
Қазага ұрынған қара шекпен	377
Жарлы бай	380
Есек пен бұлбұл	384
Қарға мен бұркіт	385
Шегіртке мен құмырсқа	387
Әншілер	389
Ала қойлар	390
Қарға мен тұлкі	392
Қарға мен тұлкі	394
Бақа мен өгіз	396
Піл мен қанден	398
Есек	400
ҚАРАСӨЗ (ФАҚЛИЯ)	
.....	405
Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы	517
Мұсірәлінің естелігі	522
Абайдың інісі Халиуллаға жазған хаты	529
1885 жылы Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесі (Бұл Ережеге Абай қол қойған)	530
Жан жарасы жазылмаган ойшыл	533
Абайдың өміріне қатысты және ақынның шығармаларында кеңесетін кісі аттарына түсінік.	543

**ҚАМҚОРШЫЛАР
КЕҢЕСІ**

Мекеме аты	Жетекшісі	Мекені
KAZZINK	Никола Попович	Өскемен
ТИТАН-МАГНИЙ КОМБИНАТЫ	Бағдат Шаяхметов	Өскемен
БАНКТУРАНӘЛЕМ	Қайрат Жуаспаев	Семей
БАНКЦЕНТРКРЕДИТ	Бахытбек Байсейітов	Алматы
САПАР	Қайрат Сапарбаев	Шымкент
DHL	Юрий Шевченко	Алматы
АСЕМ-АЙ	Мұхтар Кочкаров	Шымкент
ШЫМКЕНТПИВО	Тоқтар Түлешов	Шымкент
ГРУППА КОМПАНИЙ «КОНТАКТ УПРАВЛЕНИЯ»	Қайрат Беркінбаев	Шымкент

**«АМАНАТ» журналы Кітапханасының
кітаптарын сатып алу үшін келесі
мекемелермен хабарласыныздар**

АЛМАТЫДА:
Халықаралық Абай клубының өкілеттілігі
тел/факс: 8 (3272) 91 89 69;
e-mail: amanat70@list.ru

«Книжный мир семьи» кітап дүкені
тел.: 8 (3272) 91 35 83; т-факс 92 17 19
«Атамұра» кітап дүкені
тел. 8 (3272) 79 11 72

«Академкнига» кітап дүкені
тел. 8 (3272) 73 78 21

АСТАНАДА:
«Казахкитап» ЖАҚ
тел. 8 (3172) 39 72 49; 39 84 77

«Казна» кітап саудасы
тел. 8 (3172) 35 34 75

«Алтан Орда Астана» дүкені
тел. 8 (3172) 21 60 64

«Абай» ЖШС МС
тел. 8 (3172) 32 27 20

СЕМЕЙДЕ:
Халықаралық Абай клубының өкілеттілігі
тел/факс 8 (3222) 56 15 55, моб. 8 705 800 69 84

ӨСКЕМЕНДЕ:
«Коханов» ЖКК
тел/факс: 8 (3232) 25 28 32, 25 86 37

ҚАРАҒАНДЫДА:
«Сары-Арқа» МС
тел/факс: 8 (3212) 47 50 48

«AMANAT» ЖУРНАЛЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

Әлем халықтарының әдебиеті, өнері,
тарихы, һәм фәлсафасы

№ 39

XIX ФАСЫР ПОЭЗИЯСЫ

АБАЙ ӨЛЕҢ — СӨЗДІН ПАТШАСЫ (ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ БІР ТОМДЫҚ ЖИНАФЫ)

Халықаралық Абай клубы
050010, Алматы, Пушкин, 25, оф. 807
E-mail: amanat70@list.ru

ISBN 9965-611-32-7



7 8 9 9 6 5 6 1 1 3 2 2

Басуға 19. 09. 2006 қол қойылды.
Пішімі 70x108¹/₁₆ Шартты б.т. 35,5.
Офсетті басылым. Гарнитурасы «Academy Kazakh».
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №1337.

Сүлеймен Т.



ЖШС РПБК “Дәуір”, 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 69-40-35, 42-47-69, 42-07-90,
E-mail: rpik-dauir_81@mail.ru, rpik-daur2@mail.ru



Қазақ халқының ұлы ақыны, данышпан ойшылы, композитор, аудармаши, және көрнекті қоғам қайраткері.

Абайдың әдеби мұрасын — олендері, поэмалары, аудармалары, философиялық ой толғаулары — қазақ әдебиеті Тарихының баға жетпес қазынасына,

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

халқымыздың рухани мәдениетінің биік оресіне айналған.

Абай кемеңгер даналығымен, зор көрегендігімен, жүргінің асқан сезімталдығымен, көшілікке қарсы тұра білген қайса р батылдығымен Алланы таныш-білген — Ақиқат Ерені.

Ақынның еркін де шалқар дүниетанымы, асыл тастай жарқыраған ақындық таланты, олмес рухының асқақтығы қазақ халқы на таусылмайтын рухани азық һәм жол нұсқаушы — шапагатты нұр.